ФИЛОЛОГИЯ сериясы
№2 / 2016
серия ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ



Ш. УӘЛИХАНОВ атындағы
КӨКШЕТАУ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

КОКШЕТАУСКОГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО
УНИВЕРСИТЕТА
имени Ш. УАЛИХАНОВА

ISSN 1608-2206

Ш. УӘЛИХАНОВ атындағы
КӨКШЕТАУ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК
КОКШЕТАУСКОГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО
УНИВЕРСИТЕТА
имени Ш. УАЛИХАНОВА

Меншік иесі **Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті ШЖҚ РМК**
Собственник **РГП на ПХВ Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова**

Бас редакторы - Главный редактор
Абжаппаров А.А., д-р тех. наук, профессор

Бас редактордың орынбасары - Зам.главного редактора
Анищенко О.А., д-р филол. наук, доцент

Редакция алқасы - Редакционная коллегия

Жакупова А.Д.	д-р филол. наук;
Шаймерденова Н.Ж.	д-р филол. наук;
Баяндина С.Ж.	д-р филол. наук;
Юрина Е.А.	д-р филол. наук;
Приёмышева М.Н.	д-р филол. наук;
Журавлёва Е.А.	д-р филол. наук;
Джусупов М.Д.	д-р филол. наук;
Дмитрюк Н.В.	д-р филол. наук;
Жахина Б.Б.	д-р педагог. наук;
Шапауов А.К.	канд. филол. наук;
Исмагулова А.Е.	канд. филол. наук;
Байманова Л.С.	канд. филол. наук;
Фаткиева Г.Т.	ответственный секретарь.

Адрес редакции: 020000, г. Кокшетау, ул. Акана-сері, 24.
тел./факс: 25-55-83; редакция: 72-11-12;
E-mail: vestnik-kgu@mail.ru

ISSN 1608-2206

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
№ 2 / 2016
серия ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

Техникалық редактор
Технический редактор
Громова О.В.

2008 жылдан бастап шығады
Жылына 4 рет шығады

Издается с 2008 года
Выходит 4 раза в год

Басуға 29.06.2016 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/12.
Кітап-журнал қағазы.
Көлемі 21,4 б.т.
Таралымы 300 дана.
Бағасы келісім бойынша.
Тапсырыс № 140.

Подписано в печать 29.06.16 г.
Формат 60x84 1/12.
Бумага книжно-журнальная.
Объем 21,4 п.л. Тираж 300 экз.
Цена договорная. Заказ № 140.

Ш. Уәлиханов атындағы КМУ
баспаханасында басылған

Отпечатано в типографии
КГУ им. Ш. Уалиханова

©Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова

Зарегистрирован Министерством культуры, информации и общественного согласия РК
Регистрационное свидетельство № 481-ж от 25.11.1998 г.

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ

Абдукаримова А.А., Абрамова Г.И. Концепт как базовая единица когнитивной лингвистики и лингвокультурологии …… 6
Адилова А.С. Көркем мәтіндердегі «*дала*», «*қала*» бейнесі …….... 11
Алдашева К.С., Набидуллин А.С. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер – ұлттық-мәдени болмыстың көрінісі 18
Амренова Р.С. Фольклор мәтіндерінің лингвоментальді кеңістігі 24
Аубакирова Б.К., Қадыров Ж.Т. Телехабарлар жүйесіндегі тіл мәдениеті 30
Бекимова А.Б., Шалабай Б. Функционалды синтаксистің негізгі бірлігі – сөйленім 35
Дальбергенова Л.Е., Туребекова А.С., Тасбулатова Ж.С. Когнитивное осмысление каузальных ситуаций …… 41
Иманбердиева С.Қ., Ыбырайым Ә.О. Латын қарпі негізінде қазақ онимдерінің дұрыс берілу мәселесі 46
Исмағұлова Б.Х., Қанабекова М.Қ. Қазақ тілінің тәуелсіздік кезеңіндегі неологизмдер сөздігі: әлеуметтік қажеттілігі және құрастыру ұстанымдары 52
Касенов С.Н., Мукашева А.О. О роли выделительных слов в тексте устной лекторской речи …… 57
Кенжеканова К.К., Жанабекова М.А. Қайталамалар саяси дискурстағы ықпал етуші прагматикалық амал ретінде 62
Крамаренко Б.В. К вопросу о понятии «конструкт» в языкознании 67
Қанабекова М.Қ. Қазіргі сөз мәдениетінің даму бағыттары және тіл динамикасы 78
Оналбаева А.Т., Уристенбаева Ж.Н. Невербальный аспект концепта *қамшы*…….. 82
Оспанова Б.Р. Қоғамдық-саяси лексика және маңызы 88
Рысбаева Г.Қ. Түркі тілдес халықтардың «жаратушы күштер» концептісінің тілдік көрінісі 94
Сарманова Ж.С., Бейсембаева Ж.А. Интерпретация и фактор субъективности в синхронном переводе …….. 101
Сейдалиева Г.О. Мерзімді баспасөздің типологиялық сипаты 108
Ташимханова Д.С. Трехъязычие в образовательном пространстве Казахстана …….. 113

САЛЫСТЫРМАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ

СОПОСТАВИТЕЛЬНОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

Ахметова Г.С., Қайрат Г. Көркем мәтіндердегі субъективті және объективті модальділіктің берілу ерекшеліктері 120
Ашкеева М.М., Шарипова А.С. Тілдік әдептілік ұлттық-ерекше коммуникативтік категория ретінде 125
Байманова Л.С., Жумабекова Ш.Д. Функционирование тюркизмов в лексической системе английского языка …….. 130
Исакова С.С., Кожина С.А. Когнитивная структура термина воровство в казахском и английском языках 135
Исмагулова К.Г., Капанова Д.Е. Сопоставительное изучение концепта «любовь» в немецкой и английской языковых картинах мира …… 140

Кемелбек Б.М. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі жарнама мәтіндері және аударма 146
Құрманова Н.Е. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ұлттық мәдени-нышанды фразеологизмдердің пайда болу негіздері 151
Сарсенбаева А.С., Кулахметова М.С. Изучение проблемы заимствования в русском языке в русле антропоцентрической парадигмы 156
Tajibayeva A.A. Semantic features of the concept "Love" in English, Kazakh and Russian paremiology 162
Шайбакова Д.Д. Выявление потенциальной интерференции в билингвальной коммуникации 170

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

Абикенов М.Т., Жумабекова Б.Қ., Карипжанова Г.Т. Мәшһүр Жүсіп шығармаларының тілдік ерекшеліктері..... 176
Амренов А.Д. Абай поэзиясындағы тәуелсіз ел идеясы 182
Амренов А.Д., Қабышев Т.Б. Тайыр Жомартбаевтың арнау өлеңдері 188
Асан А.К. Магический реализм прозы А. Кима и О. Бокеева 194
Аймұхамбет Ж.Ә. Азаттық идеясының кеңестік кезең поэзиясындағы көрінісі 200
Байтанасова Қ.М. Мәтін және баяндау теориясы 209
Молдахметова С.С., Байгозинова Д.Е. Роль деталей как средство передачи информации в художественном произведении 214
Өтегенова А. Бауыржан Момышұлы күнделігінің тәрбиелік мәні 217
Рахманова Н.М. Поэтикалық әлемдегі мән мен мағына 222
Санникова А.В. Автоперевод: оригинал и интерпретация Иосифа Бродского 227
Темирова Ж.Г. Вещь как идейно-тематическая и сюжетообразующая художественная деталь в повестях Н.В. Гоголя 232
Тілеуова А.З. Жоқтау өлеңдердегі тарихи кезең шындығы 237
Шакирова Қ.М. Драматургиядағы диалогтың қызметі 242
Шарипова А.С. , Ашкеева М.М. , Жуманова Г.Ж. Фольклерлік мәтін 247
Шортанбаев Ш.А. Жамбыл мұрасы – Мәңгілік елдің мирасы 253

ТІЛДІҢ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІҢ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Алибекова К.Е., Баяндина С.Ж. Современные подходы к обучению будущих переводчиков специальной лексике русского языка 259
Альжанова А.Б., Смагулова С.С. О роли тестирования при обучении иностранному языку 265
Бейсенова Ж.С., Утегенова Д.И. Технология *развития критического мышления: одно из условий* формирования функциональной грамотности студентов 269
Ерғожина Ш.Л. Өздік жұмыс түрлері және оны сабақта пайдалану тиімділігі 277
Ерғожина Ш.Л. Кейс-стади әдісін қолдануда қалыптастырылатын дағдылар 282
Камиева Г.К. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына кәсіби қызығушылығын қалыптастыру 287
Қадашева Қ., Омарова С.К. Түркі тілінде сөйлейтіндерге арналған электрондық

оқулықтың құрылымдық ерекшеліктері 292
Қадашева Қ., Омарова С.К., Асанова У.О. Компьютер – қазақ тілін туыс тіл ретінде оқытудың құралы 297
Rusol I.G., Shulembayeva K.M., Plokhenko V.B. Application of information technology in teaching foreign languages …….. 302
Сапина С.М., Динаева Б.Б. «Кәсіби қазақ тілі» пәнін оқыту барысында студенттердің жазбаша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру тәжірибесі 307
Смагулова С.С., Альжанова А.Б. Обучение письму в сфере профессионального общения 311
Stukalenko N.M., Ustazhanova N.A., Lavrick R.A. Modern requirements for training foreign language teachers …… 316
Тленшина Г.М., Ахриева Л.А. Современные креативные методы в образовательном процессе ……..… 320
Халенова А.Р., Махажанова Л.М. Жоғарғы оқу орындарындағы ағылшын тілі сабағында өзіндік жұмыс арқылы студенттердің білімдік құзыреттілігін қалыптастыру 327
Цупкина Ю.А., Хасеинова Г.С. Теоретические предпосылки создания комплекса заданий и упражнений для компьютерной программы …… 332

ШОЛУЛАР, СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

ОБЗОРЫ, КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ МАҒЛҰМАТТАР

340

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

УДК 801

А.А. Абдукаримова, Г.И. Абрамова
Южно-Казахстанский государственный педагогический институт
Шымкент, Казахстан
aika77.0777@mail.ru

КОНЦЕПТ КАК БАЗОВАЯ ЕДИНИЦА КОГНИТИВНОЙ ЛИНГВИСТИКИ И ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИИ

Статья посвящена раскрытию понятия «концепт» с точки зрения положений когнитивной лингвистики и лингвокультурологии. Концепт с лингвокогнитивной точки зрения представляет собой ментальную единицу сознания и той информационной структуры, которая отражает знания и опыт человека. Лингвокультурный подход к пониманию концепта, состоит в том, что концепт признается базовой единицей культуры и изучается с точки зрения их ценностного компонента. Лингвокогнитивный концепт – это направление от личного сознания к культуре, а лингвокультурный концепт – это направление от культуры к личному сознанию. В работе концепт представлен к качестве базовой единицы двух дисциплин, отражающей содержание опыта и имеющей структуру поля: ядро концепта, периферия концепта, ближайшая периферия, дальнейшая периферия и т.д.

Ключевые слова: концепт, когнитивная лингвистика, лингвокультурология, предметно-образная, понятийная и ценностная составляющие, универсально-предметный код (УПК), ядро и периферия концепта.

Антропоцентрический/антропологический подход к изучению сущности человека является одним из важнейших направлений развития современной филологической науки. Современная отечественная и зарубежная наука о языке опирается на антропоцентрическую парадигму, согласно которой при анализе любых языковых средств определяющим становится человеческий фактор. В рамках антропоцентрической парадигмы филологической науки, как правило, выделяются такие ее важнейшие перспективные направления, как когнитология (лингвогносеология), лингвосоциология, лингвопсихология, лингвоэтнология, лингвопалеонтология и лингвокультурология.

Когнитивная лингвистика или когнитология – это направление, в центре внимания которого находится язык как общий когнитивный механизм, как когнитивный инструмент - система знаков, играющих роль в репрезентации (кодировании) и в трансформировании информации. В качестве центральной задачи когнитивной лингвистики отмечают описание и объяснение языковой способности и знаний языка как внутренней когнитивной структуры и динамики говорящего-слушающего, рассматриваемого как система переработки информации, состоящая из конечного числа самостоятельных модулей и соотносящая языковую информацию на различных уровнях.

Возникновение когнитивной лингвистики привело к широкому использованию в лингвистических исследованиях термина «концепт». Исходя из того, что человек мыслит концептами, комбинируя их и осуществляя в рамках концептов и их сочетаний глубинные предикации, формируя новые концепты в ходе мышления, мышление есть оперирование концептами как глобальными единицами структурированного знания.

Концепт с лингвокогнитивной точки зрения – это единица «ментальных или психических ресурсов нашего сознания и той информационной структуры, которая отражает знания и опыт человека; оперативная содержательная единица памяти, ментального лексикона, концептуальной системы и языка мозга (linguamentalis), всей картины мира, отраженной в человеческой психике»[1, 18]. Будучи трехмерным (как минимум) образованием, концепт включает предметно-образную, понятийную и ценностную составляющие.

Интересным представляется описание концепта у В.В. Красных: 1) концепт включает языковые знания (например, сочетаемость слова); 2) концепт – это понятие более абстрактного уровня, позволяющее выводить архетипы; 3) концепт является феноменом парадигматического плана, т.е. он соотносим с системой ментальных образований; 4) концепт хранится в форме гештальтов и пропозиций [2, 42].

З.Д. Попова и И.А. Стернин развивают когнитивный подход к пониманию концепта, определяя концепт как «глобальную мыслительную единицу, представляющую собой квант структурированного знания» [3, 11]. По их мнению, концепты формируются из непосредственного чувственного опыта, из предметной деятельности человека, из мыслительных операций человека с другими концептами, из языкового общения и т.д. Ученые справедливо отмечают, что язык – лишь одно из средств формирования концептов в сознании человека. Вслед за Поповой З.Д., и Стерниным И.А., мы рассматриваем концепт как глобальную мыслительную единицу, представляющую собой квант структурированного знания. Концепты – это идеальные сущности, которые формируются в сознании человека:

-из его непосредственного чувственного опыта – восприятия действительности органами чувств;

- из непосредственных операций человека с предметами, из его предметной деятельности;

- из мыслительных операций человека с другими, уже существующими в его сознании концептами – такие операции могут привести к возникновению новых концептов;

- из языкового общения (концепт может быть сообщен, разъяснен человеку в языковой форме, например, в процессе обучения, в образовательном процессе);

- из самостоятельного познания значений языковых единиц, усваиваемых человеком (ребенок спрашивает, что такое демократия; взрослый человек смотрит значение неизвестного для него слова в словаре и через него знакомится с соответствующим концептом) [4, 56].

Язык, таким образом, является лишь одним из способов формирования концептов в сознании человека. Для эффективного формирования концепта, для полноты его формирования одного языка мало – необходимо привлечение чувственного опыта (лучше один раз увидеть, чем сто раз услышать), необходима наглядность (что отчетливо проявляется в процессе обучения), необходима предметная деятельность с тем или иным предметом или явлением. Только в этом сочетании разных видов восприятия в сознании человека формируется полноценный концепт.

Концепты идеальны и кодируются в сознании единицами универсального предметного кода (УПК) [5, 39]. Единицы УПК имеют предметно-образный, то есть чувственный характер, а универсальность предметного кода связана с тем, что он есть у всех, без исключения, носителей языка, хотя он различен у каждого индивида, поскольку отражает субъективный чувственный опыт человека, лично им полученный в жизни через его органы чувств. Единицы УПК – индивидуальные чувственные образы, формирующиеся на базе личного, чувственного опыта человека. Они всегда конкретны.

В рамках нашей статьи представляется необходимым рассмотреть концепт как базовую единицу лингвокультурологии и когнитивной лингвистики, и это можно проиллюстрировать на появлении лингвистической концептологии (лингвоконцептологии), в задачи которой входит, прежде всего, определение своего объекта и разработка методологической базы его исследования.

Лингвокультурология, обязанная своим происхождением антропологически ориентированной лингвистике, интенсивно развивающаяся со второй половины 90-х годов XX века в самостоятельную лингвогуманитарную парадигму, имеет своим исследовательским объектом две знаковых системы – язык и культуру, представляющие собой неразрывно связанные друг с другом социальные феномены. Ее основной исследовательской целью является анализ культурно-языковой компетенции членов того или иного этноса, изучение их менталитета как носителей конкретного лингвокультурного коллектива.

Лингвокультурология представляет собой «целостное теоретико-описательное исследование объектов как функционирующей системы культурных ценностей, отражённых в языке, контрастивный анализ лингвокультурологических сфер разных языков (народов) на основании теории лингвистической относительности» [6, 40]. В ее задачи входит изучение и описание взаимоотношений языка и культуры, языка и народного менталитета, лингвокультура это линза, через которую исследователь может увидеть материальную и духовную самобытность народа. Лингвокультурология составляет понятия языковой личности и концепта. Изучение лингвокультурологических объектов предлагается проводить с помощью системного метода, заключающегося в единстве семантики, синтактики и прагматики и позволяющего получить «целостное представление о них как единицах, в которых диалектически связаны собственно языковое и внеязыковое содержание» [7, 7].

Лингвокультурный подход к пониманию концепта (культурного концепта), состоит в том, что концепт признается базовой единицей культуры, ее концентратом. Ю.С. Степанов пишет, что «в структуру концепта входит все то, что и делает его фактором культуры, – исходная форма (этимология); сжатая до основных признаков содержания история; современные ассоциации; оценки и т.д.» [8, 41]. Другие исследователи особо выделяют значимость культурных факторов в формировании концептов, т.е. рассматривают концепт как «многомерное культурно значимое социопсихическое образование в коллективном сознании, опредмеченное в той или иной языковой форме» [9, 6].

Лингвокультурный подход представляет собой изучение культурных концептов с точки зрения их ценностного компонента. «Ценностные, высшие ориентиры, определяют поведение людей и составляют наиболее важную часть языковой картины мира. Ценности существуют не изолированно, а взаимосвязанно и составляют ценностную картину мира (часть языковой картины мира) [10, 135].

«Лингвокогнитивный и лингвокультурный подходы к пониманию концепта не являются взаимоисключающими: концепт как ментальное образование в сознании индивида есть выход на концептосферу социума, т.е. в конечном счете на культуру, а концепт как единица культуры есть фиксация коллективного опыта, который становится достоянием индивида» [11, 9]. Другими словами, лингвокогнитивный концепт – это направление от личного сознания к культуре, а лингвокультурный концепт – это направление от культуры к личному сознанию.

«Лингвокультурный подход представляет собой конкретизацию изучения культурных концептов с точки зрения их ценностного компонента. Имеется в виду сопоставление отношения к тем или иным предметам, явлениям, идеям, которые представляют ценность для носителей культуры. Ценности, высшие ориентиры, определяющие поведение людей, составляют наиболее важную часть языковой картины мира» [12, 48]

Как представляется, оптимальным для полноты семантического описания лингвокультурного концепта будет выделение в его составе трех составляющих: понятийной, отражающей его признаковую и дефиниционную структуру, образной, фиксирующей когнитивные метафоры, поддерживающие концепт в языковом сознании, и значимой, определяемой местом, которое занимает имя концепта в лексико-грамматической системе конкретного языка. В семантический состав концепта входит также вся прагматическая информация языкового знака, связанная с его экспрессивной функцией, что вполне согласуется с «переживаемостью» и «интенсивностью» духовных ценностей, к

которым он отправляет. Еще одним высоковероятным компонентом семантики языкового концепта является когнитивная память слова: смысловые характеристики языкового знака, связанные с его исконным предназначением и системой духовных ценностей носителей языка. Однако концептологически наиболее существенным здесь оказывается так называемый культурно-этнический компонент, определяющий специфику семантики единиц естественного языка и отражающий 'языковую картину мира' его носителей, этимологические и ассоциативные характеристики. Таким образом, концепт, являясь базовой единицей когнитивной семантики и лингвокультурологии, представляет собой ментальное образование, отмеченное лингвокультурной спецификой. Дальнейшее исследование концептов - это закономерный шаг в становлении когнитивной и культурологической (антропоцентрической) парадигмы лингвистических исследований.

Можно, как представляется, говорить о трёх структурных типах концептов - одноуровневые, многоуровневые и сегментные концепты. Одноуровневый концепт включает только чувственное ядро, фактически один базовый слой. Например, такие концепты как жёлтый, зелёный, солёный, бытовые концепты типа ложка, чашка, тарелка. Такую структуру имеют многие концепты в сознании ребёнка, а также концепты в сознании интеллектуально неразвитой личности. В сознании большинства людей концепты сложнее.

Концепт может быть многоуровневым - включать несколько когнитивных слоев, различающихся по уровню абстракции, отражаемому ими и последовательно наслаивающихся на базовый слой. Наконец, концепт может быть сегментным, представлять собой базовый чувственный слой, окружённый несколькими сегментами, равноправными по степени абстракции.

Кроме ядра концепт имеет объёмную интерпретационную часть, совокупность слабо структурированных предикаций, отражающих интерпретацию отдельных концептуальных признаков и их сочетаний в виде утверждений, установок сознания, вытекающих в данной культуре из содержания концепта. Ядро концепта - это его базовый слой и совокупность когнитивных слоев и когнитивных сегментов в совокупности образующих их когнитивные признаки.

Интерпретационное поле концепта составляет его периферию. Исследованию подлежит как ядро, так и периферия, однако важно дифференцировать их в процессе описания, поскольку их статус и роль в структуре сознания и в процессах мышления различны [13, 8]. В современных концептологических исследованиях при описании содержательной структуры того или иного концепта используются, как правило, сразу несколько источников материала. В большинстве работ на начальном этапе изучения концептов используются данные лексикографии. Часто целью анализа дефиниций лексикографических источников является определение признаков ядра концепта. На последующих этапах может происходить привлечение ассоциативного и дискурсивного материала, целью которого может быть, в частности, описание периферийных слоев концепта. Но использования только лишь словарных данных, которые в принципе не призваны отражать индивидуальные, частные элементы знания, недостаточно для описания структуры концепта. «Ограниченность» лексикографического описания по отношению к реально существующим в сознании носителей языка знаниям и представлениям не раз подчёркивалась исследователями, причём не только в рамках лингвокогнитивного направления.

Ядро концепта, выявляемое с помощью анализа лексикографических источников, будет представлять собой как раз минимальную и наиболее общую часть концептуального содержания, отражая в основном необразные компоненты содержания концепта. Этот путь может казаться предпочтительным, а результаты исследования такого типа - более значимыми, если считать, что ассоциации отражают только индивидуальные элементы содержания концепта.

Однако современные исследования ассоциативного материала опровергают такую точку зрения. Так, по мнению В.Е. Гольдина, ассоциативный материал раскрывает не только индивидуальные, но и нормативные образные компоненты концептуального содержания [14,

90]. Именно поэтому ассоциативные значения могут составить психологически реальное ядро национального концепта, его базовый слой. При анализе ядра концепта в рамках когнитивной лингвистики последовательность шагов может быть следующей.

Определяем интересующий нас концепт. Выявляем ключевые слова - репрезентанты данного концепта в языке. Это основные средства, которыми чаще всего манифестируется концепт в речи. Возможные термины:

-ключевые слова-репрезентанты;

-базовые лексемы репрезентанты;

-единицы, осуществляющие базовую вербализацию концепта;

-базовые языковые репрезентации концепта.

Ядро концепта лучше всего отражает семантика ключевого слова, (лексемы), именующего концепт (например свобода, тоска, общение, душа, вера, счастье и.т.п.).пополняет содержание концепта анализ синонимов, симиляров, антонимов ключевой лексемы. Анализируется самым детальным образом семантика этих единиц, выявляются:1) Основные семемы; 2) Основные и периферийные семантические компоненты каждой семемы, в том числе и экспериментальными методами: выявляя семемы разных номинативных реализаций - лексемах, синонимах, фразеологических единицах, выявляются новые концептуальные признаки.

Анализ сочетаемости лексем, объективирующих концепт в языке, также даёт возможность выявить некоторые составляющие концепта. Из сочетаемости можно выявить способы категоризации концептуализируемого явления. Выявленные способы категоризации (когнитивные метафоры) должны быть сформулированы как определённые содержательные признаки, входящие в структуру концепта. Выявленные семы отождествляются с концептуальными признаками, семемы - с концептуальными слоями, способы категоризации (когнитивные метафоры) интерпретируются как когнитивные признаки. Затем выстраивается структура концепта по данным лингвистики.

На периферии содержания концепта находятся разнообразные определения, толкования, отражённые в паремиях, афоризмах, крылатых выражениях, притчах, а иногда и значительных по объёму публицистических, художественных и научных текстах. Из этого арсенала в основном и выявляется интерпретационное поле концепта, в котором можно обнаружить весьма разнообразные смысловые признаки, скрытые от прямого наблюдения.

Таким образом, резюмируя все вышесказанное, следует отметить, что сознание формируется не изолированно, а под влиянием среды и прежде всего национального языка и национальной культуры. Концепт, как базовая единица двух дисциплин может быть представлена качестве единицы знания, отражающей содержание опыта, имеющей структуру поля (полевая структура концепта): ядро концепта, периферия концепта, ближайшая периферия, дальнейшая периферия и т.д.

Список литературы

1 Кубрякова Е.С., Демьянков В.З., Панкрац Ю.Г., Лузина Л.Г. Краткий словарь когнитивных терминов. – М.:МГУ,1996. – С.90.

2 Красных В.В. Виртуальная реальность или реальная виртуальность? (Человек. Сознание. Коммуникация). – М.: Диалог - МГУ, 1998. -352с.

3 Попова З.Д., Стернин И.А. Понятие «концепт» в лингвистических исследованиях. – Воронеж, 2000. – 30с.

4 Попова, З. Д. Общее языкознание. Учебное пособие / З. Д. Попова, И. А. Стернин. 2-е изд., перераб. и доп. М. : АСТ: Восток - Запад, 2007. 408, с.

5 Жинкин Н. И. О кодовых переходах во внутренней речи // Жинкин Н. И. Язык – Речь – Творчество //Избранные труды. – М.: Изд-во "Лабиринт", 1998; Горелов И.Н. Основы психолингвистики. Учебное пособие. М.:изд.-во Лабиринт, 1997. 224с; Залевская А.А. Введение в психолингвистику. М.: Российск. гос. гуманит. ун-т, 1999.

6 Маслова В.А. Лингвокультурология, М.: 2001. -С. 40.

7 Кубрякова Е.С. О современном понимании термина «концепт» в лингвистике и культурологи // Реальность, язык и сознание: междунар. сб. науч. тр. Тамбов, 2002.

8 Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры: Опыт исследования. – М.: Школа «Языки русской культуры»,1997. – С.41.

9 Воркачев С.Г. «Из истории слов»: лингвокультурный концепт// Новое в когнитивной лингвистике. Кемерово, 2006. С. 3-14.

10 Карасик В.И. Лингвокультурные концепты: подходы к изучению // Социолингвистика вчера и сегодня. Сб.науч. тр. – М., 2004. – С. 135.

11 Карасик В.И. Культурные доминанты в языке // Языковая личность: Культурные концепты. Сб. науч. тр. – Волгоград: Перемена,1996. – С.3 -15.

12 Карасик В.И. Лингвокультурные концепты: подходы к изучению // Социолингвистика вчера и сегодня. Сб.науч. тр. – М., 2004. – С. 48.

13 Воркачев С.Г. «Из истории слов»: лингвокультурный концепт// Новое в когнитивной лингвистике. Кемерово, 2006. -С.8.

14 Гольдин В.Е. Ассоциативный словарь как особый источник данных о внутренней семантической сети// Вопросы искусственного интеллекта (Вестник НСМИИ РАН), 2010 № 2. -С.90.

Мақала мәдениеттану мен когнитивтік лингвистика әлеуетінде «концепт» ұғымының мән-мағынасын ашып көрсету мәселесін қарастырады.

«Концепт» лингвокогнитивтік көзқарас тұрғысынан адамның білімі мен тәжірибесі көрініс табатын сананың ментальды бірлігі мен оның ақпараттық құрылымын білдіреді. «Концепт» түсінігі лингвомәдени көзқарас бойынша, мәдениеттің негізгі бірлігі ретінде танылып, құндылық компоненті тұрғысынан зерттеледі. Лингвокогнитивтік концепт – жеке сананың мәдениетке бағытталуы болса, лингвомәдени концепт – мәдениеттің жеке санаға қарай бағытталуы болып табылады. Концепт тәжірибенің мазмұнын білдіретін, сонымен қатар өзіндік құрылымы бар екі тұжырымныңбазалық бірлігі ретінде беріледі: концепт өзегі, концепт перифериясы, жақын маңдағы периферия, (қашықтықтағы) алдағы периферия т.б.

In the present article we consider "concept" as a main notion of two branches of linguistics: cognitive linguistics and cultural studies. Concept from the cognitive point of view is represented as a mental unit of consciousness and that information structure which reflect knowledge and experience of people. According to lunguacultural approach the concept is represented as a basic unit of culture and studied from the point of view of its components of value. Linguacognitive concept directs its studies from personal consciousness to culture, and linguacultural concept does it from culture to personal consciousness. In the paper concept is represented as a basic unit of two disciplines reflecting experience contents and having the following structure: kernel, periphery, nearest periphery, furthest periphery.

ӘОЖ 81'42:811.512.122

А.С. Адилова
Академик Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Қарағанды, Қазақстан
adilova2010@mail.ru

КӨРКЕМ МӘТІНДЕРДЕГІ «ДАЛА», «ҚАЛА» БЕЙНЕСІ

Қазақ ұлттық концептосферасындағы базалық концептінің бірі – «дала» қаламгерлердің дүниетанымында ұлттық болмыс, ділдің тікелей көрінісі ретінде түрлі

тілдік бірліктермен танылады. Дала концепті жалпыұлттық құндылықтарды таныта алатындықтан, «қала» концептіне контраст жұп ретінде көркем мәтіндерде жиі қолданылады. Көркем мәтіннің концептуалды-мазмұндық ақпараты үшін аса маңызды бұл контраст концепт ұлт менталитетіндегі өзгерістер динамикасын таныта алатынын түрлі кезеңде шығармашылықпен айналысқан қазақ ақындарының өлеңдері көрсетеді.

Кілт сөздер: көркe мәтін, концепт, «дала» және «қала» концепті, контраст концептілер, ұлттық діл, менталитет, урбанизация

Кез келген халықтың тіл байлығын оның сөздік қоры, грамматикалық мүмкіндіктері және концептосферасы танытады, анықтайды, ал концептілер аясына ұлттық таным, мәдениет үшін айрықша құнды, семантикасында ғасырлар тереңінен аса мол ақпарат жинақталып, қатталған, мағынасы қоғамдағы басым көпшіліктің, ақын-жазушылардың әр буынының өз түйсінуі, бағалауы арқылы дамып, кеңейіп, толығып отыратын концептілер кіреді. Зерттеушілердің пікірінше, концептосфераның құрылымында түрлі зоналар бар: «В структуре концептосферы есть ядро (когнитивно-пропозициональная структура концепта), приядерная зона (иные лексические репрезентации важного концепта, его синонимы и т.д.) и периферия (ассоциативно-образные репрезентаци. Ядро и приядерная зона преимущественно репрезентируют универсальные и общенациональные знания, а периферия - индивидуальные)» [1; 2, 95].

Қазақ халқының ұлттық концептосферасының өзегі деп саналатын концептінің бірі – дала, оның бір тармағы – ауыл.

Поэтикалық мәтіндердегі концептілерді санада танылу деңгейіне, ақиқат дүниедегі болмысына, өзіндік ерекшелігіне қарай шартты түрде метафизикалық, ұлттық-мәдени және эмоционалдық концептілер деп жіктеген А. Әмірбекова халқымыздың ұлттық мәдениеті үшін аса маңызды көш, домбыра, қамшы сияқты концептілер қатарында атаған «дала» жөнінде «қазақтың өмірін, жайлауын, мал шаруашылығын, дархан кеңдікті, жазықтықты объективтендіреді. Автор танымында дала кеңдік эталоны ретінде алынып, қазақтың кең-байтақ жеріндегі ұлттық-мәдени өмірді, яғни қазақ даласындағы жырмен ұйықтап, жырмен оянған, еркіндікті сүйетін халықтың болмысын сипаттайды» [3, 10] дей келіп, түрлі концептілік құрылымда берілген дала бейнесін мысалға келтіреді және оны ақиқат дүниеде жұпта танылатын контраст концептілер қатарында атайды [3, 11].

Көркем әдеби үдеріске қатысушы ақын-жазушылар өзінің таным-түсінігіне сай өзін қоршаған ортаны, ондағы түрлі өзгерістерді, қоғамдық өмір құбылыстарын өз бетінше саралап, түсініп, бағалап, оқырманға ерекше әсерлі етіп жеткізуді көздейді. Осы тұрғыда қазақ прозалық және поэзиялық мәтіндерінде ауыл (дала) мен қала образының интерпретациясы зерттеушілер үшін ерекше маңызды, себебі бұл - халықтың діл-болмысындағы өзгерістің көркем танымдағы көрінісі.

Жалпы, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, таным-нанымы көшпелі өмір салтына байланысты болғандықтан, оның дүниетанымында дала, далаға тән кеңдік, сол дала тіршілігіне бейімделу үнемі көрініс табады. Әлеуметтік, саяси, тарихи, қоғамдық өзгерістерге байланысты қазақтардың көшпелі өмір салты біртіндеп отырықшылыққа көшкеннен кейін халықтың бойында, ойында, мінез-құлқында далаға тән және даламен байланысты қалыптасқан қасиеттер, белгілер ауыл ұғымына көшті, яғни қазақтарға тән кеңдік, жомарттық, ақ ниет, кеңпейілділік тікелей ауыл ұғымымен байланыстырылады. Ғаламдық урбанизациялық үдеріске байланысты қазақ халқының қалаға шоғырлануының нәтижесінде халық психологиясы, менталитеті, мінез-құлқы, әлемді танып-түйсінуі өзгеріске ұшырады. Осы себепті қазақ қаламгерлерінің түрлі буындарының көркем шығармаларында (мәтіндерінде) қала мен дала образы түрліше интерпретациялана бастады, тіпті көп жағдайда қарама-қарсы қойыла бастады, яғни көркем мәтіннің вербалды қабатындағы осы образдардың контраст мәнді тілдік құралдармен берілуі жиі байқала бастады. Қазақ көркем

әдеби үдерісіндегі мұндай дуализмнің бастауында зар заман ақындары [4], Сұлтанмахмұт Торайғыров [5] тұрғаны белгілі.

Өткен ғасырда өмір сүрген ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың соңғы шығармасы деп есептелетін «Айтыс (қала ақыны мен дала ақынының айтысқаны)» поэмасы 1919 жылы жазылғанмен, аяқталмай қалған. Кезінде авторды дала ақынының өзі деп есептеп, ескілікті аңсаушы, алашордашыл, ұлтшыл, ұсақ буржуазияшы ретінде айыптауға негіз болған поэмада дәстүрлі қазақы дүниетанымның өзгеруінің нақты себебі қала деп көрсетілмесе де, көптеген мәселелерге қатысты өзіндік бағалау ашық қайшылыққа құрылған.

Қазақ халқының өркениетпен бірге келген, келетін түрлі өзгерістерден әлі де болса ада, таза кезінде жазылған бұл туындыда автор дала мен қаланы қарама-қарсы қойып, дала, сол далада өмір сүріп жатқан адамдар, даланың артықшылығы туралы өз пайым-танымын көрсетеді.

Ақын даланы, даланың ерке баласы қазақты эмоционалды реңі айқын, экспрессивтілігі жоғары, жағымды коннотациялы лексикалық бірліктермен сипаттайды. Даланың әр маусымдағы табиғаты, онда тіршілік кешіп жатқан халықтың түрлі әлеуметтік топтары, адамдар арасындағы шынайы туыстық, жанашырлық қатынастар, ұлттық дәстүрлер, ел билеушілер мен қарапайым халықтың сөзге тоқтауы, ел шетін қорғаған батырлар мен ислам дініне беріктік, қыр қазақтарында сақталған ана тілі мен кеңдік, тіл арқылы көрінетін діл-болмыс пен ұлттық ұстанымдар, жомарттық, үлкенді сыйлау, шынайылық сияқты ерекшелік-қасиеттерді көрсетеді. Аталған түсініктер тура мағынадағы номинативтер арқылы, тұрақты тіркестермен және ақын танымына сәйкес ой модельдерімен берілген: *Мен қазақ, қазақпын деп мақтанамын; Сүйгенім қазақ өмірі, өзім қазақ; Ерікті ен даланың құсынша ұшып, ержеттім* ***кеңшіліктің сүтін ішіп; Даламның кеңшілігін, бейқамдығын,*** *Жаным ізденп, жүрегім сүйеді анық; Даладағы* ***фальшысыз самородтың,*** *Олармен ауыстырман бір күлісін;* ***Ақ көйлек дала адамы*** *аңқылдаған, Жүрегінен мейірімі сарқылмаған,* т.б.

Алайда ол біртіндеп мәтін модальділігін өзгертеді, яғни оның сөзінде алаңдаушылық, сенімсіздік, болашақтан үрейлену тәрізді сезімдерді сипаттайтын жағымсыз мәнді тілдік бірліктер пайда болады, бұлар көбінесе қала тұрмысы, күнделікті тіршілік, ондағы адами қасиеттердің өзгеруі, мінез-құлықтың құбылмалылығы, әлеуметтік жіктің тереңдеуі, әділетсіздік, жалғандық т.б. секілді мәселелерді суреттегенде жиі байқалады: *Қылсам да мұны көріп шүкіршілік, Жүрегім сескенеді нені біліп?* ***Қорқамын*** *бұл заманы кетер ме деп****, Қаладан қазағыма мінез жұғып****; Мас болып партияға қызып алған,* ***Далалық табиғатын бұзып алған; Жұқтырдың көп күйеңді, қала, маған****, Бізді де қойған жоқсың есен-аман...*

Ақынның бұл ойлары атақты әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы» трактатында надан қалалардың бірі деп санаған Бағдатқа берілген сипаттамамен ұштасып жататыны аңғарылады [6], яғни қажеттілік, айырбас, опасыздық пен бақытсыздық салтанат құрған, атаққұмар, биліккұмар және бетімен кеткендер тұратын, материалдық құндылықтар мен ақша, тәнқұмарлық, билікке құмарлық сияқты көшпенділердің діл-болмысына жат қасиеттер үстемдік ететін қаланы оқырманның көз алдына келтіреді, содан сақтандырады.

Даланы жайлаған өз халқының өміріне, мінез-құлқына, билікке таласына С. Торайғыровтың көңілі толмайды, сондықтан да қала ақынының жауабына түрлі сын көзқарасын салғаны байқалады.

Ақын қазақ даласында болып жатқан өзгерістердің тек сол кезеңде ғана пайда бола салмағанын түрлі реминисценциялар арқылы көрсетеді. Көшпелі өмір салтының өзгеруімен пайда бола бастаған қалаға орналасудың, үй салудың себеп-салдарын, қала тұрғынының тұрмысын, сол тұрмыстың біртіндеп сананы билеуге көшкенін, қазақ менталитетіндегі өзгерістерді әр типті келтірінді құрылымдармен вербалдаған ақын мәтінаралық байланыстардың әлеуетін ерекше бағалағаны, пайдаланғаны байқалады. Мәселен, батырлар жырына, зар заман ақындарының, Бұқардың, Махамбеттің, Абайдың өлеңдеріне, А. Байтұрсыновтың «Масасына» сілтеме жасайтын цитаталар, реминисценциялар поэманың семантикасын, континуумын кеңейте, толықтыра түскен.

С. Торайғыровты толғантқан мәселелер одан бұрын «зар заман ақындарының» өлеңдерінде де «қала», «шаһар», «қорған», «үй», «бекініс» ұғымдарына қатысты сөз болғаны белгілі. Зерттеушілер бұның негізінде көшпелі өмір салтынан алыстап, отырықшылыққа бет бұру нәтижесінде қазақтың ата қонысы мен жерінен айырылып қалу, қазақы мінездің өзгеру қаупі жатқанын айтады [4].

Қазақ үшін дала халықтың бітім-болмысын, ұлттық рухты танытатындықтан, оның дүниетанымында, лексикасында даланы сипаттайтын, онымен ассоциацияланатын тілдік бірліктердің де мол болуы заңды. Ал сол даланың перзенті – ақын-жазушылардың көркем мәтіндерінде тілдік құралдар күрделі ойды ашатын тақырыпқа сай таңдалып, іріктеліп алынады. Олар негізгі ойды беретін бір немесе бірнеше сөздің лексика-семантикалық парадигматикасы, синтагматикасы арқылы мәтіндегі ойды жылжытып, оқиғаны сипаттап, дамытып отырады. Туындының тілдік қабатын ұйымдастырушы автор мұндай сөздермен өзінің субъективті көзқарасын да білдіріп отырады.

«Дала» сөзін лексикографиялық деректер былай анықтайды: 1. Кең байтақ жазық өңір, құла дүз. ... 2. Есік алды, тыс. ... 3. Ауылды жер, қыр [7]. Бұл сөздің осында көрсетілген мағыналары ақын М.Мақатаевтың «Біздің жақтың іңірі» өлеңінде *(жасырынған күн мен ауылдың елең-алаң түні, егіс даласындағы қызған еңбек, ауыл түнінің оттары, адамдардың дауысы, пысқырынған аттар, сықырлыған арба, тасыған арна, қыр астынан шыққан ай)* көрсетілсе, бірінші мағынасы М.Жұмабаевтың «Жазғы жолда» шығармасында жағымсыз реңде өзектенген: *шаң үйірілген, аспан күңіреніп, жерді құсаған жапан түз, меңіреу дала.* Осы кеңдік мағынасы мүлде қарама-қарсы сипатта Ж. Қашқыновтың өлеңінде берілген, яғни мұндағы жағымды мән айқындауыш болып тұрған синоним сөзбен күшейтіле түскен:

... Топырағыңды тағы айналып басыппын,
Сағыныштың жырын шайқап тасыттың.
О, туған жер, гүл *жазира* – кең *дала,*
Мен өзіңе өмір-бақи ғашықпын!

Осы орайда ақын Р. Нұрбайдың «ӘКЕ деген үш әріптен таныдым, ДАЛА деген төрт әріптің кеңдігін» деген жолдары да тағы бір мағынаны өзектендіріп тұрғанын айта кеткен жөн.

«Ауыл» концептісі Қ. Мырзалиев поэзиясында ойсурет типінде объективтенген.

Түрлі сезім органдары арқылы қалыптасқан стереотипті ассоциациялар негізінде пайда болған ойсурет, яғни дала – ***жайлау, жайлаудағы жусан, бұлақ, сағым***: Құшағын жайып шара көл, Жайлауға көшіп барады ел, Қайтарда, досым, мен үшін, Бір иіскем жусан ала кел; ...Бір жұтым бұлақ ала кел; ...Бір құты сағым ала кел, соңғы жолдағы сағым сөзі далаға тән кеңдікті репрезентациялап тұр; ақынның танымдық моделінде бұл концепт және оның өзгеру динамикасы теңеу, эпитет, метафоралар арқылы берілген: ***Көне етіктің ұлтанын жұлып алар, көктемдегі көк сазың***; ***Кеңсірікті қаңсытып жіберетін аңызақ, ыстығың; Инесі бар аяздың жебесінде; жылқылары тұратын біреуінің мойынына біреуі иек артып; әулиесі, бас иіп сыйлайтыны; ауыл-ана; кәрі қыр; маңмаңгердің тарамай құйрық-жалын, машинасын жуады күн батарда; күн нұрымен ойнайды антенналар әр шатырдың әдемі үкісіндей; көкжиекке көзіңді суаратын; баяғы еркін ауыл, еркін халық; далаға тән ыстық пен суық байқауы.***

Ал С. Ақсұңқарұлы өзінің «Дала философиясы» өлеңіне дала туралы барлық түсінік-пайымын енгізген, яғни осы сөздің лексикалық мағынасына кірмейтін, алайда ұлттық әлем бейнесіне тән және өзінің жеке тұлғалық қиялынан туған ассоциациялар байқалады. Дала образын ақын коннотациясы айқын сөздер арқылы бірнеше тармақпен көрсетеді және олардың бәрі ұлттық дүниетаныммен, тарихпен, мәдениетпен тікелей байланысты, яғни дала персонаж, заттық, тактильді бейнелер арқылы объективтенген. Жағымды және жағымсыз бояулы сөздердің семантикасы арқылы дала образындағы қайшылық та байқалады.

XX ғасырдың II жартысында жазылған көркем мәтіндердегі концептуалды ой даламен байланыстырылған қазақы мінез-құлыққа қаланың теріс ықпалы болса, XXI ғасырдың басындағы мәтіндерде даланы, ауылды аңсау, сағыну, өзгерту сияқты ойлар өзектене

бастағанын байқауға болады, мәселен, Н. Дәутайұлының әңгімесінде ауылдың жаңа бейнесін жасамақшы кейіпкер қазақты дала мен ауылсыз елестете де алмайды, алайда оның ауылды, даланы аңсауы, сағынуы тек сезім ғана емес, ол сол сезімін қазақ үшін пайдалы, жақсы іс жасауға ұмтылады, яғни жаңалық енгізуді көздейді: «Ауыл қалашығын салсақ. Биік, биік сан қабат үйлерден емес. Бір, екі қабат. *Ұлттық нақышпен.* Үйлердің жобасы жаңазамандық, ал келбеті *қазақы ою-өрнек*... Осыны айтып ұшы-қиырсыз далаға көзін салып, демін терең сіңіріп, біраз тұрып қалған. - Қазақ түгел қалаға көшіп кетпейді ғой, көке. *Ауылсыз да қазақ бола ма? Қазақ дегеніміз, дала мен ауыл емес пе.* Өзім солай ойлаймын, — деген сосын. - Сөйтетінің жақсы-ау. Ал әкеңнің мына тірлігіне кім ие болып, кім жалғайды? - деп сұраған бұл Жалғасқа сынай қарап. - Білмеймін, - деген ол. - Мен *жаңа ауыл* саламын, көке». Бұл өткен ғасырдың 70-жылдарынан басталған, М. Мақатаевқа «ұят болды-ау» дегізген тенденцияға жауап десе де болады.

Жайсандық, жомарттық, ашықтық, кеңдік, сезімталдық, адаммен қарым-қатынаста және өз ісіне адалдық, ар-намысты жоғары қою, рухани әлемінің байлығы, адамзатқа мейіріммен қарау, ақ көңілділік, уәдеге берік болу, айтқан сөзін орындау сияқты қасиеттер кең далада еркін өскен әр қазақтың бойынан табылатын еді, бірақ урбанизациялану үдерісі кезінде бұлар біртіндеп өзгере бастады. Үлкен қалада өмір сүру, ондағы күнделікті қарбалас тіршілік, шектелген аумақ, түрлі эмоциялар мен әсерлерді бақылау, жасыру, дәстүрлі мәдениеттің мегаполистегі тұрмыспен қабыспауы, көптеген жайттарға қатысты ұлттық көзқарастың жоғалуы қазіргі қоғамда өмір сүріп жатқан адамның мінез-құлқына өзінің таңбасын салып кетті. Басым көпшілігі қала тұрғындарына айналып үлгерген халық кеңдікті жоғалтып, бар нәрсені жоқ дейтін, басқа адамдарға аса бір сенімсіздікпен, қорқынышпен қарайтын болды, құдайы қонақ келеді деп әрқашан ашық жататын есік жабық тұратын болды, бұрынғы жайсаңдық пен ашықтық жоғалып, мінез өзгерді, екі сөйлеушілік, көрсеқызарлық, қатыгездік байқалуда. Мұның бәрі бұрынғы қазақтың қанында, жанында бар қасиеттерден арылуға себеп болып отыр. Ұлттық дүниетанымдағы осындай өзгерістер нәтижесінде қазақ ақын-жазушыларының көркем мәтіндерінде даланы аңсау жиі көрініп, қала концептісі қаламгерлердің әлем бейнесінде индивидуалды түйсінуі, танымының репрезентациясы ретінде көп қатпарлы, көп мағыналы құрылым түрінде байқалады

Қазақ халқының урбанизацияның алғашқы кезеңіндегі мінез-құлқы Ж. Жақыпбаевтың өлеңінде көрініс тапқан: Елден келсең, енді үйіне келіп көр, Қарсы алады жары күліп, күліп төр. ***Ауылынан ала келген мінезбен*** Айғайлайды ***ақ көңілден*** жігіттер. Осы менталитет өзгерісіне қаланың ықпалы «қырттар қыспағы» тіркесімен метафораланған: ***Қалаға келіп көрсем де қырттар қыспағын,*** Өзімді тауда жүргендей жайсаң ұстадым.

Бұл мінездің өзгеру себебі Н. Бәдіғұлдың шумақтарында нақтылана түскен: Моп-момақан түлегі едік даланың, Жанымызда жоқ еді еш нала-мұң. **Қалаға кеп, тағалы аттай тарпаңдап,** Үйіріңе сен **осқыра қарадың!** Моп-момақан түлегі едік даланың, Жанымызда жоқ еді еш нала-мұң. **Қалаға кеп, қағаз қажап жүйкені,** Үйіріме мен *қабарып қарадым!*..

Ал Г. Салықбай поэзиясында қала концепті бірнеше фрейммен танылады: а) ***Қала – суық:*** Қар қаланы, Қала қарды паналап, Бауырласып, құшақтасып, бағалап, ***Екі суық*** бірін-бірі жылытты – менің етігім жайлы ұмытты...; Көктем, міне, көз қадайды Күн иіп, ***Мұз*** еріді аздап қалған мұң ұйып...; ***Шаһар*** мынау ***тым қатыгез өзіңдей***....Өлтіреді білдірмей; Жыл өзгерді. Кім өзгерді? Қала қар. Қар көңілім қайдан пана таба алар? ***Жапырақ қашқан қала түз сияқты***, естегім ертең қатар мұз сияқты, Қайырымсыз қара жел боп сабаладың, Қарғалар ғана қалған күз сияқты; Топырақ суып, жаз өтті дедім, Сап-сары қала **тоңды-ай кеп...** ә) ***Қала – адамдар:*** Алматыға қар жауып тұр – дымқыл қар, арық ағаш артын бағып, тың тыңдар, Және ***адамдар өзіне-өзі тығылған***, Және ***шамдар – жеңілтектеу құбылған;*** Есік ашып бала-арманның есті үні, Елең етті ертеңгі бақ өскіні. Басып қалды басы ауырған көшені ***Түрлі-түсті киімдердің көшкіні;*** б) ***Қала – техника, сауда мекені:*** Қозғалыстың таусылғандай мәні ақыр, Сарайда да көрсетілмес сый тегін. Сымтемірден ***қайыр сұрап қала тұр***, Науқасынан айыға алмай жүйкенің...; Маңдайында жазу жанып-өшеді, Бізбикештің төркініндей дүкендер; Көк те сұр, көлік те сұр, қала – сұрғылт... Әмірін жүргізіп тұр қарасұр

бұлт. ... Кім саған кінә тақсын күзгі қала... в) Қала – астана: ***Бас қаланы*** басып қалды қарша үміт, Бұлбұл біткен әніменен жар салып. г) **Қала – эмоционалды жай-күй:** Шілде мынау. Қаңсып, шөлдеп барамын, Сені және су көремін түсімде: Сенбес едім: ***сең соққандай қаланың*** Сендей адам жүреді екен ішінде; Қайрамақшы болады ***қала шарық.*** Аспан жақтан адалдық күткен едім, Бара жатыр ол дағы аласарып; **Күмәнді қала, Тұманды қала** Белгісіздіктің буынан; Береке кеткен беймаза қаланың ішін кезеді өлең... Қашып тұр өңі қаланың, Түсімде еді тым сұлу. Тасып жатыр қара су...Қара суда ***тас қала,*** Тасқа айналмай мен қалай төзіп жүрмін, масқара! **Қала дел-сал.** Көңіл тоқтады; Серги алмай сәуірдің самалынсыз. **Қарс жауып қабағын, қала да үнсіз;** Ал есімің... өшкен сайын жаңғырды, қызыл көзін қылмыңдатып көшелер; Маңдайымды толтырды қатал тағдыр қаламы, кескілейді жол түрлі қажып біткен қаланы.

Қала өмірінің халық менталитетіне кері әсерін сезіп, білген шарасыздық күйі Е. Раушанов танымындағы «қала» концептілік құрылымының бір тармағын танытады: ... *Көк кептер мезі болған жауыннан көп, Ойлайды алда қанша дауыл бар деп.* ***Қалаға үйрене алмай жүрсе керек, Ол дағы мен сияқты ауылдан кеп.*** *... Бұйығып үндемейсің, жазған құсым, Ал, айтшы, не істейміз көнбегенде?* Ақын Алматы қаласын заттық және тактильді бейнелер арқылы танытады: *Тезірек Алматыға қайтам сосын**,** Сағынтып* ***дулы нөпір, Шулы аламан. Ару кент, Арман қала шұғылалы, - Алматы, ағын-халық шұбырады****; Содан соң ба? Күледі жел жындана, Күрсінеді жасыл қала, гүл қала; ... екеуміз...сосын мұң ғана барды, осынау іңкәр қалада; Қосыла алмайды дүрмекке көңіл, Қосыла алмайды әнге өжет.* ***Бұл неткен қала, неткен өмір, Мағына да, мән де жоқ.***

Қала концептісі қазақ қаламгерлерінің кейінгі буынында мынадай тілдік бірліктермен берілген, олардың арасында синкретті, плеонастикалық, перифрастикалық тіркестер жиі кездеседі. Айта кету керек, бұл ақындардың танымдық моделіндегі қалалар міндетті түрде астана емес, өздері тұратын немесе жиі болатын қалалар:

Серік Ақсұңқарұлы танымындағы **Алматы:** *Алматы барсаң – кеткісіз еді, Арбайтын еді ұстап ап! ... асқақ қала да алая қарады, Аңыздап келген балаға...Қала тұр сақтап бейіштегі әрін, Думанға батып не түрлі Күнекей деген періште барын ұмытып қалған секілді! Хош, Алматы, деймін сонда ішімнен, Бірге ұшып шық көңілімнің құсымен. Сайқал қала – сайқал қатын секілді, Маған опа бермейтінін түсінем; Өз ұлын сыртқа теуіп, Магнитше Өңезін неге тартад ішіне бұл? Алыстан ақынына бетін беріп, Тұр шаһар қызыл-жасыл түрге еніп, Болғанымен өзі әдемі, Әсемдікті Ұқпайтын жәлеп қатын секілденіп... Хош, өлең! Сөніп таңғы үміт, Әуреге мені сала ма. Қаламақысыз қаңғырып, Мен қалдым қарау қалада;* **Қарағанды:** *Аптап ыстық. Қаны кепкен бұтаның. Қара нөсер тамбай – миы жұқарып. Қара көмір қызыл шоқтай жатып ап, Қарағанды кетер ме екен тұтанып?*

Кәпұлы Дәулеткерей қала концептін былай вербалдаған: Қамырық оймен қамалып қалаға мәжнүн...; Қаланың тірлігі дәл осы – Дәтіңе дәретін сындырар! Астана, бүгін асқақ қаласың, Жаһанға әлі жақсы аттанасың; Бөбек қала бал тілегі, қараңғылық тәлтіреді; тірлік сұм ниет мына қалада.

Қарағандылық ақындар Руслан Нұрбай мен Серік Сағынтай үшін де қала концепті ақиқат дүниені эмоциялық жай-күй арқылы таныту нәтижесі ретінде вербалданады. Мәселен, Р. Нұрбай: «*Елордасың біз үшін есімі ерен, Қызығамын жұлдызды кешіңе мен. Ерте жылдың айтады естелігін,* ***Құлын-қала,*** *желі ғой Есіл-өзен; Ей, көшкен құс, кеше менің малым боп, Жөнеп жүргем мынау жалпақ далада. Қазір менде үйір де жоқ, табын жоқ. Таңылғанмын* ***табыт бетон қалада****»* десе, С. Сағынтай «*Біздің ауыл...* ***тар-қапас қала*** *қазір, Біздік тағдыр – бәйгеге балама жыр. Менің тәнім –* ***қаланың қуыршағы****, Жаным болса дүбірлі далада жүр; Жатыр Бұқпа лайланып, жаны ышқынып,* ***Тас қаланың*** *табанын ағыс қылып..; Маған арман – даладағы дарқан күй, Маған арман – қырмызы қыр етегі...* ***Теңіз даланың*** *иірімі екен жалмауыз Сені де жұтқан, мені де жұтқан* ***сұм қала****»*. Соған қарамастан қаламгер парадоксалды қорытынды жасайды: «Сағынғанмен, аңсағанмен даланы, Қалай қиып, тастап кетем қаланы? Тас көшеде тайғанақтап табаным, Жүрегім де тасқа айналып барады». Ал бұл дегеніміз «даламыз да, қаламыз да «елес қуған ессіздердің»

мәдени-рухани кеңістігіне айналған мезетте ақындық рух арайлаған авторлық «МЕН»-нің пәлсапалық ой түйіндеулерін жасауының өзіндік өрнегі» [8, 12]. Сондықтан да бұл контраст концептілердің құрылымын қалыптастыру эволюциясы әлі де жалғасуда.

Сонымен, келтірілген мысалдардың өзінен ***дала*** сөзінің мынадай мағыналарда қолданылғаны байқалады: 1) кеңістік, 2) үйдің сырты, алды, 3) ауыл орналасқан жер, 4) адам мекендемейтін құла дүз, 5) туған жер, 6) сұлулық, 7) ұлылық, 8) батырлық, 9) халық, 10) даңқ, 11) дала перзенттері, 12) Абай, 13) ақын, 14) Махамбет, 15) әке, 16) шаңсыз ауа, таза қоныс, 18) мінез - ақ көңіл; 19) ауыл-ана; 20) жайлау, жайлаудағы жусан, бұлақ, сағым т.б. Бұл лексикалық бірліктердің әрқайсысының ассоциативтік өрістеріне кіретін басқа да сөздер контекст арқылы өзектеніп, тұтас дала концептісінің түрлі фреймдерін қамтиды.

Қазақ көркем мәтіндерінде «қала» концептісінің когнитивтік моделі былайша көрініс тапқан: 1. Қала – астана; 2. Қала – жат менталитет; 3. Қала – суық; 4. Қала – тас мекен; 5. Қала – қапас; 6. Қала – адамдар; 7. Қала – техника, сауда мекені; 8. Қала – сайқал әйел; 9. Қала – даңғаза; 10. Қала – асқақ; 11. Қала – ару; 12. Қала – гүл.

Байқалып отырғанындай, контраст концептілердің сыртқы құрылымы түрлі тілдік бірліктермен берілген, яғни олардың қатарында этнолексика (қоныс, жайлау, жерошақ, құлын-қала), дәстүрлі қолданыстар (Жаз жайлау, күзгі күзек, қысқы тебін, дулы нөпір, шулы аламан), троптар (Қала қалжың айтады, түрлі-түсті киімдердің көшкіні, қызыл көзін қылмыңдатып көшелер, Және адамдар өзіне-өзі тығылған, Және шамдар – жеңілтектеу құбылған, Сымтемірден қайыр сұрап қала тұр), трансформацияға түскен фразеологизмдер (сең соққан қала), соны метафоралар (қажып біткен қаланы, бетон табыт қала, тар қапас, тас қала, күмәнді қала), қарапайым лексика (даңғаза, жынды, сайқал, жәлеп, Дәтіңе дәретін сындырар қала тірлігі), жағымды-жағымсыз коннотациясы айқын сөздер кездеседі.

Қорыта айтқанда, поэзия мәтіндерінде «дала/қала» контраст концептісі ұлттың ментальді дүниесін ақындардың жеке тұлғалық әлем түйсінуімен қабыстыруы нәтижесінде объективтеніп, олардың сезімдік-көркем танымын көрсетеді, концептілер құрылымын кеңейтіп, мазмұнын байытады. Ал прозалық мәтіндерде аталған жұп концептінің вербалдануы өзгеше болатыны сөзсіз, бұл олардағы психологиялық (субъективті), географиялық (қала, ауыл, дала, табиғат), тұйықталған кеңістік (үй, бөлме, палата, көлік) психологиялық-концептуалды қызмет атқаратынымен байланысты. Сондай-ақ ән мәтіндері де аталған концептілердің құрылымына қатысты мол дерек беретіні айқын.

Пайдаланылған әдебиет

1 Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка // Русская словесность. Антология. – М., 1997.

2 Маслова В.А. Современные направления в лингвистике: учебное пособие / В.А. Маслова. – М.: Издательский центр «Академия», 2008. – 272 с.

3 Әмірбекова А. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М. Мақатаев поэзиясы бойынша): филол. ғыл. канд. ... дисс. авторефераты. – Алматы, 2006. - 26 б.

4 Қамзабекұлы Д., Омарұлы Б., Шәріп А. Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік. – Алматы: ARNA-B, 2013. – 192 б.

5 Еспенбетов А. С. Творческая биография Султанмахмута Торайгырова: автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора фллологическх наук. – Алма-Ата, 1993. – 46 б.

6 Аль-Фараби, А.Н. Трактат о взглядах жителей добродетельного города. Философские трактаты. - Алма-Ата: Гылым, 1970.

7 Қазақ тілінің сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк – Прес, 1999. – 774 б.

8 Әліәкбар Ә.Ә. Дауылапаз Дулеткерей / Кәпұлы Дәулеткерей. Бөрісырғақ. – Алматы: Хантәңірі, 2014. – 280 б.

Пайдаланылған көркем әдебиет
1 Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-т. - Алматы: Ғылым, 1993.
2 Мақатаев М. Соғады жүрек. – Алматы: Жазушы, 1982.
3 Жұмабаев М. Шығармалар. – Алматы: Білім, 1995.
4 http://alashainasy.kz/proza/nespbek-dautayulyi-aygyirks-58202/
5 Жақыпбаев Ж. Ләйла. – Алматы: Атамұра, 2002.
6 Бәдіғұл Н. Ойлан // Қазақ әдебиеті, 14.12.12, №51.
7 Салықбай Г. Аспандағы аңсарым. – Алматы: 2001.
8 Раушанов Е. Ғайша бибі. – Алматы: Жазушы, 1991.
9 Мырзалиев Қ. Көш. - Алматы, Жазушы, 1973.
10 Ақсұңқаруұлы С. Адам Ата – Хауа Ана. – Алматы: 2000.
11 Кәпұлы Дәулеткерей. Бөрісырғақ. – Алматы: Хантәңірі, 2014. – 280 б.
12 Нұрбай Р. Ар-Рух. – Алматы: Palitra-phess, 2014.
13 Сағынтай С. Жазу. – Астана, 2007.

Концепт «дала» - один из базовых концептов в казахской национальной концептосфере, он отражается в различных языковых единицах как национальное естество в мировоззрении писателя, прямое проявление его менталитета. Так как через концепт «дала» можно познать общенациональные ценности, в художественных текстах его часто используют в качестве контрастной пары к концепту «қала». Динамику изменений в национальном менталитете казахских поэтов, занимающихся творчеством в различные периоды, показывает этот очень важный для концептуально-содержательной информации художественного текста контрастный концепт.

The concept 'dala' is one of the basic concepts of the Kazakh National sphere of concepts. It is reflected in various language units as the national nature in a writer's worldview, direct manifestation of his mentality. Since through the concept "dala" it is possible to know the national values, it is often used in literary texts as a contrast to the concept pair "kala". The dynamics of changes in the national mentality of Kazakh poets creating their works in different periods, shows contrast concept which is very important for the conceptual and content information of a literary text.

ӘОЖ 811.512.122’373

К.С. Алдашева[1], А.С. Набидуллин[2]
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті[1]
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті[2]
Алматы, Қазақстан
kama_kz89@mail.ru, aibosha@mail.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖАҢА СӨЗДЕР – ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ БОЛМЫСТЫҢ КӨРІНІСІ

Қазіргі қазақ әдеби тілі лексикасының сипатты басты белгілерінің бірі – сөздік құрамның жаңа сөздермен, ғылым мен техника саласы бойынша қазақ тілінің өз мүмкіндіктері арқылы жасалған жаңа аталымдармен толығуы. Тіл жүйесі – әрбір ұлт тілінің ойды жеткізуге мүмкіндік жасайтын тәсілдері мен құралдарының жиынтығы. Ұлттың когнитвтік санасындағы өзгерістер, қоғамның саяси-әлеуметтік құрылымындағы жаңа сипаттар тіл жүйесіндегі жаңалықтардың пайда болуына алып келеді. Тілдің төл әлеуеті арқылы жасалып, қазіргі қазақ тілінің сөздік қорына еніп жатқан жаңа сөздердің

когнитивтік және кумулятивтік функциясы олардың ұлттық-мәдени болмысын тануға мүмкіндік береді.

Мақалада қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер ұлттық-мәдени болмыстың көрінісі ретінде талданады.

Кілт сөздер: жаңа сөз, ұлттық-мәдени болмыс, таным, когниция, лингвомәдениеттану, төл тілдің әлеуеті.

Тілдің кез келген бірлігінің пайда болуы және оның коммуникативтік актідегі көрінісі – когницияның репрезентациясы, ойсанадан өтіп барып ұсынылуы. Бұл ретте тіл стратегиясына байланысты қазақ тілінің өз әлеуеті арқылы жасалған жаңа сөздер мен ғылыми-техникалық терминдердің ұлт когнициясынан туындағанын айрықша атап өтеміз: өйткені олардың жасалуында сөзді ұсынушының (автордың) ұлттық ойлауға негізделген зияткерлік қабілеті, нақты ұғым үшін халық санасында қалыптасқан атаудың бір семантикалық компонентін ұғымдық сыйымдылық ретінде пайдалана білу қабілеті бар.

Бұл мәселелер тілдік білім құрылымының қалай жеткізілетінін, ақпаратты қайтадан қалай өңдеп беретінін зерделейтін когнитвиті лингвистика саласында қарастырылатыны белгілі. Осы саланың маңызды және көкейкесті болуының және оған ғылымдардың барлығының да дерлік назар аударып, қызығушылық танытуының басты себебі – адам мен қоғам және тіл мен қоғам арасындағы қарым-қатынастың тұтастай өзгеруінде. Өйткені адам, белгілі бір ұлттың өкілі «әлем образын» өзінің негізгі тілінің лексикалық-грамматикалық сипаттарымен жеткізе алады десек те, қоғам дамуындағы елеулі өзгерістер, жаһанануға бет бұру, тілдердің араласуының қарқынды дамуы адамдардың когнициясының өзгерулеріне әсер етіп отыр. Е.С. Кубрякованың пікірі бойынша когниция *(cognition)* термині «тану, танып білу, ойлау, сарапқа салып ойлау» дегенді білдіреді. Ғалымның өмір сүру, өз тіршілігін сақтап қалу үшін интеракция, қоршаған ортамен байланыс, қоршаған орта мен табиғатқа, қоғамға бейімделу нәтижесінде адамның когнициясында да өзгерістер болады деген көзқарасы өте әділетті [1, 81-84]. Сондықтан когниция ұғымын да, когнитивті лингвистиканың бағыттарын да этнотілдік, концептілік немесе мәдени тілдік нысаналар төңірегінде ғана қарастыру жеткіліксіз болады.

Осыған байланысты Ю. Карауловтың мына пікіріне назар аудартамыз: «...расширение идет в направлении от значения к знанию, и поэтому данный уровень, связанный с отражением действительности и знаменующий переход значения в знание, я называю когнитивным. Знание, оставаясь в основном объектом интереса разных дисциплин философского и психологического циклов, все в большей степени становится и лингвистическим объектом, именно в силу вербального, по преимуществу, своего воплощения и бытования, и мы можем говорить теперь о формировании, наряду с когнитивной психологией, также когнитивной лингвистики» [2, 5].

Когнитивті лингвистиканың барлық проблемалары *концепт, концептуалдау, категорияландыру* және *концепт-ая (концептосфера)* немесе *әлем бейнесі* деген категориялар арқылы талданатыны белгілі. Бұларға қатысты көптеген зерттеулер жарияланды, сонымен қатар тілді жүйе ретінде де, оның қолданысқа түскен кезінде де когницияға байланысты ерекшеліктер болатындығы туралы жаңа аспектілер байқалуда.

Аталған терминдерді қысқаша түрде нақтылай түссек, концепт жайында бірнеше көзқарастардың бар екендігін байқаймыз. Когнитивтік лингвистикамен тікелей айналысушылардың қатарында В.К. Карасиктің тұжырымы мәнді, ол «концепт – шартты түрдегі менталды бірлік» деп қарастырып, оның үш құрамдас бөлігін – ұғымдық, образды-ассоциациялық және құндылық белгілеріне тоқталады [3, 127]. Бірақ И.А. Стерниннің пікірінше, концепт туралы көп еңбек жарияланғанымен, «осы терминді анықтап түсінуде айырмашылықтар бар. Оны сөз мағынасымен теңестіретін түйіндер де кездеседі, логикалық категория ретінде, тіпті тілге қатысы жоқ идея ретінде дәлелдейтін пікірлер де бар» [4, 12]. Дегенмен көбірек мойындалған пікір бойынша концепт ұғымының «айнала қоршаған орта,

әлем жайындағы білімнің тіл құралдарымен жеткізілуі. Концептінің құрылымы арқылы нақты бір мәдениетке, нақты бір ұлттың ойлауына тән белгілер бейнеленеді. Ол белгілі бір ұлт пен мәдениет туралы ақпаратты сақтаушы болып табылады» [1, 90-92] дегенді білдіретіндігіне тоқталуға болады.

Сайып келгенде, соңғы жылдардағы зерттеулердің көпшілігінде Е.С. Кубрякованың басқаруымен жарияланған когнитивті терминдер сөздігіндегі анықтамалар басшылыққа алынады. Сондықтан біз де өз тарапымыздан *концептуалдау, категориялandыру* және *концепт-ая (концептосфера)* немесе *әлем бейнесі* деген терминдерге қатысты аталған сөздіктің тұжырымдарымен шектелетін боламыз. Сөздікті құрастырушылар когнитивті лингвистика аталымдарының барлығын дерлік жан-жақты зерттеген, оның үстіне кейбір мәселелер жөнінде логикалық, психолингвистикалық, математикалық түсініктерді пайдаланып барып анықтамалар жасалған.

Концепт-ая (концептосфера) түсінігі (орыс тіл білімінде бұл терминді алғаш ұсынған ғалым – академик Д.С. Лихачев) – сөз мағынасының семантикалық аясы дегеннен кеңірек ұғым, концепт-аяны құрайтын концептілер – ойлаудың нәтижесі, ойлау арқылы қалыптасқан түсініктердің ақпараттық базасы дегенді білдіреді. Жалпы алғанда, когнитивті лингвистика нысаналарының және осы салада қолданылатын әдіс-тәсілдердің қай-қайсысының да қазіргі жаңа сөздер мен жаңа қолданыстардың табиғатын анықтауда рөлі мен маңызы жоғары.

Бұл аталғандардан қазақ сөзінің лингвомәдени ерекшеліктері және бұны зерделейтін жаңа ғылым саласы – қазақ лингвовмәдениеттануының проблемалары туындайды.

Әлемнің тілдік бейнесінде ұғымдардың концептуалдануын лингвомәдени тұрғыдан зерттеудің жалпы теориялық және әдіснамалық негіздемелері фразеологизмдер табиғаты арқылы қарастырылатын зерттеулерден – В.Н. Телия, Ю.С. Степанов, Н.Д. Арутюнова, В.В. Воробьев, В.А. Маслова, А.Д. Костомаров, Н.И. Толстой және басқа да ғалымдардың еңбектерінен бастау алды. Ғылыми бағыттың атауының өзі айқындап тұрғанындай, лингвомәдениеттану бағытының пайда болуы – заңды құбылыс, бұл – тіл білімінде байырғыдан бері айтылып келе жатқан тіл мен мәдениеттің өзара қарым-қатысы, мәдениет пен тілдің өзара байланысы, бір-біріне ықпалы бар екендігі туралы пікірлердің логикалық жалғасы. А.Байтұрсынұлының «...қай халық та болса, табиғат бауырында болып, табиғат тауқыметінде тұрып, табиғат қабағына қарап өмір кешкен. ... табиғат ісіне өзгеше қарап, табиғат күшін өзгеше ұғып, бәріне өзгеше мағына берген» [5, 106] деп жазғаны, Қ. Жұбановтың «...бір елдің тіліндегі сөздерге сәйкес келетін екінші бір елдердің тілдеріндегі сөздер қашанда толық сәйкес болып отырған емес, үйткені елдердің тіршілік жолындағы, тарих заңымен келіп шыққан ұғымдағы айырмашылықтар... ол сөздер бір-біріне толық сәйкес келе бермейді» деген ойлары [6, 351], І. Кеңесбаевтың «Бағзы заманнан халқымызбен қоса жасап, атадан балаға мұра болып селбескен тіл қазынамыз – ел-жұртымыздың, мәдени сана, ой-парасат, ұғым-наным атаулысының тоғысар түйіні, сарқар арнасы есепті» [7, 110] деп көрсеткені – қазақ лингвомәдениеттануы бойынша алғашқы пікірлер. Қазіргі кезеңде қазақ лингвистикасында бұл мәселеге қатысты бірқатар көзқарастар айтылуда, атап айтқанда, Э. Сүлейменованы, Ж. Манкееваның, А. Алдашеваның, Ж. Уматованың, А. Исламның, Н. Аитованың, Ж. Исаеваның және т.б. зерттеулерінде тіл мен ұлттық-мәдени ерекшеліктің, мәдениет пен сөздің семантикасы арасындағы байланыстың мәселелері талқыланған және бұл еңбектердің бірқатары осы мәселе бойынша құнды негіздер бола алады.

Лингвомәдениеттанудың іргетасын қалаушылардың бірі – В.В. Воробьев бірнеше ерекшеліктерін атап өтеді: а) лингвомәдениетанудың негізгі нысанасы тілдік бірліктердің қолданысқа түскен кезіндегі мәдениетпен байланысы және олардың арасындағы өзара ықпалды белгілі бір жүйелі тұтастықта танып-білу; ә) лингвомәдениеттанудың пәні – тілдік коммуникация жүйесіндегі қоғам тұрмысының ұлттық формалары; б) лингвомәдениеттану жаңаша ойлауға, жаңа қоғам өміріне байланысты туындаған фактілер мен құбылыстарды, ақпаратты толық және объективті түрде танып-білуге бағдар жасайды; в) халық санасында қалыптасқан құндылықтарды – фактілер мен құбылыстарды, ақпаратты тілдің қалай

жеткізетіні, қазіргі мәдени ойлаудың қалыптасуына ықпал ететін ұғымдық қатарларды динамика түрінде және өзара диалектикалық қарым-қатынасты талдауды бағыт етеді [8]. Зерттеушінің осы көзқарастарынан анық байқалатыны – тіл мен мәдениеттің арасындағы байланыстың, өзара қарым-қатынастың бүгінгі қоғам мүшелерінің ойсанасында, тілді қолдануында қалай жүзеге асырылатындығының аса өзектілігі. Бұл тұжырым жаңа сөздер мен қазақ тілінің өз ресурсы арқылы жасалған ғылыми-техникалық терминдерді тіл мен мәдениеттің байланысының, олардың бір-біріне өзара ықпалының жемісі, нәтижесі ретінде синхронды аспектіде қарастыруға толыққанды негіздеме бола алады.

Төл тілдің өз ресурстарымен жасалған қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздердің, ғылыми-техникалық терминдердің семантикалық-грамматикалық құрылымында когнитивті және кумулятивтік функция сақталған. Оның бірнеше себебі бар: тәуелсіз мемлекет талабы мен тіл саясатына сәйкес туындаған жаңа аталымдардың қай-қайсысы да – қоғамның қазақтілді мүшелерінің ұлттық пайымдауына, ұлттық-мәдени когницияcына негізделіп барып жасалған жаңа сөздер, қандайда бір жаңа сөз болсын, оның ішкі құрылымы мен сыртқы пішінінде қазақтілді жеке тұлғаның ұлттық лингвомәдени ортаға қатыстылығы көрініп тұрады. Сонымен қатар әсіресе қазақ төл сөздерінің семантикалық дамуы, өзгеруі арқылы жасалған жаңа сөздер ұлт мәдениетінің белгілерін тасымалдаушы қызметін атқарады (*көзқаман, кәдесый, жәдігер, сауқат* типтес сөздердің этимологиясы мен семантикасы ұлттық рухани құндылықтарды жеткізе алады).

Жаңа сөзді зерттеу әдістері семасиология ғылымының аспектілерімен тағыз байланысты. Сөз мағынасы – сөздің сыртқы дыбыстық жиынтығы (яғни лексема) мен осы дыбыстық жиынтық атайтын заттар мен құбылыстардың арасындағы өзара сәйкестіктің адамның ойсанасында белгіленуі. Кей реттерде сөз мағынасы философиялық категория – түсінік ұғымымен де теңдестіріледі.

Семасиология ғылымы сөз мағынасының тура (номинативті), ауыспалы (туынды), уәждемелі, бейуәждемелі (немотивированное), еркін және идиомалы байлаулы мағыналарын ажыратады.

Зерттеу жұмысының нысанасы үшін сөздің атауыштық мағынасы, яғни сөздің номинативті және атауыштық қызметті иеленетін қосымша коннотативті мағыналары маңызды.

Қазіргі лингвистикада сонымен қатар сөз мағынасының анықталуы екі тұрғыдан: референциалды (referential) және функционалды (functional) тұрғыдан қарастырылады.

Референциалды мағына арқылы белгілі бір түсінік беріледі, сөйтіп, заттың, сапаның, құбылыстың, ұғымның объективті түрде бейнеленуі жүзеге асырылады; яғни мағына аталатын зат пен осы зат туралы түсініктің өзара байланысынан тұрады. Сөз мағынасына функционалдық тұрғыдан қарау сөздің қандай қызмет атқаратынына негізделеді.

Семасиология ғылымында сонымен қатар сөздің денотат және коннотат мағыналары жайында да айтылады.

Ақиқат шындықтағы, қоршаған ортадағы белгілі бір нысананың (объектінің) барлық қасиет-сапаларын, ішкі мазмұнын, қай салада нақты қолданылатынын дәл айқындап көрсете алатын сөздердің семантикасы денотат мағынаға ие. Дегенмен сөздердің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Әрбір жеке сөзде фонетикалық, морфологиялық, лексикологиялық, синтаксистік факторлар бір-бірімен ұштасады, сонымен қатар әрбір жеке сөзде әлеуметтік лингвистиканың, этнолингвистиканың, ұлттық мәденитанымның белгілері болады. Сөз логиканың, психологияның, философияның, семиотика мен ақпарат теориясының объектісі екендігі де мәлім. Демек, жаңа сөзді алғаш кездестіргенде әрбір жеке адамда өзінің ұлттық мәденитанымына, логикалық, психологиялық, философиялық ойлау-қабылдау-пайымдау өрісіне қарай нақты бір пікір қалыптасады. Әрбір жеке адамда сөз туралы соншалықты анық болмаса да, өзіндік тұжырым болады. Пайда болған, ұсынылған жаңа сөз жеке адамның қалыптасқан көзқарастары мен тұжырымдарына сәйкес келмеуі мүмкін.

Тілдегі әрбір сөз екіжақты нысан арқылы танылатыны белгілі. Оның бірі – сөздің сыртқы нысаны (әлемдік лингвистикадағы еңбектерде «план выражения» деп аталады) немесе лексема, екіншісі – сөздің ішкі нысаны (әлемдік лингвистикадағы еңбектерде «план содержания» деп аталады). Сөздің ішкі нысаны деген мәселеге келгенде, әртүрлі пікірлерді жинақтай отырып, Е.М.Верещагин мен В.Г.Костомаров бұл «лексикалық түсінік» деген ұғыммен бірдей деген қорытынды жасады [9, 14]. Демек, вербалды-семантикалық деңгей деген ұғым коммуникативтік актіде қолданылатын сөздің семантикасын, лексикалық мағынасын білуді меңзейді. Бірақ лингвомәдени құзыретті, одан әрі тілдік тұлға дәрежесін таныту үшін сөздің семантикасын аңғару жеткіліксіз. Өйткені әрбір сөздің тұтас семантикасының өзі семантикалық компоненттерге бөлінеді (кейбір еңбектерде семантикалық көбейткіш, семантикалық үлес деген атаулар да қолданылады). Н.И.Толстой, Е.М.Верещагин және В.Г.Костомаровтың пікірлері анық, олар сөздің ішкі нысанын семема терминімен атап, көптеген семантикалық компоненттерден тұратындығын белгілеген [9, 25]. Семантикалық компонент дербес сапаға, басқа да лексикалық түсініктерді бере алу қабілетіне ие. Әрине, төл тілдің иесі нақты бір сөздің лексикалық мағынасындағы семантикалық компоненттерді ажырата алады. Тілдің төл иесіне нақты бір мағынасын анықтап беру туралы өтініш жасалғанда, ол міндетті түрде семантикалық компоненттердің бірін көрсетеді.

Семема құрамындағы семантикалық компоненттер лексикалық түсініктің құрамына енеді де, заттың, құбылыстың, ұғымның жіктемелік белгілерін танып-білуге мүмкіндік жасайды.

Қазақ тілінде *сый* сөзінің негізгі денотат мағынасы – *«ерекше көрсетілген құрмет, зор қошемет»* [10, 450]. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде осы денотат мағынаның төңірегінде *сыйлық, сыбаға, тарту, үлес, ілтипат, құрмет, беделі арту, қадірі өсу* тәрізді бірқатар коннотат мағыналар және *сыйлық, сый-қошемет, сый-құрмет, сый аяқ, сыйластық, сыйлас, сыйлағандық, сый-сауқат, сый-сыбаға, сый-сияпат* сияқты тілдік құрылымдар қамтылған. Соңғы жылдары қолданысқа түскен *сыйақы, кәдесый, тосынсый* неологизмдері осы сөздің денотат мағынасына және семантикалық компоненттерінің мағынасына негізделіп жасалған. Оларды күрделі сөздің екінші сыңарының мағынасы да айқындай түседі: *кәде* сөзінің *әдет / дәстүр / жөн-жора, салт* мағыналарының [11, 518] қай-қайсысының да ішкі семантикасы *сый* сөзінің *сый-қошемет* семантикасымен ұштасып, қазақша балама ретінде ұсынылған атаудың ұғымдық сыйымдылығын толық жеткізе алады.

Бірақ басқа тілдердегі белгілі бір ұғым, зат, құбылыс атауының семемалық сипаты да, оның құрамындағы семантикалық компоненттер де екінші тілде осы ұғымды беруге жеткіліксіз болуы мүмкін. Сондықтан лингвистика және лингводидактика салаларында тіларалық балама деп аталатын термин орныққан. Бұл мәселе көптеген еңбектерде таратылып айтылады, дәлелдеу мақсатында бірнеше мысал келтіреміз.

Басқа елдің мәдениеті бойынша *жар-птица – ертегіде кездесетін, сәуле шашатын қанаты адамды таңғалдыратын құс* [12]. Қазақ мәдениетіне тән емес осы атауды беруде қазақ тілінде сөздің семантикалық компонентінің мағынасы алынып, *жалын-құс* атауы жасалған және сөздіктерге енгізілген. Бұл сөздің мағынасының түсінікті болуына семантикалық-құрылымдық калька тәсілі барынша жол ашады.

Оңтүстік Америкадағы үнділердің мәдениетіне қатысты болып табылатын және басқа елдердің де мәдени-тұрмыстық тіршілігіне кең тараған *мокасины* сөзі қазақ тілі сөздіктерінде екі нұсқада – бейімдеу және түсіндіру жолдарымен көрсетілген (*мокасин* және *мәсі секілді аяқкиім*).

Күнделікті тұрмыстық, мәдени-тұрмыстық атаулардың қазақша баламаларын нормаландыру мен қалыптандыруда осындай амал-жолдар – лексикалық түсінікті эксплицитті түрде анықтап жеткізу – тиімді болып саналады.

Сонымен қатар әсіресе көркем әдебиет жанрларында басқа халықтардың мәдени ерекшеліктерін танытатын жекелеген сөздердің қазақша баламасын жасау (ұсынып, байқап көру әрекеті) бар. Бұл ретте фондық семантикалық компонентті негіз ету арқылы орныққан,

нормаланған шетел сөздерінің қазақы нұсқасын ұсыну әрекеті бой көрсетіп қалатынын айтуға болады. Лексикалық фон немесе фондық білім ішкі тілдік, реляциялық семантиканы таныта алмайды, ол – тілден тыс заттар мен құбылыстардың ақиқат шындыққа байланысын танып білу ғана. Төмендегі мысалдарда *торт* сөзі үшін *балкүлше* баламасы қолданылған:

Бәріміз өте ыждағатты бейнеде ***балкүлшені*** *есікке таман апардық, жатақтасым есікті ашып кіріп келді де, аңырып, бірталайға дейін не болып жатқанын білмей тұрып қалды.*

Шынымды айтсам, бағана ***балкүлшені*** *есікке жақындатып, оның келуін күткен сол сәтте ғана маған мұның бөлек мәні бардай сезілді* (Қазақ әдебиеті, 2014, 26 қыркүйек).

Көрсетілген типтес жаңа сөздің (жаңа қолданыстың) көрініс беруіне көркем әдебиет саласының жанрлық-стильдік ерекшеліктері «жеңілдіктер» жасайды. «Көркем мәтіннің кестелі тілінің коммуникативтік қызметі оның адамдарға оның ерекше танымдық аксиологиялық мәнінде» [13]. Алайда бұл сөз нормалану және қалыптану дәрежесіндегі сөздердің қатарына ене алмайды. Шет тілінен енген сөз *(торт)* – мәдениетаралық термин атауы деңгейіндегі, қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамында нормаланған атау. Қазақша баламаның құрамындағы *«тәтті» (бал)* семантикалық компонентіне ілескен *«күлше»* сөзі лексикографиялық еңбекте *«этн.»* белгісі қойылмағанымен, *«қоламтаға көміп пісіретін дөңгелекше нан»* [14, 302] деген анықтамасы арқылы оны ұлттық реалий атауларының қатарына жатқызуға болады.

Сөздің сыртқы пішіні мен оның ішкі нысанының арасында тығыз байланыс бар деп есептеуге болмайды. Лексема аталғанда, оның мағынасын бірден түсіну барлық уақытта да мүмкін болмайды: жеке адамға нақты бір сөз таныс (бұрын бірнеше рет визуалды түрде көрген немесе естіген), бірақ ол оның қандай ұғымды атайтынын білмейді. Немесе керісінше жағдай болады: тиісінше ұғымды жеке адам танып біледі, яғни ұғымның мағынасы, түсінігі оның санасында актуалданады, алайда ол үшін осы ұғымның өз тіліндегі атауы беймәлім. Бұл жайт қазіргі кезеңде әсіресе ғылым мен техника атауларының ұлт тіліндегі атауларын коммуникативтік актіде қолдануда жиі байқалады. Бұның саяси-әлеуметтік тұрғыдағы себептері анық: біріншіден, соңғы 25 жылға дейін қазақ тілінің қолданылу аясы шектеулі болғандықтан, қазақтілді қоғам мүшелерінің санасында және қолданыста өзге тілден енген атаулар әбден орныққан, екіншіден, жаңа сөздер мен жаңа терминдерді орнықтыру мен тіл қолданысына активті түрде енгізу жолдары жетілдірілмеген.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Краткий словарь когнитивных терминов. Под общей редакцией Е.С. Кубряковой. – М.: Филол. ф-т МГУ им. М. В. Ломоносова, 1997. – 245 с.

2 Караулов Ю.Н. Русская языковая личность и задачи её изучения. // Язык и личность. – М., 1989. – С.3-8.

3 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. Волглград: Перемена, 2002. – 477 с.

4 Попова З.Д., Стернин И.А. Очерки по когнитивной лингвистике. – Воронеж: 2001. — 189 с.

5 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.

6 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: «Ғылым», 1999. – 581 б.

7 Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер/ Исследования по казахскому языкознанию. – Алматы: Ғылым, 1987. – 352 б.

8 Воробьев В.В. Лингвокультурология: учебное пособие. – М.: Издательство РУДН, 2006.

9 Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Лингвострановедческая теория слова. – М.: Русский язык, 1980. – 320 с.

10 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Т.8: П-Т / ред. А. Ы. Ысқақов. – Алматы: Ғылым, 1985. – 591 б.

11 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Т.4: Ж-К / ред. А. Ы. Ысқақов. – Алматы: Ғылым, 1979. – 672 б.
12 ru.wikipedia.org/wiki
13 Манкеева Ж. Тілдің адамтанымдық үрдісі. Қазақ әдебиеті. №22 (3238).//http://writers.kz/journals/?ID=10&NUM=41&CURENT=&ARTICLE=1715
14 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Т.5: К-Қ / ред. А. Ы. Ысқақов. – Алматы: Ғылым, 1980. – 640 б.

Основной особенностью, которая характеризует современное состояние лексики казахского литературного языка, является пополнение словарного состава лексическими инновациями, новыми научно-техническими терминами, созданные на основе использования внутренних ресурсов языка. Внутренний русурс (сментический потенциал; план выражения) каждой лексической единицы казахского языка включает в себе когнитивную и кумулятивную базу самого народа и позволяет познать национально-культурную природу каждого слова.

В статье анализируются лексические инновации и новые термины, созданные путем использования внутренних ресурсов языка и сохраняющие в себе национально-культурную и когнитивную характеристику этноса.

One of the main characteristic of the vocabulary of modern Kazakh literary language - creation of new words, new words in the field of science and technology through the new features in the Kazakh language. Language is a system of national language ideas, means, methods and instruments. Changes in the nation's cognitive consciousness, in political and social structure of society will lead to the emergence of a new features in a dialog system of a language. the Kazakh language originated by the potential of its national culture, develops its vocabulary and new words cognitive function and allows the recognition of their national and cultural identity.

In the article the Kazakh new words are analyzed as a manifestation of national and cultural existence.

ӘОЖ 801.81 (5қаз.)

Р.С. Амренова
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
Көкшетау, Қазақстан
amrenova07@mail.ru

ФОЛЬКЛОР МӘТІНДЕРІНІҢ ЛИНГВОМЕНТАЛЬДІ КЕҢІСТІГІ

Мақалада қазақ ертегілері көне дәуірлердегі әлем бейнесінде адамның табиғат объектілерін өзімен біртұтастықта түйсінгені туралы таным-білімді өз бойында қамтыған тілдік дерек ретінде қарастырылады. Қазақ халқы көптеген халықтар сияқты даналығын, дүниетанымдық көзқарасын, салт-дәстүрін ертегілер тілінде түйіндеген, сол себепті олар тұтас "әлемнің тілдік бейнесі" ретінде сипатталады. Өткенді зерттеу арқылы тарихи сананы қалыптастырып, ойдың тұтастық желісін қалыптастыруға болатындығы жайлы ой қозғалады. Фольклор материалдары негізінде концептілерді зерделеу концептіде этностың құндылықтары көрініс тауып, этностың кез келген тарихи кезеңдегі, дәуірдегі дүниетанымдық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беретіндігі зерделенеді. Қазақ халқының ұлттық ойлауын толық сипаттау үшін ертегілер әлемінің тілдік бейнесіне назар аударылып, қазақ халық ертегілерін зерделеу арқылы ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан құндылықтар мен архетиптерді когнитивтік лингвистика тұрғысынан зерттеудің маңызы жайлы айтылады.

Кілт сөздер: ғаламның тілдік бейнесі, концепт, адамның моделі, тіл иеленушінің әлем бейнесі, лингвомәдени қауым, когнитивтік әлем.

Әр халық тарихтың қайталанбас жаратылысы болғандықтан, оның бет-бейнесі де, рухани бітімі де өзгеше болып келетіні белгілі. Ұлттық мәдениеттің дүниежүзілік мәдениет кеңістігіне енудегі өте күрделі міндетті жүзеге асырудың анықтауышы төлтумалығын сақтап қалу болып табылады. Ұлттық мәдениет адамды осы мәдениетке тән құндылықтар арқылы тәрбиелей алады әрі тәрбиелеуі тиіс. Ұлттық мәдениет өзінің ерекше құндылықтарымен құнды, өйткені бұл құндылықтар дүниені және бұл дүниедегі болмыстың мәнін көрудің тағы бір тәсілі болып табылады. Мәдениеттің құндылығы – оның әрбір дәуірде даму деңгейі және әрбір нақты уақыт кезеңі қоғамның рухани күйін бейнелейтіндігінде. Әр халықтың басынан кешкен тарихы, бүкіл рухани, мәдени байлығы, болмысы, дүниетанымы, өмір тіршілігіне, күнделікті тұрмысына қажет бұйымдары, әдет-ғұрпы, салт-санасы, талғамы, т.б. сол тілде сөйлеуші ортада қалыптасып, тілінде сақталады. Демек, сөз заттың тура таңбасы емес, дүниенің тікелей бейнесі емес, ол – біздің санамызда тілдік шығармашылық үдеріс нәтижесінде туған бейне, "ұлт пен тіл біртұтас" деген қағидаға сүйенген "ғаламның тілдік бейнесі".

Н.Ю. Шведова ұсынған әлемнің тілдік бейнесі жіктемесінде әлем бейнесі "адамның айналасында" әрі "адам үшін" деген ұстаным негізінде құрылады. Адамның өзі, оның қызметі – адамның өмір сүруі, оның тәні мен рухы, генетикалық тұрғыдан немесе тіршілік жасау үдерісінде пайда болған оның түрлері, іс-әрекеті, еңбегінің түрлі нәтижелері, оны қоршаған орта, оның тіршілік ету аясы – кеңістік пен уақыт, жанды және жансыз табиғат, адам қалыптастырған мифтер әлемі, адам жасаған қоғам және оны қоршаған орта" [1, 3-16].

Қазақ ертегілері – көне дәуірлердегі әлем бейнесінде адамның табиғат объектілерін өзімен біртұтастықта түйсінгені туралы таным-білімді өз бойында қамтыған тілдік дерек. Қазақ ауыз әдебиетін, оның ішінде қазақ аңыз, ертегілері қазақ өмірінің айнасы деуге болады. Қазақ халқы көптеген халықтар сияқты даналығын, дүниетанымдық көзқарасын, салт-дәстүрін ертегілер тілінде түйіндеген. Сол себепті оларды тұтас "әлемнің тілдік бейнесі" ретінде сипаттауға болады. Ұлттың этнос ретіндегі ерекшеліктерін тіл мен халықтың көзқарасы арқылы зерделеуге болады. Өйткені ауызша дамыған мәдениет қазақ халқының жан-жақты дамыған көркем мәдениеті болып табылады Өткенді зерттеу арқылы тарихи сананы қалыптастырып, ойдың тұтастық желісін қалыптастыру мүмкіндігі туады. Халық тарихынан тысқары, халықтың өмір салтынан оқшау ұлттық мәдениеттің болуы мүмкін емес. Яғни фольклор материалдары негізінде концептілерді зерделеу концептіде этностың құндылықтары көрініс тауып, этностың кез келген тарихи кезеңдегі, дәуірдегі дүниетанымдық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында фольклор материалдарын ұлттық ойлау жүйесінің рухани көзі ретінде қарастыруға болатындығы анықталып отыр. Қазақ аңыз, әңгімелері мен ертегілерінде дүниенің жаратылысы, адам, өмір туралы көне түсініктер сақталған, сондықтан оларды этностың ментальді құрылымының дереккөзі деп білеміз. Ғасырлар бойы дамыған мәдениет адаммен үздіксіз байланыста болып, халықтың жиған-терген руханилығы адамның жадында, көкейінде, санасында, тіпті бейсанасында орын алып, өле-өлгенше сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған. Ауызша мәдениет халықтың рухани байлығын ғасырдан-ғасырға жеткізіп, санада қалыптастырып, жадыда сақтауға ықпал еткен. Яғни қазақ халқының ұлттық ойлауын толық сипаттау үшін ертегілер әлемінің тілдік бейнесіне назар аударған жөн. Қазақ халық ертегілерін зерделеу арқылы ғасырлар бойы ұрпақтан-ұқпаққа беріліп келе жатқан құндылықтар мен архетиптерді когнитивтік лингвистика тұрғысынан зерттеудің маңызы зор. Аңыз, әңгімелерді осы тұрғыдан зерделеу барысында түйгеніміз: аңыз, ертегілердің ең басты тақырыбы адам, адамның өмірі, оның қиындықты жеңіп мұратына жетуі, жақсылықтың зұлымдықты жеңуі болып табылады. Өмір – адам үшін ең басты құндылық, өмір – табиғаттың сыйы, тіршілік негізі, халық оны бағалап, адамгершілік мәнге толтыра білу қажет деп білген. Көне заманнан қазіргі уақытқа дейін сақталып келген рухани мәдени құндылық –

адамның рөлін жоғары түсіну. Адамдар арасындағы қарым-қатынасқа үлкен мән беру, сөзге тоқтау, отбасын, елін, жерін қорғау, ата-ананы сыйлау, әйелді құрметтеу сияқты дәстүрлі құндылық ұрпақтар бірлігі мен жалғастығын жүзеге асырады, этностың сақталуы мен дамуына жетелейді. Қазақ халқының психологиялық мәдениетіне "ұрпақтардың жанжалдасуы" тән емес, бұл – рухани құндылықтар отбасы, ру, этнос мүшелері арасындағы қатынастар үйлесімділігінің басым болуының белгісі. Халық этикалық білімдер жүйесін жасап, мораль туралы түсініктерін ауыз әдебиеті арқылы жеткізген. Моральдік қағидалар ғасырлар тереңінен тамыр алады. Халық санасында көпғасырлық мұраттар негізінде қайырымдылық пен зұлымдық, махаббат пен жеккөру, игілік пен опасыздық ұғымдары қалыптасқан. Ғасырлар тереңінен бастау алатын дәстүрлі мораль, норма аса үлкен мәнге ие. Моральдік қағидалар қоғам өмірінде аса зор рөл атқарады. Сондықтан адамгершілік мақсатқа жету – абыройлы тіршілік, ортақ нормаларды сақтаудың нәтижесі.

Көне дәуірлерден бастап қазірге дейін тілдің кумулятивтік қызметі арқасында ұрпақтан- ұрпаққа рухани-тарихи мұра болып жалғасып келе жатқан қазақ ертегілері қазақ ұлтының этникалық тұтастығында, адамдардың (халықтың) өзін этникалық сәйкестендіруінде маңызды орын алады. Өйткені кез келген тілдік тұлғаның я халықтың ұлттық сәйкестігі оның түп тамырынан – тарихының терең қойнауларынан бастау алатынын ескерсек, қазақтың бүгінгі өмір салты мен көне ертегілердегі халықтың өмір салты арасындағы тамырластықты табуға әбден болады. Этникалық сәйкестікте ұлт үшін өзінің тарихи эволюциясында қандай-да бір негізді немесе ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан көзге көрінбес жіпті сақтап қалуы маңызды болып табылады. Осы тұрғыдан жалпы қазақи ұлттық негізді іздестіретін болсақ, әрине, қазақ ертегілері және онда көрініс тапқан сөз тіркестері, реалийлер, сондай-ақ халық тұрмыс-тіршілігінде орын алған салт-дәстүрлер туралы тілдік деректер т.б. этникалық тілдік сәйкестіліктің басты қайнар көзі болатыны сөзсіз.

Қазақ халқының 180 ертегі, аңыз-әңгімесін қарастыру барысында статистикалық әдіс қолданылып, қазақ халқының дүниетаным әлемін сипаттауға мүмкіндік беретін ментальді таңбаланған концептілер ретінде анықталған концептілер жүйеленіп, сипатталды.

Н.Ф. Алефиренконың пікірінше, когнитивтік құрылымдар нақты тарихи сипаттамаға ие болады, яғни қалыптасқан, өзгермейтін бірлік ретінде емес, үдеріс ретінде интерпретацияланады. Осыған байланысты кез келген концепт қалыптасып, қызмет ететін дәуірдің тарихи-мәдени және әлеуметтік кодын танып, қарастыру қажеттігі туындайды.

Фольклор мәтіндерінің лингвоментальді кеңістігінде кездесетін адам туралы концептілер және ертегілердің тілдік әлемі когнитивтік құрылымдарда антропоцентристік идеяның бар екендігіне дәлел. Демек, антропоцентристік идея тілдің мазмұны, адам мен тілдің түрлі байланысын анықтауға бағытталған қазіргі лингвистикалық зерттеулердің негізгі мақсаты болып табылады. Осыған орай зерттеуімізде ертегі, аңыз, әңгімелерді зерделеу барысында анықталған маңызды концептілердің бірі ретінде "Адам" концептілер аясы қарастырылды.

Адамның моделі немесе бейнесі оның интеллектуалды қабілеттері мен қасиеттерін сипаттау негізінде құрылады. Мысалы, фольклор мәтіндері, фразеологиялық бірліктерді талдау негізінде қазақ этносының моделін құрып сипаттауға болатындығы анықталды. Адам бейнесі (адам моделі) қандай қасиеттері, ерекше бірліктері, онтологиялық қасиеттері қарастырылуына байланысты дифференциалды түрде зерттеледі. Адам бейнесі немесе адамның тілдік концептуалды моделі түрлі тілдік материал негізінде конструкциялануы мүмкін.

Лингвомәдени қауымның, я этностың, жеке тіл иеленушінің әлем бейнесі немесе ондағы белгілі бір объекті тұрғысындағы таным-білімін, тәжірибесін көрсететін өзара байланысты бірнеше концептілердің жиынтығы" негізінде анықталатын *Адам* концептілері аясы қазақ ертегілерінде қазақ халқының әлем туралы көне уақыттардағы танымы мен білім-тәжірибесін аңғартатын түрлі концептілердің өзара байланысында құралады. Қазақ ертегілерін адамға орталықтанған парадигмаға енетін когнитивтік лингвистика қағидаларына

сәйкес концептуалдық талдау тұрғысынан қарастырғанда, *Адам* туралы, нақты айтқанда, ертегінің бас кейіпкері болып табылатын *Адамның* жаратылуы, өсіп-жетілуі, болмысы тұрғысындағы халықтың білімі мен танымының қазіргі ғылыми танымға негізделген бейнеден өзгешеленетінін байқауға болады.

Адам – аса күрделі жаратылыс. Адамды әлемдегі қандай да болсын құбылыстар бейжай қалдырмаған. Адам санасы тек өзін танумен шектелмей, өз ғұмыры мен тіршілігіне, болмысына тән құбылыстарды зерттеп, өзгертуге тырысқан.

"Адамның ойлау әрекеті мен жинақтаған тәжірибесі арқылы оның когнитивтік әлемі анықталады. Әлем бейнесі ұжымдық санамен, көзқараспен, ұжымдық философиямен байланысты болады да, когнитивтік модель арқылы айқындалады. Сөзде заттың өзі белгіленбейді, аталмайды, зат туралы адамның санасында бейнеленген түсінік, қандай да бір концепт аталады [2, 5-81]. Яғни зат туралы адамның санасында бейнеленген түсінік ретінде концепт беріледі.

Қазақ халқының *Адам* жаратылысы, болмысы туралы көне дәуірлердегі таным-түсінігінің жиынтығы бір ғана ертегінің аясында емес, бірнеше ертегінің аясында, сондай-ақ жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінің ауқымында ғана емес, бірнеше ертегілердегі тілдік бірліктердің өзара жүйелі сабақтастығының, семантика-логикалық байланысының негізінде анықталып отыр. Бұл жерде әлем объектілерінің көне дәуірлердегі халық санасындағы бейнесін және тілдік бейнесін қарастырғанда, басшылыққа алынатын әдіс-тәсілдерді екшелеп алу маңызды. Бұл орайда, әрине, концептуалдық талдауға ерекше орын беріледі.

"Денотативтік, коннотативтік және сигнификативтік мағыналардың жүзеге асырылуын анықтап, сөздің семантикалық құрылымын ашуға бағытталатын семантикалық талдаудан бір таңба астында табыла алатын жалпы концептілерді іздестіріп, таңба болмысын белгілі когнитивтік құрылым тұрғысынан анықтауымен ерекшеленетін концептуалдық талдау әлем туралы таным мен білімді талдауға, түсіндіруге бағытталады" [3, 85].

Зерттеу нысаны концепт болып табылатын концептуалдық талдаудың басты мақсаты – әлем объектісіндегі таным мен білім, түсініктердің түрлі дәуірлерде немесе бір кезеңдердегі түзілу, құрылу жолдарын бақылау. Ал жалпы когнитивтік лингвистикада концептуалдық талдаудың әртүрлі формалары көрсетіледі. Мысалы, әдеттегі нақты лексика сыртында тұрған концептілер мен пайымдауларды қарастыру, сондай-ақ дәуірдің тірек сөздері мен ұғымдарын зерттеу арқылы да жүзеге асыруға болады. Концептуалдық талдаудың негізін салушы А. Вежбицкаяның айтуынша, фреймдік семантика әдісіне сүйене отырып, сол немесе басқа сөздер тобы сыртында қандай білім құрылымы тұрғанын да анықтауға болады [4].

Ал Е.В. Кларк нәрселер мен құбылыстарды категориялауда қолданылатын сөз-классификаторларға талдау жүргізуді ұсынады [5].

Осы орайда отандық ғалым Э.Д. Сүлейменованың пікірі өзгеше болып табылады: "Жекелеген сөздер немесе анықталған лексика-семантикалық топтар семантикасының әр алуандығына қарамастан, бұлардың барлығы әлем бейнесінің тек үзінділері, жұғындылары. Әлем бейнесі – бұл танымдық когнитивтік феномен, ол жекелеген сөздердің мағыналарынан, я олардың мағыналық жиынтығынан құралмайды. Әлем бейнесі, сондай-ақ бөлініп алынған ірі тілдік бірліктерде де тұтас көріне алмайды. Әлем бейнесі глобалды мәтіндерде, қоғам тарапынан туындайтын және қоғам тарапынан туған барлық мәтіндердің жиынтығында көрініс береді. Әлем бейнесі ұғымы өз мағынасында тұтастық, бүтіндік сипатты қамтиды, сондықтан ол тілде адамдардың ұзаққа созылған қарым-қатынасы актісі ретінде тек мәтіндер түрінде жүзеге асырылуы мүмкін" [6, 90].

Шындығында, бір-екі қазақ ертегісінің мазмұнында, я ондағы сөздер мен сөз тіркестері, я ондағы антропонимдер семантикасына талдау жасау арқылы халықтың көне дәуірлердегі әлем туралы таным-түсінігін сипаттау мүмкін емес, бір бүтін тұтастық ретіндегі әлемнің объектілерінің өзі түрлі сипаттар мен бөлшектерден тұратын бүтінді құрайды.

Адам түйсінуімен қабылданып, оның санасында бейнелеген әлем бейнесі (концептуалдық) өзінің материалданған формасы – әлемнің тілдік бейнесіне қарағанда анағұрлым күрделілігімен танылады, өйткені тіл барлық кезде толықтай әрі жан жақты адам

түйсінуіндегі әлемнің концептуалдық бейнесін тұтастай жеткізе алмайды. Мұны өз кезегінде халқымыздың философ ақыны Абайдың айтқан мына сөздерінен де аңғаруға болады: "*Көңілді, көрікті ой ауыздан шыққанда, өңі қашады"* [7, 192].

Сондықтан түп негізі жеке, сондай-ақ қоғамдық сана болып табылатын әлем бейнесінің бір ғана тілде сөйлейтін лингвомәдени қауымдағы адамдардың әлеуметтік ортасына, алған білімі мен тәрбиесіне, жасы мен жынысына қарай әртүрлі болуы мүмкін, әрі ол әркелкілік барлық кезде тілде көрініс бере бермейді. Осыған орай әлем бейнесі – концептуалдық бейнеге белгілі бір дәрежеде абстрактылық, идеалдық сипат тән.

Адамның жаратылуы туралы көне дәуірлердегі таным-білімі дәл қазіргідей бір ғана ғылыми сипатта берілмейді. Әлем объектілеріне орай қазақ халқының білім-танымы, басқаша айтқанда, ұлттық әлем бейнесі үнемі қозғалыс-өзгеріс үстінде дамып-жетіліп отырғанын да тілдік деректер көрсетеді. Мысалы, халықтың көне дәуірлердегі әлем бейнесінде жылдамдықтың өлшемін анықтауда табиғат – меже. Қазақ ертегілеріндегі кейіпкерлердің бірі Желаяқ антропонимінің семантикасы тез жүгіретін жүйрік, ұшқыр адам деп анықталады. Бұл орайда, жүйріктіктің, ұшқырлықтың өлшеміне *жел* алынып, жүйрік адам аяғының қозғалысы желмен салыстырылған. Ертегілерде жүйріктіктің межесі болып табылатын желді уәж ету нәтижесінде Желаяқ туралы мынандай мәліметтер беріледі: *"Ашық алаңда бір адам киіктерді қуып ұстап жүр екен. Аяғына байлаған қазандай екі тасы бар. Бұл Желаяқ деген жүйрік екен. Аяғына тас байламаса, екпінімен тоқтай алмайды екен"* ("Тотан батыр" ертегісі).

Алынған үзіндіде не себепті табиғат құбылысы – Желдің, ұшқырлықтың, жүйріктіктің межесі болып табылатынына уәж келтірілген. Ол уәж астыртын салыстырулар арқылы жүзеге асырылған: табиғаттағы тез жүгіретін, жаяу адамға ұстатпайтын киіктерді ұстап алу, екі аяғына қазандай екі тас байлап қою – *Желдің* киіктен де тездігін, қозғалыста тоқтамсыздығын көрсетеді. Жалпы әлемді немесе оның объектілерін танып-білуде адам қолданатын танымдық тәсілдердің ең бастысы – салыстыру. Өйткені Адам қандай да бір жаңа құбылысты танып-білуде оны өзіне таныс ескі құбылыстарымен салыстыратыны мәлім.

Ал адамның ең жоғары көру қабілетінің шектеу деңгейі "Желкілдек" ертегісінде "*Әскер басы Телегей деген алып күншілік жерден байқайды екен"* дегенде *күншілік жер* алынса, "Ертөстік" ертегісінде көру қабілетіне шектеу қойылмайды, яғни жердің асты-үсті түгелдей оның назарында: *"Жер астының қырағысымын. Төстік, сенің не күйге ұшырағаныңның бәрін көріп отырмын. Бар өнерім қырағылық, жердің асты-үстінде менің көзімнен қағыс жер жоқ, қандай нәрсе болса да, анықтап қарасам, бәрін де көремін"*. Кейінгі ертегіде ең жоғары көру қабілетіне шектеу болмайтынына айғақ – жердің асты-үсті ғана емес, қалтарыс-қағыс жерлер де енеді.

Қазақ ертегілерінен алынған бұл тілдік деректер Адам танымының өз тіршілік-тынысымен, әлемнің сол адам я этносы қоршаған ортадағы объектілерге байланысты қалыптасатынын көрсетеді.

Қазақ халық ертегілерінде көп жағдайда, адамның өзін табиғатпен тұтастықта түсінетін танымы адамның белгілі бір жануар кейпінде немесе, керісінше, аң мен жан-жануарлар адам кейпінде беріліп отыруынан көреміз. Мұндай бейнелер антропоморфыланған, зооморфыланған бейнелер деп аталады. Антропоморфыланған кейіпкерлер: *Ай мен Күн, Шалқұйрық* ("Ер Төстік" ертегісі), үй хайуанаттары ("Үй хайуанаттарының жыл басына таласуы" ертегісі), т.б. Зооморфыланған кейіпкерлер: *Жалмауыз, Жезтырнақ, Бапы хан*, т.б.

"Тілде сақталып, жинақталатын, жиынтығы мәдениет типін құрайтын нақты бір мәдениет үшін негізгі болып саналатын мағыналар, құндылық доминанттары концептіде күрделі ментальді бірлік ретінде анықталады" [8, 5].

Сонымен, концептілердің символдық жүйесі халықтың дәстүрлі дүниетанымының негізгі танымдық кодтарының бірі болып табылады. Концептіде тек қана жеке адамның білім жиынтығы емес жалпы тілдік ұжымның, лингвистикалық қоғамдастықтың ғаламды тану арқылы ғасырлар бойы жинақталған білім жүйесі сақталған. "Концепт – дүниені, әлемді, ақиқат болмысты адам миында (санасында) бейнелейтін когнитивтік бірлік. Ол тілдік

ұжымның дүниені танып-білуінен жасалады... Концепт арқылы халықтың, ұлттың дүниетанымын, ой-өрісін, білімін анықтауға болады" [9, 19-20].

Мифонимдерде сақталған, сол мифонимдерге қатысты мифтік аңыз, әңгімелерде жинақталған әлемді танып білуге деген өте көне архаикалық көзқарас, мифтік таным ғаламның мифонимиялық бейнесін реконструкциялауға, сипаттауға мүмкіндік береді.

Миф – байырғы адамдардың күнделікті тұрмысы мен өмір тәжірибесінен туған таным-түсінігі, өмір салты, ішкі сезім-түйсігінің нәтижесінде қалыптасқан ойлау жүйесі.

Тілдің когнитивтік кеңістігінде тілдік формалар арқылы адам туралы ментальді түсінік беріледі. Адам – әлемнің бір бөлшегі, ал адамның сол тұтас әлемде бағдар жасауы, өзін қоршаған әлем объектілерін тануы тұрғысындағы тәжірибесі, білімі түрлі дәуірлер, кезеңдер бойында дамып, динамикалық сипатқа ие болғанын тілдік деректерден іздестіріп табуға болатынына көз жеткізуге болады.

Әдебиеттер тізімі

1 Шведова Н.Ю. Теоретические результаты, полученные в работе над "Русским семантическим словарем" // ВЯ. – 1992. – ¹1. – С. 3-16.

2 Колшанский Г.В. Некоторые вопросы семантики языка в гносеологическом аспекте // Принципы и методы семантических исследований. – М.: "Наука", 1976. – С. 5-81.

3 Кубрякова Е.С. Об одном фрагменте концептуального анализа слова. Память // Логический анализ языка. Культурные концепты. – Москва: "Наука", 1991.

4 Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – Москва. Русские словари, 1996. – 416 с.

5 Кларк Е.В. Универсальные категории: о семантике слов-классификаторов и значениях первых слов, усваиваемых детьми // Психолингвистика. – М., 1984.

6 Сулейменова Э.Д. Знание языка: "языковая картина мира" // Казахский и русский языки: основы контрастивной лингвистики. – 2-е изд. – Алматы: "Демеу", 1996. – 90 с.

7 Абай Құнанбаев. Шығармалар. Екі томдық. II том. – Алматы: "Жазушы", 1968. – 250 б.

8 Темиргазина З.К. Антропологическая лингвистика и культурная антропология в современной системе гуманитарных знаний // Тіл әлемі. Мир языка. – Алматы: "Нұр-Принт", 2005. – С. 40-44.

9 Қалиұлы Б. – 2008, Б.19-20].

В статье говорится о том, что материалы фольклора дают возможность определить лингвоментальное пространство казахского народа. Говорится о том, концептуальный анализ способствует выявлению языковой картины мира, национального своеобразия этноса. На основе материала казахских сказок рассматривается языковая картина мира казахских сказок с точки зрения когнитивной лингвистики.

In the article it is said that the materials of folklore give the chance to define lingvomental space of the Kazakh people. It is said that the conceptual analysis promotes identification of a language picture of the world, a national originality of ethnos. On the basis of material of the Kazakh fairy tales the language picture of the world of the Kazakh fairy tales from the point of view of cognitive linguistics is considered.

ӘОЖ 378.1.147(5қ)
А-91

Б.К. Аубакирова, Ж.Т. Қадыров
Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
Көкшетау, Қазақстан
a.b.k_1967mail.ru

ТЕЛЕХАБАРЛАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТІЛ МӘДЕНИЕТІ

Мақалада көгілдір экрандағы телерепортаждар мен жаңалықтар топтамасында тілдің бұзылып барып жұмсалуының белең алады. Осындай келеңсіздіктерге жол бермеу мәселесі баяндалады. Сонымен қатар тілшінің немесе арнаулы репортаж жасаушы тележурналистің тілі жазылған мәтінге сүйенетін диктор тілі мен тілдің «кәсіби емес» типтерінің аралығынан көрініс табатын ақпарат орын алған. Оқиға дәл сол мезетте берілетіндіктен, тілші тілі көп жағдайда алдын ала дайындалмайтындығы көрініс табады. Мұндайда сөйлеушінің жеке тілдік бейнесі маңызды орын алады. Осыған орай репортаж тілі көп жағдайда ауызша әдеби сөйлеу тілінің бір түрі ретінде арнайы қарастырылмайды. Репортаж тілші-сұхбат беруші қатынасында диалогқа құрылатыны туралы баяндалады.

Ауызекі сөйлеу тілінің үлгілері және жергілікті тіл ерекшеліктері көрініс табатындығы мысалдармен дәлелденеді.

Түйін сөздер: теория, негіз, көгілдір экран,тележүргізуші,ақпараттық, көрермен, ағартушылық, насихаттық, тіл, қағида,насихат, логика, прагматика, тілдік норма, сөз, нормалары, коммуникативті, интонация, ауызекі сөйлеу, үлгі, жергілікті, тіл ерекшеліктері, көрініс, мысалдар.

Он тоғызыншы ғасырдың орта шенінде әлемнің ұлы математиктерінің бірі Вильям Гамельтон «есептен қорытқан жорамал шамасы» «квартернион» деген атпен тарихқа енді. Алайда, жаңалықтың жолы қашанда ауыр болатыны белгілі. Сондықтан В.Гамельтонның «екі символы» 1867 жылы ғана, Кэмбридж университетінің профессоры Д.Максвеллдің осыған негізделген «екі теңдеуінен» кейін «электр тогы мен магнит күші арасындағы қатынас», бүгінгі «электр және магнтизм» теориясының негізін қалады. Содан басталған 150 жылдық тарих қойнауында «көгілдір экран» деген атпен өмірге енген теледидар әлем халқының күнделікті көзі мен құлағына айналды. Телевизиялық жұқпалы дерт бүкіл әлемді тегіс жаулап алды. Бұл – бұлтартпас шындық. Қалың қатпарлы тарихы бар теледидар бүгінде шартарапты түгелдей жайлап, әлемдегі көрермені ең көп ақпарат құралына айналды. Оның себебі, әлемнің кез келген қиыр шетіндегі оқиға сол сәтте, сол сағатта, сол күні жалпақ дүниеге тарап, Жер тұрғындарын құлағдар етті. Қазіргі таңдағы ақпарат беру әдісі бұрынғы әдістен тым алшақ, мүлдем жаңаша сипатқа ие болып отыр. Бұл қазіргі заманғы ақпараттық уақыт кеңістігінің еркін әрі батыл, әрі көз ілеспес шапшаңдықпен билеп алуына байланысты. Сол тұрғыдан алғанда, барлық бұқаралық ақпарат құралдарымен салыстырғанда, теледидардың бірінші кезекке шығатыны ақиқат. Сол ақиқатты орамды тілмен жеткізу тележүргізушілердің еншісінде [1, 29].

Теледидар - тек хабар таратушы құрал ғана емес, ағартушылық, насихаттық та құрал. Зерттеуші Құдайберген Тұрсын теледидар әсерлілігіне мынадай анықтама береді: «Теледидар әсерлілігі өзіне 3 негізгі бағытты қамтитын, әлеуметтік ақпарат тұжырымдамасын жүзеге асырады: Ағартушылық /білім жөнінде негізгі ақпарат болып табылатын хабарламаны таратады/; Танымдық /логикалық және прагматикалық ақпарат негізінде алынған өзіндік білім туралы ұғымды қалыптастырады/; болжаулық /болашаққа баға беріп, ол туралы ұғымды қалыптастырып, ол туралы деректі таратады/; ұлттық мәселе төңірегіндегі өткір проблемаларда қоғамды топтастыруға қызмет етеді [2, 42].

«Айтылған сөз атылған оқпен тең» деген халықтық нақыл уақытқа тәуелді құбылыс, тікелей эфирдегі жұмыс процесінің ең негізгі ережесі деуге әбден болады. Тікелей эфир кезіндегі мәтінді өңдеуге, қандай да бір қатені түзеуге ешқандай мүмкіндік жоқ. Тікелей эфирдегі әрбір әрекет жеке-жеке және тұтастай алғанда уақытқа тәуелді. Сондықтан да секундтар аясындағы сөйленген сөздің салмағы нысанаға алынуы шарт. Тікелей эфирдегі уақытты табысты өткізу – айрықша қабілеттіктің, тамаша тапқырлықтың, кәсіби шеберліктің нәтижесі, уақыт аясындағы журналистиканың шарықтау шегі. Тікелей эфир қамтыған аудиторияның аумағы да, жүргізуші-журналист сөйлеген сөздің салмағы да уақыт таразысымен өлшенеді. Демек, тікелей эфир – уақытқа тәуелді құбылыс.

Бүгінгі Қазақстандағы қазіргі қазақ тілі және оның сипаты телехабарлар тілінен көрінеді. Телехабарлар – қазақ өмірінің айнасы, қазақ тілінің даму дәрежесінің көрсеткіші. Ал телехабарлар тілі дегеніміз – көпшілік көрермен қауымға бағытталған ауызша әдеби сөйлеу тілі. Қоғамның жан-жақты дамуымен бірге тілдің сөздік қоры мен құрамы да арта түсуде. Бұл ретте бұқаралық ақпарат құралдарының, соның ішінде телехабарлардың тілдік үдерістерге әсері зор екендігін атап өту керек. Ал оның эмоционалдық және ментальдық ықпалы одан әрі күшейіп отыр. Осыған орай бұқаралық ақпарат құралдары бүгінгі қоғамдық сананы қалыптастыруға қабілетті және ол керісінше болуы да мүмкін. Бұл тележурналист тілінің көтерер жүгі зор екендігін көрсетеді. Сол себепті ауызша әдеби сөйлеу тілінің сипаты және әдеби тілдің жалпы теориясы толық зерттеліп болды деп айтуға болмайды.

Экран алдында сөйлеуді бүгінгідей дәрежеге жеткізу үшін, талай талант өз еңбегін сіңірді. Соның нәтижесінде ақпарат кеңістігінде ресми сипаттағы жаңалықтар мен сараптамалық бағдарламаларды қамтитын телеарналардың қазақ тілді журналистері бүгінде өз көрерменін тапты. Себебі көгілдір экраннан сөз сөйлейтін тележүргізушілер мен арнаулы репортаж жасаушы тележурналистерді бүгінгі көрермен мұқият тыңдайтын болды. Экрандағы адамды, профессор Г.В. Кузнецов айтқандай, «егер оның сөзі қағазбен тұншықтырылмаса, жаттанды болмаса, ол сенің көз алдында туындап отырса, сөйтіп, сенің өзіңді ойлануға итермелейтін болса ғана тыңдай аласың» [3, 130]. Бүгінгі таңда бұл қағида жүзеге асты. Телеарналардың қазақ тілді журналистері қазақ тілінде еркін, телехабарлар тілінің ерекшелігіне сәйкес жылдам, қысқа әрі нұсқа сөйлейді

Дикторларды жинау, талдау, саралау, іріктеу сияқты сатылардан өткізіп барып көпшілікке ұсынатын хабары көпшілік қауымға арналған ауызша әдеби сөйлеу тілі деңгейінде қалады. Соның бірі «Хабар» арнасында да белес алған.

Қазіргі кезде «Хабар» арнасының қорытынды жаңалықтарында мынадай сөйлем үлгілері көп кездеседі. «Басқа әріптестеріне қарағанда бізде көбірек жұмыс істеген ол республиканың ішкі өмірімен, қазақстандықтардың тыныс-тіршілігімен жақсы таныс». Осындай күрделі сөйлем үлгілері бүгінгі телехабарлар тіліне тән ерекшелік ретінде қабылданып, ауызша сөйлеу үлгісі тұрғысынан өрескел қате жіберілмегенмен, әдетте мұндай сөйлемдер құрамындағы сөйлем мүшелерінің орын тәртібі бойынша «Ол басқа әріптестеріне қарағанда бізде көбірек жұмыс істегендіктен, республиканың ішкі өмірімен, қазақстандықтардың тыныс-тіршілігімен жақсы таныс» түрінде сабақтас құрмалас сөйлем ретінде құрылып айтылады [4, 18].

Қорытынды жаңалықтардың негізгі қызметі хабарлау, орын алған оқиға туралы ақпарат беру болғандықтан, онда кездесетін сөйлем үлгілері де құрылысы жағынан соған сәйкес ерекшеленеді. Мысалы, «Ол туралы «Руханият» партиясының төрайымы Алтыншаш Жағанова баяндап берді». «Кездесу барысында екі елдің ынтымақтастығы әжептәуір қарқында дамып жатқаны айтылды». «Еліміздегі демократиялық өзгерістерді талқылаудың тиімді органына айналған комиссия бірнеше бағытта үлкен шаруалар атқарғанын айта кету керек». «Айта кету керек, осыдан бір апта бұрын ядролық қауіпсіздік саласындағы Қазақстанның ерен еңбегін АҚШ-тың Президенті Джордж Буш та мойындаған еді». «Сарапшылардың айтуы бойынша, біздің қоғамымызда ашық та әділетті сайлау өткізуге жағдай жасалған». «Министрдің айтуынша, биылға жоспарлаған заң жобаларының 94%-ы жасалып біткен». Демек, болған оқиғаны хабарлауда және оның кім тарапынан айтылғанын

білдіру үшін, журналистер өз тілінде қыстырма сөздерді немесе баяндауыштың алуан түрлі формаларын қолданады [4, 33].

Тілшінің немесе арнаулы репортаж жасаушы тележурналистің тілі жазылған мәтінге сүйенетін диктор тілі мен тілдің «кәсіби емес» типтерінің аралығынан көрініс табады. Ақпарат орын алған оқиға үстінде берілетіндіктен, тілші тілі көп жағдайда алдын ала дайындалмайды. Мұндайда сөйлеушінің жеке тілдік бейнесі маңызды орын алады. Осыған орай репортаж тілі көп жағдайда ауызша әдеби сөйлеу тілінің бір түрі ретінде арнайы қарастырылмайды. Репортаж тілші-сұхбат беруші қатынасында диалогқа құрылады. Мұндайда ауызекі сөйлеу тілінің үлгілері және жергілікті тіл ерекшеліктері көрініс табады. Мәселен, «Бұйыртса, додаға түсуге бел буып отырғандардың армансыз жұмыс істеуіне мүмкіндік бар» деген сөйлемді (додаға түсу бақыты бұйырып отырғандардың бел буып, армансыз жұмыс істеуіне мүмкіндік бар немесе жай ғана додаға түсуге бел буып отырғандардың армансыз жұмыс істеуіне мүмкіндік бар деп айтуға да болады). «Әлемдік державалардың бәсекесінен АҚШ-тың да тыс қалғысы жоқ» дегенді (Әлемдік державалардың бәсекесінен АҚШ-тың да тыс қалғысы келмейді немесе АҚШ-та тыс қалмақ емес деудің орнына) [4, 38].

Репортаж тілінде басқа тілден енген сөздер де ұшырасады. Мысалы: «*...он тонна консервы*, бес жүз отыз екі орындық *палаткалар* бар, оған *одеяло*, *простыня*, барлық *принадлежность матрацтарымен* бірге (*...он тонна қалбырдағы тағам,* бес жүз отыз екі орындық *шатырлар* бар, *көрпе, ақ жайма, матрац сияқты төсек-орын жабдықтары бар* деудің орнына).

«Табанда сұхбат алынатын жұмысшылар мен қызметкерлердің аузына әр кез сауатты, жатық, көркем тіл түсе бермесі анық. Демек, бұл ерекшеліктерді ескермей, телеарна тілінің әр сүрінгенін аңдысақ, жаға жыртысу болып шығады» [4, 55]. «Дегенмен «нені, несі, нетіп, жаңағы, яки, мысалы, иә, сонымен, ал енді, тағы» тәрізді бұралқы сөздерді жиі қолданатын кісілер бара-бара сөз ауруына шалдығатынын байқамай қалады» Мысалы, «Бірақ бізде, *енді,* ашық айтуға болады, сөз бостандығы Қазақстанда бар. *Енді* кейбір жағдайлар болады, *мына, мына* билікке кейбір газеттердің *несі,* тақырыптары, материалдары ұнамайды. *Енді,* мен өзім ойлаймын, олай жазуға болмайды, бірақ басқа газет арқылы дискуссияға, солай пікірталасқа түсуге болады» (*бірақ бізде, ашық айтуға болады, сөз бостандығы Қазақстанда бар. Енді кейбір жағдайлар болады, мына билікке кейбір газеттердің тақырыптары, материалдары ұнамайды. Мен өзім ойлаймын, олай жазуға болмайды, бірақ басқа газет арқылы дискуссияға, солай пікірталасқа түсуге болады* деудің орнына) [4, 63].

«Хабар» арнасының ресми сипаттағы қорытынды жаңалықтары ауызша сөйлеу тілінің тамаша үлгісі болғандықтан, ондағы хабарды жүргізуші дикторлар мен арнаулы репортаж жасаушы тілшілердің орынды сөз қолданысымен бірге оны көрерменге ауызша сөйлеу тілінде жеткізудің интонациялық ерекшеліктеріне егжей-тегжейлі тоқталу телехабарлар тіліне қатысты мәселелерді жан-жақты зерттеуге септігін тигізеді. Сонымен қатар «Хабар» телеарнасынан берілетін қорытынды жаңалықтардың спутниктік байланыс арқылы шет елдерде, Қытай мен Ресейде және т.б. жерлерде көрсетілетінін ескерсек, онда ауызша сөйлеу тілінің интонациялық ерекшеліктерін түбегейлі қарастырудың маңызы зор екені түсінікті болып отыр. Олай дейтініміз, бейтаныс тілдің сөзін түсінбегенмен, интонемасын аңғарған адам оның интонациясының, әуенінің ерекшеліктерін байқай алады, сол арқылы тілдің әдемілігіне баға береді. «Интонацияның орны – қандай тілдің болсын құрылымының нағыз өзегінде, оны аңғармау, оның маңызын дұрыс түсінбеу – тілдің жалпы табиғатын түсінбеумен барабар», – дейді белгілі француз ғалымы Б. Мальмберг [4, 75]. Жазуда шартты түрде үтір, нүктелі үтір, қос нүкте, сызықша, сұрақ белгісі, леп белгісі және сол сияқты басқа да тыныс белгілерімен берілетін мағына ауызша сөйлеу тілінде сөйлеушінің дауыс интонациясы арқылы жандандырылады және оның логикалық екпін, пауза (кідіріс), темп (қарқын), сөйлеудің негізгі тоны, мелодика (әуен), ритм (ырғақ), интенсивтілік, просодикалық тембр тәрізді интонациялық компоненттерінің көмегімен құбылып отырады. Олар ауызша сөйлеу тілін анағұрлым мәнерлі, сазды етіп, әсемдейді және соның нәтижесінде

тыңдаушылар мен көрермендерге әсер ету күшін үстемелей түседі. Мысалы: *Қазақ елінің мерейін үстем еткен Маратқа қандай мақтау айтсақ та жарасады! Жарайсың, Мәзімбаев! Алар асуың әлі де биік болғай!* Мұндағы эмоциялық мағыналы сөздер ең көтеріңкі тонмен, максималды интенсивтілікпен созылыңқы айтылып, сөйлемнің бірінші мағыналық өзегі болып табылады да, екінші мағыналық өзегі сөйлемнің соңында орналасады.

Туған тіліміз теледидардан табиғи, жұмсақ, түсінікті оқылса дейміз. Өйткені көгілдір экрандағы телерепортаждар мен жаңалықтар топтамасында тіл бұзылып барады. Мәтін сөйлемдері құлаққа қатқыл естіледі. Қағазда басылған әріптердей етіп айнытпай оқуға тырыспау керек. Үндестік заңына қарай бағыт алған дұрыс. Сонда бәрі де табиғи сипатқа ие болмақ еді. Телехабарлардың шығармашылық қызметкерлері мен дикторлары сөзді дұрыс ырғақпен, үйлесіммен, үндесіммен дыбыстай алмайтын жайттар жиі кездесіп отырады. Ауызша тіл нормасының бұзылуы, бір жағынан, ана тілінен қол үзіп барып, онымен қайта табысқан шақта етек алса, екіншіден, тілдің фонетикалық және фонологиялық сипатын ескермеуден туындайды. Фонетика үшін сөздің жазылуы емес, айтылуы, естілуі маңызды екендігіне дау жоқ. Әдеби тілдің ауызша нормаларынан жөнсіз ауытқулар ең алдымен сөз қалай жазылса, солай дыбыстаудан, жазу жүйесі мен ауызша сөз жүйесінің өздеріне тән ерекшеліктеріне мән бермеуден, яғни тілдік білімнің жетіспеушілігінен туындап жатады. Бір ізге түскен арнаулы ережелер және орфоэпиялық сөздіктер сөздік қор мен құрамдағы сөздердің жазылуы мен айтылуының арасындағы айырмашылықтарды айқындап, сөздердің ауызша дыбысталу нормасын көрсетіп, оларды жөнге салып отырады. Өйткені көпшілік алдында сөз нормалары мен тұрмыстық қатынастағы сөйлеу тіліне тән дыбыстау нормаларын араластырмай, қалыпты межеден жөнсіз ауытқымай, сауатты сөйлей білу де тілдік қарым-қатынас үшін аса маңызды. Мысалы, «*Сондықтан құрылыс жұмыстарының барлық түрінде қолданылатын ұсақ тастарға сұраныс көп»* деген сөйлем *«Сондықтан құрұлыс жұмұстарының барлық түрүнде қолданылатын ұсақ тастарға сұраныс көп»* деп оқылады. Себебі қазақ тілінің ерін үндестігі бойынша еріндік дауысты дыбыстан кейін еріндік дыбыс айтылады. Берілген мысалдан көріп отырғанымыздай, сөз қалай жазылса, дәл солай дыбысталып оқылатын жайттар да бар екен (мәселен, «*сондықтан», «барлық», «қолданылатын», «ұсақ», «тастарға», «сұраныс», «көп»* сөздері). Бірақ мұндағы қазақ тілінің ерекшелігі болып табылатын *қ, ұ, ө,* сол сияқты ә, қ, ғ, і, ұ, ү, h, ң дыбыстарын қазақыландырып айтқан жөн. Құрамында жоғарыда аталған дыбыс түрлері бар сөздерден қазақы иіс аңқып тұруы керек, нақтырақ айтқанда, «ә» дыбысынан қазақ халқының жан сұлулығы мен ашықтығы, «қ» дыбысынан қайраттылығы мен қонақжайлығы, «і» дыбысынан ізеттілік қасиеті, «ұ» дыбысынан ұлылығы, «h» дыбысынан қаһармандығы, «ң» әсем үнділігі тәрізді қазақ халқының менталитетіне тән қасиеттер көрініс табуы тиіс. Болашақта журналистер және көпшілік алдына шығып сөз сөйлейтін адамдар ауызша сөйлеу тілінің орфоэпиялық нормаларын сақтаса, онда нұр үстіне нұр болар еді [5, 81].

Тележурналист ақпаратты жеткізуде қазақ тілінің сөздік қорындағы сөздерді стильдік тұрғыдан орынды қолданып, тіл заңдылықтарын сақтауды естен шығармай, орфоэпия ережелеріне сүйене отырып тіл қатса, онда ол, біріншіден, өзінің эфир алдындағы міндетін орындайды. Екіншіден, бұдан тележурналистердің өзін, өз халқын және қазақ тілін сыйлайтындығы, құрмет тұтатындығы байқалады. Себебі сөз зергері Ғабит Мүсірепов айтқандай, «Тілді қадірлеу дұрыс сөйлеуден басталады. Адам мәдениетінің алғы шарты – дұрыс сөйлей білу. Түсіне білгенге сөйлей білген де өнер». Үшіншіден, сан мыңдаған адамдардың тілін дамытады, дұрыс сөйлей білуге дағдыландырады, қоғам мүшелерінің тіл байлығын, сөз саптауын, сөйлеу нақышын екшейді, іріктейді. Қазақ тілінде жүргізілетін үздік телехабарлар арқылы біз өзімізді ғана емес, өзге ұлтты, халықты да ана тілімізде сөйлетуіміз керек. Бұл үлкен достық пен берік байланыстың кепілі және еліміздің «бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясын» жеделдетуге өз септігін тигізеді. Сондықтан тележурналист айтар сөздің көтерер жүгі зор.

Тележурналист үнемі ізденіс үстінде жүруі керек. Өйткені телехабарлар тілінде журналистердің ұқыпсыздығынан сөздік қордағы сөздерді қолдануда кейбір стильдік

қателер, диалект сөздер мен былапыт, қоқырсық сөздер және ақпараттың мазмұнын бұлыңғыр ететін шұбалаңқы сөйлемдер кездеседі. Бұның себебін кейбіреулер бүгінгі тележүргізушілерге «Әй дейтін әженің, қой дейтін қожаның жоқтығымен» түсіндіреді. Біздің түсінігімізше, телевизия құрылымында, ең алдымен, тележүргізуші өз сөзіне өзі жауап бере аларлықтай дәрежеде болуы керек. Ол үшін болашақ журналист мектепте оқып жүргенде сапалы білім алып, оны университет қабырғасында одан әрі дамытуы және өзі ізденуі тиіс. Осылайша журналист халықтың сирек қолданылатын сөзін теріп алып, ұмытылып бара жатқандарын құлпыртып өмірге әкелетіндей деңгейге жетуі қажет. Микрофон алдында оқылатын сөйлемдердің бұрыстығы, сөз қолданудағы стильдік қателер бәрінен бұрын, көрерменнің, әсіресе қазақ тілін үйреніп жүргендердің сауатсыздануына әкеледі. Себебі қазақ тілін терең зерттеп жүрген мамандардан басқа қарапайым халыққа телехабарларда сөйленетін сөздердің бәрі мінсіз көрініп, олар сөз, сөйлемнің сол үлгілерін қате күйінде естерінде сақтап қалады. Сөйтіп, елімізде жалпыхалықтық сауатсыздық белең алады.

«Хабар» арнасының қорытынды жаңалықтары еліміздің барлық аймақтарында көрсетілетіндіктен, онда жергілікті тіл ерекшеліктері қолданылмағаны дұрыс. Өйткені оңтүстік аймақта қолданылатын диалект сөздерді солтүстік аймақтың адамдары түсінбейді. Сондықтан телехабарлар тілі жалпы халыққа түсінікті қазақ әдеби тілінде жүргізілуі тиіс [6, 5].

«Хабар» арнасындағы қорытынды жаңалықтардың тілінің бүгінгі жай-күйі жаман емес. Ондағы қазақ тілді журналистер өз көрерменін тапты. Олар өздерінің салиқалы да салмақты сөздерімен көпшілік көрермен қауымды баурап алды. Көптеген журналистер сөз қолданудың өзіндік стиліне ие. Бірақ кемшіліктер мүлдем жоқ деп айтуға болмайды. Ол үшін тележурналистер өздеріне қойылған талаптарды үнемі есте сақтап, орындап жүрулері керек. Олар күнделікті өмірде тіліміздің қалай дамып бара жатқанын, қандай сөздермен байып, көркею үстінде екенін, әр сөзді айтар оймен астастырып құру керектігін ұмытып кетпей, эфир уақыты заңдылығына сәйкес, қалыптасқан сөздік қор, терминология, орфография-орфоэпия ережелері мен грамматикалық-фонетикалық заңдылықтарды сақтап, әдеби тіл нормасында тіл қатуға міндетті. Сонда ғана телехабарлар тілі сөйлеу мәдениетінің жоғары деңгейлі сапалық көрсеткішіне ие болып, болашағы зор болатындығына күмән келтірмейміз [7, 93].

Филология ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА-ның корреспандент-мүшесі Шерубай Құрманбайұлы «Тіл мәдениеті тілді қолдану, жазу, сөйлеу мәдениетімен тығыз байланысты, тіл мәдениеті дегеніміз – коммуникативтік қарым-қатынас кезінде тілдік тәсілдерді дұрыс ұйымдастырып, белгілі бір тәртіппен жүйелі қолдану, тіл мәдениеті тілдік норманың 3 түрін қамтиды, атап айтсақ тілдік норма, сөз нормалары, коммуникативті норма» дейді.

Сөздерді дұрыс айту, сөздерді сұрыптап талғаммен қолдану, сөйлеу мәдениетіндегі заңдылықтарды сақтау және т.б. өзекті жайттар туралы терең ой айтады.

Күнделікті басылымдарда, әсіресе радио-теледидарларда жиі ұшырасатын кемшіліктердің бірі – сөз мағынасына мән бермеу. Әсіресе, журналистер сөз қолданыстарында сөздің тура мағынасы мен ауыспалы мағынасы мен мағыналық реңктерді біле бермейтіндігі қатты қынжылтады. Шындығын айту керек, теле-радио жүргізушілер мағыналық реңктерді мүлде ажырата алмайды. осында болып отыр. Егер бұл кемшілікке дер кезінде тосқауыл қоймасақ, терминологиялық Мә*селе,* нормативтік-лингвистикалық негіздерге елеулі түрде нұқсан келетін болады. Жасыратыны жоқ, қазір журналистер қате жібермеуге тосқауыл болатын қажетті әдебиеттерді, сөздіктерді мүлде оқымайды. Осыдан барып тіл мәдениеті бұзылады, – деді Ш.Құрманбайұлы [8, 11]. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтсақ, қазақ тілінің бүгінгі және келешектегі тағдыры баршамыздың қолымызда. Бұл мәселеге бейтарап қарауға болмайды. Орнымен қолданылған сөз, тіл заңдылығына бағынған сөйлем, дұрыс айтылған ой – бәрі - бәрі тіл тазалығы мен тіл мәдениетінің сақталуына әсер етеді. Тіл – халқымыздың басты қазынасы, аса жоғары құндылығы. «Жүйелі

сөз – жүйесін табар» деп ата-бабамыз бекерден-бекер айтпаған. Тіл мен сөздің жүйесі бұзылмасын десек, біз ел болып, қоғам болып осы мәселеге бір кісідей атсалысуымыз керек.

Әдебиеттер тізімі

1 Масғұтов Совет «Көгілдір экран-өмір айнасы» (1976 ж.)

2 Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы, 2004ж.

3 Момынова Б. Газет лексикасы (жүйесі мен құрылымы). –Алматы: «Арыс», 2003.- 228 бет.

4 Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 304б.

5 Жазушы және сөз мәдениеті. – Алматы: Ғылым, 1983. – 152б.

6 Әмір Р. Қазақ лингвистикасы және лингводидактика мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 287б.

7 Қисымов С. Бұқаралық ақпарат құралдары – тілдік жүйені қалыптастырудың маңызды факторы. Жинақ (Мемлекеттік тіл: терминология іс қағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі). – Астана, 1999. – 464 бет.

8 Ауыпбаев Ә. Ж. Хабарды жүргізген – Ләзиза Аймашева. // Егемен Қазақстан, 2001, 26 қыркүйек, 12 бет.

В данной статье говорится о несоблюдении литературных норм языка тележурналистами. В большинстве случаев с экранов телевизоров мы слышим непрофессиональную, предварительно не подготовленную речь. Корреспонденты и дикторы используют в своей речи лексические единицы, ограниченные в употреблении. Имеют место примеры использования диалектных выражений, просторечий, жаргонизмов, что недопустимо для речи журналистов.

Teleporting in the article refers to methods of correction of linguistic norms that permitted about the conduct of broadcasters and journalists. Due to the popularity of the use of non-normative saying and words in speech. On the screen the tape, where with speech in the article and spending of blue and television, which sets out the matter to prevent such in the collection is gaining popularity. Special report of reporter or speaker and language language language and also refer to the manufacturer's telejournalist text contained in "unprofessional" reflects developments over aralynn types of information, as in the case of pre-diindolemethane language, journalist. it is important that the private language speaker's way.

ӘӨЖ 800.6.61-56 (5Қ)

А.Б. Бекимова, Б. Шалабай
Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
Көкшетау, Қазақстан
balfb@inbox.ru, bshalabai@mail.ru

ФУНКЦИОНАЛДЫ СИНТАКСИСТІҢ НЕГІЗГІ БІРЛІГІ – СӨЙЛЕНІМ

Бұл мақалада қазақ тіл білімінің жаңа қырларының бірі функционалды синтаксис, оның негізгі бірлігі – сөйленім туралы сөз етіледі. Сөйленімнің зерттелу тарихына шолу жасалынып, функционалды еңбектерге талдау жасалынды. Сөйленімнің функционалды синтаксис саласындағы алатын орны, өзіндік жасалу ерекшеліктері анықталды. Сөйленімнің ең басты ерекшелігі – сөйлеу актісінде пайда болатындығында. Сондықтан сөйленім ұғымының маңызын ашу мен оның түрлерін анықтау, маңызды құбылыс ретінде тану оның маңызды сипатын айқындауда басты міндет ретінде алынады.

Тірек сөздер: функционалды грамматика, функционалды синтаксис, сөйленім, айтылыс, айтылым, сөйлем.

Тіл білімі дамуының жаңа кезеңінде функционалды грамматика, мәтін лингвистикасы сынды жаңа бағыттармен бірге тілге көптеген ұғымдар мен атаулар енді. Қазақ тіл біліміндегі күрделі де жаңа саланың бірі – функционалды синтаксис саласы. Функционалды синтаксисте қарастырылатын мәселенің бірі – сөйленім. Алғаш рет сөйленім терминімен аталатын ұғым XX ғасырдың екінші жартысынан басқа тілдер грамматикасында сөз болып, тіл фактілерімен дәлелденіп талдана бастаса, қазақ тіл білімінде әлі де әр түрлі пікірлер тудырып келе жатыр. Сөйленім деп атағанымызбен, қазақ тіл білімінде бұл терминге күні бүгінге дейін берілген бірізді атау жоқ. Орыс тіл білімінде «высказывание» деп аталатын ұғымға сәйкесінше «айтылыс», «айтылым», «сөйленім», «сөйленіс» сияқты баламалар беріліп жүр.

«Сөйленімге» берілген анықтамалардың лингвистикада сан алуан түрлері кездеседі. Сөйленім термині тіл білімінде әр түрлі қолданысқа ие. Ең алдымен сөйленім термині тіл бірлігі, кейде сөйлеу бірлігі деп те қолданылады. Шындығында, бұл терминнің мағынасы өте терең әрі аса маңызды, сондықтан оның мәнін нақтылап түсіндіріп алуды қажет етеді. Қазақ тілінің функционалды синтаксисін зерттеуде орыс тіл білімінің үлгілік жолы болғандығын жоққа шығаруға болмайды деп есептейміз. Өйткені сөйленім туралы пікірлерде орыс тілі синтаксисі мамандарының пікірлерінің ізі жатқандығы белгілі. Сол себепті, ең алдымен, сөйленім туралы орыс тілі синтаксисі концепцияларын көктей шолып өткен артық болмайды, тіпті қажет. Сөйленім ұғымының негізін қалаған ғалымдардың еңбектерін оқып талдағанымызда, осы бір терминнің әртүрлі түсінілетіндігін байқаймыз. Атап айтқанда, Ф.Данеш, К.Гаузенблас, П.Адамец, В.Г.Адмони, В.Г.Гак, М.Дымарский, Ю.А.Левицкий, Г.В. Колшанский, Н.Ю.Шведова сияқты ғалымдар «сөйленім» терминіне анықтама беріп, жан-жақты қарастырды.

Ф.Данеш 1963 жылы «сөйленім» түсінігін жекелеген сөйлеу актісіне де, сөйлемге де теңестіруге болмайтындығын айтқан. Кейіннен К.Гаузенбласпен бірге жазған еңбегінде де «сөйленім де, сөйленімнің сызбалары да тілдің жүйелі формацияларына жатады» деген. П.Адамец болса, сөйленім теориясы,бір жағынан, тар мағынасында синтаксистен тыс, кең мағынасында синтаксистің шеңберіне кіруі де мүмкін дейді [1, 302].

«Сөйленім» ұғымына кеңінен түсінік берген В.Г.Адмони болды. Ғалымның «Система форм речевого высказывания» монографиясында аталған мәселе жан-жақты қарастырылды. Автор сөйленімнің жіктемесін жасады. Сөйленімдерді бүтін(цельные) және элементарлық(элементарные) деп екіге бөлді. «Под цельными высказываниями понимаются те, которые охватывают все высказывание полностью, от самого начала до самого конца. Это любой диалог, или любое полифоническое речевое единство, любой текст любого размера». «Элементарные высказывания – это мельчайшие составные части цельного единства, образующие структурные единства. В диалоге это реплика, или вопросо-ответное единство, в развернутых устных и письменных высказываниях» [2, 7-8].

Сөйленім мәселесінде В.Г.Гактың да тұжырымдамасының өзіндік орны бар. Автордың пікірінше: «сөйленім дегеніміз – белгілі бір жағдаятпен сипатталатын тілдегі көрініс». Яғни сөйленімнің референті жағдаят болып табылатындығын айтады. Сөйленімге тән негізгі белгілерді атайды: «ситуативность, избирательность, направленность, компрессия и избыточность, информативность, внутренняя форма, эфемерность, уровневая интеграция» [3,245]. М.Я. Дымарский болса В.Г. Гактың бұл тұжырымдамасымен келіспейді. Автор сөйленімді тілдік таңба деп атау дұрыс еместігін өзінің анықтамасында көрсетеді: «высказывание – это минимальное речевое произведение, как любая манифестация языка, имеет знаковую природу, но само по себе не является языковым знаком »[1, 308-310]. Яғни сөйленімнің сөйлеу тілі шеңберінде ғана шектелмей, әдеби тілдің барлық саласына негізделгенін айтады. Осы аталған көзқарастардан барып сөйленімді мәтіннің бөлшегі, әлде сөйлеудің бір актісі деп тану керек пе деген сұрақ туындайды. Н.Ю. Шведова сөйленімнің

белгілерін көрсеткенде, мәтінді сөйленімнің «өмір сүруінің» ортасы деп танығаң (4 белгі) [4]. Ю.А. Левицкий: «Сөйлеу мәтінінде қатысымдықтың басты реалды бірлігі сөйлем емес, сөйленім болып табылады» [5, 38],- дейді. Себебі ғалым – «сөйлем – тіл бірлігі, сөйленім – сөйлеу бірлігі» деп ажырата қарайтын зерттеушілердің бірі.

Функционалды зерттеулерге талдау жүргізгенімізде, сөйлем мен сөйленім терминдерінің ара жігінің әлі де ажырай қоймағандығын, яғни бірінің орнына бірі қолданылатынын байқадық. Мәселен, бір еңбектерде «сөйленім» атауы қолданылса, енді бір зерттеулерде «сөйлем» термині қолданылады. Жаңа ұғым болғандықтан, сөйленімнің анықтамасын, басқа тіл бірліктерінен ажырайтын белгілерін, т.б. қырларын ашу қазіргі қазақ тіл білімінің зерттеуді қажет ететін мәселелерінің бірі болып табылады. Синтаксис саласын зерттеуші тілші ғалымдар сөйлем синтаксисінен тыс сөйленім терминін де дербес тану керектігін айтқан.

Зерттеушілердің көбі сөйленім мен сөйлем қандай белгілер арқылы ажыратылады деген мәселе төңірегінде зерттеулер жүргізіп, былай деп жауап берді: предикаттық пен коммуникативтік белгілері арқылы сөйленімді сөйлемнен ажыратуға болады. Бұл белгілерге сөйленім ғана ие деп айта алмаймыз. Себебі, сөйлем құрылымдық грамматикада қарастырылғанымен, аталған белгілерге де жауап береді. Яғни сөйлем де сөйленім сынды қатысымдық қызмет атқарады.

«Сөйлем» - құрылымдық үлгісі бар синтаксистік бірлік. Бұл жердегі құрылымдық үлгі деп отырғанымыз – бастауыштық-баяндауыштық құрылымдық үлгі, яғни предикаттық қатынаста жүзеге асады. Ал орыс тіл білімінде құрылымы жоқ синтаксистік үлгілерді сөйлем қатарына жатқызбай, сөйленім деп тану бар. Сөйлемді сөйленімнен ажыратудың басты айырмашылықтары:

1. Сөйлем тіл бірлігі болса, сөйлеудегі іске асуы – сөйленім.
2. «Сөйлем» атауы дәстүрлі грамматикада қолданылса, «сөйленім» термині функциональды грамматикада жұмсалады [6, 396-397].

Мәселен, ғалым В.Г.Адмони көзқарасы бойынша, кез келген шағын сөйленім негізінде сөйлем жатыр, ол негізінен екіқұрамды және құрамдары арасындағы байланыс берік синтаксистік қатынаспен, атап айтқанда предикатты қатынаспен жүзеге асады. Сөйлемге тән предикаттықты сөйленімге де тән дейтін зерттеушілер де бар (М.Я.Дымарский, В.Г.Гак, Ю.А.Левицкий). Орыс тіліндегі *Қайырлы таң! Жарайсың! Мүмкін* сияқты сөйленімдерге келгенде, ғалымдардың пікірі екіге жарылады. Бірқатар ғалымдар мұндай сөйленімдерден предикаттылықты табу мүмкін емес десе, екінші бір ғалымдар сөйленімнің бұл түрлері предикаттылық талабына толық жауап бере алатындығын айтады. Екінші пікірді ұстанушылар сөйленімге келгенде предикаттық талабына жауап беретін, жауап бермейтін құрылымдар да сөйленім бола алады. Мәселен, М.Я.Дымарский сөйленімде ең бастысы қатысымдық мақсат болу керек - деп айтқан [1, 37].

Қазақ тіл білімінде тілші ғалымдар К.Аханов, З.Ерназарова, Б.Шалабай, Ж.Жақыпов, Г.Сәрсеке, А.Елеуова, Л.Ибраймова, т.б. сөйленімді жан-жақты зерттеп, оның жасалу жолдарына көңіл бөлген.

Сөйленім мәселесіне арнайы тоқталған ғалым *К.Аханов*. К.Аханов эмоционалды-экспрессивті қызмет атқаратын құрылымдарды сөйлемдер қатарына жатқызбайды және оларды *айтылыс* деп атайды. Автор айтылыстардың қатарына *коммуникативті қызметі жоқ, яғни бірдеме жайында хабарлауды білдірмейтін, информация үшін жасалмаған сөздер мен сөз тіркестерін* жатқызады. Оларды төмендегідей түрлерге бөлді:

1) Әр түрлі эмоцияны білдіретін айтылыстар: *Қап! Ойпырмай! Бәрекелді! Әттеген-ай! т.б.*

2) Сәлем беру және оған жауап айту, рақмет айту, тілек білдіру, кешірім сұрау мәнді білдіретін айтылыстар: *Амансыз ба! Сәлеметсіз! Кешіріңіз! Рақмет! Кеш жарық! Келуіңізбен! Аман-саусыз! Кездескенше!* және т.б.

3) Диалогтарға тән мақұлдау немесе теріске шығару, келісу не келіспеу мәнді білдіретін айтылыстар: *Иә; Жоқ; Бар; Солай; Жақсы; Жарар; Ешқашан да т.б.*

4) Бірдемеге үндеу, көңіл аударуды білдіретін айтылыстар: *Айда! Марш! Алло! Караул! т.б.*

5) Жалпы сұрақты білдіру және оған жауап қайтару: *Кіммен! Немен! Бұл қалай! Дәнеме емес. Ештеме емес. т.б.*

6) Дербес қаратпалар: *Студенттер! Өй, жігіттер!* және т.б. [7, 206].

Одағайлар да, қаратпалар да өздігінен хабар беруге арналмаған, олардан біз хабар алатын болсақ, тікелей мазмұнынан емес, бірнеше ой қорытындыларынан келіп туады. Жоғарыда келтірілген одағайлар және қаратпалар сөйлемге ұқсап айтылғанымен, сөйлем бола алмайды, себебі олар бастауыштық-баяндауыштық құрылымға сәйкес берілмеген.

Сөйлеу тілінің прагмалингвистикалық аспектісін зерттеген *З.Ерназарова* сөйлем мен нақты коммуникацияда қолданылатын синтаксистік құрылымды ажыратады: «Сөйлем мен сөйлесімнің ең басты айырмашылығы – біреуінің сөйлеу актісінде пайда болатындығында. Сөйлемнің өзі арқылы аяқталған ой берілетін болса, сөйлесімде мағыналық байланыс, тақырып ортақтығы арқылы қалыптасады», ал бұл дегеніміз – контекстегі сөйлем [8, 115].

Зерттеуші *А.Елеуованың*: «Синтаксистегі сөйлем табиғатын контекстік және жағдаяттық тұрғыдан қарастыратын зерттеулерде *сөйлем-айтылымның* белгілі бір бөліктерінің актуалданбай түсіп қалуы предикативтілік және контекстік-психологиялық сипаттағы коммуникативтік категорияларынан көрінеді» - дейді [9, 11].

Сөйленім туралы сондай-ақ Ж.Жақыпов өзінің функционалды синтаксиске арналып жазылған докторлық диссертациясында тоқталады [10]. Б.Шалабайдың мақаласында [11, 85] сөйленім функционалды синтаксистің негізгі бірлігі ретінде қаралады.

Сөйленім мәселесін зерттеуде тілші ғалым *Г.Сәрсекенің* де пікірі бар. Автор: «сөйленім деп – қатысымдық немесе функциональдық синтаксистегі сөйлемді атайды. Сөйленімдерді тема, ремаларға бөлшектеу – қатысымдық синтаксистегі негізгі мәселелердің бірі. Себебі әрбір сөйленімде жаңа бір ой хабарланады. Контекстен белгілі болып келген хабар, ойдың басты бөлшегі *тема* деп аталады да, теманы нақтылай түсетін, соған қатысты жаңадан айтылатын ой бөлшегі *рема* деп аталады. Ремалық бөліністер бірнеше болуы мүмкін. Сол себептен талдауларда Р1, Р2, Р3... т.с.с деп белгіленеді, - дейді [12, 76].

Тіл ғылымында сөйленімнің түрлерін мақсаты мен жағдаятқа қатыстылығы бойынша мағынасы және құрылымына қарай бөледі.

Сөйленімдер сөйлеушінің сөйлей білуінен (шешендігінен), өмірлік тәжірибесінен, мамандығынан қолданыс табады. Осыған орай Л.Ибраймова *іс-әрекеттің жағдаятына* қарай сөйлесім әрекетінде қолданысқа түскен сөйленімдердің бірнеше түрлерін анықтайды [13].

Жағдаятты баяндайтын сөйленімдердің басты қызметі ақпаратты жеткізу, баяндау болып саналады [13, 11]. Бұл сөйленім сөйлесім әрекетінің монологтық сөйлеу түріне сәйкес келеді. *Мысалы: Мал-мүлкімді талады, кісімді өлтірді, қызымды алып кетті деп бізді бұзық адам көріп, қазақтар жазғырады. Дүниеде не боп жатқанына хабарсыз, ауылынан адым жер шығып көрмеген, аң сықылды жайылған қазақ біздің неғып мұндай күйге түскенімізді қайдан білсін. Адам лажсыз елінің тілегіне бағынады. Дүниеде тағдыр бар, лажсыз өмірге қону бар: тағдыр деген сондай, бостандық, еркіндік деген жоқ (Ж.Аймауытов. Ақбілек. 4б).*

Жағдаятты сипаттайтын сөйленімдердің қызметі – іс-әрекеттің нақтылы жағдаяттарын сипаттау болып табылады. *Мысалы: Бұрынғыдай емес, Алтынай тұрмысына енді риза. Риза болмай не ғыпты? Байы атқа мініп, кісі болды. Кісі болғалы, үйі үй болып келеді. Өмірі бітпеген қара ала сырмақ та, ақ киіз де төр алдында пайда болды. Бұрынғыдай емес, Алтынай жымың қағып, көк ала әбдіренің аузында көбірек аша беретін күйге ұшырады (Ж.Аймауытов. Ақбілек. 10б).*

*Жағдаятты дәлелдейтін сөйленімдер***.** Сөйлеуші жағдаяттың болғандығын немесе оның қалай болғандығын т.б. дәлелдеп, оның нақтылы себептерін көрсететін сөйленімнің бір түрі. *Мысалы: Мамырбай өгіздей өкірді, сылқ етіп отыра кетті. Ауыл қойдай маңырап, қозыдай шулап жатқанда, дүрсілдеткен атты кісінің тықырын шеттегілердің құлағы шалып қалды.*

- Атты-атты!- дегенде, су жүрек болып қалған жұрт үшін тартқан дауылдай кенет басыла қалды да, сонша болмады, қайтадан дәуірлей, бажылдай күңіреніп кетті. Ол келген қазақ екен.

- Немене?

- Бәйбішені атып кетті. Ақбілекті алып кетті.

- Ойбай! Бекболатты атып кетті.

- Күйеуді ме? Е!

- О қайдан жолығып?

- Мына жақтан құс салып келе жатқан емес пе? Ойбайлаған әйелдің дауысы шыққан соң, қуа жөнелгенімізде....

- Өлі ме, тірі ме?

- Әзір тірі, кім білсін (Ж.Аймауытов. Ақбілек. 11б).

Жағдаятты нақтылайтын сөйленімдер – көбіне сөйлеушінің айтылған ойды мақұлдап немесе теріске шығаруынан болады. *Мысалы:*

- Қу боп қапсын? Мені жатырқағаннан саумысын? – деп Бекболат жолдасына назын білдірді. Соны айтқанда Ақберген манағыдай емес, ажары сазарыңқы тартып:

- Сенен мен не жатырқайын? Сені жатырқағанда менің табарым да белгілі ғой. Бірақ не айтудың жөнін таба алмай келемін. Өзің не ойлайсың? Бұл сөзге Бекболаттың жүрегі еріп кетті. Сондықтан:

- Сенде бөтен ниет болады деп менде ойлаған емеспін, Әуелі құдай, құдайдан соңғы жақынымда, досым да сен деп білем.Сен білмейтін сыр жоқ.Сенен басқа ақылдасар кісім де жоқ (Ж.Аймауытов. Ақбілек. 41б).

Жағдаятты қорытындылайтын сөйленімдер – көбіне адам іс-әрекетінің шешімі, қорытындысы болып табылады [13, 12].

Жағдаятты салыстыру мәндегі сөйленімдерде сөйлеуші өз білім қорындағы жағдаятпен салыстыру арқылы сөйлеу әрекетін өрбітеді. *Мысалы:*

Ақбілек өзгеше еді ғой. Әсіресе оның дауысы, оның күлкісі адам баласында жоқ еді. Ақырын сөйлесе, жас ботаның даусындай, қаттырақ сөйлесе күміс қоңырау таққандай ма, қалай әйтеуір көмейінен, көмей емес-ау, кеудесінен күңгірлей-сыңғырлай шыққан бір сиқырлы жат дауыс дәл жүрегіне барып тиер еді. Ол күлсе, бұл жалғанның бәрі күліп жібергендей. Өзге әйел оның бір тырнағына, басқан ізіне тұрмай қалар еді (Ж.Аймауытов. Ақбілек. 26б).

Бұл аталған сөйленімдерден басқа лингвистикада болжалды және аяқталмаған сөйленімдер де кездеседі.

Болжалды сөйленімдер сөйлеушінің сөйлесім ниетіне қарай туындайды. Бұл сөйленімдер арқылы толыққанды тілдік қатынасқа қол жеткізуге болады деу дұрыс емес. Себебі бұндай сөйленімдердің ақиқаттылығы нақты емес. *Мысалы: Қасыңдағы қыздарға Ақбілек қабақ шытып, қаңқыл етіп, даусы сыңқыл-сыңқыл етіп:*

- Көзім тартып тұрғаны несі? – деп, бір бұраңдап қойған еді.

- Жай тартады да... Қуанарсың... Қай көзің?

- Қуанар ем сол көзім, - деді. Кім елеген оңдайды? (Ж.Аймауытов. Ақбілек. 1б).

Аяқталмаған сөйленімдерге келетін болсақ, бұл сөйленімдер мәтін лингвистикасы аясында қарастырылады [13, 13]. Яғни аяқталмаған сөйленімдерде көбіне ақпараттың маңызды бөлігі айтылады.

Сөйленім ұғымының функционалды синтаксис саласында зерттелуін қарастыра келіп, негізгі тұжырымдарды жинақтасақ, олар төмендегідей:

1) сөйленімді тіл бірлігі, сөйлеу бірлігі деп те қарау;
2) сөйленімді сөйлеу бірлігі деп тану, ол – сөйлемнің сөйлеуде іске асуының моделі;
3) сөйленімнің басты белгісі – қатысымдық қызмет атқаруы.

Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды: сөйленімнің анықтамасы қандай дегенде, ұғымның өзі толық мәнде анықталмай тұрғанда, бірізді анықтама табу мүмкін емес.

Сөйленім – жасанды емес, тіл дамуының сұранысынан туындаған, қолданыстағы түрлі түзілістердің танылуы, аталуы қажеттілігінен туындаған атау.

Сөйленім деп қатысымдық немесе функциональды синтаксистегі сөйлемді атаймыз. Бұл дегеніміз, контекстегі сөйлем. Сөйленімнің басты ерекшелігі – сөйлеу әрекетінің қызметін атқаруында. Әрбір сөйленім сөйлесім әрекетінде пайда болатыны бізге белгілі. Сол себептен сөйленімнің түрлерін сөйлесім әрекеті тұрғысынан қарастырамыз. Жағдаятқа байланысты сөйленімдердің мәні мен мазмұны белгілі бір сөйлеу әрекеті үстінде айқындалады.

Бүгінгі таңда функционалды синтаксис, оның негізгі тілдік бірліктерінің қалыптасу жолдарын айқындау маңызды іс болып табылады. Қазақ тіл білімінде сөйленім мәселесі енді-енді ғана қолға алына бастады. Оның негізгі теориялық тұғыры толық айқындалған деп айтудың өзі қиындау. Себебі сөйленімге қатысты іргелі зерттеулерді қарасақ, бұл ұғым бойынша даулы мәселелер әлі талай ізденістерді қажет етеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1 Дымарский М.Я. Теория высказывания и вопросы синтаксиса. В кн: Проблемы функциональной грамматики. Полевые структуры. – Санкт-Петербург: «Наука», 2005. – 478 стр.

2 Адмони В.Г. Система форм речевого высказывания. – М: «Наука», 1994. – 160 стр.

3 Гак В.Г. Языковые преобразования. – М., 1998.

4 Русская грамматика. – М., 1980.

5 Левицкий Ю.А. Сочинение в синтаксической системе языка. Диссертация на соискание докт. филол. наук. – Пермь, 1983. – 257 стр.

6 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: «Санат», 1993. – 496 б.

7 Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. Оқу құралы, 2-басылым.- Алматы, «Санат» баспасы, 1996.- 240 б.

8 Ерназарова З.Ш. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі. – Алматы: «Рауан» 2006. – 215б.

9 Елеуова А. Қазақ тіліндегі актуальсыздану құбылысы және оның сөйлем құрылымында алатын орны: фил. ғыл. канд... автореферат. – Алматы, 2007. – 26б.

10 Жақыпов Ж. Қазақ тілінің функционалдық синтаксисі (контекст проблемасы). Фил.ғыл.докторы дайындаған диссертация. – Алматы, 1999.

11 Шалабай Б. Функционалды синтаксистің бірліктері//Новые парадигмы в когнитивной лингвистике (серия филологический сборник. Вып.13). –Алматы – Кемерово-Витебск-Бишкек, 2014.

12 Сәрсеке Г. Қазақ тілінің функциональды грамматикасы. Ғылыми зерттеулер жинағы. - Павлодар: ПМПИ баспасы, 2011. - 187 б.

13 Ибраймова Л.А. Сөйлесім синтаксисінің лингвистикалық функционалдық табиғаты. Фил.ғыл.канд..автореферат.- Алматы, 2009. – 24 б.

В данной статье исследуется одно из новых направлений казахского языка – функциональный синтаксис и его основная единица- высказывание. Проведен обзор по истории исследования высказывание, также проведен анализ функциональных трудов. Исследована роль высказывание в области функционального синтаксиса, определены особенности самосоздание высказывания.

Наиболее важная особенность высказывания – это его образование в разговорном акте. Поэтому понятие «высказывание», раскрытие его сущности и определение его видов составляют главную цель как основной процесс в познании его важности.

In this article, one of the features the new knowledge of kazakh language is the

functional syntax, which are the basic units of speech. We gave some details about utterance and its history, then analyzed functional works. The utterance is a functional role in the field of syntax, self-generated features. The utterance is a most important feature is when that will the act of speech. Therefore, the utterance importance of the concept of speech and its recognition as an important phenomenon which opening will be as important in determining the nature of the task.

УДК 81`42

Л.Е. Дальбергенова, А.С. Туребекова, Ж.С. Тасбулатова
Кокшетауский государственный университет имени Ш. Уалиханова
Кокшетау, Казахстан
ljasatdal@mail.ru; anel.turebekova@mail.ru; *zhan_tass@mail.ru*

КОГНИТИВНОЕ ОСМЫСЛЕНИЕ КАУЗАЛЬНЫХ СИТУАЦИЙ

Статья посвящена анализу когнитивного компонента каузальных конструкций на примере русского, казахского и немецкого языков. В работе представлена категория причины отражающая ментальное восприятие и субъективные суждения о причинно-следственных явлениях объективной действительности. Когнитивное осмысление причино-следственных ситуаций проявляется в предполагамом характере каузальной ситуации.

Ключевые слова: причина, субъективный модус, модальный компонент, гипотеза, степень знаний.

Современная научная парадигма характеризуется стремлением проникнуть в глубинную природу языковых явлений и соответствующих им семантических пространств. Основное внимание исследователей направлено на раскрытие сущности когнитивной и коммуникативной функций семантических категорий. Категория каузальности является одной из фундаментальных семантических категорий, исследованию которой посвящено большое количество работ в современной лингвистике (А.П. Комаров, С.Ж. Тажибаева, В.Гирке, Г. Цифонун, Г. Фраас, Б. Шмидтхаузер, Н. Стоянова, Е. Рудольф, А. В. Бакулев и др.). Изучение категории каузальности в разноструктурных языках обусловлено общими закономерностями отражения объективной действительности в человеческом сознании [1; 2; 3; 4; 5]. Актуальность данного исследования обусловлена необходимостью раскрыть когнитивные механизмы категории каузальности и её реализации в речи, наиболее ярко проявляемые в субъектной перспективе, ментальном восприятии, интеллектуальном созерцании и субъективных суждениях об объективных причинно-следственных явлениях. С целью выявления когнитивных механизмов каузальных отношений нами предпринята попытка выявить средства их вербализации на примере русского, казахского и немецкого языков.

Свидетельством когнитивного осмысления объективных реалий и субъективности каузальных отношений служит полагаемая причина. Полагаемая причина отражает степень полноты и характер знаний говорящего о наблюдаемых событиях, степень достоверности высказывания, меру субъективной уверенности говорящего в правильности сделанного утверждения, например:

(1) «*Но* ***Эммануил*** *этого,* ***похоже, не знал и потому*** *нисколько не встревожился»* (Б.Акунин. Пелагея и красный петух).

Перифраза: *Я предполагаю, что* ***Эммануил не знал,*** *потому (поэтому) нисколько не встревожился.*

Или: Эммануил нисколько не встревожился, ***потому что,*** *как я предполагаю,* ***Эммануил*** *этого* ***не знал.***

Сравним: {Следствие *[Эммануил нисколько не встревожился],* Предположение + Основание ***[потому что,*** *как я предполагаю,* ***Эммануил*** *этого* ***не знал]}.***

{ Следствие [q]}, {Предположение + Основание denn [p]}

Каузальный дискурс демонстрирует взаимосвязь двух типов смыслов – объективных и субъективных. Объективный смысл вербализуется в следственном компоненте *(Эммануил нисколько не встревожился)* и служит логической посылкой для установления полагаемой причины, породившей это следствие. Так, следующий пример наглядно демонстрирует иллокуцию полагания в причинном компоненте:

(2) Людмила Николаевна не любила дружить с профессорскими женами, ее раздражали разговоры о научных успехах мужей, платьях, домашних работницах. Но, ***вероятно, потому, что*** *мягкий характер застенчивой Марьи Ивановны был противоположен ее характеру,* ***и потому, что*** *ее трогало отношение Марьи Ивановны к Толе,* ***она очень привязалась к Марье Ивановне*** (Б. Пастернак. Доктор Живаго).

Каузальная связь создается субъектом сознания между объективным фактом действительности **(*она очень привязалась к Марье Ивановне)*** и предполагаемой причиной ***(вероятно, потому, что*** *мягкий характер застенчивой Марьи Ивановны был противоположен ее характеру,* ***и потому, что*** *ее трогало отношение Марьи Ивановны к Толе)***.**

Рассмотрим аналогичный пример причинно-следственной связи в немецком языке:

(3) Beunruhigt sah er auf seinen Block. Er würde hierfür einen professionellen Zeichner brauchen. Er starrte in das Gesicht, und ***es lag wohl an der Hitze oder am Maisgerruch****, dass er sich auf einmal abwenden musste* (D. Kehlmann. Die Vermessung der Welt). *(Он посмотрел беспокойно на свой блок. Ему бы сюда профессионального чертежника. Он всмотрелся в лицо и резко отвернулся,* ***возможно, из-за жары или запаха кукурузы)*.**

Причинность передается с помощью глагола *(an D. anliegen (причина в том, что)).* Субъективность каузального дискурса заключается в нефактивности причинной ситуации, выражаемой в модусе полагания. Предположительный характер причинного компонента можно продемонстрировать трансформационным методом: *er musste sich auf einmal abwenden,* ***denn*** *es war* ***wohl*** *heiss und es roch nach* ***Mais*** *(он отвернулся,* ***видимо, потому, что было жарко и пахло кукурузой).*** В данной каузальной ситуации представлена возможная, полагаемая причина как отношение мыслящего субъекта к реальной действительности. Средством вербализации когнитивного состояния субъекта сознания служит модусно-прагматический формант – модальное слово ***wohl***.

Неуверенное обоснование говорящего, полагаемый характер причины иллюстрирует метод перифразы:

Es war ***wohl*** *heiss und es roch nach* ***Mais, vielleicht deshalb*** *musste er sich auf einmal abwenden (он отвернулся,* ***видимо, потому, что было жарко и пахло кукурузой).***

Эксплицитным маркером полагаемой причины, неуверенного обоснования говорящего в казахском языке служит частица *ба:*

(4) Оспан ағаның әпкемнің «ауруына» үйреніп алғаны соншалық – осы күні өлдім десе қарамайды. ***Сондықтан ба*** *әпкем соңғы күндері жаңа ауру тауып алды* (Б. Мұқа. Жеті желі). *(Дядя Оспан до такой степени привык к болезни сестры, что не посмотрит на нее, даже, если она скажет, что умирает.* ***То ли поэтому,*** *сестра выдумала в последние дни новую болезнь)*.

Полагаемая причина вербализуется в казахском языке также вводным словом ***бәлки (наверное, видимо***), в корреляции с причинным сказуемым с аффиксом ***-ғандықтан:***

(5) Абайдың көп жаманшылықпен майдандасып көрмегі анық білініп тұр. Сонысымен, аға дос өз бойындағы тәуекелін, шыдамын танытты. Және ондай сын, қысылшаңда жас, әлсіз тобына күш салмай, ақыл да қоспай өз бетімен бір өзі шыдасуға табылып отыр. ***Бәлки,*** *жастарға Абай тәрбиесі дәріс есепті* ***болғандықтан****, бұларды кей*

сұмдық бәледен таза сақтағысы келетін ***шығар.*** *«Ондайды көп ойлатып бұлардың көңілін бұзбайын. Тұнығын лайламайтын» деген сияқты. Абай мінезін Көкбай осылай топшылады* (М. Әуезов. Абай жолы). *(Было очевидно, что Абай не так часто боролся со злом. Таким образом, брат показал, терпение и умение рисковать и к тому же****, возможно****, потому что Абай воспитывал молодежь своими лекциями, он хотел, наверное, оградить их от некоторого зла. Будто хотел сказать «Не буду будоражить их чистые души, заставляя их задумываться над этим злом». Так думал Кокбай о поведении Абая).*

Семантика полагания передается в казахском языке также с помощью двух модальных слов в сочетании с причинным маркером:

(6) Сана тірі болған ***соң шығар, бәлкім, әйтеуір*** *бір ұлы күшке сенесің* (Б. Мұқа. Жеті желі). *(Может быть из-за того, что есть общее понимание, в общем веришь в какую-то высшую силу)*

Примечательным в данной конструкции является проявление субъективности каузальных отношений в связи с предполагаемым характером причинного компонента *(Сана тірі болған* ***соң шығар, бәлкім*** *(может быть из-за того, что есть общее понимание****),*** а также обоснования обобщения в следственном компоненте ***(әйтеуір*** *бір ұлы күшке сенесің (в общем веришь в какую-то высшую силу))*. Модальное слово *әйтеуір* выполняет в данных эпистемических каузальных связях функцию усиления модуса полагания.

Анализ иллюстративного материала выявил также сходство в казахском и немецком языках: позиция говорящего верблизуется в следственной ситуации с помощью сложных глагольных конструкций с модальными глаголами. Например:

(7) Ihr Gastgeber wohnte im Parkhof Nummer vier, in der Stadtmitte, gleich hinter der Baustelle des neuen Museums. Damit sie es nicht verfehlten, hatte er mit dünner Feder einen sehr genauen Lageplan gezeichnet. ***Jemand musste sie von weitem gesehen und angekündigt haben, denn*** *wenige Minuten nachdem sie in den Hof eingefahren waren, flog die Haustür auf, und vier Männer liefen ihnen entgegen* (D. Kehlmann. Die Vermessung der Welt). *(Владелец их отеля жил на улице Паркхов номер 4, в центре города, сразу же за постройкой нового музея. Чтобы они не заблудились, он нарисовал тонким пером очень точный план города.* ***Должно быть их кто-то увидел издалека и объявил о них,*** *потому что через несколько минут, после того как они заехали во двор, раскрылась дверь и четверо мужчин подбежали к ним).*

В данном высказывании фиксируется не причинно-следственное отношение между фактами и событиями, а выражается отношение между двумя суждениями: суждением о наблюдаемом положении дел (***denn*** *wenige Minuten nachdem sie in den Hof eingefahren waren, flog die Haustür auf, und vier Männer liefen ihnen entgegen)* и суждением говорящего о вероятном следствии данного события ***(Jemand musste sie von weitem gesehen und angekündigt haben)***.

Модус полагания представляет собой нефактивную информацию и вербализуется с помощью сложной временной формы глагола, образуемой с помощью модального глагола *müssen* в простом прошедшем времени *(Präteritum)* и основного глагола в сложном прошедшем времени *(Perfekt):* ***musste gesehen und angekündigt haben.*** Предположение основывается на эвиденциональном заключении*:* ***denn*** *wenige Minuten nachdem sie in den Hof eingefahren waren, flog die Haustür auf, und vier Männer liefen ihnen entgegen (поскольку через несколько минут, после того как они заехали во двор, раскрылась дверь и четыре мужчины подбежали к ним).* Эпистемическую каузальную связь автор маркирует с помощью союза ***denn*** *(поскольку),*

Метод трансформации демонстрирует эпистемический уровень каузальных отношений – связь между модусом полагания и наблюдаемым событием: ***Ich vermute****, dass jemand sie von weitem gesehen und angekündigt hat,* ***denn ich sehe,*** *dass wenige Minuten nachdem sie in den Hof eingefahren waren, flog die Haustür auf, und vier Männer liefen ihnen entgegen.*

Каузальная конструкция создается, таким образом, субъектом, владеющим двумя типами информации: косвенной и достоверной.

Формальная схема данного типа каузальных отношений выглядит следующим образом:

[Эпистемичекий модус + пропозициональное содержание)

1) { Следствие + предположение [q]}, {Основание denn [p]}

Сравним: {***Предположение*** *[jemand* ***musste*** *sie von weitem gesehen und angekündigt haben]*, ***Основание*** *[****denn*** *wenige Minuten nachdem sie in den Hof eingefahren waren, flog die Haustür auf, und vier Männer liefen ihnen entgegen]}.*

Опущение каузального маркера не меняет смысл каузального высказывания:

Jemand musste sie von weitem gesehen und angekündigt haben, *wenige Minuten nachdem sie in den Hof eingefahren waren, flog die Haustür auf, und vier Männer liefen ihnen entgegen.*

Позиция говорящего и оцениваемое им следственное событие эксплицируются в казахском языке аналогичным способом с помощью сложного глагольного сказуемого:

Ол кісі мені ***жақтырмайтын болу керек****, өмірі бір тіктеп қараған емес. Оған не бүлдіріп ұнамай қалғанымды білмеймін* (Б. Мұқа. Жеті желі) ***(Должно быть*** *этот человек* ***не долюбливал меня****, ни разу в жизни он не посмотрел на меня прямо. Не знаю, что я ему такого сделал).*

Данный пример иллюстрирует создание каузального дискурса: выражение модуса полагания (*Ол кісі мені жақтармайтын* ***болу керек)*** и основания данного полагания (*өмірі бір тіктеп қараған емес*). Субъективность каузального дискурса проявляется в гипотетичности ситуации, гипотезу субъекта речи эксплицирует сложное сказуемое ***жақтырмайтын болу керек (жақтырмайтын + болу керек***). *Болу керек* является вспомогательным глаголом.

Необходимо отметить, что каузальные отношения между фрагментами сообщаемого фиксируются в казахском языке имплицитным способом в структуре сложного предложения. Отсутствие каузальных маркеров свидетельствует о высокой степени субъективности подобных конструкций. Метод включения каузальных союзов и ментального глагола «полагать» позволяет продемонстрировать нефактивность следственной части, а следовательно, и меру субъективной уверенности говорящего в правильности создаваемого утверждения:

Ол кісі мені ***жақтырмайды деп ойлаймын, өйткені*** *бір тіктеп қараған емес (Я думаю (предполагаю), что этот человек* ***не долюбливал меня****, потому что ни разу в жизни он не посмотрел на меня прямо).*

Формальная схема данного типа каузальных отношений выглядит следующим образом:

2) { Предположение [q]}, { ***өйткені*** [p]}

Сравним: {***Предположение*** *[Ол кісі мені* ***жақтырмайтын болу керек****]*, ***Основание*** *[(****өйткені*** *) өмірі бір тіктеп қараған емес]}.*

Итак, иллюстративный материал свидетельствует о наличии сходства в немецком и казахском языках: предполагаемый факт действительности, отражающий позицию говорящего в следственной ситуации выражается в сопоставляемых языках с помощью составных глагольных сказуемых со вспомогательным модальным глаголом (*müssen* в немецком языке и *керек* в казахском языке). Причинная ситуация маркируется как эксплицитным, так и имплицитным способом.

Сопоставительный анализ каузальных отношений в художественном дискурсе на примере немецкого, казахского и русского языков обнаруживает различные особенности их реализации в когнитивном аспекте. На основе анализа практического материала мы смеем утверждать, что полагаемая причина отличается наибольшей степенью субъективности ввиду непосредственного вовлечения говорящего в создаваемые каузальные отношения. Говорящий создает причинную связь между своими речевыми актами: гипотезой, предположением о существовании того или иного положения дел и обоснованием данного полагания. Полагаемая причина характеризуется нефактивностью, созданной говорящим: каузальная связь может не соответствовать действительности, фактически не существовать или же наоборот, как факт действительности быть представленным с точки зрения говорящего, отражая его видение объективной реальности. Следовательно, полагаемая

причина представляет собой отношение логического вывода и основания, т.е. отношение между фактивными и нефактивными ситуациями. В ходе логического рассуждения субъект речи обосновывает логический вывод, гипотезу о наблюдаемом положении дел. В основе полагаемой причины лежит степень субъективного знания о положении дел, основанного на нефактивной информации. Нефактивность проявляется в создании субъектом сознания различных гипотез, версий и выводов, которые носят потенциально достоверный характер.

Степень полноты и характер знаний говорящего об описываемом явлении, меру субъективной уверенности говорящего в правильности сделанного утверждения отражает семантика модальных слов, в русском языке – *вероятно, возможно, должно быть, наверное, видимо и т.д.* казахском языке – *шығар, бәлкім, бәлки, сияқты, мүмкін;* в немецком языке – *vermutlich, wahrscheinlich, wohl,* а также сложные глаголные конструкции в немецком и казахском языках.

Следовательно, полагаемая причина не только фиксирует причинно-следственные отношения между событиями, но и выражают отношения между наблюдаемым положением дел и суждением говорящего о вероятной причине или о вероятном следствии этого положения. Таким образом, создается взаимосвязь между недостаточной осведомленностью субъекта и фактическим положением дел. Полагаемая причина представляет собой модифицированное осново-следственное отношение в когнитивном аспекте, формально маркированное различными языковыми средствами, модусными актуализаторами, обеспечивающими их адекватное осмысление. Предполагаемая причина отражает мыслительную, ментальную, интериоризированную в сознании человека деятельность. Располагая той или иной информацией в различной степени достоверности, в зависимости от степени знания субъект сознания выражает эпистемические суждения, суждения о вероятной причине или следствии той ли иной ситуации.

Формальное выражение данного типа каузальных эпистемических отношений выглядит следующим образом:

Cons. [Mentaler Modus ПРЕДПОЛОЖЕНИЕ] ←caus.← *Antez*. [Фактивная информация].

Таким образом, анализ практического материала позволяет утверждать, что когнитивные механизмы каузальных отношений отражаются в дискурсе с помощью привлечения дедуктивного умозаключения, связывающего мысли в ряд посылок и заключений. Функциональной особенностью предполагаемой причины является отражение мыслящего субъекта, созерцающего, познающего внешний мир. Оценивая различные ситуации и фрагменты действительности, строя различного рода каузальные конструкции, субъект речи выражает свое личное отношение к наблюдаемым событиям.

Список литературы

1 Volodina A. Konditionale und kausale Relationen im gesprochenen Deutsch. Dissertation. – Heidelberg: Neuphilologische Fakultät, 2007. – 337 s.

2 Всеволодова М.В. Поля, Категории и концепты в грамматической системе языка // Вопросы языкознания.– М.: Наука, 2009.– № 3. С.76-99.

3 Ященко Т.А. Каузация в русском языковом сознании. – Симферополь: ДИАЙПИ, 2006. – 478 с.

4 Dalbergenova Lyazzat, Zharkynbekova Sholpan, Zhuravlyeva Yevgenia.The Subject Perspective of Causal Relations (in the Cases of Russian and German) // Studia Slavica Hung. - Budapest: Akadémiai Kiadó, 2014. – №59 (2).

5 Dalbergenova Lyazzat, Zharkynbekova Sholpan. Proseedings of INTCESS 14 – International Conference on Education and Social Sciences. – Istanbul: Ocerint – pp. 1743 -1749. URL: http://www.ocerint.org/index.php/digital-library

Бұл мақала болжамды себеп категориясының семантикалық талдауына, көрсетілген көзқарасқа және баяндамашының қызметіне арналды.Жұмыста құрылымы әртүрлі

тілдердегі (қазақ, орыс, неміс) субъективтік модус вербалдануының эксплициттік құралдары анықталды.

This article analyzes the semantic category of the suspected cause, which reflects the views and positions of the speaker. The paper revealed explicit means of verbalization of the subjective mode in different structural languages (Russian, Kazakh, and German).

ӘОЖ 81:001.12/.18

С.Қ. Иманбердиева[1], Ә.О. Ыбырайым[2]
Алматы менеджмент университеті[1]
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті[2]
Алматы[1,] Тараз[2] , Қазақстан

ЛАТЫН ҚАРПІ НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚ ОНИМДЕРІНІҢ ДҰРЫС БЕРІЛУ МӘСЕЛЕСІ

Мақалада қазақ онимдерінің латын қарпінде дұрыс берілу мәселесі қарастырылған. Онимдерді халықаралық қолданысқа икемдеп, географиялық атауларды карталарда, атластарда және халықаралық БАҚ-нда стандарттау проблемалары талданған. Қазіргі кезде латын қарпіне көшудің негізгі басымдықтары айқындалған. Топонимдерді бір тілден екінші тілге аудару мен жазуға байланысты ұсыныстар берілген. Ұлты қазақ азаматтарының аты-жөндерін латын әліпбиімен дұрыс беру нұсқалары көрсетілген.

Тірек сөздер: топоним, аялық білім, транслитерация жүйесі, латын әліпбиі, географиялық атаулар, оним.

Халқымыздың жер-су атаулар жүйесі ұлттық бірегейліктің, сол атаулар өрнектеген төл этникалық-территориялық бірегейліктің бірден-бір көрсеткіші болып табылады. Қазіргі уақытта Қазақстан территориясындағы жер-су атауларының халықаралық келісімшарттарда, ресми құжаттарда, шетелдік БАҚ-тарда, ғаламторда қолданылу барысы күн өткен сайын өріс алып келеді. Олардың жазылуы, айтылуы, халықаралық деңгейде қолданылуы еліміздегі топонимдердің дұрыс зерттелмеуінен және арнайы ұлттық стандартталған географиялық атаулар болмағандықтан дұрыс жүргізілмеуде.

Кең байтақ қазақ даласында ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа тарап, бүгінгі заманға жетіп отырған жер-су аттары (топонимдер) – талай дәуірдің қарт куәсі (Т.Жанұзақ). Тарихи атаулар негізінде ұрпақты тәрбиелемесек, онда ұлттық бірегейлендіруді, түптеп келгенде тіліміздің, санамызды мүлде жоғалтамыз. Сана жоғалса, онда ұлт та жоғалады.

Қазақ тілі тарихи және ұлттық ерекшелігімізден ақпаратын беретін географиялық және этнографиялық реалийлерге өте бай. Бұл реалийлерді екінші тілде жеткізу үшін аялық білім болу керек, яғни жалпы ұлттық құндылықтар, тарихтан, жер бедері ерекшеліктерінен, ұлттық танымнан хабардар болу қажет.

Зерттеушілер жалпы ономастикалық лексикадан ономастикалық реалийлерге ерекше көңіл бөледі, себебі олар әркез ұлттық нақышқа ие болады. Тілде олар өмірде бар немесе ойдан қалыптасқан (шығармалардағы) нысандарды атайды. Әр атау негізінен нысанның локалды (жеке) және қай ұлтқа тән екендігі жөнінде ақпарат береді, яғни бұл нысанды тұлғаға, орынға (жерге), ұлтқа, мәдениетке т.б. қатыстылығына қарай бірегейліндіреді.

Бүгінгі күні мәдени-маркіленген бірліктің ортақ таптастырылуы жасалынбаған, зерттеушілер белгілі қағидаларға сүйене отырып, реалийлердің өзіндік таптастырылу үлгілерін ұсынады.

Аялық ақпарат мазмұнына сай, ең алдымен, тарихтың ерекше фактілерінен және ұлттық қауымдастықтың мемлекеттік құрылымынан, географиялық орта ерекшелігінен,

бұрынғы және қазіргі материалды мәдениетке тән бұйымдардан, этнографиялық және фольклор ұғымдарынан т.б. – яғни реалийлерге қатысты барлық ақпарат берілуі тиіс.

Тілдік фактор еліміздің әлеуметтік өмірінде ерекше стратегиялық рөл атқарады. Мәселен, ұлттық паремия, прецедентті феномендер т.б. тілдік бірліктер халықтың ұрпақ тәрбиелеуінде маңызды болып табылады. Мысалы, жер бедері ерекшелігі мен кен байлықтары жөніндегі ақпарат тікелей тілдік бірлікте көрсетілген: *Келіншектау, Миялы, Жусанды, Аңырақай, Дегерес, Жыланды, Жыңғылды, Қарашығанақ, Жезқазған, Кентау, Текелі* т.б. Осыған байланысты тілдік бірліктер экологиялық тұрақтылықты қамсыздандыруда стратегиялық маңызды рөл атқарады. Себебі тіл табиғи орта туралы жергілікті халықтың білімі мен танымын сақтаған.

Қазақстан топонимидерінің маңызды мәселелерінің бірі – ғасырлар бойы бірнеше қабат негізінде қалыптасқан: түркі, араб, моңғол т.б., сонымен бірге екі – қазақ және орыс тілдерінде беру нәтижесі екі күрделі мәселенің туындауына әкеледі. Біріншісі – айтылуы, екіншісі – жазылуы немесе атаудың графикалық берілуі. Бұл мәселелер ономаст, фонетист, картограф, IT мамандары тарапынан шешілуі қажет. Географиялық атаудың ауызша түрі хронология тарапынан алғанда алғашқы, жазбаша түрі кешірек қалыптасқан – бұл кодталуы және ауызша түрінің сақталу тәсілі, сол арқылы дыбыс тіркестерінен құжат түріне айналады.

Ауызша түрі дегенде дыбыстары дұрыс, стандартқа сай, яғни қазақы лингвистикалық қауымдастыққа тән стандарт шеңберінде айтылуы сөз болады. Біздің жағдайымызда, Кеңес үкіметінің идеологиялық ықпалының әсерімен көптеген топонимдер фонетикалық та, графикалық та өзгерістерге түсті. Мәселен, *Алматы – Алма-Ата, Алмата - Алматы; Медеу – Медео – Медеу, Көкшетау – Кокчетав – Көкшетау, Жамбыл – Джамбул – Жамбыл* т.б. Сонымен бірге кейбір топонимдерімізді орыс тілінде аудару мәселесі де нақтылауды талап етеді. Бұл біздің құндылықтарымызды, яғни түпкі ақпаратты жоғалтуымызға әсер етті. Осындай фактілердің, кері әсердің орын алмауы үшін және әлемдік стандартқа сай болу үшін онимдерді латын қарпімен берген дұрыс болады. Түптеп келгенде, қолданбалы топонимканың мақсаттарының бірі – халықаралық қолданысқа икемдеп, географиялық атауларды стандарттау. Бұл карталарда, атластарда және халықаралық БАҚ-нда жүргізіледі. Халықаралық фонетикалық әліпби (ХФӘ) географиялық атауларды жазбаша берудің қосымша көмекші құралы болып табылады. Алайда кирилл әліпбиі негізінде жазып, одан оны қайта латын қарпімен жеткізіп, екі жұмыс жасағаннан гөрі, бірден латын қарпіне көшкен дұрыс болады, себебі екі қаріпте карта жасауға жұмсалатын қаражат үнемделеді және жоғарыда аталған мәселелер шешімін табады. Сонымен бірге кирилл қарпінде дайындалған карталарды халықаралық фонетикалық әліпбиге сай беру үшін кирилл мен латын символдарының толық сәйкестігін беретін транслитерациялық кілт болу керек. Мұнда көптеген қиындыққа тап боламыз, себебі төл дыбыстарымызды сәйкестендіріп берудің дұрыс жолдарын беретін әліпби жасауға тура келеді, бұл тағы да қаражатты талап ететін қосымша жұмыс. Әркез жаңа атау қалыптасқан сайын немесе атау өзгертілген сайын осындай кедергіге тап боламыз.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2012 жылдың 14 желтоқсанындағы «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» деп аталатын Жолдауда «Тіл туралы **жауапкершілігі жоғары саясат** біздің қоғамымызды одан әрі ұйыстыра түсетін **басты фактор** болуға тиіс» екенін басты назарға ала отырып, «алдағы уақытта да **мемлекеттік тілді дамыту** жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра беретінімізді» атап өтті және «Біз 2025 жылдан бастап **әліпбиімізді латын ғарпіне**, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек» [1] деп нақты міндеттер жүктеген болатын. Латын әліпбиіне көшудің мақсаты – «балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік меңгеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызу екенін» естен шығармауымыз керек [1].

Елбасымыз латын әліпбиі туралы мәселені бұған дейін де бірнеше дүркін көтерген еді. Мәселен, 2006 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінде Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев: «Латын әліпбиін қарайтын кез келді. Бұл мәселені

кезінде кейінге қалдырған едік. Қалай болғанда да, латын әліпбиі бүгінде телекоммуникация-лық салаларда басымдыққа ие болып отыр. Сондықтан да, бұрынғы кеңестік елдердің көпшілігінің латын әліпбиіне көшуі де кездейсоқ емес. Мамандар осы мәселені зерттеп, нақты ұсыныстарын жасауы тиіс. Біздің балаларымызды ағылшын тілінде оқытудың өзі латын әліпбиімен байланысты. Ал біз қазір барлық мектептерде ағылшын тілін оқытамыз. Сондықтан мұнда тұрған қорқынышты ештеңе жоқ»–, деген болатын.

Латын әліпбиіне көшудің мақсаты – «балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік меңгеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызу екенін» естен шығармауымыз керек. Дегенмен, «әліпби ауыстыру ана тілімізге не береді, неден ұтып, неден ұтыламыз?» деген сұрақ та көпшілік көңілінде жүргені белгілі. Бұл бағытта елімізге танымал ғалымдардың пікіріне жүгінсек, тұтас түркі еліне елеулі ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың иегері М.Мырзахметұлы латын жазуына көшудің бес артықшылығын көрсетеді: «1-ден, қазақ тілі табиғи қалыпқа түсіп, жасандылыққа ұрынған артикуляциялық базасынан арылып, табиғи қалпына түсер еді; 2-ден, әріп сандары 42 әріптен 28-34-ке дейін қысқарып, жазу сыйымдылығы артып, машинкаға да, компьютерге де сыйымды болар еді. Интернетке де кедергісіз шығар едік; 3-ден, латын жазуына өтуге біздің тәжірибеміз де бар. Қазіргі аға ұрпақтың бәрі де латын жазуын қиналмай оқи береді. Ал жастар болса шет тілдерін оқығандықтан, латын әрпімен таныс болғандықтан тез меңгеріп кетеді; 4-ден, біз латын әрпін біркелкі ортақ таңбамен алсақ, түрік халықтары бірін-бірі оқи алатын мүмкіндікке келеді; 5-ден, ең бастысы – санамызға күнде әсер етіп отырған кеңестік идеология мен дүниетанымның тұтқынынан босаймыз» [2, 246-247].

Латын әліпбиіне көшудің мұндай басымдықтарымен қатар, оның кейбір қиындықтары да бар екенін жасырмаймыз. Негізгі қиындық ана тілімізге тән төл дыбыстарды бейнелейтін әріптердің формасы екені даусыз. Қазіргі кезде тілші ғалымдар, информатика және тағы басқа салалардың мамандары дайындаған латын әліпбиіне негізделген қазақ жазуының бірнеше нұсқасы бар. Аталған дыбыстар бұларда түрліше беріліп жүр. Олардың кейбіреулері қосарлы таңбалармен берілсе, кейбіреулері қосымша белгілер үстеу арқылы берілген. Соған орай, кейбір әріптер компьютердің негізгі базасында жоқ. Бұл компьютерге қосымша бағдарламалар орнатуға мәжбүрлейді (ал ондай мүмкіндік әрдайым, әсіресе, шет елдерде жүргенде мүмкін бола бермейді) және мәтінді терудің тиімділігін төмендетіп, жылдамдығын тежейді. Сондықтан да, қазақ әріптерін таңбалауда тек компьютердің пернетақтасында бар әріптерді пайдалану аса маңызды болмақ. Бұл ретте көршілес Өзбекстан, Түркменстан мен Азербайжан елдерінің тәжірибелерін зерттеп, олардың кемшіліктері мен артықшылықтарын сарапқа салған дұрыс.

Қазіргі ғаламның жаһандану үрдісінде түркі халықтарының бірігу идеясы бүгінгі күннің күн тәртібіне қайта қойылуда. Оған түрлі қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайлар мәжбүрлеп отыр. Ал бүткіл түркі халықтарының басын біріктіретен басты фактор ретінде – ортақ жазу, ортақ әліпби айтылып жүр. Қазіргі түркі халықтарының мәдени-рухани құндылықтары мен ұлттық рухы ежелгі жалпытүркі әлемінің рухани құндылықтарынан бастау алатындықтан ұрпақ бойына ұлттық рухты сіңіріп, жалпытүркілік ұлттық сананың берік қалыптасуын қамтамасыз ету қазіргі түркілердің тарихи тамырын терең тануына, түркілік тектілден тараған ана тілдерінің тарихи даму жолын саралай білу деңгейіне байланысты. Сондықтан түркі халықтарының жаңа әліпбиін түзуге қатысты мәселелер жалпытүркілік континиумда қарастырылса нәтижелі болмақ. Жаңа заманға сай жаңа қоғамның қажеттілігін қанағаттандыра алатын тіліміздің фонетика-фонологиялық табиғатын толық сақтаған, ғылыми-теориялық, методологиялық негіздемесі берік алфавит жүйесін түзу түркі тілдерінің бірі – қазақ тілінің тарихи тамыры мен көркемдік әлеуетін, жалпы табиғатын терең тануға жол ашып, мемлекеттік тілдің мәтребесін айшықтай түседі [3, 27-28].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың жоғарыда аталған Жолдауындағы ана тілімізге қатысты тағы бір мәселе – «тілді заманға сай үйлестіріп, терминология мәселесінен консенсус іздеу» [1]. Жалпы халықаралық терминдерді аудару ерекше маңызды мәселелердің бірі. Содан да болар, бұл туралы пікірлерді баспасөз

беттерінен, ғылыми конференциялардан жиі кездестіруге болады. Латын әліпбиіне көшу бұл проблеманың да оңтайлы шешілуіне ықпал етеді. Енді орыс тілінен және орыс тілі арқылы шет тілдерінен енген сөздерді бұрынғыдай «орыс тілінде қалай жазылса, қазақ тілінде де солай жазудан» құтыламыз. Ондай сөздер жазылуы мен айтылуы жағынан қазақ тілінің заңдылықтарына жақындай түседі. Бұл жаңа сөздердің тілімізге тез сіңіп, біте қайнасып кетуіне мүмкіндік береді.

Қазіргі зиялы қауым өкілдері латын әліпбиіне көшуді әлемдік өркениет жетістіктеріне алып баратын негізгі жол деп есептейді. Оның саяси мәні де зор. Яғни латын әліпбиіне көшу арқылы Қазақ елі бүкіл түркі әлемімен бұрынғыдан да жақындаса түседі. Сонымен бірге шетелдерде тұратын қандастарымыз үшін өз атамекенімен қарым-қатынас жасауларын да жеңілдетеді. Ақпарат және телекоммуникациялық саладағы қолжетімділік те артады.

Латын қарпіне көшудің тағы бір маңыздылығы – БҰҰ географиялық атаулар бойынша және БҰҰ географиялық атауларды стандарттау бойынша конференцияның сарапшылар тобы латын қарпін қолданбайтын барлық елдерден келісілген, бірегей транслитерация жүйесін пайдалануды талап етіп отырғандығында. Түркі халықтарына ортақ латын қарпін дайындасақ, бұл бүкіл түркі халықтарының тығыз байланыста болуына септігін тигізер еді.

Транслитерация бір тілдегі атауды екінші тілге сол тілдің қарпімен жеткізу болса, транскрипция латын тілінен scribere – «жазу», топонимді бір тілден екінші тілге тек қабылдаушы тіл жазуымен беруі, яғни тарнслитерациядағыдай қосымша немесе арнайы әріптерге, диакритиктерге немесе басқа да маркерлерге жүгінбей екінші тіл жазуымен аудару.

Мұндай тәсілдің артықшылығы – қабылдаушы тіл оқырманы шетел сөзін оқи алуында. Алайда атау құлаққа жағымсыз және оқырманның артикуляциялық жүйесіне жат болуы мүмкін, бірақ транслитерациялық кілтсіз-ақ атаудың түпнұсқадағы ауызша түріне жақын берілуі сақталады.

Сонымен атауларды екінші тілде жеткізудің тиімді тәсілі ретінде транскрипция қабылдануы мүмкін. Оған ертеректе зерттеушілер мен алғашқы саяхатшылар жергілікті тұрғындардан естігенін дәл сақтау үшін жүгінген. Алайда транскрипция кері қайтаруға жатпайтын үдеріс. Бұл топоним бір тілден екінші тілге транскрипцияланғаннан кейін қайтадан түпнұсқа тілге транскрипциялануы міндетті түрде бастапқы формасын бермейді. Бұл, әрине, түпнұсқа жүйеде траскрипцияланған формасынан картада немесе мәтінде кездескен атауды қайта қалпына келтіргісі келетіндер үшін үлкен кемшілік.

Топонимикалық карталарды жасау барысында геоақпараттық картографиялық әдіс кеңінен қолданылады. Географиялық карталардағы атаулардан көптеген тарихи-мәдени ақпараттар алуға болады. Картада берілетін топонимдер аса көңіл бөлуді талап етеді. Бұрыс немес нақты емес атаулар берілген карта – бұл қате ақпарат беретін анықтағыш. Географиялық атауларды жан-жақты зерттеу – шығу тегі, мағынасы, уәждемесі, өзгертулер, жазылуы, айтылуы т.б. – ономастика, соның ішінде топонимикада зерттеледі. Карта түзу үшін қолданылатын топонимдер картографиялық топонимика нысаны болып табылады. Оның басты мақсаты – географиялық атауларды нормалау, яғни картада пайдалану үшін міндетті болып табылатын әр географиялық атау үшін бір, тұрақты аталуын анықтау.

БҰҰ-ның Экономикалық және әлеуметтік кеңесінің арнайы шешімімен құрылған БҰҰ сарапшылар тобының географиялық атаулар жөніндегі ұсыныстарына сәйкес [UNGEGN] картографиялық ұйымдар және олардың өндірістік кәсіпорындары елді-мекендердің, топонимикалық мәліметтер базасының, түрлі мақсаттағы атластар мен карталардың, газетирлер (географиялық атаулардың стандартталған тізімі) және басқа да картографиялық шығармалар мен ақпараттар материалдардың тізімін құрауда төмендегідей қағидаттарға сүйенуі керек:

– георгафиялық нысан атауларын тіркеу ресми немесе архив материалдарына сүйене отырып жазылуы керек;

– географиялық атау елдің жауапты органдары арқылы стандартталған болуы тиіс;

– бір географиялық нысанға бір географиялық атау бекітіледі;

– кирилицаны қабылдаған немесе латын жазуын пайдаланбайтын басқа елдер географиялық атауларын халықаралық қолданыс үшін белгіленген және БҰҰ бекіткен өзінің жеке транслитерация жүйесі бойынша құрылған латын алфавитінің әріптерімен жазуы тиіс;

– географиялық атаулардың жазылуы мен дұрыс айтылуы лингвистикалық аспектіге сүйенуі тиіс [4, 43-44].

Топонимдер сияқты осы уақытқа дейін ұлты қазақ азаматтарының аты-жөндері орыс тілінде «транслитерация» негізінде беріліп келді. Транслитерация әртүрлі графикалық жүйедегі тілдер арасында қолданылады, ол сол тілдердің әріптерін сәйкестендіру негізінде жасалады. Осыған сай жалқы есімдерді тіл аралық жеткізу орын алады. Алайда тәжірибе көрсеткендей, транслитерацияны қолданудың жетістіктері де кемшіліктері де бар екені бәрімізге аян. Жетістігі – жазбаша түрінде кісі есімі өзгеріссіз беріледі, ал оның иесі тілдік бірегейлендіруден тәуелсіз, әмбебап бірегейлендіруге ие болады. Кемшілігі – транслитерацияда қабылдаушы тіл ауызша жеткізуде өзінің ережелеріне басымдық береді.

Транслитерацияны қолдану туралы орыс ғалымы Д.И.Ермолович мынадай пікірді білдіреді: «Бүгінде орыс тілінде транслитерация тура мағынасында тілдік тәжірибеде қолданылмайды. Мұның себебі ағылшын, француз, неміс, венгр және басқа да тілдерде латын әліпбиіндегі көптеген әріптер өзінің дыбыстық қабатын өзгерткен немесе белгілі әріптік тіркестер мен сөздер де стандартқа сай оқылмайды. Сондықтан да орыс тілінде транслитерация сол қалпында жүргізілсе, түпнұсқада оқылуында бір-біріне ұқсамайтын кісі есімдерінің вариантты қалыптасады» [5].

Транслитерациялау ережесін жасау алдында оған қойылатын талаптар мен жалпы ұстанымдарды белгілеп алу шарт. Н.Рсалиева «http: //dbserv.ihep/su/~pubs/trans-e.htm» сайтында кезіккен жоба авторлары орыс есімдерін транслитерациялауда төмендегідей ұстанымдарды ұсынғанын көрсетеді:

1. Бір есімнің тек бір нұсқада транслитерациялануын қамтамасыз ету;
2. Ағылшын оқу ережелеріне сәйкес оқылуын (readability) қамтамасыз ету;
3. Тұрақты қалыптасқан транслитерациялау үлгілерін ескеру;
4. Авторлардың тәжірибесіне жүгіну.

Автор осы ұсыныстарды толық қолдай отырып, оны өз тарапынан бірқатар толықтырулармен жалғастырады:

1 .Қолдануға жеңіл, қарапайымдылықты қамтамасыз ету;

2. Үнемділікті қамтамасыз ету;

3. Диакритикалық үстемелерді қолданбау;

4. (Орфографияның дифференциалдық принципіне орай) мүмкіндігінше таңбаға таңба принципін сақтау;

5. Респонденттермен жасалған аудиторлық тәжірибе нәтижелерімен санасу [6,71].

Қазақ тілінде *Әйгерім, Айнұр, Мөлдір* т.б. есімдердің варианттарының қалыптасуы осындай транслитерацияның салдары.

Сонымен бірге Д.И.Ермолович кісі есімдерінің этимологиялық сәйкестігінің сырт қалып қоятыны жөнінде пікірін айтқан: «тарскрипция мен транслитерациядан басқа кісі есімдерін қабылдау мен жеткізуде аз зерттелген әдістің – этимологиялық сәйкестік әдісі немесе транспозиция байқалады» [5].

Кеңес өкіметі кезінде ұлты қазақ азаматтары баланың тууы туралы куәлігіне бала есімін ауызша айтып жаздырған, ал АХАЖ бөлімінің қызметкерлері ұлттық ерекшелік, тарих, есім тағудағы уәжден бейхабар, яғни аялық білімі болмағандықтан және ұлты қазақ азаматтарының аты-жөндерін дұрыс беру туралы нұсқаулықтың болмауынан қате, ұлттық антропонимиконға жат кісі есімдерін жазу орын алған.

Қате берілу үлгілері:

- Әріптің түсіп қалуы: Аяулым/Аяулм;
- Ь қосып жазу: Айгүл/Айгуль;

- Төл дыбыстардың орнына басқа әріп жазу: Әйгерім/Айгерим, Әйгерим, Айгерім; Нұргүл/Нургуль, Нұргуль;
- Ұлттық кісі есімдеріне жат түрлерінің қалыптасуы, яғни транспозицияның сырт қалуы: Тілеуқабыл/Телекабель;
- «а» әрпін қосып жазу: Айман /Аймана, Анар/Анара;
- дж тіркесінде беру: Жамбыл/Джамбыл/Джамбул, Жамилә/Джамиля;
- қазақ тіліндегі үлгісінде де -овна/-евна түрінде беру: Бегалықызы/Бегалиевна; т.б.

Жоғарыда берілгендерді ескере келе, 2007 жылдан бері А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, т.б. гуманитарлық институттардың ғалымдары тарапынан жүргізілген жұмыстардың нәтижесі ретінде жасалған қазақ-латын қарпін пайдаланып, түркі халықтарына ортақ латын әліпбиін түзіп, сол арқылы онимдерді беретін болсақ, қазіргі кезде өзекті болып тұрған бірнеше мәселелердің шешімін тапқан болар едік. Атап атйқанда, халықаралық стандартқа сай карта, атластарда топонимдерді беру жүйесі және кісі есімдерін халықаралық стандартқа сай жүйеге енгізу мәселелері шешіледі. Төмендегі кестелер түрінде бір-екі мысалды беріп көрейік, бұл тек жоба түрінде, алдағы уақытта осы бағытта зерттеушілер тарапынан жұмыстар жүргізіледі деген сенімдеміз.

1-кесте. Топонимдерді қазақ-латын қарпіне сай рәсімдеу

	Кирилл қарпімен берілуі	Латын қарпімен берілуі
	АЙҚОНЫС – көл, Қостанай обл.	**AIKONIS** – köl, Kostanay obl.
	АРАЛСОР – көл, Қостанай обл.	**ARALSOR** - köl, Kostanay obl.
	АЙДАРЛЫ – қыстау, Жамбыл обл.	**AYDARLI** – kıstau, Jambıl obl.
	АНҚАТЫ – өзен, БҚО	**ANKATI** – özen, BKO
	АРАЛ – қала, Қызылорда обл.	**ARAL** – kala, Kizilorda obl.
	АРЫС – өзен, ОҚО	**ARIS** - özen, OKO
	БАҚАНАС – өзен, Алматы обл.	**BAKANAS** - özen, Almaty obl.

2-кесте. Антропонимдерді қазақ-латын қарпіне сай рәсімдеу

	Кирилл қарпімен берілуі	Латын қарпімен берілуі
	МӨЛДІР	**MÖLDİR**
	АЙНҰР	**AYNUR**
	ӘЙГЕРІМ	**ƏİGERİM**

Қазақстан Республикасының Конституциясында мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп жазылған. Осыған сәйкес аталмыш жер-су атауларын, дүниеге келген сәбилердің аты-жөндерін мемлекеттік тілде рәсімдеудің кезі келді. Кез келген елде онимдерді ана тілінде реттеу бірінші кезекте тұрады, себебі олар сол тілдің реалийлері ретінде ұлттық таным, тарих, мәдениеттен көрініс береді. Екіншіден, тілдік саясат орын алады, яғни тілдің мемлекеттік тіл ретінде мәртебесін сақтау. Үшіншіден, нысандарды, азаматтарды ұлттық бірегейлендіру үрдісі жүреді. Төртіншіден, географиялық нысан атаулары мен кісі есімдері ұлт тәрбиесінде негізгі рөл атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 14 желтоқсан 2012 жыл.

2 Мырзахметұлы М. Түркістанда туған ойлар. – Алматы: Санат, 1998.

3 Ескеева М.Қ. Ортақ түркі әліпбиі – жалпытүркілік сананы жаңғыртудың кепілі // Халықаралық кеңістіктегі қазақ графикасы. – Астана, 2012. – 23-28 б.

4 Әбдуәлиұлы Б. Транслитерация және қазақ ономастикасының мәселелері // Халықаралық кеңістіктегі қазақ графикасы. – Астана, 2012. – 40-47 б.

5 Ермолович Д.И. Имена собственные на стыке языков и культур. – Москва: Р. Валент, 2001.

6 Рсалиева Н.М. Қазақ ономастикалық атауларын ағылшын тілінде транслитерациялау ережесі (ЖОБА) // Халықаралық кеңістіктегі қазақ графикасы. –Астана, 2012. – 67-89 б.

В данной статье рассматривается правильная передача казахских онимов на основе латинской графики. Проанализированы вопросы соответствия оформления онимов международному уровню, проблемы стандартизации географических названий на страницах международных СМИ, картах и атласах. Даны рекомендации при переводе топонимов с одного языка на другой, а также при их написании. Представлены правильные варианты написания фамилий, имен, отчеств граждан казахской национальности на основе латинского алфавита.

This article discusses the correct transfer of Kazakh Onim based on the Latin alphabet. Conforming Onyms to the international usage, problems of standardization of geographical names in maps, atlases and international media are observed. The advantages of transferring to Latin alphabet are defined. Recommendations on translating and writing the toponyms from one language into another are given. The citizen's full names whose nationality is Kazakh are shown in the Latin alphabet.

ӘОЖ 81:002 (каз)

Б.Х. Исмағұлова[1], М.Қ. Қанабекова[2]
Орталық Азия университеті[1]
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті[2]
ismagulova.b@mail.ru; menya.56@mail.ru
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ НЕОЛОГИЗМДЕР СӨЗДІГІ: ӘЛЕУМЕТТІК ҚАЖЕТТІЛІГІ ЖӘНЕ ҚҰРАСТЫРУ ҰСТАНЫМДАРЫ

Мақалада тәуелсіздік кезеңінде қазақ тілінде пайда болған жаңа сөздер мен қолданыстар сөздігінің қоғамдағы қажеттілігі және мемлекеттік тілдің дамуындағы ролі қарастырылады. Осы әлеуметтік қызметінен туындайтын неологизмдер сөздіктерін құрастыруда қолданылатын негізгі ұстанымдар анықталады. Лексикографиялық бағыттағы теориялық-тәжірибелік зерттеулердің жүргізілуі, жаңа қолданыстар сөздігінің қажеттілігі мен әлеуметтік маңыздылығы атап көрсетіліп, қазіргі неографиядағы сөздік корпусын құрастырудың өлшем-критерийлері зерделенген.

Тірек сөздер: қазіргі қазақ тілі, неологизмдер, жаңа қолданыс, жаңа сөздер сөздігі, лексикография, коммуникация.

Тәуелсіз, егемен еліміздің жиырма бес жылдығының қарсаңында қоғамда орын алған түбегейлі реформалар қатарында қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін ерекше атап өту қажет. Себебі қазақ тілінің осы қысқа мерзімдегі тіршіліктің көптеген саласында қатынас құралына айналып қолданыс аясының айтарлықтай кеңеюі тіл қабаттарының жан-жақты дамуына әкелгені анық. Осы тұрғыдан қарасақ, әсіресе сөз қорының көбейіп өсуі, яғни жаңа сөздер мен белгілі сөздердің жаңа қолданыстары орасан зор екенін байқаймыз. Сол себептен зерттеуші ғалымдар соңғы ширек ғасырда орын алған лексика-семантикалық өзгерістерді

«лексикалық бум» деп пайымдайды. Оның негізінде қоғамдағы күрделі өзгерістер жатқаны сөзсіз: шынайы тіршілік пен адамның сана-сезіміндегі саналуан өзгерістер өмірге жаңа атауларды алып келуде. Бұл құбылыс – әрбір тілде орын алатын заңдылық: неғұрлым қоғамдық өзгерістер терең және түбегейлі болса, лексика қоры да жаңа сөздер мен жаңа қолданыс арқылы өседі.

Осыдан қоғамда бірнеше қажеттілік туындайды. Біріншіден, сол жаңа сөздердің көпшілікке түсінікті болуы нәтижелі, оң қарым-қатынас, коммуникацияға әкеледі, дұрыс түсінбеу, мүлдем түсінбеу деген қатынасқа кедергі жасайтын жағдайларды жояды. Екінші қажеттілік тілдің даму тынысынан туындайды, яғни жоғарыда айтқан лексикалық инновациялардың қолданысқа ену-енбеуі: неологизмдердің қайсысы тілге сіңіп лексикасында орын алады, қайсысы окказионализм ретінде қолданылады, қайсысы мүлдем қолданусыз қалады – тіл мамандарының назарында болып зерттелуі. Бұл мәселелердің сырт көзбен қарағанда тіл біліміне жақынырақ болып көрінгенмен әлеуметтік қажеттілігі сөзсіз, себебі сөзді дұрыс қолдану және оны адресаттың адресант ойлаған мағынасында түсінуі (бір сөзбен айтқанда «дұрыс» түсінуі) коммуникацияның сапасын көтеріп, жеңілдетеді. Үшінші қажеттілік тілді қолданушыға байланысты, нақтырақ айтқанда – қолданушының мемлекеттік тілді меңгеру деңгейі мен қабілетіне: а) қазақ тілді тұлға (ұлты қазақ, қазақ тілі – ана тілі немесе ұлты қазақ емес, ана тілі – басқа тіл, бірақ қазақ тілін жете меңгерген) қазақ тілінде еркін сөйлеп, әрқашан қатынас құралы ретінде қолданады б) орыс немесе басқа тілді тұлға (ұлты қазақ не басқа) қазақ тілін үйренуде. Қазақ тілді тұлғалар жаңа сөздер мен жаңа қолданыстарды сөйлеу іс-әрекетінде дұрыс түсініп орынды пайдалануды қажет етеді. Ал қазақ тілін үйреніп жүрген адамдар да қоғамда жиі қолданылып жүрген және өзінің мамандығы, іс-тәжірибесінде қажет жаңа сөздерді біліп, қолдануға мәжбүр.

Қазақ әдеби тілі лексикасы динамикасындағы жаңалықтар мен өзгерістерге байланысты ғылыми сипаттағы лексикографиялық еңбектер қатарында атқаратын маңызды істердің бірі – тіл дамуының белгілі бір кезеңінде пайда болған жаңа атаулар мен қолданыстарды тану, бір жүйеге түсіріп жинақтау, олардың қолданыстағы жай-күйін жіті қадағалап отыру. Бұл бағытта алғаш рет қолға алынған ғылыми-тәжірибелік ізденістер 1985-1990 жылдардағы авторлар ұжымы дайындаған «Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар» атты жинақтан, 1992 жылғы «Жаңа атаулар» сөздігінен басталып, бүгінде жалғасын тауып отырған ғылыми-теориялық зерттеулердің жүргізілуі мен сөзжасам, терминжасам тәжірибесіне негізделген қазіргі қазақ тілі лексикасынының даму сипаты көрсетілген еңбектердің жарыққа шығуы болып табылады. Демек, қазақ әдеби тіліндегі лексикалық «жаңалықтарды» дер кезінде жинақтап, қолданыстағы нормалық шегін, мағыналық өрісін анықтау маңызды болмақ. Ғалым Ш. Құрманбайұлының: «Соңғы жылдар көлемінде қазақ тіліндегі сөзжасам, терминжасам үдерісі біршама жанданып, сөздік құрамымызға жүздеген жаңа атаулар қосылды. Сондай атауларды уақтылы жинақтап, олардың қолданысын қадағалап отыру тіл үшін өте маңызды. Мұндай жұмыс лингвистер тарапынан жүйелі түрде жүргізіліп отырмаса, жаңа қолданыстарды дер кезінде сараптан өткізіп, олардың арасынан сәтті жасалғандарын іріктеп алу мүмкіндігін қолдан шығарып аламыз» деген ой-пікірінде бұл мәселеге тіл мамандары тарапынан айрықша көңіл бөлініп отыру қажеттілігі баса айтылған [1, 4].

Тілде жаңа сөздер мен мағыналардың пайда болуы – тіл үшін оның өміршеңдігін дәлелдейтін табиғи үдеріс. Бұл бізді қоршаған ақиқат өмірде болып жатқан жаңалық-өзгерістермен байланысты және де бүкіл қолданыстағы тілдерді олардың ажырамас қасиеті ретінде сипаттайды. Табиғат пен қоғамдағы ақиқат өзгерістерден басқа танымның үнемі жаңарып отыратын үздіксіз үдерісі жаңа сөздер мен мағыналардың жасалуында маңызды рөл атқарады, олардың нәтижесі жаңа сөздерден көрініс табады. Осыған байланысты жаңа сөздер туралы ғылым ретінде неология: а) тілдің даму жүйесінде оның әлеуметтік-тарихи шарттылығы ретінде жүретін номинативтік үдерістер механизмін табуға және сипаттауға тиісті тілдің сөздік құрамын толықтыру мәселелеріне арналған зерттеулерден және ә) жаңадан пайда болған лексикалық-семантикалық сөздердің әрбірінің мағынасы, басқа сөздермен тіркесі тізімінен тұратын және сондай зерттеулердің өзінше нәтижесін көрсететін

сөздіктер мен жаңа сөздердің анықтамалықтарынан тұрады. Мұнда, кейбір ғалымдардың пікірінше, ондай сөздікте белгілі уақыт ішінде пайда болған неологизмдер келтірілгені өте маңызды, тіпті егер жаңадан пайда болған сөз бір рет қолданылса да окказионализмге жатады [2].

Дамыған тілдерде, зерттеулер мәліметі бойынша, бір жылдың өзінде газет-журналдардан жазып алынған неологизмдер саны ондаған мың бірліктерді, жаңа атауларды құрайды. Олардың қолданысын қадағалап отыру, жіті бақылау, мағынасын түсіну, стилистикалық мәніне байланысты ерекшеліктерін білу және т.б. қарапайым тіл қолданушы үшін лексикалық қорымызда болып жатқан жаңалықтарды толық тану мүмкін емес. Мұндай жағдайда жол табудың бір амалы – белгілі бір дәуірде, кезеңде пайда болған жаңа сөздерді жинақтап бірізге түсіру, мағынасын түсіндіру, яғни лексикалық инновациялар үдерісінің даму сипатын айқындайтын арнайы неологизмдердің сөздігін жасау әрекеті болмақ.

Жаңа сөздік пайда болған хронологиялық (мерзім) межесін көрсету неліктен маңызды? Бұл жөнінде орыс тіл білімінде біршама теориялық тұжырымдар жасалды. Ал қазақ терминологиясын бірізділендірудің және аударма жасаудың нәтижесінде пайда болған жаңа қолданыстарды сөз мәдениеті аспектісінде зерттеген Айман Алдаш орыс тілінде лексикалық «жаңалықтарды» даралау үшін бірнеше межелер ұсынылғанын атап өтеді: «...солардың ішінде зерттеушілердің негізгі тірек ететіні – жаңа сөздердің пайда болған мерзімі. Бұл белгі-меже аса маңызды, өйткені ол сөзтізбе жасау, картотека қорын түзу жұмысымен тығыз байланысты» [3, 43]. Демек, тілдік хронологиялық өлшем бойынша лексикалық жаңа бірліктерді топтастыру да аса маңызды болып табылады. Бұл бағытта бірді-екілі еңбектер де жарияланып, олардың сөзжасамдық, терминдік табиғаты, нормалану дәрежесі мен әдеби тілде қалыптану мәселелері біршама сөз болды. Әсіресе, академик Р. Сыздықтың еңбектерінде бұл мәселелер кеңінен талданып, лингвистикалық сараптаудан өткізіліп, тілдік деректермен дәйектеліп тұжырымдалады [4]. Айталық, ғалымның тілдегі жаңалықтар жайлы мына бір таным-түсінігіне назар аударалық: «Жаңа қолданыстарды өзге де тілдер тәжірибесіндей, қазақ дүниесінде де жаңа қолданыстарды тіркеп, түсіндіріп, мысалдарын келтіріп ұсынып отыруды бастағанымыз да, әрі қарай жүргізіле беретіндігіміз де құптарлық іс. Және жаңа сөздер мен жаңа мағыналарды жинастыруды кезеңдерге орай әрбір 10-15 жыл барысындағы лексикалық жаңалықтар деп жүргізген тиімді. Мұндайда ең соңғы жаңа бірліктермен қатар, мұның алдындағы онжылдықтарда пайда болғандарының орнығу немесе ығысу процесі көрінетін болады, бұрын сәтсіз шыққандарының алмастырылғаны, қысқасы, «қозғалыс» сипаты айқындала түседі» [5, 181].

Бұл қайсыбір тілде пайда болған неологиялық бірліктердің «жаңалық» сипат-белгілерін өте жылдам жоғалтып, жалпы ұлттық әдеби тілдің игілігіне айналуымен байланысты. Демек, жаңа сөздер мен мағыналар сөздігінің міндеті – тілде пайда болған жаңа сөздерді дер кезінде байқау, тілді кез келген пайдаланушы оларды бірдей дәрежеде түсінетіндей және өз сөзінде қолданатындай етіп олардың мағынасы мен қолдану ерекшеліктерін тани білуі тиіс. Бұл, өз кезегінде, қоғам мүшелерінің тиімді әрі ыңғайлы қарым-қатынас жасауына жағдай туғызады.

Егер «тіл тұтынушысы» бір тілді емес көп тілді білетін болса, жаңа сөздер мен мағыналар сөздігіне деген қажеттілік арта түседі және бұл жердегі негізгі мәселе әр тілде сөйлесушілерді бірлестіруге, олардың өзара түсінісуін мен ынтымағын қамтамасыз етуге бағытталған біріктіруші міндет жүктеледі. Бұл – мемлекеттік тілді игерту тұрғысынан шешімін табуы тиіс. Өйткені мемлекеттік тілді нашар білетін және оны жаңадан үйреніп жүрсе де, сол тілде сөйлесуге бар ынта-ықыласымен кіріскен адамдар түгілі сол тілде еркін сөйлейтін адамдар арасында да жаңа сөздер легін игеріп үлгермейтіндіктен, тілдік кедергілер пайда болуы мүмкін, сондықтан жаңа сөздерді көпшілікке барынша түсіндіріп отыру аса қажет.

Жаңа сөздер мен мағыналар сөздіктері лексикографиялық тәжірибеде ерекше орын алады, өйткені белгілі уақыт ішінде қандай да бір тілде пайда болған жаңа сөздерге, жасалуы мен қолданысына тіл мамандарының айрықша назар аударуына мұндай

сөздіктердің ықпалы зор және тіл қолданушылар арасында жаңа сөздер мен оның мағыналарын жете тануға және оларды тілдік тәжірибеде дұрыс қолдану қағидаларын игеруге бағдар болатыны даусыз. Неологизмдердің дәлме-дәл ұғымдық көрінісін, олардың мағыналарын, қолдану ерекшеліктерін түсіндіру міндеті жүктелген жаңа сөздердің арнайы сөздігін жасау қажеттілігі әлеуметтік-экономикалық және лингвистикалық факторлардан келіп шығады. Қазіргі қазақстандық қоғамда жүріп жатқан «лексикалық дүмпу» жағдайларында қазақ тілі жаңа сөздері мен мағыналары сөздігінің маңыздылығы олардың мемлекеттік тілде сөйлесуге ұмтылған адамдардың әлеуметтік қажеттілігіне айналып отырғандығынан деп түсіну қажет. Тілде пайда болған жаңа сөз тілдің сөздік құрамын одан ары толықтыру көзі болғандықтан, жаңа лексикалық қолданыстарды тіркеу, олардың тілге немесе сөзге қатысты дәрежесін бағалау – неологиялық сөздіктердің міндеті болып табылады. Олар белгілі бір тіл құралдары арқылы берілетін шағын мәнмәтінді, олардың лексикалық маңызын грамматикалық және стилистикалық ерекшеліктерін ескере отырып, лексикалық жаңа сөздерді қолдану шарттарын көрсету сияқты практикалық міндеттерді шешуге арналған және тілдік инновация маркерлері қызметін атқарады. Жаңа сөздердің пайда болу механизмін теориялық тұрғыдан түсіну, тілде олардың туындау себептері мен заңдылықтарын анықтау, тілдің әрбір даму кезеңіндегі олардың мәртебесін белгілеу және т.б. жаңа сөздердің арнайы сөздіктерінде қазіргі қазақ тілінің лексикалық инновация үдерісін толық көрсету мүмкіндігін береді.

Жаңа сөздер сөздіктері сөздіктердің жалпы жүйесіне арнаулы микрожүйе жасай отырып енеді. Лексикография саласында сөздіктердің тәжірибедегі жіктелуін ескере отырып, қазіргі қазақ тілінің жаңа сөздерінің қолданыстағы сөздіктерін [6] тілі бойынша – бір тілді; лексикалық ауқымы бойынша – арнаулы; көлемі бойынша – толық: безендірілуі және ақпаратты нақтылау бойынша – баспалық, сөздік корпусында материал беру тәртібі бойынша – жиілікті деп бөлінетіндігін ескеріп отырған жөн.

Неологиялық сөздіктер туралы айта отырып, жаңа сөздерді лексикографиялық сипаттауға арналған ғылым ретінде неографияның белсенді дамуын атап өткен жөн, оған жаңа сөздер ұғымындағы сатылық идеясының авторы, Ресей ғалымы Н.З. Котелованың еңбектері дәлел бола алады, бұл идеяның негізінде сөздер ұғымының үш басқышы немесе үш сатысы туралы ілімі жатыр. Сонымен, сөз ұғымының бірінші сатысы – бұл сөйлесудің әрқилы талаптарынан туындаған, нақты сөйлесушінің сөзінде сол сөздің пайда болуы; екінші сатысы сол сөздің тыңдаушының сөзіне қосылуы; үшінші сатысы – сол сөздің жаппай қолданысқа енуі. Сөздің сатылы дамуына құрылған неологиялық сөздіктер типологиясына сәйкес тілдегі жаңа сөздің ұғымын көрсететін басылымдардың үш түрі бар: бұл: а) күтілмеген тілдік өзгерістер легін көрсететін жыл сайынғы сөздіктер; ә) он жылдық кезеңді қамтитын анықтамалық-сөздіктер, немесе Н.З. Котелованың жаңа сөздер мен мағыналардың, терминология бойынша «онжылдық» сөздіктері [6; 7; 8]; б) неологиялық түсіндірме сөздіктер немесе бірнеше онжылдықта пайда болған сөздерді қамтитын, әлі академиялық түсіндірме сөздіктерге енбеген, бірақ жалпы қолданыста (узуста) орныққан [8, 50] неологизмдер банкі. Егер сөздіктердің алғашқы екі түрі жаңа сөзді сипаттау міндетімен шектелсе және алдына нормативтік мақсаттар қоймаса, сөздіктің үшінші түрі қалыпты норма жүйесіне жатады: тек «уақыт сынағынан өткен», жалпы тілдік игілікке айналып, әдеби тілге енген сөздерді ғана қабылдайды.

Лексикография тәжірибесінде сыртқы өлшемдерді (кіріспе бөлімнің болуын, қысқартулар тізімін, сөздіктің өзін, қосымшаларды), сөздік құрастырудың негізгі өлшемдерін (қолданушының болашағы тұрғысынан сөздіктің міндетін), тілдік тұлғаларға (жазушыларға, журналистерге, филологтарға, аудармашыларға), студенттерге, қарым-қатынас саласы қызметкерлеріне және т.б. арналған сөздік көздерінің саны мен сапасын, сөздіктің макро және микроқұрылымын (материалдың орналасуының дәстүрлі әліппелік ұстанымын, сөздік мақаласының кем дегенде төрт бөліктен: бас сөзден, грамматикалық белгіден, дефициядан, дәйексөзден (цитатадан құралу міндеттілігін) анықтайтын белгілі ұстанымдар бар.

Оның үстіне, қазіргі неографияда сөздік корпусын құрастыру және неологиялық типтегі сөздік мақаласының анықтамалықтарын дайындау мақсатында арнайы ұсыныстар жасалды. Мәселен, неологизмдер сөздігінде:

- сөздермен бірге басқа да лексикалық жаңалықтарды да, мәселен, сөздердің жаңа мағыналарын, жаңа морфемаларды, тұрақты сөз тіркестерін (дәстүрлі түсіндірме сөздікте сөз сөзтізбенің негізгі элементі болып табылады) белгілеп қою мақсатқа лайық болуы керек;

- авторлық сөз тіркестері болмауы тиіс: жаңа сөз шынайы және қатаң құжаттық мәнмәтіндер күйінде (авторлық сөз тіркестері ерекшелігі болып табылатын кейбір түсіндірме сөздіктерден өзгеше) берілуі керек.

- көркемдеу материалы міндетті (түсіндірме сөздікте көркемдеу материалы факультативті);

- сөздің этимологиясын барынша толық және дәл келтіру қажет, бұл оның семантикалық-деривациялық «уәжін» айқындайды және жаңа сөздік бірлігінің мағынасы мен қолданысына демеу болады:

- сонымен қатар, белгіленген тілдік бірліктер қолданылатын мәнмәтіннің құжаттық және жағдаяттық құрамдас бөліктерін нақтылау үшін ақпараттық категориялар жүйесін үнемі жетілдіріп отыру, белгілердің қосымша әрекет-тәсілдерін енгізу ұсынылады.

Бұл сөздік мақаласын прагматикалық аймақпен толықтыру, яғни жаңа сөзді: а) әлеуметтік және кәсіби көрсеткіш; ә) жаңа сөздік бірлігін жасына, ұлтына, аумақтық ерекшелігіне қарай қолдану; б) жағдайдың үндестігі (ресми – бейтарап – ресми емес); в) сөздің диахроникалық тереңдігі (архаикалық – тарихи – жаңа); г) оны қолданудың жиілігі бойынша сипаттауға мүмкіндік береді. Бұдан байқайтынымыз, сөзтізбе сөздік мақаласына прагматикалық аймақтың енгізілуі неологизмдерді сөздік қолданушы мүддесінде дәлірек лексикографиялық сипаттауға жағдай жасайды, бұл тілге дұрыс көзқарасты қалыптастырады.

Қорытындылай келе, қазақ тілі жаңа сөздерінің сөздіктерін қалыптастыру «тіл тұтынушысы» көзқарасы тұрғысынан жасалған белгілі бір өлшемдер (критерийлер) негізінде жүзеге асырылады. Жаңа лексикалық бірліктерді сипаттауға арналған лексикографиялық басылымдар жаңадан пайда болған сөздер жайлы барынша толық ақпарат береді: жұртшылық тарапынан жаңа атаулардың қабылдану деңгейін анықтайды, ойды жеткізудің құралдары мен тілдік формаларының даму сипатын көрсетеді, сөздіктің мақсаттары мен міндеттері, оның макро және микроқұрылымын қалыптастыратын көздері мен өлшемдері туралы мағлұмат береді, бұл аталым (номинация) актілерінде көрініс табатын адамзат қоғамы тарихын дәл бақылап отыруға мүмкіндік береді әрі «тіл тұтынушысының» жаңа сөзді дұрыс түсініп қабылдауына зор септігін тигізеді.

Белгілі мерзімде жаңа сөздер мен жаңа қолданыстардың қосылуын тіркеп отыратын тарихи басылым болғандықтан жаңа атаулар сөздігі тіл мен қоғам дамуының дәлелі болып табылатыны сөзсіз. Нақты айтқанда, белгілі тарихи кезеңнің мәдени түрлілігін, соның ішінде тілдегі жаңалықтар арқылы қоғамдағы өзгерістердің бағыттарын, күшін, сандық көрсеткіштерін тіркей келе, бұл неографиялық еңбек өз заманының маңызды белгісіне айналады.

Әдебиеттер тізімі

1 Құрманбайұлы Ш. Жаңа атаулар мен жаңа қолданыстар. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2012. – 256 б.

2 Заботкина В.И. Новая лексика современного английского языка: учеб. пособ. для инс-тов и фак-тов иностр. яз. – М.: Высшая школа, 1989. -126 с

3 Алдаш А. Сөз мәдениеті: жаңа қолданыстар негізінде. Монография. –Алматы: Сардар, 2015. 43-б.

4 Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілі – 60 жылда (дамуындағы тенденциялар) // Қаз ССР ҒА Хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы. 1977. – №3. – Б. 1-8.

5 Сыздық Р.Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. – А., 2009. – 181 б.

6 Сыздықова Р., Сарыбаев Ш., Алдашева А., Уәлиев Н. Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар. – Алматы: Ғылым, 1990.-136 б.; Құрманбайұлы Ш. Қазіргі қазақ тіліндегі

жаңа атаулар мен қысқарған сөздер. – Астана: ІС-Сервис ЖШС, 2009. – 256 б.

7 Новое в русской лексике.Словарные материалы. /Под ред. Н.З.Котеловой. – М.: Русский язык, 1980; 1981; 1986.

8 Котелова Н.З. Проект словаря новых слов. – Л., 1982. – 210 с.

Концепт рассматривается как единица языка и культуры в их взаимодействии в трудах целого ряда исследователей: Н.Ф. Алефиренко, Н.Д. Арутюнова, А.П. Бабушкин, В.В. Воробьев, В.И. Карасик, В.А. Маслова, Ю.С. Степанов, Ш.К. Жаркынбекова, А. Ислам, Н.Г. Шаймерденова и др, однако до сего времени мы наблюдаем множество интерпретаций, касающихся содержательных различий между двумя смежными сущностями: понятие и концепт. Так, Ю.С. Степанов дифференцирует их следующим образом: «…понятие – это мысль о предметах и явлениях, отражающая их общие и существенные признаки, а концепт – это идея, включающая не только абстрактные, но и конкретно-ассоциативные и эмоционально-оценочные признаки концепты не только мыслятся, они переживаются….концепт – это точка пересечения между миром культуры и миром индивидуальных смыслов, это сгусток культуры в сознании человека и то, посредством чего человек сам входит в культуру» [5, 41-42].

Д.С. Лихачев считает, что концепт – это замещение значения слова в индивидуальном сознании и в определенном контексте, это личностное осмысление, интерпретация объективного значения и понятия как содержательного минимума значения [7, 281].

А.А. Залевская характеризует концепт с позиции психолингвистики как объективно существующее в сознании человека перцептивно-когнитивно-аффективное образование динамического характера в отличие от понятий и значений как продуктов научного описания (конструктов) [8, 39].

А. Соломоник определяет концепт как абстрактное научное понятие, выработанное на базе конкретного житейского понятия [9, 246].

В.З. Демьянков, анализируя понятие и концепт в художественной литературе и научном языке, считает, что понятие – это то, о чем люди договариваются, люди конструируют их для того, чтобы «иметь общий язык» при обсуждении проблем; концепты же существуют сами по себе, их люди реконструируют с той или иной степенью (не) уверенности [10, 45].

В.В. Колесов дифференцирует понятие и концепт следующим образом: концепт – это сущность, явленная в своих содержательных формах – в образе, в понятии и в символе… Понятие есть приближение к концепту, это явленность концепта в виде одной из его содержательных форм. Концепт – и ментальный генотип, атом генной памяти … и архетип, и первообраз, и многое еще [11, 19-20].

С.Г. Воркачев считает, что понятие (intellectus) рассудочно и связано с рациональным знанием (пониманием), концепт (conceptus) – производное возвышенного духа, разума, способного творчески воспроизводить смыслы [12, 16].

С.Х. Ляпин: «… концепт – это смысловые кванты человеческого бытия–в–мире, в зависимости от конкретных условий превращающиеся в различные специализированные формообразования, «гештальты» бытия… Концепты суть своеобразные культурные гены, входящие в генотип культуры и вероятно определяющие феноменологическую поверхность культуры, ее фенотип…» [13].

В нашем исследовании мы используем концепты в трактовке В.И. Карасика: «это ментальные образования, которые представляют собой хранящиеся в памяти человека значимые осознаваемые типизируемые фрагменты опыта. Типизируемость этих единиц закрепляет представления в виде различных стереотипов, их осознаваемость дает возможность передать информацию о них другим людям, их значимость закрепляет в

индивидуальном и коллективном опыте важные (и поэтому эмоционально переживаемые) характеристики действительности. Эти характеристики концептов представляют собой их образно-перцептивную, понятийную и ценностную стороны» [14, 24].

Камча – один из древних видов подручных средств, используемых в хозяйстве скотовода, обычно для приручения управления скотом, особенно лошадьми. Однако значение и значимость данного орудия вышли далеко за рамки чисто хозяйственного средства, что позволило известному исследователю Н. Уали квалифицировать *қамшы* как концепт [15].

Қамшы использовался и в схватках, драках, а также и во время охоты. Опытные охотники камчой могли перебить позвоночник волку: «*Қасқырға қырық сегіз таспа қамшыдан артық қарудың керегі жоқ*» (Ғ. Мүсрепов).

Скотоводы использовали камчу во время обряда приручения норовистых коней.

Камчу использовали во время обряда *беташар.* Считалось, что невестка, белое покрывало с лица которой открывали камчой, будет справедливой, честной по отношению к родственникам мужа, а сын, которого она родит, будет править народом, будет честным и справедливым правителем. Отсюда выражение *келіннің бетін үкілі қамшымен ашу.* В традиционной казахской культуре лицо невесты открывали также с помощью *камчи с вплетенной в нее красной нитью.* В *беташаре* актуализируется образная составляющая концепта *камча*, которая в народном представлении ассоциируется с понятием власти, силы, открывая лицо невесты с помощью камчи, тем самым желают невесте стать в среде родственников мужа уважаемым членом семьи, наделенным определенной властью и почетом.

Существовало также мифологическое представление казахов о том, что *камча,* украшенная перьями филина, оберегает от злых сил, кроме того, это знак, выражающий пожелание молодой снохе достичь высокого социального статуса. Камча выполняет также регулятивную функцию. Например, в прежние времена полагалось, по этикету, входить в дом со сложенной вдвое камчой. По сути по своим функциям это соотносится с русской кинемой «*входить в дом, сняв головной убор*», семантика одна и та же – выражение уважения к дому и живущим в нем людям, иллюстрация того, что входящий человек желает добра дому.

Если же человек входит в дом, *подняв камчу либо волоча ее*, это, с одной стороны, знак невоспитанности, невежливости, либо демонстрация агрессивно-конфликтного отношения входящего человека к хозяину дома.

Камча также имеет сакральный смысл. Камча для кочевников-скотоводов – многофункциональное средство. Известный этнограф С. Кенжеахметулы так описывает камчу: «Қазақ өмірінде қамшы – өнер туындысы, қамшы – рухани күш-қуат, қамшы – сый-сияпат, қамшы – жігіт пен қыздың сәні мен салтанаты, қамшы – азамат айбыны, қамшы – шебер қолдың айғағы, қамшы – алса қару, қалса – мұра екенін білетіндер аз» [16, 78-79].

В невербальном общении мы используем невербальные средства в ходе визуального непосредственного, межличностного взаимодействия, т.е. в речи. Система знаков невербального общения является объектом теории невербальной семиотики, которая, в свою очередь, выступает как часть лингвокультурологии, поскольку средства невербального общения составляют неразрывную часть коммуникативной культуры конкретного этноса, отражают древние архетипические и мифоритуальные представления человека.

Ярко выраженная национально-культурная самобытность невербальных средств общения дает основание для рассмотрения их на материале нескольких лингвокультур в сопоставительном аспекте.

Концепт *қамшы* часто используется как составная часть жестов в невербальной коммуникации. Материальные предметы, используемые в в невербальной коммуникации, характеризуют мужчин и женщин.

Материальными предметами могут выступать:

платок, косынка, шарф – у женщин,

камчу, бөрік, шапку, мундир, шапан, трость – у мужчин.

Материальные предметы, используемые в дейктических, ритуальных, регулятивных и эмотивных невербальных средствах указывают на их гендерные характеристики:

қамшы: қамшымен нұсқау, қамшыны тастау, қамшыны алдына тастау, қамшыны сілтеу;

орамал: орамалмен бұлғау,

либо относительно отчуждаемые части человеческого тела (*сақал: сақалымен шошайту, сақалымен саумалау;*

мұрт: мұртынан күлу;

шаш: шашын жұлу, шашын жаю).

Камча используется в эмоциональных жестах: *қамшы тастау* (бросить плетку – знак «прошу слова»), *қамшысын білемдеу* – угрозу, *қамшыны алдына тастау 1*- просить слова, *қамшыны алдына тастау 2* – бросить вызов.

Камча выполняет также регулятивную функцию. Например, в прежние времена полагалось, по этикету, входить в дом со сложенной вдвое камчой. По сути по своим функциям это соотносится с русской кинемой «*входить в дом, сняв головной убор*», семантика одна и та же – выражение уважения к дому и живущим в нем людям, иллюстрация того, что входящий человек желает добра дому. Невербальные средства, выполняющие в коммуникативном акте регулятивную функцию направлены на формирование определенных взаимоотношений, регулирование поведения людей в конкретных коммуникативных ситуациях, каузирование либо прекращение каких-либо действий. В отличие от эмотивных невербальных средств , значение которых несколько расплывчато и не всегда поддается четкому определению, поскольку иногда невербальный знак передает смесь эмоций (*бетім-ай* – одновременно ужас и удивление, *санын шапалақтау* – удовлетворение от того, что получилось так, как предполагалось, планировалось, радость и т.д.), регулятивные знаки в содержательном аспекте более конкретны и однозначны. Так, кинема *қолын шығару* означает категорический отказ, *қол көтеру* – прекращение действий, *басын изеу* – согласие, *шынашағын басу* – солидарность, *сұқ саусағын ерніне апару* – призыв к тишине, *арқасын қағу* – поддержку, *қамшысын білемдеу* – угрозу, *қамшыны алдына тастау 1*- просить слова, *қамшыны алдына тастау 2* – бросить вызов, *кесені қисайту* как знак утоления жажды и др.

Данные невербальные средства отражают и относительное социальное равенство коммуникантов и желание одного из коммуникантов нивелировать существующую между ним и его партнером социальную дистанцию. В случае, когда коммуникант, от которого исходит приветствие, хочет подчеркнуть свое особое почтение второму коммуниканту, вызванное его возрастом, особыми заслугами перед народом, либо его высоким статусом, то используются другие фатические кинемы: *қос қолды кеудеге қою; оң қолын төсіне қою; оң қолын кеудесіне қойып, бас ию; қол қусырып иілу; тізе бүгіп сәлем ету; тізерлеп, қол қусырып,тағзым ету; қамшыны кеудеге ұстау; екпетімен түсіп жата қалу; құшақтасу.*

Камча используется и в фатических невербальных средствах. Например: *қамшыны кеудеге ұстау*. Однако в современной коммуникативной культуре казахов мужские фатические невербальные средства представлены в несколько редуцированном варианте, такие кинемы, как *тізе бүгіп сәлем ету, тізерлеп қол қусырып, тағзым ету; қамшыны кеудеге ұстау; екпетімен түсіп жата қалу; құшақтасу* исчезли из обихода, оставшись лишь в художественных текстах, в театральных постановках и кино на историческую проблематику.

Итак, теория невербального общения является составной частью лингвокультурологии, поскольку средства невербального общения составляют неразрывную часть коммуникативной культуры конкретного этноса, отражают древние архетипические и мифоритуальные представления человека. Теория невербального общения непосредственно связана с такими науками, как этнография, этнолингвистика, культурология, переводоведение, теория коммуникации. Невербальное общение, характеризующееся более высокой, чем вербальное общение, степенью национально-культурной маркированности,

является формой репрезентации национального менталитета и тех базовых концептов, которые формируют национальный менталитет. Концептуальные основания невербального общения эксплицируются в соответствии с типом коммуникативной ситуации.

Список литературы

1 Дуйсекова К.К. Фразеологическая картина мира французского и казахского языков (концептуально-лингвокультурологический опыт исследования): дис. ... докт. филол. наук: 10.02.20. – Алматы, 2006. – 263 с.

2 Дербишева З.К., Сыдыкова Т.Ч. Речевой этикет и речевое поведение киргизов // Мир языка. – Алматы: КазУМОиМЯ им. Абылай хана, 2005. – С. 191–200.

3 Карлинский А.Е. Лингвострановедческий принцип обучения иностранным языкам // Язык и культура: лингвострановедческий аспект. –Алматы, 1998. – С. 138–149.

4 Толстой Н.И. Этнолингвистика в кругу гуманитарных дисциплин // Русская словесность. От теории словесности к структуре текста. Антология. – М.: Академия, 1997. – 312 с.

5 Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры. Опыт исследования – М.: Языки русской культуры, 1997. – 824 с.

6 Красных В.В. Этнопсихолингвистика и лингвокультурология. Лекционный курс. – М.: Гнозис, 2002. – 190 с.

7 Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка // Русская словесность. От теории словесности к структуре текста. Антология. – М.: Academia, 1997. – С. 280 – 287.

8 Залевская А.А. Проблемы психолингвистики. – Калининград: Наука, 1983. – 286 с.

9 Соломоник А. Семиотика и лингвистика. – М.: Молодая гвардия, 1995. – 352 с.

10 Демьянков В.З. Понятие и концепт в в художественной литературе и научном языке // Вопросы филологии. – М., 2001. – №1. – С.35–47.

11 Колесов В.В. Язык и ментальность. – СПб.: Петербургское востоковедение, 2004. – 240 с.

12 Воркачев С.Г. Счастье как лингвокультурный концепт. – М.: Гнозис, 2004. – 236 с.

13 Ляпин С.Х. Концептология: к становлению подхода // Концепты. Научные труды Центроконцепта. – Архангельск: Изд-во Помор. Ун-та, 1997. – С. 11–35.

14 Карасик В.И., Слышкин Г.Г. Лингвокультурный концепт как единица исследования // Методологические проблемы когнитивной лингвистики. – Воронеж: Изд-во Воронежского ун-та, 2001. – С. 75–80.

15 Уәли Н. «Қамшы» концептісі // Ш. Сарыбаев және қазақ тіл білімі мәселелері. – Алматы, 2005. – Б. 204 – 205.

16 Кенжеахметулы С. Традиции и обряды казахского народа. – Алматы: ТОО «Алматыкитап», 2006. – 248 с.

Мақалада бейвербалды амалдарды ғылыми тұрғыдан зерттеудің нәтижелері қарастырылады. Бейвербалды амалдар вербалды амалдармен қатар лингвомәдениеттің нысаны болып табылатыны белгілі, ал бейвербалды амалдардың теориясы жалпы лингвомәдениет теориясының бір бөлігі екені белгілі. Сонымен қатар мақалада концепт мәселесіне арналған белгілі ғалымдардың еңбектері қарастырылады. Қамшы — қазақ халқының байырғы кездегі шаруашылық, мәдени өмірінде аса кең тараған ежелгі құралдардың бірі, мақалада концепт ретінде қарастырылып оның ұлттық-мәдени ерекшелігі когнитивті қатынастағы факторлаы анықталды.

The paper discusses the results of the study of non-verbal means of communication. Nonverbal communication is as much as verbal communication, is the object of cultural linguistics, and nonverbal communication theory is part of the general theory of cultural linguistics. The article discusses the concept of a language and culture of the unit in their interaction in the work of several researchers. Kamchia - one of the oldest types of available tools used in farming herder,

usually for taming cattle management, especially horses. However, the value and significance of the guns have gone far beyond the purely economic means, allowing the researcher to qualify as a concept қamshy

ӘОЖ 804.0+809.352.25

Б.Р. Оспанова
Абай атындағы ҚазҰПУ
Алматы, Қазақстан
baian_80@mail.ru

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЛЕКСИКА ЖӘНЕ МАҢЫЗЫ

Мақаланың зерттеу нысаны ұлттық-лингвистикалық мәселемен тығыз байланысты. Егер қазақ тілінің латын графикасына негізделетін болашақ әліпбиі ұлттық дыбыстық жүйеге негізеліп, сәйкесінше еміле ережелері дайындалатын болса, ұлттық сипат алады. Ол – «халықаралық сөздер» деген желеумен күні бүгінге дейін қазақшаланбай жүрген өзге тілдік қоғамдық-саяси лексиканы дұрыс жазуға мүмкіндік береді.

Өзге тілдік қоғамдық-саяси лексиканы (сөздерді) қазақша жазу мәселесі 1912-1938 жылдар аралығында көтерілген болатын. Авторлар өз ой-тұжырымдарын аталған кезеңдегі тәжірибелерді қазіргі қазақ тілі дыбыстық жүйесінің көрнекті тілші ғалымдарының тұжырымдарымен салыстыра отырып, дәлелденіп бектікен.

Кеңестік тілдік саясаттың ұстанымы туралы тың деректер беріліп, жаңа ғылыми қорытындылар жасалған. Зерттеуге қатысты өзге авторлардың ой-тұжырымдары салыстырылып талданған. Авторлар бейтарап ұстаным (позиция) ұстанған. Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы бар. Ғылыми мақаладағы ой-ұсыныстар қазақ әліпбиін латыншаға негіздеп қайта құрастыруда және қазақ емлесін жаңартуда пайдаланылуы мүмкін.

Кілт сөздер: лексика, басқа сөздер, саяси-экономика, мелекеттік тілдің мәртебесі.

Қоғамдық-саяси лексиканың өзіндік ерекшелігі, басқа сөздерден айырым белгілері, олардың семантикалық топтары деген мәселеге тілші ғалымдардың көзқарастары ортақ. Әдетте олар ондай сөздерге мемлекеттік-әкімшілік басқару жүйесіне және оның жүргізіп отырған саяси-экономикалық саясатына, қоғамдық-әлеуметтік даму үдерісіне қатысты сөздерді жатқызады, оған беретін анықтамалары да бір-бірінен аса алшақ кетпейді.

Б.Момынова өзінің «Қазақ» газетіндегі қоғамдық-саяси лексика» деген еңбегінде Р.Барлыбаев, Ю.А.Бельчиков [1] және Ю.Д.Дешериев пен И.Ф.Протченколардың [2] қоғамдық-саяси лексикаға туралы ой-тұжырымдарын талдай келе, «Қазақ» газеті материалдары бойынша қоғамдық-саяси лексиканы мынадай топтарға бөліп қарастырады: 1) әлеуметтік-тарихи категориялар мен ұғымдарды білдіретін атаулар; 2) мемлекеттік құрылысты білдіретін атаулар; 3) әкімшілік жүйеге қатысты атаулар; 4) заң, сот жүйесіне байланысты атаулар; 5) саясатқа байланысты атаулар; 6) соғыс, әскери қимылдар мен қару-жарақка қатысты атаулар; 7) оқу-білім, мәдени салаға байланысты атаулар; 8) дін ұғымына қатысты атаулар [3, 29-30].

Қоғамдық-саяси сөздердің сөздік құрамдағы өзге сөздерден ерекшелейтін өзіндік сапа-белгілері бар. Олар бір қарағанда терминдерге ұқсас болып көрінгенімен, олардан қолданылу аясы, ауқымы, қызметі және жалпыхалықтық сипаты жағынан өзгешеленеді. Олардың терминдерден ажырататын басты белгілері мынада: Термин дегеніміз белгілі бір ғылым мен оның пәніне ғана қатысты болып, солардың ғалымдары мен мамандарының барлығына бірдей түсінікті, бірақ жалпы халыққа түсініксіз сөздер болып келсе, қоғамдық-саяси

лексиканы барлық жұрт пайдаланады. Ал терминдерге ұқсайтын жағы, көбінесе, өзге тілдерден дыбыстық-құрылымдық жақтан игерілмей, еш өзгеріссіз ауысып келуінде жатыр. Өзге тілдік сөздер екенін олардың түр-тұрпаты аңғартып тұрады. Осы белгісі оны термин сөздерге ұқсатып-жақындатып, кейбір адамдарды, тіпті қайсыбір тілші-ғалымдардың өзін де шатастырып жатады.

Әлбетте, қоғамдық-саяси лексиканы да экономика, саясаттану, философия, әлеуметтану, мәдениеттану, тарих сияқты т.б. гуманитарлық бір ғылымға теліп, шартты түрде соларға қатысты терминдер ретінде қарастыруға болады. Сондай-ақ қоғамдық-саяси лексика белгілі бір саяси-әлеуметтік кезеңде (мысалы: кеңестік билік кезіндегі «колхоздастыру», «қызыл отау», «электірлендіру», «индустрияландыру», «қайта құру», «жеделдету» т.б.) пайда болып, сол кезеңнің дәуірлеп тұрған уақытында кең қолданылып, оның уақыты өткен шағында қолданыстан шығып қалуына орай, «тарихи сөздер (историзмдер)» деген атау алса, керісінше жаңа заманның жаңа лебімен пайда болып жататындары «жаңа сөздер (неологизмдер)» деп те танылады.

Енді қоғамдық-саяси лексиканың қолданылу аясы мен ауқымына келсек, бұл сөздерді тілді тұтынушылардың белгілі бір тобы ғана емес, қоғам мүшелерінің барлығы – өздерінің қажетіне және мүмкіншілігіне қарай тұрмыс-тіршіліктің сан алуан саласында жаппай пайдаланады. Оның жалпыхалықтық тілдегі белсенді қолданысын қалыптастырып, тілде орнығуына жағдай жасайтын салалардың (ғылым, білім беру т.б.) ішіндегі ең негізгісі – бұқаралық ақпарат құралдары. Қоғамда болып жататын сан алуан өзгерістер мен жаңалықтар жаңа ұғым, құбылыс, заттардың атаулары ретінде кез келген тілдің сөздік құрамына, көбінесе, мерзімді баспасөз тілі арқылы енеді. Қоғамдық-саяси сөздер арқылы мемлекеттің ұстанып отырған саясаты мен экономикалық бағыт-бағдары айқындалады. Сол себептен саясаттанушы ғалымдар қоғамдық-саяси сөздерді мемлекет пен қоғамның саяси-экономикалық бейнесін сипаттайтын сөздер деп қарастырса, тілші ғалымдар оларды көсемсөз (публицистика) тілі деп танып, өз зерттеулерінде басты нысан етіп алады.

Өзгетілдік қоғамдық-саяси лексиканың осындай қолданыс аясы мен ауқымының кеңдігі, осыған орай, қолданысының аса белсенділігі оларды жат тілдік термин сөздерден түбегейлі ажыратады. Және олардың осы сапа-қасиеті тілді бұлдіруде термидерден әлдеқайда күшті болып келеді. Сондықтан да Халел Досмұхамедұлының: «Біздің қазақ-қырғыздың ішінде Аурапа тілдерін жақсы білетініміз аз, көбіміз білмейміз. Аурапа тілдері бізге орыс тілі арқылы жалғасады. Аурапа сөздерін алғанда түбін тексеріп, шамадан келгенше сөзді түпкі иесінің сөйлеуіне жақындатып алу керек» [4, 151], – деп сонау заманда өзтілдік қоғамдық-саяси сөздердің (ол заманда өзге тілдік терминдердің тілімізге кіру қарқыны бәсең болатын) сыр-сипаты мен тілге әкелер залалын дөп басып айтқан еді. Демек дыбыстық-құрылымдық тұрғыдан игерілмей, қазақ тілінің табиғатына бейімделмей алынып, тіліміздің «саясат», «қоғам», «мемлекет», «үкімет», «өкімет», «ояз», «болыс», «уәкіл», «өкіл» сияқты т. б. толып жатқан кірме сөздеріндей бола алмай жүрген өзгетілдік сөздердің қазақша баламаларын дер шағында тауып атау қою немесе қазақы түр-сипат беріп қазақшалау тіліміздің келешегі үшін бүгінде де аса маңызды.

Қоғамдық-саяси лексика – әдеби тіл сөздік құрамының қомақты бөлігін құрай отырып, оның мүмкіншілігін кеңейтеді және сол арқылы оның жан-жақты қызметін қамтамасыз етеді. Оның қалыптасып дамуы тарихи-саяси кезеңдермен, түрлі экономикалық-әлеуметтік жағдайлармен, жазба әдебиеттің, бұқаралық ақпарат құралдарының дамуымен тығыз байланысты. Әсіресе жазба әдебиет қалыптасып, БАҚ дамып өркендеген кезеңде қоғамдық-саяси лексиканың жалпыхалықтақ қолданысы кеңея түсіп, қоғамдық қызметі артады.

Қоғамдық дамудың әрбір сатысы тіл тарихына өз ізін қалдырып отырады. Белгілі бір саяси-экономикалық кезеңде (формацияда) тілде пайда болған сөздердің кейбірінің өміршеңдігі қысқа мерзімді ғана қамтыса (историзмдер), енді біреулері ұзақ мерзім бойы қолданыста болады. Ондай сөздердің жалпыхалықтық тілдегі қолданысы аса белсенді болып, күнделікті сөйлеу тілінің лексикасына айналады. Арнайы мән беріп қарамағанда олардың жалпыхалықтық сөздерден айырмашылығын ажырату қиын. Әлбетте, бұндай сөздер

тіліміздің төл сөзжасам жүйесі (хан, қараша, қағанат, ұлыс, тайпа, ру, бай, кедей, шаруа, шаруашылық т.б.) бойынша қалыптасады немесе сан ғасырлай бойы ауызша қалыптасқан әдеби тіліміздің дыбыстық-құрылымдық жүйесінің өзіндік ерекшелігіне, табиғи заңдылығына бейімделіп қабылданған кірме сөздер (қоғам, саясат, патша, сұлтан, мырза, болыс, ояз, пошта, поштабай, әкім, әкімшілік, мекеме, кеңсе, қызмет, мәртебе, дәреже т.б.) болып келеді. Бұндай сөздердің кірме сөздер екенін кейде арнайы үңіліп зерттеген адамның да аңғармай қалуы әбден мүмкін. Мысалы, біраз уақыттан бері «Белгілі есімнің белгісіз сыры» деген айдармен кейбір кісі есімдеріне түсініктеме беріп жүрген «Алаш айнасы» газеті «жомарт» деген сөзге: «Жомарт – таза қазақы есім. Қазақ тілінде оған «қолы ашық», «мәрт», «жүрегі кең» деген сөз балама бола алады» [5] деп анықтама берген. Бір қарағанда шынында да өз сөзіміз сияқты. Алайда Л.З.Рүстемовтің зерттеу еңбегіне сүйенсек, парсының «джәван» (молодой) және «мәрд» (смелый, храбрый) сөздерінің бірігуінен жасалған екен [6, 113-190-191].

Осы орайда ф.ғ.д., профессор Б.Момынованың қоғамдық-саяси лексика туралы: «Құрамындағы компоненттерінің таза қазақ сөздерімен келуі арқылы жасалатын атаулық тіркестер: *ұлт кеңесі, билік дәлізі, билік тұтқасы, жоғары билік* т.б. Бір компоненті кірме, өзге компоненттері қазақтың төл сөзі болуы арқылы жасалатын атаулық тіркестер: *саяси лидер, саяси күш, діни конфессия, билік Олимпі, саяси баспана, тіл саясаты, саяси шешім* т.б. Екі немесе барлық сыңарлары кірме сөзден құралуы арқылы жасалған атаулық тіркестер: *саяси реформа* т.б.» [7, 83],– деген жіктемесіне тоқтала кету жөн сияқты. Мәселен, оның таза қазақ сөздерімен жасалып тұрған атаулық тіркестер дегеніндегі «дәліз» сөзі парсының «dahlizi», ал «саяси», «діни», «саясат» дегендері араб-парсы тілдерінен еніп, өз сөзіміз секілді болып кеткен.

VIII ғасырдан бастап қазақ жеріне араб үстемдігі орныға бастағаны, соған орай, араб жазуы енгені тарихтан белгілі. Араб жазуы арқылы қазақ қоғамына білім, ғылым, дүниетаным, мемлекеттік-әкімшілік т.б. сөздер еніп тарады. XV ғасырдан бастап түркілік арабша жазудың жаңа дәуірі басталады. Өйткені түркітілдес ру-тайпалық одақтар мен бірлестіктер жекелеген мемлекеттерге айналумен қатар өз алдына ұлт болып та қалыптаса бастаған еді. Аталған ғасырдан бастап XIX ғасырдың аяғына дейін қазақ жұрты араб жазуына негізделген жалпы түркілік кітаби тілді (шағатай тілі немесе ескі өзбек тілі) пайдаланды. 1870-1910 жылдар аралығында Петербург, Қазан баспаханаларынан кітаби тіл арқылы дін-ислам қағидаларын уағыздайтын мұсылманша кітаптар, арабтық «Мың бір түн» кітабының оқиғаларына құрылған ғашықтық қисса-дастандар, қазақтың эпостық, лиро-эпостық, тарихи жырлары жеке кітап болып шығып, кең тарады. А.В.Васильев: «Далаға сапар шеге жүріп, кітабы жоқ киіз үйді сирек кездестіресің. Кітапқа деген сұраныстың күштілігін бір қазақ тіліндегі кітаптың әлденеше мың данамен оншақты рет басылғанын көресің» [8, 176-177], – деп жазады. Қазақ халқы орыс боданына айналғанға дейінгі хандық-әкімшілік басқару жүйесінің жазбаша құжаттарының тілі де осы дәуірдің жазуын еркін пайдаланды.

Түрлі жазба әдебиеттер арқылы енген араб-парсылық қоғамдық-саяси сөздер қазақтың сөздік құрамын толықтырып байыта түсті. Қолданыс тілінің түріне (жазу) қарай олардың көпшілігі араб-парсылық сипатта (милләт, жамиғиат, қизмат, хукмет, ғаскер, mahкама т.б.) болғанымен, жалпыхалықтық ауызша тілде де белсенді қолданыстағылары қазақы (қоғам, нәсіл, бодан, болыс, ояз, сот, заң т.б.) өң-түр алып, оның төл сөздеріндей болып кетті. Кейінірек «Түркістан уәляті» (1870-1883 жж.) мен «Дала уәләяты» (1888-1902 жж.) сияқты қазақтың алғашқы газеттері шыға бастауымен кітаби тілдегі араб-парсылық түпнұсқа бойынша жазылатын сөздер де тілдік тұрғыдан игеріліп, қазақ тілі табиғатына бейімделіп жазылып-айтылатын дәрежеге жетті.

Қоғамда болып жататын саяси-әлеуметтік мәні бар өзгерістер мен жаңалықтар өзімен бірге талай ұғым-түсініктерді ала келеді. Жазу мәдениеті белгілі бір дәрежеде жоғары қалыптасқан ұлт оларға дер шағында өз тілінде атау қояды немесе оларды өз тілінің табиғи бітім-болмысына сәйкестендіріп өзгертіп алады. Ал өзінің төл әліпбиі мен емле ережелері

қалыптаса қоймаған ұлттың уақытша пайдаланып отырған әліпбиі арқылы хатқа түскен өзгетілдік сөздер онша өзгеріске ұшырамай қолданыла береді. Сол себептен ұғым-түсініктердің атаулары алғашында қай тілден келсе, сол тілдік үлгіде жазылып-айтылатыны – төл әліпбиі мен емлесі қалыптаспаған қай тілге болсын тән. Әйтсе де өзгетілдік сөздердің түр-тұлғасының өзгешелігіне байланысты бөтендігі әрдайым сезіліп тұрады. Өйткені өзіндік жазу дәстүрі әлі қалыптаса қоймаған тілдің де мыңдаған жыл бойы ауызша қалыптасқан әдеби тілінің табиғи бітім-болмысы өзгетілдік дыбыстар мен дыбыс тіркесімдерін сол қалпында жазып-айтуды әрдайым жатырқап тұрады. Әрине, тілдегі бұл үрдіс оның сөздік құрамы өзгетілдік сөздермен әлі толықтай бүліне қоймаған кезде байқалады.

«Қазақ тілі негізінен ауызша дамыды: қазақтың қанына ананың ақ сүтімен еніп, жан-жүрегін ананың үнімен тербетті, ауыл арасанда ер жетті, аттың жалы, түйенің қомында жетілді, жыр боп шалқып, нұр боп қалықтады» [9, 7]. Сондықтан да өзгетілдік сөздерді қазақ тілі Ресейдің боданында қалып, орыстандыру саясатына душар болғанға дейін өмір бақи өгейсіп, өз сөзіне айналдырумен жетіліп келген еді.

Өзгетілдік сөздер еш өзгеріссіз жат елдің әліпби-емлесімен оқып-жаза алатындардың ұлттық тілде жазған мәтіндерінен көрініс табады. Олар өзі жазып отырған тілдің дыбыстық жүйесіне сәйкес келмейтін әліпбиді пайдаланып жазған соң, өзгетілдік ұғым атауларын сол қалпынша жазады, оқығанда немесе айтқанда да солай қолданып, ел-жұртқа таратуға себепкер болады. Бұны Х.Досмұхамедұлы дер шағында атап көрсеткен болатын [4, 91].

Жаңа сөздерді, ең алдымен, бұқаралық ақпарат құралдары таратады. Олардың кең қолданысқа ие болып, жалпыхалықтық сипат алуы мерзімді баспасөз түрлерінің дамуымен тығыз байланысты. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы қазақ даласында «Дала уәләяті», «Түркістан уәләяті», «Серке», «Қазақ», «Қазақстан» т.б. қазақ газеттері мен «Айқап», «Шора», «Таң», «Шолпан» секілді т.б. журналдарының жарық көріп, қазақ баспасөзінің қалыптасып өркендей бастаған кезеңі еді. Бастапқы кезде қазақ газет-журналдарының тілі «шағатай» тілінен онша алыс кете қойған жоқ. Дегенмен сол кезеңнің барлық баспасөзінің алдына қойған негізгі мақсаттарының бірі – қазақ сөздерін барынша қазақша жазып, халыққа жеткізу болды. Осы мақсатта Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш зиялылары аянбай еңбек етті. Мәселен, өзінің алға қойған мақсаты жөнінде Ахмет Байтұрсыұлы: «Әдеби тілді сүйетін бауырларыма газетті қазақтың қара тілімен жазғанымыз ұнамсыз көрінсе, ол кемшілігімізге кешу өтінеміз. Жұрт үшін шығарылған нәрсе жұртқа жақын болуы тиіс» [10],– деп жазады.

Алаш арыстарының басым көпшілігі осы ұстанымда болды. Әсіресе, араб әліпбиін қазақтың төл жазуына айналдырып, халық игілігіне жаратуда А.Байтұрсынұлының еңбегі ерекше болды. Ол өзіне дейінгі қазақ жұртының пайдаланып келген араб жазуының қазақ тілі үшін ендігі уақытта тіптен қолайсыз екенін жақсы түсініп, қазақ баспасөзі беттерінде «Жазу тәртібі» [11], «Жазу мәселесі» [12], «Дыбыстарды жіктеу туралы» [13], «Емле туралы» [14], «Жоқшыға дерек» [15] сияқты көптеген мақала жариялап, өз ой-тұжырымын дәлелдеп, жазуды жетілдіре түсті. Оның «Оқу құралы» деп аталатын алғашқы әліппесі 1912 жылы жарық көрді [16, ***40***].

А.Байтұрсынұлы қазақтың ежелден ауызша қалыптасқан дыбыстық жүйесін негізге ала отырып, бұрынғы жазуды түбегейлі өзгерту арқылы жаңа әліпби құрастырып, араб әріп-таңбалармен жазылып келген түркілік сөз үлгілері мен қалың жұртшылыққа түсініксіз араб-парсы сөздерінің бұрынғыша жазылуына тосқауыл қойды. Оның жаңа әліпбиі сол кездегі мамандардың көпшілігінің көңілінен шығып, ықыласына бөленді. «А.Байтұрсыновтың араб жазуын қазақ тіліне икемдеген нұсқасын қазақ жұртшылығы, әсіресе мұғалімдер қауымы ешбір дау-дамайсыз қабылдады. Себебі, Байтұрсыновтың алфавитке жасаған реформасы әрі қазақ тілінің табиғатына сүйеніп, әрі ғылыми негізде жасалған болатын» [17, ***9***]. Оның төте жазуын тек қазақ зиялылары ғана емес, әлемдік тіл білімі ғылымының көрнекті өкілдері (Е.Д. Поливанов, В.Н. Яковлев және т.б.) де мойындап, жоғары бағалады [18, 32].

А.Байтұрсынұлының зор еңбегінің арқасында дүниеге келген қазақтың төл әліпбиі мен емлесі 1929 жылға дейін толық қолданыста болды. Тіпті 1929 жылы қабылданған қазақтың

латынша жазуымен қатарласып, 1940 жылға дейін жарыса қолданылды. Тіпті қазақ қоғамындағы өміршеңдігін бертінге дейін сақтай алды. Мәселен, заманымыздың заңғар жазушылары М.Әуезов пен Ғ.Мүсірепов қазақтың латынша, кирилше жазуларын оқып-үйренсе де, өмірлерінің соңына дейін өз қолжазбаларының басым көпшілігін А.Байтұрсынұлының «төте жазуымен» жазып өткен екен. Бұл жазу қазір де өзінің сол қызметін жоғалта қойған жоқ. ҚХР-да тұратын миллионнан астам қандастарымыз осы жазуды күні бүгінге дейін әр салада кең пайдаланып келеді.

XX ғасырдың 20-жылдарындағы саяси науқанның себеп-салдарына байланысты 1928-29 жылдары қазақ жазуы латыншаға негізделіп, 29 әріптен тұратын жазуға көшірілді. Тіліміздің осы әліпбиі мен емле ережелерін зерттеп-зерделесек, сол уақыттағы «Еңбекші қазақ», «Жаңа мектеп», «Лениншіл жас», «Тілші» сияқты т.б. газеттер мен тарихи түрлі құжаттар беттерінде «сатсыйализм», «сатсыйалист», «кәмүніс», «балшабек», «репорма», «сәбет», «пебырал», «сабнарком», «пұртакол» сияқты т.б. толып жатқан өзгетілдік сөздер қазақша жазылғанын байқаймыз. Өйткені Кеңес өкіметінің алғашқы онжылдығының тілдік саясатында ұлттық тілдерді дамытуға деген жылы шырай болған еді. Алайда бұл – Кеңес үкіметінің КСРО халықтарының барлығының көңілінен шығу үшін жасаған алғашқы кездегі саяси ұстанымы болатын. Ол ұзаққа бармады. Тап жаулары, КСРО-ны күйреткісі келетін шет елдердің шпионы деген желеумен ұлт зиялыларын құртқан кеңестік саясат өз күшіне ене келе, бұрынғы ресейлік орыстандыру саясатын қайтадан қолға алды. Тіпті 1926-1927 жылдардағы А.Байтұрсынұлының арабшаға негізделген жаңа әліпбиін сол қалпында қалдыру керек пе, әлде латынға көшірген тиімді ме деген талас-тартыстың да астарында орыстандыру саясаты жатты. Себебі кеңестік тілдік саясат орыс тілін барлық одақтас республикаларға ортақ мемлекеттік тіл етіп, болашақта коммунизмге бір тіл, бір мәдениетпен жетеміз деген ұстанымда болды. Орыс жазуының өзі латын (грек) әліпбиі негізінде қалыптасқандықтан, латыншаға көшірілген қазақ жазуын кейінірек орыс жазуымен алмастыра салу оңай еді.

Қалай дегенмен 1929 жылы Қызылорда қаласында ресми бекітілген латынша әліпбиімізнің емле ережесі А.Байтұрсынұлының әліпбиінен алшақ кеткен жоқ [19, 190]. Бұның себебі – ол кезде ұлтық болмыс пен ұлттық тілдің қадір-қасиетін жақсы түсінетін Алаш арыстарының көзі тірі еді. Олар орыс сөздерін жазып-айтуға мәжбүрлейтін бөтен дыбыстарды латынша түр алған «төл» әліпбиге енгізуге қатта қарсылық көрсетуі мүмкін болатын. Ал олар репрессияға ұшырап, атылып кеткен соң қазақтың осы латынша әліпбиінің 1938 жылғы толықтырылып қабылданған емле ережесі орыстандыру саясатын ашық түрде жүргізіп, «бұрынғы әліппемізде жоқтықтан тіліміздегі түрі бұзылып келген дыбысы бар сөздер, енді дұрысталып естілген жерлерінде х, ф, в дауыссыз дыбыстардың әріптерімен жазылады. Мысалы, *хат, хан, химиа, фазыл, вагон, совет* түрінде жазылады. ... Қазақ әдебиет тілінің әліппесінде 32 әріп қолданылады» [19, 196-197], – деген сияқты бірнеше шешім қабылдады. Бұл болса, өзгетілдік сөздердің тіліміздің дыбыстық жүйесінің заңдылықтарына бағындырылмай қабылданылуына кең жол ашып қана қоймай, оның табиғи дамуына да кері әсерін тигізіп, өзгетілдік сөздерді өз сөзіне айналдырып, сөздік құрамын толықтыра түсуіне зор кедергі келтірген еді.

1940 жылы қараша айынан бастап латын негізді қазақ жазуы 41 әріптен тұратын осы күнгі орыс жазуына көшіріліп, өзгетілдік сөздерді еш өзгеріссіз жазудың емле ережелері одан әрі жетілдіріле түсті. Ақыр аяғында орыс сөздері мен орысшаланған өзге де шетел сөздерін қаз-қалпында жазылуын талап ететін, біздің тілімізде жоқ, бірақ орыс тіліне тән барлық дыбыс-әріптер қабылданып, қазақ әліпбиіндегі әріптер саны 42-ге жетті. Содан бері қазақ қоғамының осы жазуға әбден бауыр басып, дағдыланып кеткендігі соншалық – өз тіліміз өзімізге өгей болып көрінетін дәрежеге жеттік. «Сөздердің дыбысталуы мен жазылуы арасындағы кереғар алшақтық біржолата жойылды» [20, 222], «Қазақ тілінде сөздер қалай жазылған болса, солай оқылады» [21, 10; 22, 5] деген ой-тұжырым тілші ғалымдар тарапынан да айтылатын болды. Дегенмен қазіргі саяси-экономикалық жағдай халқымыздың әлеуметтік дамуына ерекше әсер ете бастады. Соған орай, тұрмыс-тіршіліктің барлық салаларында небір

өзгерістер бой көрсетіп, тіліміздің де дамуына өзгеше бағыт-бағдар қалыптастырып отыр. Олай болса, қазіргі қазақ әліпбиі мен емлесі ұлттық бағыт табуы – заңды құбылыс.

Әдебиеттер тізімі

1 Бельчиков Ю.А. Обчественно-политическая лексика В.Г.Белинского. –М. 1962.

2 Дешериев Ю.Д., Протченко И.Ф. Развите языков народов СССР в советскую эпоху. – М., 1968.

3 Момынова Б. «Қазақ» газетіндегі қоғамдық-саяси лексика. –Алматы: «Арыс», 1998.

4 Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998.

5 «Алаш айнасы» газеті 2013 жыл 23 қыркүйек, №185(1096)

6 Рүстемов Л.З. Араб-иран кірме сөздерінің қазақща-орысша түсіндірме сөздігі. – Ал.: Мектеп, 1989.

7 Момынова Б. Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика: әлеуметтік-бағалауыштық сөзжасам. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 140 б.

8 Елеукенов Ш., Шалғынбаева Ж. Қазақ кітабының тарихы (Ежелгі дәуірден 1947 жылға дейін). –Алматы: «Санат», 1999.

9 Мырзабектен Ниязбекұлы Сапархан. Қазақ тілінің айтылым сөздігі. –Алматы: «Сөздік-словарь», 2001.

10 Байтұрсынұлы А. «Қазақ» газеті, 1913, № 2, бас мақҡала.

11 Байтұрсынұлы А. Жазу тәртібі. «Айқап» журналы, N 9- 10, 1912.

12 Байтұрсынұлы А. Жазу мәселесі. «Қазақ» газеті, N 34-35, 1913.

13 Байтұрсынұлы А. Дыбыстарды жіктеу туралы. «Жаңа мектеп» газеті, №5. 1927.

14 Байтұрсынұлы А. Емле туралы. «Еңбекші қазақ» газеті, 27-март, 1929.

15 Байтұрсынұлы А. Жоқшыға дерек. «Еңбекші қазақ» газеті, 14 дек.,1925.

16 Байтұрсынов А. Оқу құралы (усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша алифа). І-ші кітап. – Орынбор, 1912.

17 Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов /Өмірі мен қызметі туралы/. /А.Байтұрсынов. «Тіл тағлымы». –Алматы, 1992.

18 Стенографический отчет научно-орфографической конференции, созванной 2-4 июля 1929 г. Научно-методическим Советом НКП и ЦКНТА. –Алматы, 1930 – С. 58.

19 Әміржанова Н. Қазақстандағы латын жазуының тарихи тағлымы. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты. – 2012 ж. – 300 б.

20 Сауранбаев Н. Қазақ тіл білімінің проблемалары. Таңдамалы еңбектерінің жинағы. – Алматы: «Ғылым», 1988.

21 Ислам Жеменей. Парсыш-қазақша және қазақша-парсыша сөздік. –Алматы: «Санат», 1994.

22 Аманжолов А. Түрік филологиясы және жазу тарихы. –Алматы: «Санат», 1996.

В статье рассмотрена специфика иноязычной общественно-политической лексики, ее роль и функции в языковой среде, а также значимость для перевода на казахский язык. Обосновывается необходимость создания национального алфавита и орфографии для разрешения указанных проблем.

The article describes the specificity of the foreign language of the socio-political vocabulary, its role and function in the language environment, the significance to be translated into the Kazakh language. Necessity of creation of the national alphabet and spelling for resolving these problems.

ӘОЖ 81'367

Г.Қ. Рысбаева,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан
guldarhan@inbox.ru

ТҮРКІ ТІЛДЕС ХАЛЫҚТАРДЫҢ «ЖАРАТУШЫ КҮШТЕР» КОНЦЕПТІСІНІҢ ТІЛДІК КӨРІНІСІ

«Жаратушы күштер» концептісі - көзге көрінбейтін, бүкіл әлемді жаратушы, жарылқаушы ерекше күштер. Ұлттың ерекше дүниетанымды, рухани өмірді әлемнің тілдік бейнесі тұрғысынан түсінуде басты компонент болып табылатын концептінің басты белгілерінің бірі - оның мәдени реңге, бояуға ие болуы. Сондай мәдени бояуға ие концептілердің бірі - ұлттық дүниетанымдағы «жаратушы күштер» концептісі. «Жаратушы күштер» концептісіне «құдай, алла, тәңірі» культтік сөздерін жатқызамыз. «Жаратушы күштер» концептісімен байланысты тілдік құрылым бір күннің жемісі емес, ғасырлар бойы жасалып, өшпей, ұмытылмай, өз мәні мен күшін жоймай бүгінге дейін келіп отыр. Бұл ұғымның ұлттық санамызда белгілі, анық тұстарына қарағанда тылсым, жасырын тұстары көп.

Тірек сөздер: «Жаратушы күштер» концептісі, құдай, алла, тәңірі, жартушы, жасаған, культтік сөздері.

«Жаратушы күштер» концептісімен байланысты тілдік құрылымдар бір күннің жемісі емес, ғасырлар бойы жасалып, өшпей, ұмытылмай, өз мәні мен күшін жоймай бүгінге дейін жалғасып келеді. «Жаратушы күштер» концептісіне құдай, алла, тәңірі культтік сөздері және жаратқан, жаратушы, жасаған, жасаған ием, ие сөздері жатады.

«Жаратушы күштер» концептісінің бірі - «*Құдай*» концептісі түркі халықтарында әр түрлі айтылғанымен, лексикалық мағынасы бірдей, «бар әлемді жаратушы, құдірет иесі, тәңір, алла, жасаған» дегенді білдіреді. Құдай сөзі парсы тілінен енген, құдай – ұйғырша – «худа», түркменше – «худай», өзбекше – «худо», татарша – «ходай», қырғызша – «кудай», қарақалпақша – «қудай» деп аталады. Башқұрт, қарашай-балқар тілдерінде алла, құдай, тәңірі сөзі «алла, аллах» деп аталады.

«***Құдай***» сөзі кейде «***құда***» сөзімен ауыстырылып та айтылады. *Құда* сөзі құдай сөзінің қысқарған түрі. *Құдайдың құдіреті, құданың құдіреті* – алла тағаланың кереметі деген сөз. Мысалы, Бір күні кемпір *құдайдың құдіретімен* дым сезбей ауырыпты /Қазақ ертегілері/. *Құданың құдіреті*, қой аузынан шөп алмайтын секілді еді, аяқ астынан желік етіп, қағынып шыға келді /О.Сәрсенбаев/. *Құдай* сөзінің синонимі ***ақ*** сөзі. Ақ сөзі кейбір түркі тілдерінде құдай деген мағынаны білдіреді [1, 16]. Ескі діни ұғым бойынша ақ сөзінен «киелі», «қасиетті» ұғымның нышаны байқалады. Ақ сөзіне байланысты мынадай сөз тіркестері туындаған: *ақ бата, ақ тілек, ақ ниет, ақ жауын, ақ сары бас құдайы немесе боз қасқа құдайы, құдайына ақ сары басын айту, т.б. Ақ сары бас құдайы* – береке, бақыт үшін берілетін садаққа, құрбандық. Мысалы, Мен Абайға кінә қойдым. Елде қатын-бала сені уайымдап түн ұйқысын төрт бөліп, *құдайына ақ сары басын* айтады... Сен болсаң, шалжиып жатқаның мынау, – деді /М.Әуезов/.

«**Алла**» концептісі – араб тілінен алынған, «Аллаһ» деген ұлы жаратқанның есімі, қазіргі қалыптасқан дүниетанымымызда Алла тағала күллі ғаламды жаратқан күллі адамзаттың тәңірісі. «Алла» есімі үнемі бас әріппен жазылуы шарт. *Алла* сөзі – ұйғырша, татарша, түркменше, башқұртша, қарақалпақ тілінде «алла» деп аталса, қарашай-балқар тілінде «аллах», өзбек тілінде – «оллох» деп аталады. *Алла* – тіршілік дүниені және қиямет-қайымды жаратушы Құдай есімі. Ислам дәуіріне дейінгі арабтардың (негізінен Меккенің) Құдай ретінде сыйынған белгілі адамдарының қабірі. Алла исламда жалғыз Құдай, адамдарға

өзінің елшісі ретінде Мұхаммедті жібереді. Исламның қысқаша сенім-ұраны: «Алла мен оның елшісі Мұхаммедтен басқа ешқандай жаратушылар жоқ». Мұсылмандардың нанымы бойынша Құран Алланың өз сөзі. Алла бұл сөзін Мұхаммедке тікелей өзі немесе періште арқылы жеткізген екен. Мұсылмандардың құдайы Алла – өзінің жаратылысынан жалғыз, оның басқадай «серігі жоқ». «Алладан басқа құдай жоқ» дегенге сену ислам дінінің негізгі парызы болып саналады.

Құран уағызының негізі – *Алланы* дәріптеу болған. Алла ұғымының мұсылмандар арасында әр түрлі болғанымен Мекке мен Мединедегі кезеңінің құрандағы түсініктемесінде айырмашылығы жоқ. Құранның мазмұны да, тақырыбы да бір ғана Аллаға сену болғандықтан, көп құдайлы пұтқа табынушылыққа қарсы тұрған. Алла – жалғыз, оның ешқандай «теңдесі» жоқ. «Алла – жалғыз, Алла мәңгілік, ол тумайды, оны ешкім туған жоқ, оған тең келер ешкім жоқ». Құранда Алланың құдіреттілігі, қалтықсыздығы және ұлылығы туралы үнемі айтылып келеді. 18 мың ғаламның барлығы Аллаға бағынғандықтан дүниеде оның әмірінсіз ештеңе істелмейді, тіршіліктің дамуы оның әмірі негізінде ғана жүреді. Құран дұғасы осыны дәлелдейді. Сондықтан Алла өзі жаратқан дүниеге әмірін жүргізеді, демек тіршілікті дамытады, өзгертеді, барлық құбылысты өзі жасайды. Алла адамзатқа өте қайырымды, себебі ол адамның санасына сенеді, адамға кешірімді. Адам Алла құдіретіне сенгендіктен, өзін Құдайдың «құлымын» деп түсінгендіктен, дін жолына түсіп, Құдайға құлшылық етеді. Құдайға құлшылық етуші мұсылман қауым, тіршіліктегі барлық құбылысты Алла ісі деп түсінеді [2, 9]. Құранда алла «қайрымды», «ақылды», «дана», «жасаған дүниенің билігін қолында ұстаған» деген эпитеттермен суреттеледі. Әрбір мұсылманның негізгі борышы – Алланың құлы екендігін мойындау, басқа құдай бар дегенге сену кешірілмес күнә деп саналады. Құран бойынша, Алла – «жаратушы, жоқтан бар етуші, бір нәрсені кейіптеуші /мүсіндеуші/, ол ең сүйікті есімдер иесі. Жер-көктегі жаратылыстың бәрі оны дәріптейді. Ол – үстем /жеңімпаз/, әрі данышпан» /Хашр сүресі/. Жаратушы Алланың 99 есімі бар. Тәспиықтың тастарының саны тоқсан тоғыз болатындығы сондықтан. Шын тақуа әр тасты тартқанда Алланың бір есімін айтып отыру қажет. Мысалы: ар-Рахману, ал-Хусна, ар-Рахиму, ал-Малику, ас-Саламу, ал-Халиқу, ал-Ғаффару, ал-Қаһһару, ал-Кабиру, ал-Қадиру, ал-Аууалу, ал-Ахиру, ан-Нуру, ас-Сабуру, ас-Садиқу, т.б. Осы тоқсан тоғыздың ең құрметтісі – ар-Рахману, ар-Рахиму атты есімдер. Рахман Алланың шексіз мейірім, шапағат иесі екенін білдірсе, Рахим іс жүзінде көмек, рақым жасаушы екенін көрсетеді. Сондықтан бұл есімдерді дұға оқыған сайын қайталап отыру керек [3, 26-27]. Біз Алланың «Көркем есімдерінің» тілімізде кісі есімі ретінде жиі қолданып жүргеніне көп мән бере бермейміз. Алланың тоқсан тоғыз есімінің ең құрметтісі – ар-Рахману, ар-Рахиму атты есімдер. Рахман Алланың шексіз мейірім, шапағат иесі екенін білдірсе, Рахим іс жүзінде көмек, рақым жасаушы екенін көрсетеді. Қысқасы Рахман – мейрімді: Рахман/Рақым, Рақманқұл, Рахман, Рахманбек; әр-Рахим рақымды: Рақым/Рахым, Рақымжан, Әбдірахым, Рахима (әйел есімі); әл-Малик – бүкіл жаратылыстың иесі: Мәлік, Мәлікбай; әл-Халиқ – жаратушы: Халық, Халықберген, Әбдіхалық; әл-Қадир – құдіретті: Қадыр, Әбдіқадыр, Қадыржан, т.б.

«Жаратушы жалғыз – Алла», «Жалғыздық бір Аллаға жарасады» дейміз, бұл тіркестердің астарында үлкен мән жатыр, егер адам баласына қатысты айтылғанда, адам баласына жалғыздық жараспайтынын, жалғыздық тек Аллаға жарасатынын түсіндіреді.

«Он сегіз мың ғалам» тіркесі «әлемдегі барша тіршілік» дегенді аңғартатыны белгілі. *«Он сегіз мың ғаламды жаратушы жалғыз – Алла»* деп те айтылатын, кейде *«он сегіз мың әлемді билеуші бір құдай»* деген де фразеологизмдер кездеседі. Мысалы,

Өзі қақтың жолында
Он сегіз мың ғаламның,
Он бесі бар қасында
Жеті кәміл бабасы
Келді жетіп қасына /«Қобыланды батыр»/.

Жаратқан, жаратушы, жасаған, жасаған ием, ие дегендер – алла, тәңір, құдай сөздерінің қазақша баламасы. Олар да «бар әлемді жасаушы ұлы күш, құдірет иесі, яғни

құдай, алла, тәңір, жаратушы» деген мағынада жұмсалады. Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жыраулары поэзиясындағы діни-ағартушылық ағымда Бекенқұл ақынның *«Жаратушым, мен сені…»* деген өлеңінде «*Жаратушым*» деп Аллаға сыйынады, жалбарынады. Алланы «пірім» немесе «күнім» деп мадақтайды. Өлеңнің мазмұны адам баласын жаратушы Аллаға сыйыну, оның жолының ақ екенін, сол ақ жолмен жүрген адамдардың – мұсылман баласының бақытты болатынын дәлелдегісі келеді. *«Жаратушы – Алланың жолы – нұрлы жол, ақ жол»* деген ойды жеткізеді.

Діни ағартушы ақынның *«Жаратушым, мен сені*» деген екі шумақ өлеңінде былай делінген:

Жаратушым, мен сені
Пірім, күнім деп сенем.
Тек өзіңе, өзіңе,
«Жәрдем берші» деп келем.
Жаратушы, ақ жолың
Бізге ғана жақ жолың.
Бізді бақытты ететін,
Сенің нұрлы хақ жолың… [4, 122].

Өлең шумағындағы «***Ж а р а т у ш ы»*** – діни ұғым бойынша, бар әлемді жасаушы ұлы күш, құдірет иесі [5;6,682]. – *Жаратушы-ау*, жазуың осылай ма еді! /А.Жүнісов/. Хат жаздым сәлемнама Манатжанға, Бетіне жанның бәрін қаратқанға. Бір алла осы аруға кез келтір деп, Жылаймын ертелі-кеш жаратқанға /Айтыс/. Жаратқан сөзі *«жалғыз», «алла», «құдай», «бір құдай», «жаппар», «ием», «тәңір»* сияқты культтік сөздерімен тіркесіп келіп, «жаратқан алла», «жаратқан жалғыз алла», «жаратқан құдай», «жаратқан бір құдай», «жаратқан жаппар құдай», «жаратқан ием», «жаратқан тәңір» деген сөз тіркестер жасауға қатысады. Осындай сөз тіркестерінің мағынасы «жаратушы құдай, тәңір, аллатағала, жасаған ие» деген мағынада жұмсалады. ***Ж а с а ғ а н*** – құдай, алла, тәңір, жаратушы деген мағынаны білдіреді [6;250]. *Жасаған ие* күннің жылуын, кемпірқосақтың болуын, ауаның жұпар иісін алып сөнбес, сембес ғажайып гүл өсірді /М.Мағауин/. *Жасағанның* қылығы күшті дейді, Сырлы аяққа бал құйып ішті дейді /Батырлар жыры/. *Жасаған* сөзі *«алла», «құдай», «ие», «ием», «тәңір»* сияқты культтік сөздерімен тіркесіп келіп, *«жасаған алла», «жасаған құдай», «жасаған ие», «жасаған ием», «жасаған тәңір»* деген тіркестер жасауға қатысады. Осы тіркестердің мағынасы жаратушы құдай, алла, тәңір, жаратушы деген мағынада. – Е-Е... Сүйтпей тағы не қылар дейсің... Ей, *жасаған алла-ай*! Елді құртпаса не қылсын?.. /Ж.Аймауытов/. ***И е*** – алла тағала, құдай, жаратушы, тәңір дегенді білдіреді [5; 4,424]. Байларды шалқар көл қылған. Кедейді құла шөл қылған. Жарлығы күшті *иенің* /Батырлар жыры/. *Ие* сөзі *«жаратқан», «жасаған», «тәңір»* сөздерімен тіркесіп, *«жаратқан ие, «жасаған ие», «тәңір ием»* деген тіркестер жасап, «алла, жаратушы, жасаған, құдай» деген мағынада жұмсалады. Алла, құдай. О, *жаратқан ием!* Алдымен атыңды айтып, жалбарынам /Б.Момышұлы/. Алла, құдай. «*Жасаған ием*, жар бола көр» деп күбірлейді ішінен /С.Алдабергенов/.

«Құдай, алла, тәңірі» культтік сөздері араб тілінен енген ***«құдірет, жаппар, хақ»*** сөздерімен көбінесе тіркесіп қолданылады. ***Жаратқан, жаратушы, жаппар, жасаған, жасаған ием, ие*** *дегендер* – алла, тәңір, құдай сөздерінің қазақша баламасы, синонимдес сөздер. Бұл сөздердің айтылуы басқа болғанымен лексикалық мағыналары бірдей. Олар да «бар әлемді жасаушы ұлы күш, құдірет иесі, яғни құдай, алла, тәңір, жаратушы» деген мағынада жұмсалады. Сондықтан адамдар әр уақытта осы күштерге жалынып, жалбарынған. Адамдар өздерінің бір-біріне жасаған жақсылық-жамандық әрекеттеріне жауап ретінде осы күштерге байланысты қалыптасқан тұрақты сөз тіркестерін қолданған. ***Жаратқан, жаратушы, жаппар, жасаған, жасаған ием, ие*** дегендер тек қана алғыс, тілек мағынада қолданылады.

Түркі тілдерінде өте ерте заманнан келе жатқан культтік мағынада жұмсалатын сөз – «**тәңірі**». «**Тәңірі**» концептісі алтай тілдерінен алынған «аспан», «көк» деген мағынаны

білдіреді. «Тәңірі» сөзінің ежелден түркі тілдеріне меншікті сөз екендігін түркі халықтарының мәдениетінің ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзі мәдениетінің тарихында елеулі орын алатын, бүкіл әлемге әйгілі болған Орхон ескерткіштеріне (VIIIғ.) арналған құлпытастағы жазулардан көруге болады. Дания ғалымы Копенгаген университетінің профессоры Вильгельм Томсен Орхон жазуының «кілтін» тауып, сырын ашады. Орхон өзені бойындағы табылған үлкен тастағы жазудың ішінен түрік тәңірі деген сөздерді оқиды. В.Томсен ашқан алфавитті қолданып, академик В.В.Радлов 1894 жылы Орхон ескерткіштерін тұңғыш рет орыс тіліне аударып, текстің нұсқасын латын әліппесімен береді.

Мәселен, «Күлтегін», «Тонықөк» ескерткіштеріндегі:

Күлтегіннің үлкен жазуында:	*Аудармасы:*
Үзе көк теңрі,	Биікте *көк тәңірі*,
Асра йағыз йір қылынтуқда,	Төменде қара жер жаралғанда,
Екін ара кісі оғлы қылынмыс.	Екеуінің арасында адам баласы жаралған.
Кісі оғлынта үзе ечүм апам	Адам баласы үстіне ата-тегім
Бумын қаған, Істемі қаған	Бумын қаған, Істемі қаған
олурмыш.	отырған.
Олурыпан, түрк будуның	Отырып, түркі халқының
илін, төрүсін тута бірміс,	Ел-жұртын қалыптастырған,
іті бірміс.	иелік еткен.

Күлтегіннің кіші жазуында:	*Аудармасы:*
Теңрі тег, теңріде болмыш	Тәңірдей *тәңірі жаратқан*
Түрк Білге қаған,	Түрік Білге қаған,
Бұ өдке олуртым.	Бұл шақта отырдым.

Тонықөк жазуында:	*Аудармасы:*
Теңрі йарулқазу!	*Тәңірі жарылқады*!
Бікүл түрк будунқа	Бүкіл түркі халқына
йаруғлуғ йағуғ келтүрмедім.	қарулы жау келтірмедім,
Төгүнлік атуғ йүртмедім.	Атты әскер жолатпадым. –

Ін қазып, үйден-үйге жаса тесік,
Тар болсын, кіре алмастай, кедейге есік.
Жалғыз тал шөп көрінсе, тастамай жи,
«Болд-деп,-заман жайы әлденешік?!»

Сараңдықты мысқылдап тұр. Ақын ешкімнің қолы жетпестей жина тер, дүние жи деп тұрған тәрізді. Сол еңбегіңді аяп, кедейге көмектеспесең, босқа қалады деген ой мына жолдарда аңғарылады:

Қалады жер астында жиған дүниең,

Бас салса, бір тесіктен, аңдап мысық.

Енді бірде ақын жылан бол, алтын жи, күміс жи көңілің тоқ болады дейді. Бірақ бұл жерде де сатира бар, өткір шенеу бар. Өзінен өзі аяп қалтақтаған өмірден өз орнын табуы екі талай. Сараң болмай әр нәрсені жомарттықпен шешкен адам өмірден өз орнын табады деген ой беріледі. Яғни, әр нәрсені дойбы ойнағандай өмірде де тарылмай, ойланып, ақылмен шешу керек деген тұжырым бар. Өмір дойбының ойны сияқты, надан болмай, сараң болмай, тасты ұтқызса да жеңіске қол жеткізуге болады деген тұжырым арқылы, өмірдегі құбылысты бейнелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Джанузаков Т.Д. Основные проблемы ономастики казахского языка: автореф. док. филологич. Наук. – Алматы, 1976. – 100 с.

2 Маргулан А. Из истории городов и строительство исскуство древнего каз. – Алматы, 1950.

3 Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы, 2005. – 272 б.

В настоящей статье раскрыты значения слов-символов в произведениях Машхур Жусипа, определяется их символическое значение. Выявлены особенности функционирования названных средств в художественном тексте, определяющие индивидуальный стиль автора. На основе рассмотренных значений лексем «Күн», «Ай», «Жұлдыз» описан культурологический компонент значений этих слов, которые характеризуют мифологические взгляды и астрономические знания казахского народа.

This article describes the symbolic meaning of words-symbols in the works of Mashur Zhusip. It represents the poet's individual style in the analysis of the text in order to display the content of speech applications. Mythical ideology of the nation, astronomical images used in the language "Sun", "Month", "Star" and symbolic significance of lexemes in the works of Mashur Zhusip were analyzed. The article analyzed culturological component of the mythological views and astronomical knowledge of Kazakh nation.

ӘОЖ 82.09(574)

А.Д. Амренов

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар, Қазақстан

adilbek.61@mail.ru

АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ ИДЕЯСЫ

Мақаланың негізгі мақсаты Абай Құнанбаевтың тәуелсіздік, елшілдік, әлеуметшілдік сарындағы саяси, азаматтық лирикаларын жаңаша пайымдау. Қазақ даласына жүргізілген отаршылдық, оған қарсы тәуелсіздік, елшілдік поэзияның туын қарастырылады. Осы негізде Абай лирикалары оның шығармаларына тақырыптық-идеялық жағынанан әсер еткен қоғамдық тарихи-саяси тұрғыдан талданады. Оның тәуелсіз ел, кемел басшы танымындағы ой- аңсары сараланады. Ақын өлеңдері идея ортақтығы тұрғысынан «Зар заман» ақындары шығармаларымен бірлікте қарастырылады.

Кілт сөз: тәуелсіздік, рухани мәдениет, әлеуметшілдік, отаршылдық, нәубет, имандылық, кемел басшы

Қазақ елі билік, шаруашылық, рухани тәуелділіктен арылып, бүтіндей тәуелсіз жеке мемлекеттік мәртебеге ие болғанына да көп бола қойған жоқ. Бары-жоғы ширек ғасыр. Осы аз ғана жылдың өзінде өткендеріміздің үш ғасыр бойы бодандықта жүріп аңсаған егемендік аңсарының ірге тасы мықтап бекіді: еліміз болашағынан үлкен үміт күттіретін әлем елдерінің санатына қосылып, экономикалық әлеуеті жоғары елге айнала бастады; мемлекеттік саяси-экономикалық бағдарламалары мен жоспарлары тұрғысынан болсын, тағыда басқа алуан салаларымен болсын, әлем жұртшылығының назарына іліккен, қызығушылығын туғызған, ешкімге жалтақтамай өзіндік даму, Қазақстандық даму үлгісін көрсеткен мемлекет болды; еліміздің ұйтқы болуымен жер жаһандық деңгейде өтіп жатқан әртүрлі саммиттер, конференциялар, форумдар, спорттық жарыстар Қазақстанның әлемдік аренадағы беделін арттыруда; елдің әлеуметтік -экономикалық дамуы күн санап артып, халықтың тұрмыс деңгейі, тыныс-тіршілігі Орталық Азия елдерінің ішінде алдыңғы қатарға шықты. Ендгі мақсат - осы азат елдің көтерілген шаңырағын қисайтпай, биікке көтеріп, тіктеп ұстап, жаһандану толқынында жұтылып кетпей бүкіл саяси, экономикалық, рухани, мәдени, болымыс-бітімімізбен әлемдік заманауй дамудың алдыңғы қатарынан көріну. Бұл – Қазақ елінің алдына қойған переспиктивалы стратегиялық бағдары.

Тәуелсіздіктің оңай жолмен келмегені айтылып та, жазылып та жүр. Үлкен, қомақты ғылыми зерттеулер де жоқ емес. Дегенмен де, қазірде тілімізде жиі қолданылып жүрген «азаттық», «тәуелсіздік», «егемендік» сияқты аталымдардың тарихи- саяси мәнін, ұрпақ санасын сіңдіру үшін өткендегі тарихи жадымызға қайта-қайта үңілгеніміз артық болмас. Тек қасаң фактілерге сүйенетін тарихи хронологиямен ғана шектелмей (өкінішке орай көптеген зерттеулер осы тұрғыдан қарастырылуда), тәуелсіздік аңсардың мақсат-мүддесін, арман-тілегін бүтіндей ашып беретін рухани мәдениетімізбен, көркемдік ойдың құндылықтарымен байланыстыра терең талдап зерделегенде ғана тарихты дұрыс түсінуге болатынын байқатады. С.Қирабаевтің сөзімен айтсақ: «Қазақтың рухани мәдениетінің ең үлкен бір бөлігі – оның көркем әдебиеті. Ол – халық тарихының бейнелеу жолымен жасалған көркем шежіресі. Халық басынан өткен деректі оқиғалар, оларға қатысқан тарихи тұлғалар туралы мәліметтер тарихпен бірге әдебиет бетінде де көп сақталған» [1, 3]. Яғни, мәселені әдеби-тарихи процесс тұрғысынан зерделесек, тәуелсіздіктің тарихи, саяси мәнін, халқымыздың азаттық аңсарын толық ашып береміз.

Қазіргі қазақ әдебиетінің даму жолын шолып қарасақ, әлеуметтік-қоғамдық, рухани-мәдени өмірінің туыстас халықтармен біте қайнасқан YIII –XIY ғасырлардағы жалпытүркілік ортақ әдебиеттен бастап, XY –XYII ғасырлардағы қазақтың ұлт болып қалыптасып, дербес мемлекетке ие болған тұстағы поэзиясы, XYIII –XIX ғасырдағы ұлттық тәуелсіздік, отаршылдық зардабы тақырыбындағы поэзия, XX ғасыр басындағы отаршылдық езгіден құтқару, елдің тәуелсіздігі үшін күресі идеясын батыл көтерген поэзия, кеңестік кезеңдегі әпербақан саясаттың ығына жығылған «қып-қызыл идеядағы», тәуелсідік санадан жұрдай болған әдебиет деп қысқаша тұжырымдауға да болады. Осы санамалап өткен кездердегі әдебиеттің идеялық-мазмұндық, көркемдік жағынан дамуына әсер еткен қоғамдық тарихи-саяси жағдай болды.

Ал тәуелсіздік, елшілдік, әлеуметшілдік сарындағы поэзияның тақырыптық-идеялық жағынан жандануы XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы әдебиетте көрініс тапты. Бұл жөнінде М. Әуезов былай дейді: «XIX ғасырдан бастап қазақтың жазба әдебиеті әлеумет халін ұғып, ел қамын жоқтауға кіріседі. Өлең бұрынғыша қызық, сауық сияқты ермек емес, қауым қызметін атқара бастайды. Елдің саяси пікірі мен тілек, мақсат, мұң, зар сияқты сезімдердің басын қосып, жаңадан ой негізін, салт-санасын құрай бастайды.Бұл уақытқа шейін болмаған әлеуметшілдік сарыны, азаматтық нысанасы шығады» [2, 194-195]. Яғни ұлттық намыстың тапталып, халықтың тыныс-тіршілігінің тарылып, биліктің, ата қоныстың, қазына-байлықтың, діннің, тілдің, жалпы алғанда діліңмен қоса бүтіндей орыс бодандығына

беріліп, орыс патшалығына тәуелді болып отарланған осы тұстағы қазақ поэзиясы тарихи оқиғаларды, өмірлік фактыларды негізге ала отырып, көркемдік ой үлгісінде ашы ыза, улы зармен запран болып төгілді, кейін елшілдік ұранына айналып, көкейден азаттықты аңсаған жыр болып ағылды.

Қазақ еліне жүргізілген отаршылдық нәубәті жоспарлы түрде жасалып, біртіндеп сыналай еніп, өз нәтижесін берді. Алдымен қазақ сахарасындағы бұрыннан басқарылып келе жатқан дәстүрлі хандық билік жойылды. «1822 – 1867 жылдар аралығында хандық жойылып, аға сұлтандық ел билеу жүйесі енген соң, қазақ жерін «бөлшекте де билей бер» дейтін отаршылдық принцип негізінде көптеген әкімшілік территорияларға жіктеді. Бұл тұста ру басыларын бір-біріне айдап салып, отаршылдық саясатын оңай жүзеге асырды...» [3, 73]. Патша әкімшілік жүйесінің отаршылдық пиғылдағы бұйрығын орындататын ел ішіндегі басқарушылары аға сұлтан, болыс, старшын, билер еді. Патша шенеуніктерінің айдауымен қазақ ішіне ірткі салып, елді бұзған да осылар болды. Бұны Абай жақсы айтқан:

Бас-басына би болған өңкей қиқым,
Мінекей бұзған жоқ па елдің сиқын,
Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың [4, 28].

Абайдың бұл айтып отырғаны тарихи шындық, қазақ даласының тұтастығы бұзылып, болыс-болысқа бөлініп, сол болысты басқарып отырған қолдарында билігі жоқ «өңкей қиқымдардың» орыс билігінің ықпалында кетіп, елдің берекесін кетіріп, сиқын қашырғанын ақын ішінен шер боп ақтарылған көркемдік оймен жеткізіп отыр.

1868 жылғы Ресей патшасы қол қойған «Жаңа низамнан» кейін болыс пен би қызметі патшалық Ресейдің мемлекеттік қызметіне кірмей, ең соңғы дәрежедегі қоғамдық билік болып қалды. Сайланған бидің шешімін әскери сот кез келген уақытта бұза алды. Болыстық қызмет сиязда бекітілді. Ол өз қарамағындағы 10-15 ауылға ғана билік жүргізуге құқылы болды. Аға сұлтандық, болыстық билік Ресей отаршылдығының құралы болды.

Абай «Күлімбайға» арнау өлеңінде «Болыс болдым мінеки, Бар малымды шығындап. Түйеде – қом, атта – жал, Қалмады елге тығындап» деп болыстыққа таласып, парақорлықпен (Бар малымды шығындап) билікке ілікендердің патша шенеуніктеріне, ұлыққа жағымпаздығын бейнелеген. Осы көріністі үшінші қара сөзінде: «…Үш жылға болыс сайланады. Әуелгі жылы «Сені біз сайламадық па?» – деп елдің бұлданғандығымен күні өтеді. Екінші жылы кандидатпенен аңдысып күні өтеді. Үшінші жылы сайлауға жақындап қалып, тағы болыс болып қалуға болар ма екен деп күні өтеді…», – деп қоғамдық шындықты сынға алады.

Патшалық басқарудың зымияндық астарына, отарлық заңның сұрқиялығына көзі жеткен Абай: «Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып, қу тілмен қулық сауған заңы құрысын», – деп күйінеді. Қазақтың рухын, ділін, дәстүрін түбегейлі құртуға бағытталған аяр заңның астарын аңдаған Абай: «Қызмет қылма оязға, жанбай жатып сөнуге. Қалай сабыр қыларсың, жанбай жатып сөнуге?», – дейді. Бұларға қолымен от көсетіп, өз халқына айдап салып отырған аяр саясаттың азғырушысы орыс ұлығының да жымысқы әрекетін ақын:

Орыс айтты өзіңе ерік берем деп,
Кімді сүйіп сайласаң бек көрем деп.
Бұзылмаса оған ел түзелген жоқ,
Ұлық жүр бұл ісіңді кек көрем деп [4, 26], - деп ашып береді.

Елдің іргесін сөгіп, бірлігін тайдырып, бір –біріне алауыз қылып («Алыс-жақын қазақтың бәрі қаңғып, Аямай бірін-бірі жүр ғой аңдып»), тіпті ағайын-туыс арасына от қойып («Атаны бала аңдиды, ағаны – іні, Ит қорлық немене екен сөйткен күні») отаршылдық қамытын мойнына ілдіріп мақсатына жеткен орыс отаршылдық пиғылы мен солардың сойылын соғып өз халқын құрдымға түсірген ел билеушілерінің ессіз қылығын ақын астарлы оймен жеткізеді:

Ел бұзылса салады шайтан өрмек,
Періште төменшектеп қайғы жемек.

Өзімнің иттігімнен болды демей,
Жеңді ғой деп шайтанға болар көмек [4, 24].

Осындағы «шайтан», «періште» деген бейнелі сөздерде терең астарлы мағана жатыр. Діни ұғымда екеуі бір-біріне қарама-қарсы мәндегі сөздер. Періште күнәсіз, пәк, адал субстанция және ол үнемі жақсылық жағымен көрінеді, ал шайтан керісінше қара ниетті, азғырушы жағымен мәлім. Бұл көркем бейнедегі «шайтан» – отарлаушылар болса, «періште» –отарланғандар. Шайтанға көмек берушілер – отарлаушылардың жандайшаптары ел басқарушылар.

Абай ендігі ел тұтқасын ұстағандарды ел басқарушылары деп емес, отарлаушы империяның кәдімгі көп шенеуніктерінің бірі деп қабылдады. Осындай дәрменсіз ел билеушілерінің көбейіп бара жатқанына налыды. «Бас-басына би болған өңкей қиқым» қолында күші жоқ, орыс ұлығына бағынышты ел басқарушыларының дәрменсіз халін көріп, оларды сын тезіне салады. Бодандық қамытына ноқталанған «Таласып босқа, Жау болып досқа, Қор болып құрып бара жатқан» елінің тығырықтан алып шығар жол іздейді. Мұндай елді басқару да кім көрінгеннің қолынан келетін іс емес:

Көп шуылдақ не табар,
Билемесе бір кемел ? -

деген риторикалық сауал тастайды ақын. Негізінен «кемел» араб тілінен енген кірме сөз. Түсіндірме сөздікте «Кемел - әбден толып жетілген, өскен, ер жеткен. Асқан шебер, жетік, алғыр» [5, 382] деп көрсетілген. Бұл түсіндірме Абайдың айтып отырған «кемелін» тарқата алмайды. Абай оны діни- ахлақтық мағанада қолданған. Діни сопылық танымда كامل - камил сөзі ахлақтық (мінез-құлық) ұғымда қолданылады, яғни адами жетілудің әуел бастағы құдайлық жаратылыстағы деңгейінде болу, тек сыртқы (zahири) ғибадат-құлшылық жағынан ғана емес, ішкі (батини) рухани, мінез-құлықтық тұрғыдан жан-жақты толық жетілгендікті білдіреді. Адамның ішкі рухани толысуының басты көрінісі – имандылық. Ахлақтың (мінез-құлықтың) негізгі міндеттерінің бірі – елге, туған жерге, жұртқа, отанға байланысты міндеттер: «Отанды сүю де иманнан келеді. Имансыздың жүрегінде отан сүйіспеншілік болмайды. Әр адам баласы үшін, мемлекетін және елін сүю, оның бақытты болуына, дамуына тырысу міндет болады» [6, 271], деп жазылады Ғылымхалдің «Мінез-құлық» (Ахлақ) бөлімінде.

Ақынның сынына түскен ел басқарушылардың барлығы әрине, отаршылдықтың «бөлшекте де билей бер» саясатының құрбандары. Мұндай атқамінерлер Абайша айтқанда имансыздар, яғни кемел, толық адамдар емес. Ондайлардың ел басқаруы да қауіпті. Сондықтан ақын елбасшысы кемел адам болу керек дейді. Халықты артынан ертіп, елін дәулетке жеткізетін басшыны «единица» деп, ерген халқын «нөл» деп арифиметикалық ұғыммен астарлайды:

Единица – жақсысы,
Ерген елі бейне нөл.
Единица нөлсіз ақ,
Өз басыңдық болар сол.
Единица кеткенде,
Не болады өңкей нөл ?
Берекеңді қашырма,
Ел тыныш болса жақсы сол [4, 91].

Расында ақынның айтатын «көп шуылдақ» нөлдің алдында кемел басшы «единица» тұрмаса, маған десе қанша нөл болса да оның арифиметикалық сандық мағанасы болмайтындай, әлеуметтік ұғымдағы халықтың да басшысы әділ болмаса құрдымға кететіні анық. Абай заманындағы билікке таласып, елдің сиқын кетірген басшылар «өңкей қиқымдар» еді. Олар тіпті ел басқаратын қолында билігі бар единица дәрежесіне жетпей, биліктен айырылған нөлдік дәрежеге түсіп қара тобырға айналғандар болды. Абайдың тереңнен толғап, астарлап қозғап отырғаны да осы қолдан кеткен билік, сол билікті қайта қолға алу, елді кемел басшыға билету.

Қолдан кеткен билікке, тізгінсіздікке қарсы күрескен Абайдың ойынша, ел басқаратын адам мансабына лайық, білімді қайраткер болуы керек. 37-ші қара сөзінде: «Кісіге біліміне қарай болыстық қыл; татымсызға қылған болыстық өзі адамды бұзады», – дейді. Парамен, таныстықпен келген билік қасиетсіз. Абай 28-ші қара сөзінде «сатып алған, жалынып, бас ұрып алған биліктің ешбір қасиеті жоқ» деген.

Бірақ ақын билік тізгінін қалай қайтаруды тәпіштеп жатпайды.

Берекеңді қашырма,
Ел тыныш болса, жақсы сол.
Рас сөзге таласып,
Ақжем болма, жаным, кел [4, 92], -

деп елдің тыныштығын армандап, сол елді алға сүйрейтін, әділ билік жүргізетін кемел басшыны идеал ғып қана өтеді.

Билікті қолға алған соң ендігі кезекте жер отарланды. 1968 жылғы қазақтар «Жаңа низам» деп атап кеткен «Уақытша Ереженің» 210 бабында: «Қырғыз (қазақ) көш - қоны болып табылатын жер мемлекеттік болып есептеледі, әрі қырғыздарға қоғамдық түрде пайдалануына беріледі» [7, 289], - деп жазылған. Барлық ерікті өз қолына алған патша өкіметі қазақтың атамекен, құт қонысы болған ең шұрайлы жерлерін ішкі Ресейден шұбырған қара шекпендерге таратып, қазба байлық шығатын жерлерді шетелдік өндірісшілердің қолына берді. Жергілікті халық құнарсыз, шөлейт жерлерге ығыстырылды. Өз жерінде күн көре алмаған орыс мұжықтары қазақтың шабындығы мол, сулы жерлеріне өз беттерімен орналасып қоныстанып жаппай үй салып, ауылдар тұрғыза бастады. Патша өкіметі оларға қолдау көрсетіп: «Күздік жайылым мен қыстақтар, оған жақын жердегі шабындықтар және дәл сол сияқты сонда орналасқан құдықтар мен ормандар жеке отбасылардың жеке меншігі болып табылады» [7, 290], - деп жарлық шығарады. Алайда бұрын отырықшы болмаған қазақ бұл заңның пайдасын көрмеді. Ата-бабасынан бері көшіпелі тұрмыс кешкен қазақ биліктен бір айырылса, енді шұрайлы жерінен тағы айырылды.

Мұндай жағдай: «Қазақ елінің рухани құлдық қамытын киіп, отаршылдық қысымға ұшыраудан құтылуға ұмтылу – осы кезеңдегі қазақ поэзиясының өзекті сарынын тудырмай тұра алмады. Өткен замандағы Асан Қайғы, Бұхар, Махамбет, Дулат, Шортанбай, Мұрат, бергіде Абай бастаған жаңа әулет өкілдері, кітаби ақындар туындыларындағы отаршылдыққа іштей қарсылықтан туған ортақ сарынды сезінеміз» [8], - дейді М.Мырзахметов.

Жердің отарлануы, ақындар шығармашылығының негізгі тақырыбына айналып, көкіректен шер болып ағылды. Жалпы Абай өлеңдерінде жер мәселесі көп сөз бола қоймайды. Жердің отарлануын Абай ру арасындағы тартыс, жерге талас, бірінің қонысын бірі тартып алу сияқты өз заманындағы тұрмыстық жағдайлармен астарлап жеткізеді. Бұл қазақты біріне-бірі айдап салған Ресей патшасының жымысқы саясатының басты мақсаты. Енді ата қоныстың жаз жайлауы, күзеуі, қыстауына дейін жат жұрттық болып кеткенін шерменде болып толғаған Абайға құлақ түрсек :

Жетілтіп жаз жайлауға қона алмай жүр,
Күз күзеу де жанжалсыз бола алмай жүр.
Қыс-қыстауың қып-қызыл ол да пәле,
Оралып ешбір шаруа оңалмай жүр

Биліктен айырылып, екі жақты қанауға түсіп, берекесі кеткен елді ақын шөлге теңейді:

Берекесі кеткен ел –
Суы ашыған батпақ көл.
Құс қаңқылдап, жағалап,
Сулай алмас жазғы төл.
Оның суын ішкен мал,
Тышқақ тиіп аспас бел.
Көл деп оны кім жайлар,
Суы құрсын, ол – бір шөл [4, 91].

Бұл жердегі шөл- балама символ. Яғни, суы бітіп шөл боп құрып бара жатқан көл - тоз-тозы шығып, құлдық қамытын мойнына ілген, басшысыз қалған берекесіз ел болса, шалқар көл – билік, шаруашылық, мәдени-рухани жағынан жетілген, өз билігі өз қолында тәуелсіз, берекелі ел:

Берекелі болса ел –
Жағасы жайлау ол бір көл.
Жапырағы жайқалып,
Бұлғақтайды соқса жел.
Жан-жағынан күркіреп,
Құйып жатса аққан сел.
Оның малы өзгеден,
Өзгеше боп өсер тел.

Таза қазақи танымдағы ел көрінісі, көшпенді елдің шаруашылық тұрмыс –тіршілігі, бүтін болымысы арқылы ақын берекесі кеткен ел (отарланған) мен берекелі (тәуелсіз) елдің көрінісін қатар суреттей отырып көрсетеді. Айналасында жапырағы жайқалған жасыл орманды, жан-жағынан күркіреп ағып құйып жатқан мөлдір бұлағы бар шалқар көлдің жағасында, көк майсалы шөбі шүйгін жайлауда тойынып өскен төрт түлік малдың тел өсуі – байлықтың, дәулеттің нышаны, тал басын тербелтіп бұлғақтай соққан жел – тыныштықтың, бейбітшіліктің белгісі. Ақын аңсарындағы тәуелсіздік міне осы - әсем табиғат аясында алаңсыз еңбек етіп, мамыржай тіршілік еткен азат ел.

Туелсіз ел, азат жер аңсары сол тұста жасаған ақындардың барлығының да шығармаларында кездеседі. Қазақ сахарасының Батысында жері тарылған, қайраны таусылған, жұртының ауыр халін жырлаған Мұрат Мөңкеұлының «Үш қиян» толғауы болса, Шығысында Дулат ақынның «Тегімді менің сұрасаң», «Ал, қарағай сұлу сындарлы», «О, Сарыарқа, Сарыарқа», «Асқар таудың сәні жоқ» атты өлеңдерінде ел басқару ісіндегі озбырлық, әділетсіздікті, патшаның отаршылдық саясатының әсерінен жер-қонысынан айрылған ел жағдайын сөз етеді. Екі ақынның өлеңдерінде де отарланғанға дейінгі қазақ сахарасының, өздерінің туып-өскен әсем көрінісін әсем бейнелейді. Дулат:

Аягөз сенің бойыңда,
Несібе, ырыс тегіс қой
Сай-салаң балғын жеміс қой.
Қырың – малдың кіндігі,
Ойың - өнім егіс қой ,-

Аягөз өзенінің әсем табиғатын Дулат ақын динамикалық көріністпен сипаттаса, Мұрат бодандалғанға дейінгі елінің әсем көрінісін халықтың тыныс-тіршілігімен, туған жерінің төсіндегі елдің дәулеті болған мың-мыңдап өрілген малын, мамыржай күй кешіп, бейқам тірлік етіп жатқан елін жырға қосады :

Қойды мыңнан өсірген,
Жылқыны санға жеткізген,
Арпа, қауын төктірген,
Жеріне жеміс ектірген
Дәулеті қалың біткен жер.

Отаршылдық қамытын мықтап киген қазақ қоғамының ащы шындығын айтқанда, отарланғанға дейінгі туған жердің әсем көрінісін жырлағанда, отарланып жаттың қолына өткеннен кейінгі жердің мұндай әсем көрінісінің бірі де қалмағанын толғаған Дулат, Мұрат, Абай шығармашылығы көп сәттерде бір-біріне үндес келіп жатады.

Тәуелсіздікке қалай жетудің жолын нақтылап айта алмаса да, заманның лаңын сын тезіне сала отырып бүкіл патшалық аппараттың билік басындағыларды ашық айыптады, елді бостандыққа жеткізетін кемел, әділ басшыны арман етті, орыс мұжығының қолына кетіп тұталақайы шыққан ата қоныстың сүреңсіз көрінісі қан жылатты, бодандыққа дейінгі төскейде малы шұбырған, әсем табиғатты кең жайлау, асқаралы асқар тау, тұнық, мөлдір айнакөл,

алаңсыз тірлік еткен салқар көшті елді аңсады. Міне, ақынның тәуелсіз ел, тәуелсіз билік аңсары да осында.

Әдебиеттер тізімі

1 Қирабаев.С. Тәуелсіздік рухымен. – Астана: «Фолиант», 2002. – 504 б.

2 Әуезов. М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 261 б.

3 Мырзахметов. М. Қазақ қалай орыстандырылды. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993. – 128 б.

4 Абай (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы.I том. – Алматы: Жазушы, 1986. – 304 б.

5 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

6 Энциклопедия «Ислам». – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 285 б.

7 Қазақстан тарихы. Очерктер. – Алматы, 1994. – 419 б.

8 Мырзахметов. М. Отаршылдық дәуірдегі әдебиет // Жұлдыз, 1993, № 7,8,9.

Основная цель статьи – представить идею независимости Абая Кунанбаева в его произведениях. В статье рассуждаются невзгоды колониальной политики Российской империи проведенной в казахской степи и рассматривается рождения идеи независимости в поэзиях против этого колониализма. На этой основе произведения Абая анализируются в историко-политическом ракурсе, которые повлияли на его творчество и определили идейное направление поэта. Определяется концепция независимости своего народа. Стихи поэта анализируются в контексте общей идеи произведения поэтов "Зар заман"

The main purpose of this article covers the problem of reflection of the idea of the independence in Abay's works. It is reasoned the adversity of colonial policy of the Russian Empire which was held in the Kazakh steppe and it is considered the birth of idea of independence in the Abay's poetry against this colonialism. On this basis Abay's works are analyzed in historical and political perspective that influenced his work and determined the ideological direction of the poet. In his works it is defined the concept of the independence of the people. Verses of the poet is analyzed in the context of the general idea of the works of poets of "Zar zaman"

ӘОЖ 82.09(574)

А.Д. Амренов[1], Т.Б. Қабышев[2]
Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты[1]
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті[2]
Павлодар[1], Семей[2],Қазақстан
adilbek.61@mail.ru, talgat_kabyshev@mail.ru

ТАЙЫР ЖОМАРТБАЕВТЫҢ АРНАУ ӨЛЕҢДЕРІ

Мақалада арнау өлеңдердің табиғаты, тарихи даму арнасы, жанрлық, синкреттік ерекшелігі қарастырылады. Жазба әдебиеттегі Ыбырай, Абай дамытқан жарлай арнау, зарлай арнау үлгілері сөз болады. Осы негізде қазақ ағартушы ақындарының бірі Тайыр Жомартбаевтың арнау өлеңдері талданады. Арнауларындағы адамдардың тарихи тұлғасы анықталады. Ақын өлеңдерінің өзіндік ерекшелігі сарапланып, оның арнау жанрына қосқан үлесі айқындалады.

Кілт сөздер: арнау өлең, жанр, қазақ поэзиясы, дәстүр жалғастығы, алашорда, ұлтшыл, ағартушы, суырып салма.

Қазақ әдебиетінде арнау өлең туралы салмақты пікірлер теориялық тұрғыдан А. Байтұрсынов, Қ. Жұмалиев. З. Қабдолов, З. Ахметов еңбектерінде қарастырылса, әдебиеттің тарихи даму кезеңдермен байланысты М. Жолдасбеков (ежелгі дәуір), М. Мырзахметов, Қ. Мәдібаева (зар заман дәуірі), өзге жанрлармен қатынасын Т. Қожакеев (сатира), Б. Әбілқасымов (толғау), С. Медеубеков (терме) қарастырып арнау өлеңдерінің синкреттік ерекшелігін ашты.

Қазақ әдебиеті теориясының негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынов арнауды төмендегідей жіктейді: «Арнау. Арнаудың өзі үш түрлі болады: Сұрай арнау, зарлай арнау, жарлай арнау». Және де арнауды осылай жіктей отырып, оларға "Әдебиет танытқыш" атты еңбегінде мысалдар келтірген [1, 363-364]. Бұл пікірлерді профессор Қ.Жұмалиев әрі жалғастырады. Өз еңбегінде арнау өлеңдерге тоқталып, оған мынадай анықтама береді:
«Арнау не біреуге, не көпшілікке, не табиғаттың бір құбылысына қайырыла сөйлеу. Кейде тіпті сөйлем, кейде сұраулы сөйлем, кейде риторикалық сұрау арқылы құрылады. Сөйлем құрылысы ішкі мазмұнына қарай арнау өзара үшкее бөлінеді: 1) жарлай арнау, 2) зарлай арнау, 3) сұрай арнау, 4) риторикалық сұрақ. Риторикалық сұрақтардың жауабы өзінің ішінде оқушылар, сөйлемдегі ой толқынына қарап, жауабын өздері бере алады. Сөйлем әдейі солай құрылады» [2, 283].

Байқап отырсақ, жоғарыдағы пікір-ойларда соншалықты алшақтық жоқ. Арнау өлең қазақ поэзиясының ең бір арналы саласы екенін ғалымдардың бәрі де қуаттайды.

Арнаудың жанрлық ерекшелігін анықтау мәселесі бүгінгі күні де фольклортанушылар мен әдебиетшілер үшін оңайға түсіп отырған жоқ. Зерттеушілер арнау өлеңдерінің жанрын анықтағанда негізгі белгі ретінде оның ежелден келе жатқан мінездемесі мен мотивіне, шығу тегіне көңіл аударып жүр. Сондай-ақ арнау өлендерін әртүрлі жанрлық түрлері де бар екенін айтып жүр. Арнау өлең іштей жанрлық түрге жіктелгенімен белгілі бір ортаға, қауымға, жеке адамға т.б. арналып айтылатындықтан онда ортақ үндестік, бір жанрға тән ерекшелік айқын байқалады. Арнау өлеңнің жіктелуі негізінен тақырыптық сипатына, яғни кімге, қалай арналуына байланысты.

Арнау өлеңдерінің негізінде күні бұрын белгілі рөлге ие болған адресатпен диалог құру жатыр. Бұл жерде адресат дос, дұшпан, ел, жер, табиғат және т.б. болуы мүмкін. Адресаттың осындай әртүрлілігі авторға толғанысын, ажуасын, көңіл-күйінің басқа сәттерін жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл қасиет арнаудың толғау, терме, өлең, сатира және т.б. жанрларды өзінің икеміне қарай бұрып өзіндік жанр туғызу мүмкіндігі деген сөз.

Қазақ поэзиясында арнау өзінің өміршеңдігімен көрініп қана қоймай, әр кезеңде өзіндік бет-бедерімен ерекшеленген. Сондай-ақ әрбір кезеңде ол бейнелейтін эстетикалық нысаны өзгеріп, соған байланысты уақыттың көкейтесті мәселелерін көрсететін мағынада өзгеріске түсіп отырған. Арнаудың жанрлық табиғатын ескере отырып XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы жазба әдебиеттегі арнауларға тоқталсақ, жарлай арнау мен зарлай арнаудың жаңаша бағытта мазмұн, түр жағынан дамыған, көркемдік қуаты жоғары болғанын көреміз. Жарлай аранудың осындай үлгісі Ыбырай Алтынсаринде («Бір Аллаға сиынып, кел балалар, оқылық») кездессе, зарлай арнаудың үлгісін Абай Құнанабаев дамытты. Ақынның «Оспанға», «Жайнаған туың бұзылмай», «Кешегі Оспан ағасы», «Көкбайға» тағы басқа арнау өлеңдері осының бір дәлелі. Мұнда әлеуметтік мәселелер мен қатар қоғамның жеке тұлғасының бейнесі, қоғамдық құлқы, ішкі жан-дүниесі әр қырынан ашылып көрсетіледі.

Абайдың ақындық мектебінің дәстүрінде тәрбиеленген, қаламгерлердің қатарында Тайыр Жомартбаев та бар. Тайырдың өмірі мен шығармашылығы туралы тұшымды пікір айтқан Б.Кенжебаев, Ө.Есназаров, С.Талжанов, Е.Бердин, Ә.Жиреншин, А.Нұрқатов, Ә.Дербісалин, Б.Ақмұқанова, З.Бисенғали, М.Қараев, Т.Кәкішев, Қ.Мұқамедханұлы, Р.Нұрғали, С.Құлбарақов сияқты ғалымдар болды.

Тайыр Жомартбаевтың көзі тірісінде екі кітабы жарық көрген. Ақынның алғашқы кітабы «Балаларға жеміс» (1912), одан кейін «Қыз көрелік» романы (1912) Семейдегі «Ярдам» баспаханасында жарыққа шыққан. Оның шығармашылығы көпқырлылығымен ерекшеленеді. Ол - ақын, жазушы, көсемсөз шебері болумен қатар, ағартушылық бағыттың

ірі өкілі.

Басқа да ақындар сияқты Тайырдың да қазақ поэзиясындағы жақсы дәстүрді жалғастыра жазған арнау өлеңдері бар. Ақынның алғашқы шығармашылық қадамы да осы арнаудан басталады. Оған әсер еткен алдымен ұстазы Көкбай Жанатайұлы болды. Абайдың ақындық мектебінен сусындап өскен Көкбай өз жерінде медресе ашып қоймай, Абай дәстүрін жалғастырып өзі де ақындықпен айналысты, Абай өлеңдерін оқыту бағдарламасына енгізіп, шәкірттеріне жаттатқызып, санасына сіңіріп өсірді. Көкбайдың 1901 жылы Мұқыр болысында молда болып сайланғаны, медресе ашып бала оқытқаны, қандай пәндерді оқытқаны жөнінде мұрағаттық деректерде сақталған [3] .

Тайыр да Көкбай медресесінің алғашқы шәкірттерінің бірі болып қабылданады. Медреседе Тайыр араб, түркі және орыс тілдерін оқып үйрене бастайды. Онда осы тілдердің үйретілетіндігі, оған өзінің барлық ынтасымен құлшына кіріскенін Көкбай:

Ұстаздық жолына енді бетті бұрдым,
Іс қой деп игілікті ниетті бұрдым.
Сахарада медресе ашып, бала оқытып,
Ортаға сол күндегі дүкен құрдым.
Оқыды Арғын, Найман, Керей мен Уақ,
Көрген соң тек оқуды кетті құлап.
Араб, түркі, орысша сабақ бердім.
Өзіме өз еңбегім кетті ұнап.
Өзімдегі барымды бермегенде,
Аласың қолда жоқты кімнен сұрап -

дей келіп, шәкірттердің де оқуды аңсап жүргендіктері туралы былай дейді:

Ғылымға шөлдеп жүрген талапкерлер,
Жиылып бірнеше жүз жатты сұлап [4, 35]

Жасынан зерек Тайырдың оқуға шөліркеп кеп бас қойғандығы туралы естелік мақаласында: “...Имеется достаточна основания, что Таир Ж. в начале подросткового возраста учился в Медресе Кокбая в Такыре. Желание учится у отца появилось еще в то ранее время, он жаждал знании...” [5], - деп жазылған.

Көкбай медресесінде бірнеше тіл үйреніп, ақынның тәлім-тәрбиесін көріп, үлгі-өнеге алған Тайырдың оқуын әрі қарай жалғастыруға, өнер-білімге деген құштарлығы онан сайын арта түседі. Тайырдың жерлесі әрі жақын інісі, ақын Есентай Бердин оның Көкбай медресесінде оқыған кезеңін өзінің “Тайыр Жомартбаев” атты мақаласында былайша сипаттайды: “Арада екі-үш жыл өткен соң, Тайыр медреседен жирене бастайды. Ол бір күні Көкбайдың өзіне: -Молла аға, хат танудық, иманшарт, әптиекке де судаймыз, ал енді не боламыз, бізге орыс тілін неге оқытпайсыз. Абай балаларын орысша оқытады ғой, - дейді.

Осы сұрау Көкбайға ой салады. Тайырдың тілегі орындалып біраз балаға орысша сабақ беріледі. Бірақ Тайырдың орысша оқуы, өлген адамның жаназасын шығаруға, иман айтуға қатыспауы, өзімен сабақтас Медетбай, Кенжегүл, Нұртай деген ересек балаларға жақпайды. Олар Тайырды әжуалайды, күндейді. Тайыр да қарап қалмай:

Підияның тоқтысын,
Сендер ғана аласың.
Шыныңды айтшы жоқпысың,
Құдайға не деп барасың, -

деп әлгі ересек шәкірттерге өлең шығарады [5]. Осы кездерден бастап әркімнің мінез-құлқын, кемшілігін сынап әзіл-сықақ арнауларын шығара бастайды.

Жасынан Абай ауылында өсіп, Абай шығармаларымен сусындаған Тайыр Жомартбаев кейін ұстаздық қызметте жүргенде:

Еңбек қыл, қалам ұстап білгенді жаз,
Бос жүріп бой түзеумен болмаңыз мәз.
Алдыңғы білгендерден тағылым ал,
Дүнияға сөз таратқан көп өнерпаз.

Бос жүрген ата-бабаң не қалдырды,
Ғұмыры өткен қар жамылып, төсеніп саз?
Кешегі үлгі шашқан хакім Абай,
Оның да сөзін ұғып қалғандар аз -[6,65]

деп Абайдың ұстанған жолын басты темірқазық етіп шәкірттеріне арнау арнайды.

Тайыр ақындық кемеліне келген кезде Есентайға, Ербосынға, Масғұтқа, Сайпеңе, Құсайынға, Бибіжанға, Қос қызға, Оразғалиға т.б. арнау өлеңдер жазады. Оның арнаулары көбіне інілері мен баласына ақыл-насихат, соларға деген өзінің сүйіспеншілік сезімін білдіруге арналады. Арнау өлең белгілі бір адамның бейнесін, мінез-сипатын суреттеу мақсатымен де жазылады.Тайыр Жомартбаевтың ардагер ұстаз Есентай Бердинге арналған «Есентайға» атты өлеңінде:

Есентай, қадірлі інім, жаның биік,
Биіктікті тұрады денең сүйіп.
Барлық адам бағынып, қол қусырып,
Тұрғанды жаратасың басын иіп
Өрісің Шыңғыстаудан ұзамады,
Кету қиын туған жер, елді қиып
Басыңды басқа жаққа бір бұрмайсың
Бірде сыймай тұрсаң да, бірде сыйып..., -[6, 164]

дегенде Есентайдың соңынан алашорданың адамы деп қанша жауапқа тартылып, тексеруде жүрсе де туған жер, өскен елден ешқайда шықпай отырғандығын сөз етеді. Есентай Бердин отызыншы жылдары ұзақ тергеулерде болып, 1937/1938 оқу жылында Қордабаев Үкіжан екеуі алашордашылдардың есебінде Семей түрмесіне қамауға алынады. Есентайға тағылған айып: «алашордашыл, ұлтшыл Көкбайдың туысы. Бай, атқамінер болған. Мектепте коммунистік тәрбие болмаған» деп жала жабылады. Ал Үкіжан Қордабаев - ұзақ жылдар Қызылтас, Қарауыл селоларында ұстаздық қызмет атқарған. Екеуі де Тайырдың немере туысы. Есентай Бердіұлы ұзақ жылдар ұстаздық қызмет атқарып, 30 жылдары жеке басқа табынушылық салдарынан қуғын сүргін көріп, екі рет он жылдан сотталған. Абайдың ақындық дәстүрін дамытуға өз үлесін қосқан ақын, жасынан Тайырдың ақыл-кеңесін тыңдап өскен інісі. Есентай Бердіұлы туралы Қазақ әдебиеті энциклопедиясында [7.169], Қазақстан ұлттық энциклопедиясында [8.422] ғұмырнамасы толық берілген. Үкіжанға «Бұрын болыс болған және дін молдасы болған. Мектепте коммунистік тәрбие болмаған» деген айып тағылады**.** Тайыр өлең арнау арқылы Есентайдың елден шығып, оқу оқып, білімін жетілдіруін, ғылым іздеуін сұрайды. Өлеңде:

Сонда ғана бой жазып тыныңар ең,
Желпініп үске жеңіл киім киіп.
Сонда ғана тәтті ұйқы ұйықтар едің,
Шыбын жан рахаттанып, денең сүйіп.
Сонда ғана бойыңа ас сіңер еді,
Ішіңде дерт-дүрмектен қалмай күйік
Сонда ғана арманнан шығар едің,
Мақсұттың тұтқасына қолың тиіп..., -[6, 166]

деуі ағартушы ақынның өзінен кіші інілеріне де оқу-білімнің сарқылмас қазына, мол байлық екендігін ұғындыруы, яғни насихаттауы дегіміз келеді. «Сенің жігер, қайратың жаннан бөлек, осы жүрген адамнан жаның биік» дегенінен інісінің жігерін жанып, күш-қайрат беруі деп білеміз. Ақын өлең соңында өз мәдениетін көрсетіп, іниден кешірім де сұрай біледі.

Ала салып айтысып ашуланба,
Қылығыңды жазамын жаным сүйіп,
Ағалық правомды қолыма алып,
Кеткен жер де бар шығар тілім тиіп.
Ақын емес жақындық сырымды айтып,
Қош айтамын бөрік алып басымды иіп.

Бұл өлең 1934 жылдың 13 қыркүйегінде жазылған екен.

Тайыр Жомартбаевтың сондай інілерінің бірі Ербосын Хасеновке (ағасы Хасеннің баласы екендігін алдыңғы тарауда айтқанбыз) арналған «Ербосынға» өлеңі. Өлең 1934 жылы 27 қарашада жазылған. Бар-жоғы екі-ақ шумақ. Әйтсе де сол 2-ақ шумақта ақынның біршама сыр ақтарғаны сезіледі. Өлеңді толық берсек бәрі де аңғарылады.

Оқусыз шерменде боп өткен өмір,
Қаңбақтай тұрағы жоқ кеткен өмір.
Біз жасайтын өмірді жасап қойдық,
Қосылмас енді қайтіп шеттен өмір.
Әке табылар тереңнен түптеп алса,
Кемеңгер біздің өмір, жеңген өмір.
Іздеген бар мақсұтым сендер болсаң
Артынан мен іздейтін неткен өмір [10].

Ақын сондай-ақ тұңғыш ұлы Масғұтқа да хат жазып соңынан өлеңмен қорытқан. Бұл хат Масғұттың Зайсанда 1926 жылы 31 қаңтарда Розгаль деген музыканттың үйінде тұрғанда жазылған болуы керек. Хат пен өлеңнің мәтіні төмендегідей:

Қарағым Масғұт! Сен менің алдыма алып әлпештеген көз нұрым. Сен жақсы жүріп, жақсы оқысаң, көңілім өсіп, көркейіп, ойымның өлкесі гүлденеді. Сенен бірер көңіл пияласы сынарлық нәрсе табылса үміт өзгеріліп, бағыт қайтып, мына тұрған сары жапырақша тез солуға ғана себеп.

Мен енді күз күнгі жапырақ, солып, түсуге ғана уақыт. Сенің өмірің- май, мен - күз.

Күз болған біздің уақыт қоңыр салқын,
Май айы бізден қашып күліп те тұр.
Алдыңғы өткен өмірден тәжірибе алсаң
Ұғынып қал қарағым саған бір сыр.
Әкең Тайыр Жомартбайұлы Боқаев

1926 жыл ғинуар 31 [10].

Хатта да, өлеңде де әке мен бала арасындағы сүйіспеншілік, сондай-ақ ақынның өзін қоңыр салқын күзге, жастық өмірді май айына теңеуі де өзіндік жарасым тапқан. Әкенің бала оқуына алаңдаушылығы да Тайырдың отбасы тәрбиесіне ерекше көңіл бөлгендігін білдіреді. «Тілек» атты өлең де осы өлеңмен мазмұндас. Әкенің бала бақытын ойлаудан туған.

Ойдағы жалғыз тілек бала-шаға,
Тірі боп солар жүрсе арашада.
Жасарып жас тілегі жауқазындай,
Мен үшін келме се де арашаға.
Көрмекті бақыт соған бола берсін,
Бақытқа балаға әке таласа ма.
Жас көңіл жаңа шыққан жазбенен тең
Күзбенен күйі қайтқан санаса ма [9].

Т.Жомартбаевтың адам мінезін көрсету мақсатында жазылған өлеңдері де бар. Әдетте олардың сынмен астасып келетіні де болады. Ақынның «Есешке» деген өлеңі (Есеш Боқай руының адамы, аталас туысы, Мақы сол кісінің әйелі) оның өз ортасында ешкіммен сыйыспай, жалғыз қалғандығын сынайды:

Семейге Есеш емес мәз,
Адығиямен дүрдараз.
Мақыменен мүлде араз
Таңкешпен де шығыстың
Дұшпан көп Есеш досың аз, -
деп ескерте отырып:
Қаңқылдап серік іздеді,
Адасқан Есеш жалғыз қаз.
Үкіжан бұған күледі

Аңғал шіркін ақылы аз, - [10]

дейді. Өлеңдегі Есеш те, Үкіжан да, Таңкеш те өзінің інілері.

Тайыр достарына, құрдастарына да өлеңді суырып салып шығара беретін болған. Ондай өлеңдерінің көбі сақталмаған. Сондай «Күмісқасқа», «Оразғали» деген арнау өлеңдері туралы Есентай Бердин естелігінде:

«Ақын Тайырдың ертерек кезде Семейде бірге жүріп тұрған бір көршісі болған көрінеді, Күмісқасқа деген. Өз аты ма, болмаса Тайыр қойған ат па екен? Зайсаннан қайта көшіп келгенде, ол көшіп Ойрат асып кеткен екен. Сонда соған арнап айтқан мына «Күміс қасқа» деген өлеңінде:

Жүрмісің аман-есен күміс қасқа,
Мен жоқта сен кетіпсің Ойрат асып.
Өмірдің кедір – бұдыр асуында
Бір жағынан жас жетіп, қалдым жасып.
Ақ жарқын, ашық күндей дидарыңды

Кетсейші бір көрсетіп, қабақты ашып, - [5] дейді.

Тайыр тіпті суырып салма, ойланбай айта салатын ақын еді. Көбіне құрбыларына қалжыңмен өлең айтатын еді. Сол Семейде тұрған кезінде Оразғали Санин деген жігітке қалжыңдап айтқан өлең:

Оразғали Санин,
Құмарттырған бай қызын.
Қалтаңда жоқ бір тиын,
Ғашық жарым демек қой.
Анау қырдікі емес пе,
Қолыңда болса бір үзім,
Үстіңде де бар киім,
Сұлулық та керек қой, -[5]

деп келтірген. Бұл өлеңдерден ақын көңілінің досты іздейтіні, ішкі қапа көңілдің доспен сырласқысы келетіндігін, сондай-ақ достық сын да айтқыштығын байқаймыз.

Түйіндегенде Тайыр Жомартбаевтың қазақ поэзиясына қосқан үлесінің бірі оның арнау өлеңдері. Ақын өлеңдері өзінің араласқан адамдарына, туыстарына арналған. Соларға деген өзінің сезімін, сүйіспеншілігін білдіреді. Негізінен ақыл айту, үгіт-насихат мазмұндас арнауларынан байқалатыны -ақынның ағартушылық бағытты ұстануында екені ақиқат. Сонымен қатар Тайыр арнауларының кейбіреуі әзіл-қалжың ретінде, пародия үлгісінде жазған өлеңдері де бар. Онда сыншылдық, мінездеу жағы айырықша көрсетіледі. Бұл ақын арнауларына тән құбылыс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы:Жалын, 1991. – 464 бет

2 Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы: Казмемкөркәдеббас, 1960. - 284 бет.

3 Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайы кітапханасының қолжазбалар қоры. КП – 36-38.

4 Жанатайұлы К. Шығармалары. – Алматы: Информ-Арна, 2001,- 200 бет

5 Бердин Е. Тайыр Жомартбаевтың өмірбаяны // Естелік дәптер №2, КППМ-19-79

6 Мұхамедханұлы Қ. Абайдың ақын шәкірттері. – Алматы, Дәуір, 4- кітап, 1997. – 240 б.

7 Қазақ әдебиеті энциклопедиясы – Алматы: Білік, 1999. - 750 б.

8 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия, Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 3 том, 2001. – 720 бет.

9 Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайының кітапханасының қолжазбалар қоры, КП – 36-16.

10 ҚРҰҒА ОҒҚҚ, РФ – 8.

В статье рассматривается историческое развитие, жанровая природа и синкретические особенности стихотворения-посвящения. Определются образцы стиха-посвещения, которые развивал Ибрай Алтынсарин и Абай Кунанбаев. На этой основе расматриваются стихи-посвящения одного из казахских просветителея Тайыра Жомартбаева. Раскрываются исторические личности людей, которым он посвящал свой стих. Анализируется своеобразие стиха поэта и определяется его вклад в рассматриваемый жанр казахской поэзии

The article deals with the historical development, the nature of the genre and features of dedication verses. It is determined the samples of dedication verses which were developed in the writings by Ibray Altynsarin and Abay Kunanbayev. On this basis, it considers dedication verses of one of the Kazakh enlightener Taiyr Zhomartbaeva. It is covered historical persons whom he devoted his verses. It is analyzed the originality of the verses of the poet, and is determined his contribution to the genre of Kazakh dedication poetry.

УДК 82-343

А.К. Асан
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
Астана, Казахстан
kamashke_64@inbox.ru

МАГИЧЕСКИЙ РЕАЛИЗМ ПРОЗЫ А. КИМА И О. БОКЕЕВА

В данной работе будет произведён краткий анализ художественных текстов с целью выявить особенности магического реализма в творчестве писателей А. Ким и О. Бокеева. Как течение латино-американской литературы проявило себя в русской, казахской прозе. Магический реализм объединяет двух писателей XX столетия, и помагает выявить рецепции русской лирико-философской прозы в поэтике О. Бокеева.

Ключевые слова: А. Ким, О. Бокеев, магический реалист, Г.Г. Маркес, Х.Л. Борхес, Игра в классики, мифопоэтики, анимистическая вера, лирико-философское

В 1925 немецкий искусствовед Франц Ро наградил группу молодых художников-авангардистов звучным именем «магические реалисты». Применительно к разновидности живописи термин используется до сих пор. Спустя год «магический реализм» добрался и до литературы - в одной из своих статей термин употребил итальянский критик и писатель Массимо Бонтемпелли. Понятие активно применялось несколько лет, но затем отошло на второй план.

Новое рождение «магического реализма» наступило благодаря венесуэльскому критику А. Услару-Пьетри, который в 1948 обозначил так отдельных представителей южноамериканской литературы. Очень долго «магическими реалистами» называли писателей только из Латинской Америки.

Бум латиноамериканской прозы, возникший в Европе и США 1960-х, постепенно привел к тому, что термин «магический реализм» стали употреблять применительно к творчеству и тех авторов, чья нога никогда не ступала на землю Южной Америки. Евро-американский магический реализм заметно отличается от латиноамериканского, ибо откровенно размещается на грани фэнтези и реалистического мейнстрима. Главные критерии евро-американского магреализма – действие, как правило, происходит в нашем мире,

странное волшебство не поддается законам и логике, при этом не вызывая удивления у окружающих, которые чаще всего даже не обращают внимания на происходящие чудеса.

В данной работе будет произведён краткий анализ с целью выявить особенности магического реализма в творчестве латиноамериканских писателей, особненно Г.Г. Маркеса и Х.Л. Борхеса, для того чтоб представить образы магреализма в творчестве писателей А. Ким и О. Бокеева.

Уже первая половина XX в. выдвинула особое понимание и функциональное употребление мифа. Миф перестал быть, как это обычно для литературы прошлого, условным одеянием современности. Как и многое другое, под пером писателей XX в. миф обрел исторические черты, был воспринят в своей самостоятельности и отдельности – как порождение далекой давности, освещающей повторяющиеся закономерности в общей жизни человечества. Обращение к мифу широко раздвигало временные границы произведения. Но помимо этого миф, заполнявший собой все пространство произведения или являвшийся в отдельных напоминаниях, а порою только в названии, давал возможность для бесконечной художественной игры, бесчисленных аналогий и параллелей, неожиданных «встреч», соответствий, бросающих свет на современность и ее объясняющих.

В литературе особое место получают символические выражения мифа. Особенно это характерно для латиноамериканской литературы. Термин «магический реализм», впервые предложенный немецким искусствоведом Францем Ро применительно к живописи, а затем поддержанный Ортегой-и-Гассетом, в настоящее время определяет одно из наиболее интересных направлений латиноамериканской прозы.

В 1949 году в предисловии к повести «Царствие земное» Алехо Карпентьер охарактеризовал свое видение «реальности чудесного», предложив концепцию «магического реализма», которую можно свести к четырем основным позициям: а) Сама реальность Латинской Америки (история, география, этнический состав, культура) органически «чудесна»; б) Обилие чудесного в современной латиноамериканской прозе обусловлено верным отражением чудесной действительности континента; в) «Чудесное» латиноамериканского искусства противопоставлено «чудесному» литературы европейской как подлинное мнимому, естественное – искусственному; г) «Мир чудесного» – одно из основных отличительных свойств латиноамериканской литературы.

Таким образом, говоря о магическом реализме как о литературном направлении, мы имеем в виду, прежде всего, некий сплав действительного и вымышленного, обыденного и сказочного, очевидного и чудесного. Это особый способ видения мира через призму народно-мифологического сознания. Вместе с тем магический реализм для Латинской Америки - это не «игра в сказку», но особенности самой действительности. Термин «магический реализм», таким образом, в достаточной мере условен, он описывает нечто, свойственное целому ряду произведений, в которых реальное видится через призму фольклорного сознания. Разумеется, данное определение магического реализма как художественного метода не исчерпывает всей глубины смыслов нового романа.

Классический южноамериканский «магический реализм» имеет свою специфику. Его герои, как правило, индейцы либо негры - выразители латиноамериканской самобытности, которые отличаются от европейцев типом мышления и восприятия действительности. В книгах латиноамериканских магреалистов присутствуют элементы откровенной фантастики, однако ничего общего с традиционной. В 1950-70-е годы латиноамериканский роман ворвался в жизнь миллионов людей: мировую известность завоевали книги Алехо Карпентьера, Мигеля Анхеля Астуриаса, Карлоса Фуэнтеса, Жоана Гимараэнса Розы, Аугусто Роа Бастоса, Хулио Кортасара, Габриэля Гарсиа Маркеса, Марио Варгаса Льосы, Хорхе Луиса Борхеса. Основным признаком философии и художественного метода латиноамериканских писателей стало их мифологическое мышление.

Гватемальский писатель Мигель Анхель Астуриас еще в юности проявлял большой интерес к жизни и культурному наследию индейцев майя. Первый сборник Астуриаса «Легенды Гватемалы» (1930) был авторской обработкой индейского фольклора. Идею своего

знаменитого романа «Люди маиса» (1949), ставшего манифестом магреализма, Астуриас также заимствовал из фольклора: индейцы Гватемалы считали, что человек сотворен из маиса, священного источника жизни. Конфликт романа развертывается между аборигенами, для которых маис не просто пища насущная, и белыми колонистами, коим глубоко плевать на местные верования. А в романе «Ураган» (1950) повествуется о жизни сельскохозяйственных рабочих и их борьбе против американской банановой компании. Финал романа символичен: вызванный индейским шаманом ураган сметает плантации ненавистных янки.

Аргентинец Хулио Кортасар в гораздо большей мере, чем многие другие магреалисты, использовал литературный и культурный опыт Европы. Его сборник рассказов «Бестиарий» (1951) написан под явным влиянием фантастики Эдгара По. Стремление к необъяснимому характерно и для других сборников Кортасара – «Конец игры» (1956), «Секретное оружие» (1959), «Кто-то там бродит...» (1978). Так, персонаж «Другого неба» живет одновременно в двух эпохах и в двух городах – в Париже конца 19 века и в Буэнос-Айресе 1940-х. А герой новеллы «Ночью на спине, лицом кверху» одновременно умирает в больнице современного европейского города и на алтаре ацтекских жрецов доколумбовой Америки.

В новаторском романе «Игра в классики» (1963) Кортасар активно экспериментирует с литературной формой. Книга состоит из двух внешне независимых частей. Чтобы лучше понять идейный замысел романа, обе части следует читать «зигзагами», как при игре в «классики». Материал второй части представляет собой дополнительные эпизоды из жизни героев, отрывки из чужих книг, выдержки из газет, фрагменты из записок какого-то сумасшедшего, рассуждения некоего писателя. На протяжении всего романа Кортасар постоянно нарушает временную последовательность повествования, экспериментирует с синтаксисом, пунктуацией, орфографией.

Кубинец Алехо Карпентьер - создатель концепции «чудесной» или «магической» реальности как способа отражения латиноамериканской действительности. В предисловии к повести «Царство земное» автор сформулировал свое видение «чудесной реальности» Латинской Америки, в основе которой лежат девственность континента, где возможны самые невероятные вещи, а также особое мифологическое сознание населяющих его народов. Повесть посвящена истории Гаити на рубеже 19 века, когда бывшую французскую колонию сотрясали восстания рабов. Главный герой, черный раб Ти-Ноэль, воспринимает мир через призму языческой религии, для которой чудеса естественны, из-за чего история Гаити, увиденная его глазами, приобретает мифологический характер.

Рассмотрение взаимоотношении между литературой и мифом является актуальным вопросом на сегодняшний день. О мифе в литературе говорили такие ученные как В. Аганесов, Г. Гачев, Д. Низамеддинов и другие. Ценность их работ заключается в том что они показали художественно-эстетическую службу мифа в литературе, рассматривая его как способ передачи мысли , философии и концепции автора. Но в казахской литературе мало работ об использовании в произведениях мифических сюжетов, архетипов и образов. Таким образом мы попытаемся рассмотреть мифопоэтические образы, символы, архетипы в прозе выдающегося писателя, классика казахской литературы Оралхана Бокеева.

Мифопоэтика – это та часть поэтики, которая исследует не отдельные усвоенные художником мифологемы, а воссозданную им целостную мифопоэтическую модель мира (если таковая существует в тексте) и, соответственно, его мифосознание, реализованное в системе символов и других поэтических категорий. Под мифопоэтикой понимается не только целый комплекс понятий («мифологема», «архетип», «поэтический космос») или система мифов, но и особый тип мышления (мифомышление), и ритуал. Космогония и эсхатология являются основными мотивами мифологического сознания, а его драматургия строится на борьбе Хаоса и Космоса [1].

Понятие «мифологема» одним из первых ввел в научный обиход Дж. Фрэзер. О символизации как свойстве мифомышления впервые стал говорить Э. Кассирер. Теория архетипов была разработана К. Юнгом, о проблеме мифа как метаязыка писал К. Леви-

Стросс. В России исследования сосредоточены преимущественно в области мифопоэтики, выявления мифологических структур в фольклорных или чисто поэтических текстах[1].

В частности, можно назвать работы В. Проппа, О. Фрейденберг, А. Лосева и др. Концепция мифа была разработана А. Лосевым в трудах: «Философия имени» (1923 г.), «Диалектика мифа» (1930 г.) и «Знак. Символ. Миф» (1975 г.). В последние десятилетия данной проблемой занимались Я. Голосовкер, В. Иванов, В. Топоров, Ю. Лотман, Б. Успенский, Е. Мелетинский, С. Токарев, Н. Толстой, Д. Низамиддинов, С. Телегин, В. Агеносов, А. Минакова, И. Смирнов и др. Эти работы создали прочную научную основу для исследования символико-мифологической природы художественного слова.

О мифических сюжетов , образов и символов в прозе Оралхана Бокеева говорили такие ученные и критики как – академик С. Кирабаев, критики – М. Мамесейтов и Т. Токбергенов , ученный – О. Козбеков и Ж. Аскербек.

За основу данной работы мы решили взять такие произведение , которые сам автор объединил под общим названием диптиха «Это было зимой» , которое включает в себя два рассказа – «Снежная девушка» и «Крик».

А. Большакова в статье «Литературный архетип» выделяет несколько значений «архетипа» как литературной категории:

1. писательская индивидуальность (напр. о Пушкине ученые говорят как об «архаическом архетипе поэта»);

2. «вечные образы» (Гамлет, Дон-Жуан, Дон Кихот);

типы героев («матери», «дитяти» и т. д.);

3. образы – символы, часто природные (цветок, море) [5].

Миф – (от греч. mythos слово, речь) -

1) Древнее народное сказание о богах и легендарных героях, о происхождении мира и жизни на земле, передающее представления людей о мире и месте человека в нем; создание коллективной общенародной фантазии, обобщённо отражающее действительность в виде конкретных персонификаций (см.) и одушевлённых существ, которые мыслятся первобытным сознанием как вполне реальные. В дальнейшем мифы, их мотивы и образы часто служили источником для произведений изобразительного искусства и художественной литературы (вплоть до настоящего времени).

2) Определенное представление о мире, воплощенное в отвлеченных сюжетах и образах (Прекрасная Дама в поэзии А. Блока).

(Словарь литературоведческих терминов С.П. Белокурова 2005)

Мифологическое мировоззрение играет особую роль в период расцвета античной трагедии (Эсхил – «Прикованный Прометей», «Орест»; Софокл – «Антигона», «Царь Эдип», «Электра»; Еврипид – «Медея», «Ипполит»). Авторы античности не только используют мифические сюжеты , но и «мифологизируют» исторические события. Мифические образы отличаются тем что являются главными очертаниями греческой классической литературы.

В последние годы литературоведческих трудов составлены различные виды классификации использовании мифа в художественных текстах. И с одним из первых классификации в этом направлении связаны с такими именами как Е.М. Мелетинский, Ю.М. Лотман и З.Г. Минц [4]. Следующую классификацию составил – М.Н. Эпштейн. Опираясь на работы выше сказанных ученных, Д. Н. Низамиддинов разделил на три типа формы мифологизма современной литературы:

Первое – это использование традиционных мифических сюжетов и образов. Это форма сама по себе делится на два вида:

А) интерпретация

Б) трансформация

Вторая форма современном литературном процессе – неомифологизм.

О том что неомифологизм во многом связан с творчеством модернической литературы отмечали такие ученные как Е. М. Мелетинский, Ю.М. Лотман.

Третьей необычной формой мифа в современной литературе является – стилизация. Об этом впервые сказал ученный Я. Э. Голосовкер. Такие произведения как «Мастер и Маргарита» М. Булгакова, «Сто лет одиночества» Г.Г. Маркеса использовали именно этот путь.

По мнению исследователей, миф не всегда встречается в чистом виде[1].

Когда мы говорим о мифологизме в казахском фольклоре , сразу же вспоминаем о сказках, легендах, бытовые песни, эпосы и суеверие.

Главная мишень в мифологическом мышлении это – человек и природа. Повиновение природе часто встречается в казахском фольклоре. Ученный С. Каскабасов пишет о том что в своем пути развитии мифическое мышление прошел через два этапа : первый этап связан с законом тождества духа и природы, а во втором этапе данный закон разрушается потому как человек отдаляется от природы [4].

Повенование природе занимает важную нишу в казахском фольклоре. Ч. Валиханов говорит о том что древнейшая религия шаманизм связан с общей и индивидуальной повеновением природе. Таким образом шаманской верование – есть мировоззрение казахов , то есть мифология данного народа.

Мифические герои часто встречаемые в казахском фольклоре – Кольтаусар , Жельаяк, Таусогар, Саккулак. Эти персонажы встречаюся в различных сказках , такие как « Ер Төстік» , «Күн астындағы Күнекей қыз» и т. д.

Анимизм (от лат. anima, animus – «душа» и «дух» соответственно) – вера в существование души и духов, вера в одушевлённость всей природы. Анимизм происходил в связи верованием первобытной среды и беспомощности людей перед силами природы (буран, ливень, землятресение и т.д.). Первобытные люди олицетворяли природные явление обделяя их человеческими качествами. Английский ученный Э. Тэйлор , автор книги «Первобытная культура», говорит о тесной связи анимизма с мифологией. Таким образом анимизм является почвой мифологического мышление о том что человек и природа – одно целое. Анимистическая вера способствовала появлению в художественной литературе такого приема как – олицетворение. (Абай «Зима», М. Жумабаев «Ветер») [3].

Таким образом, если в современной литературе важную роль играют миф и мифические сюжеты, то вера мифического сознание занимает службу в литературе как способ художественного выражение. Преобразование анимизма в олицетворение можно рассматривать как художественная функция мифа.

В творчестве Оралхана Бокеева центральным является проблематика человека и природы. И в описании взаимоотношении человека и природы автор использует миф, мифические сюжеты и образы.

В повести «Снежная девушка» – мифическим сюжетом является – сон троих путешественников; Снежная девушка разбудившая замерзшего Нуржана.

Были создана несколько мифом по понятием мифического сознание о том что душа может жить отдельно от тела. Одним из этих мифов является о раздвоение личности. По религиозной мифологией у человека существует два ангела, которые всегда находятся рядом: если один гласит о совести, доброте , то другой напротив думает лишь о плотских наслаждении. По мотивам этого мифа романтики создавали образы второго лица человека. Оралхан Бокеев также использовал этот прием. По заключению критика Т. Токбергенов, Нуржан, Нур, Жан – это три персонажа произведения.

Но после редакции своей повести, писатель изменяет имена персонажей – Нуржан, Аманжан, Бакытжан. Мифологический образ реалистических персонажей раскрывается в путешествии Айыртау: «Поездка будет нелегкой, там жигиты нужны. Снег видушь какой. Зима суровая. Призрак снежной девушки, говорят, является на тех дорогах, предвещая голод и джут» [3].

Анатолий Ким – был другом самого Бокеева и переводил его произведения («Человек-Олень», «Снежная девушка», «Олиара», «След молнии», «Оттепель», «Ардак») на русский язык. Лирико-философское направление русской прозы А. Кима ярко проявилась в поэтике

О. Бокеева. Во-первых, мифологизм в творчестве А. Кима переходит на высшую ступень мифотворчество в поэтике О. Бокеева, превратившись в направление магического реализма. До этого исследователи рассматривали лишь мифопоэтические элементы в прозе О. Бокеева. И творчество автора оставалось в узких рамках символики мифологизма. Сегодня же мы заявляем что проза О. Бокеева принадлежит направлению магического реализма. В работе данное явления рассматривались сравнительно с творчеством Г.Г. Маркеса и Х. Л. Борхеса. Но предпосылками магического реализма для прозы Бокеева является творчество А. Кима.

Творчество Оралхана Бокеева является одним из интереснейших этапов в истории казахской литературы. С имени этого автора начинается новая эпоха в казахской прозе. Современники Бокеева высоко ценили его творчество, а критики только восхищались его манерой письма. Автобиографические справки дают нам сведении об уникальности самого автора как личности. Его дружеские отношения с другими советскими писателями упомянуты в нескольких воспоминаниях современников.

Несмотря на популярность Бокеева как в Казахстане, так и зарубежом (его произведения были переведены более чем на 30 языков), имя писателя, как и его творчество остается для нас загадкой – слишком много еще неразгаданных тайн и нерассказаных фактов всего творчества О. Бокеева. Было написано немало научных работ по творчеству Бокеева, но в них были раскрыты далеко не все вопросы.

В современном литературоведении много новых открытий в напралениях анализа текста. Одним из популярнейших явлений в науке является герменевтика. Толкование текста с разных точек зрения дает нам возможность переосмыслить художественный текст, и прийти к новым и неожиданным выводам. И одним из новых направлений в герменвтике является рецептивная эстетика.

К рецептивной эстетике можно относиться по разному. Если в общем рецептивная эстетика рассматривает столкновение текста с читателем, то в нашей работе читателем выступает не только масса читателей, а другой писатель. То есть мы расматриваем рецепции как один из возможных литературных отношений двух и более писателей.

Художественный перевод, типология и еще другие литературные отношения имеют твердый фундамент в исследовании в отличие от рецепции. Но о художественном восприятии текста упоминали на разных этапах развития теории литературы.

Проблема выявлении рецепции состоит в тонкости его яркого проявления в тексте. И поэтому для выявления определенных рецепций мы сначала оттолкнулись от типологии творчества Анатолия Кима и Оралхана Бокеева.

Рецептивная эстетика – актуальное направление в литературоведении в современной науке. С помощью выявлений рецепции мы распознаем уникальные качества автора. Национальный и культурный характер рецепции ярко проявляется в произведениях. Мы убедились в этом, изучив творчество трёх писателей, представителей разной культуры и этноса. Но для изучении рецепции важно изначально изучить художественные тексты и сделать анализ по типологии произведения [2].

Анатолий Ким – был другом самого Бокеева и переводил его произведения («Человек-Олень», «Снежная девушка», «Олиара», «След молнии», «Оттепель», «Ардак») на русский язык. Лирико-философское направление русской прозы А. Кима ярко проявилась в поэтике О. Бокеева. Во-первых, мифологизм в творчестве А. Кима переходит на высшую ступень мифотворчество в поэтике О. Бокеева, превратившись в направление магического реализма. До этого исследователи рассматривали лишь мифопоэтические элементы в прозе О. Бокеева. И творчество автора оставалось в узких рамках символики мифологизма. Сегодня же мы заявляем что проза О. Бокеева принадлежит направлению магического реализма. В работе данное явления рассматривались сравнительно с творчеством Г.Г. Маркеса и Х. Л. Борхеса. Но предпосылками магического реализма для прозы Бокеева является творчество А. Кима.

Советская проза проявляла себя в отражении времени по-разному. И нужно отметить, высшем перечисленные авторы являются одними из лучших авторами своего времени. Литературные отношения русских и казахских писателей берёт своё начало еще со времён

поэта Абая. И эти отношения становятся традициями как и в русской, так и в казахской литературе. Рассматривая данное литературное отношение в контексте мировой литературы, мы должны отметить, что оно является уникальным явлением в искусстве.

Список литературы

1 Современное зарубежное литературоведение. Энциклопедический справочник. – М.: «Intrada», 1999. – 311 с.

2 Словарь литературоведческих терминов С.П. Белокурова. – М., 2005.

3 Платонова Э.Е. Десять лекций по мифологии. – М.: Издательство «Ось-89», 2000. – 112 с.

4 Оралхан Бөкей және қазақ әдебиетінің даму үрдісіндегі көркемдік эстетикалық тұғырнама жүйесі. Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қарағанды: 2013. – 223 с.

5 Художественное восприятие. Основные термины и понятия. Словарь-справочник. – Тверь.: 1991. – 85 с.

Аталмыш ғылыми мақалада Анатолий Ким және Оралхан Бөкеев шығармашылығындағы магиялық реализм ерекшеліктерін анықтау мақсатында, көркем шығармалар талданады. Латын Америка әдебиетінің ағымы XX ғасырдың екінші жартысында жарқ етіп шыққан қос жазушының шығармасындағы сипаты анықталып, қазақ прозаигі О. Бөкеев шығармашылығындағы орыс лирикалық-философиялық прозасының рецепциялары талқыланады.

In this work will be made a brief analysis of literary texts to identify characteristics of magical realism in the works of writers A. Kim and O. Bokeev. As the Latin-American literature manifested itself in the Russian and Kazakh prose. Magic realism combines the two writers of the twentieth century, and helps to identify the reception desk of Russian lyrical and philosophical prose in O. Bokeev's poetics.

ӘӨЖ 82-145(801.731)

Ж.Ә. Аймұхамбет
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан
a_zhanat@mail.ru

АЗАТТЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

Мақалада кеңестік кезеңде жазылған өлеңдердегі азаттықты аңсаған ұлт ақындарының арман-мұраты талдау нысанына алынады. Ел мен жер тағдыры мен бұғаудағы рухтың бейнеленуі мысалдар негізінде қарастырылады. Ақындардың негізгі ойды тұспалдап-ишаралап беру тәсілдері көрсетіледі. Поэзиядағы көркемдік пішіндер анықталады. Ежелгі мифтік танымның көркемдік ойлау жүйесіндегі қызметі осы бағытта танытылады.

Кілт сөздер: лирика, Желтоқсан көтерілісі, азаттық идеясы, ұлттық рух, заман шындығы, поэтика, деталь, көркемдік тәсіл, мифопоэтика.

Қазақ халқы басынан кешкен азаттық жолындағы күрес әр кезеңдегі поэзиялық туындыларға арқау болғаны мәлім. Оған мысал ретінде қалмақ шапқыншылығына қарсы

күрес дәуірін, зар заман ақындары шығармаларын, Кенесары қозғалысы мен Исатай-Махамбет көтерілісін, т.б. арқау еткен көптеген ән-өлеңдерді, тарихи жырларды, аңыздарды атауға болады.

Қазақ тарихында ерекше таңбаланар тәуелсіздік жолындағы бұлқыныстың бірі әрі бірегейі – кешегі Кеңестік империяға наразылық білдірген Желтоқсан көтерілісі болатын. Кезінде билік тарапынан «бұзақы жастардың тәртіпсіздігі» деп бағаланған бұл айтулы оқиға қазақ поэзиясында үлкен қасіретпен, терең мұңмен астасып жырланды. Себебі бұл көтеріліс – рух азаттығын аңсаған халықтың қайғысы мен қасіреті, жүрек бұлқынысы.

«Лирика – белгілі уақыт пен ортаның жемісі, сол орта мен уақыт перзентінің көңіл-күйі, жан тебіренісі. Оның бойындағы барша қасиет-қадірді нақты мезгіл рухы, дәуір мазмұны айқындамақ» [1, 21] деген сыншы Т. Шапай пікірін еске ала отырып, осы айтулы тарихи оқиғаны ақындарымыз қалай сезінді, қалай жырлады деген сауалға жауап іздеп көрейік.

«Қазақ әдебиетінде үлкен орны бар айтулы ақындардың сөз өрнегі, өлең өрімі, көркем тілі заман ахуалын, заман адамын бейнелеу арқылы айқын көрінді», - дейді «зар заман» поэзиясын зерттеуші ғалым Б. Омарұлы [2, 328]. Осы пікірді кешегі азаттыққа ұмтылған ұлттың ашу-ызасын танытқан желтоқсан оқиғасын жырлаған ақындарға қатысты да айтуға болады.

«Халықтың жаны қанша сірі десек те, қиналған кезде ол жаратқаннан медет тілейді, ірі тұлғалардың рухына (тіпті бір ауыз сөзіне) сүйенеді, сыйынады. Бұл – табиға тілек, сезім мен сананың тілегі, Рухты жаулауға бағытталған отаршылдық дәуірінде оған қарсы күш ретінде осы тілек айқын көрінеді. Сан мың адамның табиғи тілегінің ұшқыны ақын өлеңіне түседі» [3, 350], - деп жазады ғалым Д.Қамзабекұлы.

Ақын Ұлықбек Есдәулеттің «Алматы. Желтоқсан» өлеңінде халықтың ішкі үні, тілегі мен арманы былайша бейнеленеді:

«Адамзаттың аяқ-қолы бұғаудан
Босайтұғын күн қайда?» деп сұраудан
Мен жалықпан, айыққанша бар әлем
Итжанды бір «үрей» деген тұмаудан [4, 34].

«Теңдік», «азаттық» деген ұранды бетперде еткен қоғамның адамзат баласын үреймен үркітіп, бодандықта ұстағаны өлең тілінде үйлесімді өрнек табады. Қоғамдағы қым-қиғаш қайшылық, тірліктің бітіп болмас харакеті ішкі дүниедегі бұлқынысты тұншықтырғандай болады:

Көгершіндей көтере ұшқан тұзағын
Пенделіктен арқан бойы ұзадың,
Қанатыңды жаздыра ма бойдағы
Ауыр күнә, батпан-батпан ыза-мұң.

Ұзақ жылдай мызғымай келген, азаттық аңсаған арман-тілекке бұғау салған кеңестік биліктің үрейленуін ақын:

Жер тарылды, кеңімеді аспан да,
Тіл бітпеді соқыр, мылқау тастарға,
Тәңір өзі кірер тесік таппады
Үмбетінің қаһарынан қашқанда, -

деп суреттейді. Ақындық бейнелеудегі «тәңір» - кеңестік билік те, оның «үмбеті» - рухани езгідегі ұлттар. Сырттай қарағанда мінсіз өмір сүріп жатқан алып империяның саясаты сананы улап, жан-жүректі «соқыр-мылқау» халге түсіргендігі ақиқат. Ақын осы жайтты тұспалап, ишаралап айтады.

Желтоқсан оқиғасына қатысты жалпы қауымға кеңінен тараған Есенғали Раушановтың «Қара бауыр қасқалдақ» [5, 114] өлеңі. Ел аузында ән болып айтылып, күллі қазақ жеріне жайылған өлеңнің мән-мазмұнын арттырып тұрған – халықтың арманы мен тілегі, мұңы мен қайғысының шебер де шешен тілмен, терең сыршылдықпен өрнектелуі еді. Ұлттың қасиеті

мен киесінің, азаттығы мен қайғысының поэтикалық бейнесі ретінде алынған қара бауыр қасқалдаққа қарата айтылған тілек, өтініш сөз – халық арзуы десе де болғандай.

Сан ғасырлық тарихы мен мәдениеті, тереңнен тамыр тартқан дәстүрі мен салты бар ұлттың шарасыз халін ақын тыңнан жол тауып, шынайы сезіммен жырлайды. Ұлттық рухтың халін «сиреп қалған тоғай» түрінде бейнелей отырып, сол ұлтқа берік қорған, мықты пана керек екенін аңғартады.

Қара бауыр қасқалдақ, қай жаққа ұштың пыр-пырлап?
Сазың қалды сәбидің еңбегіндей былқылдап.

Қара бауыр қасқалдақ, қасқалдағым, кері қайт,
Сиреп кеткен тоғайға қамықпа деп көңіл айт.

Ұя қалса иесіз, айдын үшін сол қайғы,
Қаңғып келген шүрегей көлдің сәні болмайды.

Өз босағаң бұл жердің тауы, белі, төбесі,
Босағасын басқаға тастай ма екен о несі?
Қасқалдағым, кері қайт!.. –

деп келетін өлең жолдары тарихтың үлкен бір бетбұрыс кезеңіне себеп болған Желтоқсан көтерілісіне шыққан жастардың мақсаты мен арманын, үнін жеткізіп тұрғандай болды. Өлең жолдарынан кездесетін «қара бауыр қасқалдақ», «сәбидің еңбегіндей былқылдаған саз», «сиреп қалған тоғай», «иесіз қалған ұя», «қаңғып келген шүрегей», «жатқа қалған (тасталған) босаға» сияқты поэтикалық детальдар тұтастай өлең идеясына қызмет етіп, көркемдік мақсатта орынды жұмсалып, уақыт шындығын дәл бейнелей алған. «Кері қайт» деген тіркестің өзі де үлкен салмақты көтеріп тұр. Желтоқсан көтерілісінің түп себебінің өзі дәрменсіз қалған ұлттық сана мен салтты іздеу, соған пана болып жүрген бір тұлғаның биліктің ықпалымен шетке қағылуына наразылық білдіру еді. Жалаң ұраншылдыққа, құрғақ мазмұндауға жол бермей, осындай бейнелі сөздер мен суреттерді қолдана отырып, ақын өлеңнің поэтикалық мәнін тереңдете түскен. Қоғамдық жағдайды, рухани ахуалды тікелей көрсетпей, тұспалдап, ишаралап аңғартудың тамаша үлгісін Мағжан поэзиясынан көп кездестіреміз. Заманында уақыттың талабымен шындықты ашық айта алмай құса болған ақын ***«Бір күнде жел өтпейтін қызыл ағаш// дариға, бұл күндерде жап-жалаңаш»*** деп, ұлттың халін жалаңаш қалған ағаш халімен танытса, осы сурет Есенғали ақында ***«сиреп кеткен тоғай»*** түрінде жаңа қырынан көрініс береді. Дамудың күре тамыры – дәстүр жалғастығы екені белгілі. Мағжан мен Есенғалидағы үндестіктің бір себебі – заман шындығын бейнелеуі десе де болады.

Желтоқсан оқиғасының ащы шындығы ақынның басқа да өлеңдеріне арқау болған. Сол өлеңдердің бірі **«Біздің жастық...»** деп аталады. Бұл өлең 1987 жылдың наурызында жазылған.

Желтоқсан деген бір ай бар,
Шабынтып мінген үлекті.
Шыңылтыр күнде шырай бар,
Жылытар ма екен жүректі? [5, 130].

Мінез көрсете келген желтоқсан айы «үлекті шабынтып мінген» қалыппен бейнеленген. Алаңға шыққан қазақ жастарының ашу-ызасы, азаттыққа ұмтылған тілектері желтоқсан айына телінген. Табиғаттың адамға тән әрекет пен көңіл-күйді өз бойына сіңіруі қалыптасқан дәстүрлі бейнелеу десек те, ақынның ұлттық рух бұлқынысын шабынған үлекпен ауыстырып, оны желтоқсан айына «мінгізуі» тың сурет.

«Төбемнен төнген манар көк,
Безерме бұлай сен енді.
Бермесең тартып алам» деп,
Кеше мен белдесіп көрдім – не болды?

Лирикалық қаһарман желтоқсанда азаттық үшін бас көтеріп, әділетсіздік пен үстемдіктің сойылына тап болған жастардың, осындай қасіретті кезеңге кез болған жастықтың атынан сөйлейді.

Жарылып түсті жартасым,
(Біткен бір істің сыны көп)
Ағаның көрдік алқасын,
Ақылдан басқа түгі жоқ.

Жаппай жазалауға ұшырап, ұлт азаттығы үшін бастарын бәйгеге тіккен жастарға пана боларлық аға да жоқ. Ұлт бостандығы, рух азаттығы үшін саясаттан сауға сұраған жастардың қиянат көруі, көтерілістің «бұзақылыққа» балануы жігерлерін құм қылған:

Желігім басып жаланған
Желтоқсан тұрды шабына.
Көп үміт, сенім, көп арман
Көміліп қалды қарына.

Бораннан кейін бораннан,
Барлығын іштей бағамдай,
Көміліп қалған көп арман
Шаршадым аршып ала алмай.

Жалған азаттық, жалған теңдік, ұлттық рух пен салт-сананың аяқ асты болуы елдің ертеңі боларлық жастарды ашындырып алаңға шығарды. «Белдеспек болып» күштіден жеңілген, «қиянатшыл дүниеден жүректері қырық жамау» (Абай) болған қайран жастықтың кеудесіндегі арман мен сенім желтоқсанның қарына көмілді. Табиғат құбылысы, жыл мезгілі дерлік осылайша тарихи-әлеуметтік, саяси ахуалды, халық жүрегін шерлі еткен тағы бір қасіретті бейнелеуге қызмет еткен. Азаттық, ұлттық рух үшін арпалыс жолы қай кезеңде болмасын, тарихқа, қала берді халық жүрегіне өшпес ізін қалдырып отырған. Соның бірі осы желтоқсан оқиғасы болса, оның қасіреті де жүректе шер болып қалғанын ақын былайша аңғартады:

Кеп-кеше мықты секілді ек,
Көртке ұқсап қапты жүдеп нар.
Желтоқсан сайын жетім боп,
Бір жылап алар жүрек бар.

Желтоқсан оқиғасы уақытында теріс бағаланып, азаттық аңсаған қазақ жастары жазықсыз соққы жеп, жазаланып жатқан тұста биліктің бұл қанқұйлы ісі, ащы шындық белсенді жанр – поэзияда әр түрлі жолдармен жырланды. 1980-жылдарда поэзия әлеміне келген ақын Светқали Нұржанов бұл айтулы тарихи оқиғаны жырлауда өзіндік тәсіл тапқан. Ақындық дәстүрді жалғастыра, қоғамдағы іс-әрекетті табиғат құбылыстарына тели жырлай отырып, замана шындығын терең таныта алғанына **«Желтоқсандағы жырлар»** [6, 229] жыр шоғырына енген **«Оқиға», «Тағы да бір оқиға», «Жантәсілім», «Ағаштар жыры», «Жат жерліктер жайлы жыр», «Жанарлардан тамған ән», «Аманат»** өлеңдері мысал болады. Аталмыш жыр шоғырындағы «Жат жерліктер жайлы жыр» өлеңі Есенғалидағы «қаңғып келген шүрегей» поэтикалық тұспалын аша түсіп, қазақ ұлты атынан ой толғайды. Е.Раушановта:

Ұя қалса иесіз, айдын үшін сол қайғы,
Қаңғып келген шүрегей көлдің сәні болмайды [5, 144] –

делінсе, Светқалида бұл ой дәлелденіп, тарқатыла бейнеленеді:

Ал, мына бір аласуан жат жерлік...
Әжептарқы көздерінде жатты өрлік.
Ғайбаттап тұр елім менен жерімді –
Әбужаһил – арапшыға тап келдік.

Ғайбаттап тұр бием менен түйемді,

Ғайбаттап тұр ием менен Киемді.
Ғарыштағы ұлы Күнді боқтаса –
Өртемей ме жұлының мен жүйеңді?! [6, 234]

Лирикалық кейіпкердің жан-дүниесіндегі ыза мен кек осындай толғаныстармен өріліп келеді де, халық жүрегіндегі нала мен наразылық мынадай суретті тіркестерге көшеді:

...Дөңбекшіді дарбас құмдар атандай,
Мен де өксідім,
Бір ауыз тіл қата алмай.
Шаң боп ұшты топырағы даламның,
Мыналардың табанында жата алмай [6, 235].

Жат жерліктердің ойы мен пиғылы, қазақ ұлты мен даласына көзқарасы түгелімен басқыншылық, астамшылық сипатта.

Есанғалидағы «ұя қалса иесіз, айдын үшін сол қайғы» поэтикалық тұспалы Светқалида сол поэтикалық тұрғыда дәйектеліп, дәлелденеді:

Сөздер айтып қашыратын құтымды,
Ниетіме түкірді де құтырды,
Танаулары кернейлетіп түтінді.
...Сәлден кейін таптай салды өкшелер
«Қазақстан» деп жазылған тұқылды... [6, 235].

Есенғали өлеңіндегі «қаңғып келген шүрегей көлге пана болмайды» делінген ойдың шындығы Светқали өлеңінде осылай ашылады.

Табиғаттағы заттар мен құбылыстарға адамға тән іс-әрекетті телу ежелден бастау алған поэтикалық дәстүр екені белгілі.

С. Нұржановтың «Оқиға» өлеңін назарға алғанда теоретик ғалым, академик З.Ахметовтың «Қазақ ақындары поэзияда табиғатты тірі, жанды нәрсе секілді етіп көрсетіп, кейіптеп суреттеудің жаңа, бұрын кездеспеген амал-тәсілдерін орнықтырды» [7, 114] деген пікірі еске оралады. Ақын шығармашылығына жеке өмірбаяндық деректердің сөзсіз әсері болатыны белгілі қағида. Желтоқсандағы оқиға көзімен көріп, белортасында болған Светқали ақынның түйсінуі мен қабылдауында бар шындығымен көрінген. Көрінгенде құрғақ баяндау, әңгімелеу түрінде емес, табиғаттағы құбылыс болып бейнелене жеткізілген.

Қыз-қайыңды көшеде шаштан алып,
Сабап жатты содыр жел масқара ғып.
Нән теректер бастарын сауғалады,
Көп қабатты үйлерді баспана ғып... [6, 229]

Алаңға шыққан жастардың соққыға жығылғандығы, қорғансыз қыздарға содыр соққы тигені рас нәрсе. Ақын осы қиянат пен келеңсіздікті содыр желдің қыз-қайыңды шаштан алып сабағаны түрінде бейнелесе, жазықсыз жастарға қорған бола алмаған зиялы қауымның харекетін нән теректердің көп қабатты үйлерді баспана етіп бас сауғалағаны түрінде тұспалдайды. Уақытында шындықты туралай, ашық айтуға мүмкіндік болмағаны белгілі. Ақын уақыт тынысына сай ежелден келе жатқан ауыстыру, тұспалдау, ишаралау сияқты көркемдік тәсілдерді жаңғырта пайдалана отырып, тұтас сурет жасайды. Сөйтіп көтерілістің нағыз бейнесін береді. Жастардың билікке деген наразылығы, көтеріліске сол кездегі қоғамның, жекелеген топтардың көзқарасы түгелімен табиғат өскіні – ағаштар әрекеті арқылы беріледі. Адамдар мен қоғам суреті дерлік ағаштар әлемі мен желге көшіріледі. Наразылық білдірген қайың желдің соққысына ұшыраса, желдің бұл әрекетін емен, шіліктер қостайды, шыршалар бейтараптық танытады, қарағаш қайғыға батады:

«Сауап болды, кетіп ед көбеңсіңіп» -
Баға берді осылай емен, шілік.
«Бәрібір, - деп, - біздерге» шыршалар тұр,
Ал, қарағаш баратты төмен сіңіп [6, 229].

Табиғаттағы ағаш біткен өз орнын иеленіп, бір-бір кейіпкерге айналады. Биліктің көтеріліске шыққан жастарды қуып таратып, соққыға жыққаны, кейіннен жаппай тергеуге

алып, жазаға тартқаны, биліктің айналасындағы адамдардың сол биліктің сойылын соққаны тарихи шындық. Осы жайтты ақын:

«Өтер болды-ау дүрлігіп осы ай тағы...»
Желіктірді желді енді дос айтағы. –
«Қайың түзу болса егер қарап тұрмай,
Тауға неге саусағын шошайтады?!»

«Дұрыс» десті көп ағаш малдас құрып,
Басып жатыр маңайды албасты бұлт.
Жел құтырды-ай, қылмысын бергеннен соң
Ағаштардың өздері заңдастырып... –

деген өлең шумақтарымен өрнектейді. Өлең:

Күндер өтті...
Жел кеткен мекеніне,
Ит біле ме мекенін, кетеді де.
Қайың да жоқ...
Орнында жапырақтар
Самал соқса ұшады көтеріле... –

деген жолдармен түйінделеді. Бәрі де өткен. Қайың да, қайыңды шаштан алып сабаған жел де жоғалған. Қайыңнан белгі – самал соқса көтеріле ұшатын жапырақтар ғана қалған. Жел – самалмен ауысып, оның жапырақпен қарым-қатынасы бейбіт сипатқа көшкен. Бұл – көтерілістің өтіп, оның соңындағы жаппай құдалаудың бір сәт толастап, тыным алған тұсы. Қайыңның орнында қалған жапырақ – көтерілісші жастар іс-әрекетінің, бастамасының із-тозсыз кетпейтіндігінің тұспалы. В.Найдыш атап көрсеткендей, «мифте күллі әлем өмір сүруші, ой-санаға ие тіршілік иесі ретінде түсіндірілетінін» [8, 468] естен шығармасақ, бұл өлеңнің мифопоэтикалық құрылымы өз-өзінен айқын. Тұспалдық мәндегі «табиғи күштердің» бір-біріне оппозициялық қарым-қатынасы олардың осындай «әрекеттері» арқылы аңғартылады. Өзінің төрт томдық еңбегін мифтің құрылымын зерттеуге арнаған Леви-Стростың «мифтік түсінікті тұтынған оппозициялар қатары тұрақты кеңдік болып табылмайды және мифтің нақты бір тобына тәуелді болады»[9, 315], – деген тұжырымы желтоқсан оқиғасын табиғат құбылысы арқылы бейнелеген осы өлеңге тура келеді. Мұндағы желдің «қыз қайыңды шаштан алып, сабауы, теректердің бұғып қалуы» бір сәттік оқиға. Бинарлық оппозиция мифтік танымның тамырына сіңген түсініктерден көрінеді. Жоғары-төмен, оң мен сол, соғыс пен бейбітшілік, ізгілік пен зұлымдық туралы ұғымдар «алғашқы қауым үшін тым дерексіз емес. Біз жаратылыстан алыстаған сайын олардың қарым-қатынасы абстрактылы бола түседі», - дейді Леви-Строс [10, 315].

Жыр шоғырындағы «Тағы бір оқиға» өлеңі де алдыңғы өлеңмен өзектес туынды. Мұнда да оппозициялық қарым-қатынас бар. Өлеңнің қысқаша мазмұны: ескі үйлерді құлатып, олардың орнына көп қабатты жаңа үйлер салына бастаған. Лирикалық қаһарман куә болған оқиға – кеше ғана бұзылған көне үйдің жұртында түніменен ұлып шыққан итті аңшы мылтығын асынған біреу байлап қойып атып салады. Өлең өткенге топырақ шашып, оны жермен жексен етіп жаңаны құрудың барлығы бірдей жақсылыққа, жасампаздыққа апаратын жол емес деген ойды аңғартады.

Жер астынан жік шығып, қос құлағы тік шығып,
Кеткендей боп, о, тоба, қалғаным бар тіксініп...
Көп қабатты жаңа үйлер – ескі үйлерді жатаған
Қуып бара жатырды, тауға қарай тықсырып [6, 230].

Ескі-жаңа, биік-аласа ұғымдарына терең үңіле келе ақын өзіндік ұстанымын танытады. Өркениеттің табиғи үйлесімділікке қайшы келетін тұсынан адамзат қасіреті туындайтыны, даму атаулыға ізгілік тұрғысынан қарау керектігі көптеген ойшылдардың, өнер иелерінің айтып жүрген қағидасы. Ақынның осы оймен үндес гуманизмі бұл өлеңде анық байқалады:

Біздің үй де көп қабат. Тұрады ылғи итініп,

Аласаға қарайтын өктемдікпен қитығып...
Кеше ғана бұзылған көрші көне үй орнында
Түніменен шыққаны – жұртта қалған ит ұлып [6, 230].

Иттің ұлығанына наразы болған қарулы біреудей емес, ақын басқаша көзқараста, басқаша сезімде:

Иттің даусы түндегі – бізге жеткен көнермей,
Маған әсер еткен-ді – ежелгі бір өлеңдей.
Өліп кетті бейбақ ит әлсіз ғана қыңсылап:
«Көне жұртты жоқтасаң – күнің осы» дегендей...

Желтоқсан көтерілісінен кейін көп ұзамай жазылған осы өлең сол көтерілістің нақты сипатын бейнелегендей. Көнені аңсау – бабадан келе жатқан салт-сананы, азаттық мұраттарын іздеу болса, соның жоқтаушысы болған жастар уақыт талайына тап болды. Осы жайт ақын өлеңінде екінші бір жанама оқиға арқылы айтылады. «Миф табиғаттан жаңаны іздемейді», деп жазады мифті зерттеуші ғалымдардың бірі В.М.Найдыш [8, 468]. Барды, қазіргі барға негіз жасап берген көнені жадтан шығармау, жоғалтпау мифтік танымның қазіргі «өмір сүруін» қамтамасыз еткен поэтикалық сананың «саналы» әрекеті. Рух өзінің бастауынан тамыр үзбейді десек, бұзылған үйдің жұртында ұлыған ит арқылы ақынның нені тұспалдағанын түсіну қиын емес.

Кеңестік билік тұсында Желтоқсан көтерілісі туралы әрқилы пікірлер, алып-қашпа әңгімелер көп болды. Жастар ісін іштей қолдап, қуаттағандар ол ойларын ашық түрде айта алмады. Кеңестік империяның күйреуіне ықпал еткен тарихтағы аса маңызды бұл оқиға еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана дұрыс бағасын алды. Оғанға дейін айтылмаған шындық, ішкі пікір өміршең де белсенді жанр – поэзияда түрлі көркемдік тәсілдермен жырланып, ғасырлар бойы жалғасын тауып келе жатқан азаттық, тәуелсіздік идеясын ту етіп көтерді. Билікке, кеңестік жүйеге деген наразылық лирикалық өлеңдердің өзегіне сіңіп, бейнелі сөз, астарлы оймен, түрлі поэтикалық тұспал-бейнелермен көрінді. Әрине, халық санасын сілкіндірген желтоқсан көтерілісі біз сөз еткен өлеңдерге ғана арқау болған жоқ. Оған ұлттық поэзиямызда әлі де көп мысалдар бар.

Азаттыққа ұмтылған халықтың қасіреті жалғыз желтоқсан оқиғасы емес. Ұлт тарихындағы қилы кезеңдердің ащы сабағын жан-жүрегіне сіңірген Есенғали ақынның лирикалық кейіпкері сан ғасырлық трагедияны терең сезінген жан. Тарихи мекендер мен тарихи атаулар, тарихи кезеңдер астарынан сыр іздеген ақынның төмендегі өлеңі осыны аңарта түседі:

Ай, Бозан сен неге қарасың?
Бұл Бозан деген суыңыз,
Боз биенің сүті еді-ау,
Кешегі атам-қазақ, ағам-ноғай бір тұста,
Жайық үшін жұлқыста,
Қиғаш үшін қырқыста,
Екеуі екі жаққа жол алды,
Жолай жатқа тоналды,
Баптағанын зор алды,
Сақтағанын қор алды.

Қазақ пен ноғайдың екі айрылуы – біздің ұлттық тарихымыздағы аса маңызды айтулы жайт. Қазіргі Астрахань (бұрынғы Қажы Тархан) қазақ пен ноғайдың ата қонысы ғана емес, айрылысар жері де болды. «Бөлінгенді бөрі жеген» заманның аранына кез болып, не қилы күндерді бастан кешірген халықтың азасын өз шерімен тұтастырған лирикалық кейіпкер «боз биенің сүтіндей» Бозанның қара суға айналуын былайша толғайды:

Шерімді ақтаратын жан таппай,
Сергелдеңнен мән таппай,
Мен Бозанға төктім қайғымды,
Оның қара суға айналғаны содан-ды.

«Боз биенің сүтіне шомылдырып, хан көтеретін» халықтың жерді кие тұтқан салты мен санасы ақын өлеңдерінің негізгі өзегіне айналып, поэзияның ұлттық сипатын арттыра түседі. Халық танымындағы киелілік белгісі бар «боз» түс пен «қара» түсті поэтикалық сарапқа сала отырып, айтылар кең арналы ойды шап-шағын өлеңге сыйдырған. «Миф туралы миф тудырған» ақынның бұл бейнелеуі «миф тек қана алғашқы қауымдық логиканың аспабы һәм өнімі ғана емес, көркем шығармашылықтың пішіні» екендігі туралы айтқан Леви-Строс тұжырымын бекіте түседі [11, 378].

Қазақ пен ноғай айрылған кезеңді ауыр таргедия ретінде жырлаған ақын ұлт тарихындағы тағы бір қасіретті **«1932 жыл. Қазақстан»** өлеңінде бейнелейді. XX ғасырдың бұл жылы әпербақан, осы кезде қазақ өлкесін басқарған Ф.И.Голощекин қолымен ұйымдастырылған «кіші октябрь» аталған содыр, озбыр саясаттың салдарынан ашаршылыққа тап болып, жаппай қырғынға ұшыраған қайғысымен «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» оқиғасынан кейінгі үлкен зұлмат болып ел есінде қалды. Ақын сол жылдардың қасіретін жырлауда тың да әсерлі суреттеу тәсіліне жүгінген. Табиғат көрінісі, еске түсер өткен күннің әңгімесі халық қасіретін жеткізуде терең көркемдік мәнге ие болған.

«Ел қырылған» деседі мына дөңде,
Не деймін мен осынау тұл әлемге?
Кәрі аспан...
Кәдімгі дөң...
Қараша айы...
Түк те жоқ көз тоқтайтын бұдан өңге.

Өлең шөп барқын қара мақпал сынды,
Мақпалды сусыма құм жапқан сынды, –
Құм басып өлген қыздың қолаң шашы
Бұрқырап сыртқа шығып жатқан сынды,
Өлең шөп, өлең шөп – Қазақстан [5, 135].

Замана зұлматына тап болған қазақ даласының қайғылы келбеті дөңге көшіріліп, уақыт өткіншілігі сусыма құммен көрсетілген. Бірақ, уақыт өткенді санадан өшіре алмақ емес. «Құм басып өлген қыздың шашының бұрқырап сыртқа шығып жатуы» – осының бейнелі көрінісі. «Барқын қара мақпал сынды» өлең шөп – қасірет шеккен Қазақстанның метафорасы.

Кең даланы еркін жайлап, табиғатпен бірлікте тіршілік еткен ұлттық рухтың азаттықты, кеңістікті, еркіндікті сүюін поэтикалық тілде түрлі бейнелеулермен жырлаған ақын **«Біздің егемендік хақында екі ауыз сөз»** өлеңінде ой арнасын басқа бір қиырға салады:

Жоқтық деген немене – барлық делік,
Бақыт деген дүние ме – алдық бөліп.
Дүниедегі ең ұлы көрініс не?
Ол шідерін үзген ат қарғып келіп.

«Азаттық» ұғымын «қарғып келіп, шідерін үзген ат» әрекетімен бейнелей отырып, оны «дүниедегі ең ұлы көрініске» балайды. Азаттық алған соң да жан сыздатар жара жазылып кете қоймаған екен. «Шідері жоқ болса да, жіліншігі қақсаған» (шідер бұл жерде бейнелеуші сөз) лирикалық кейіпкердің халін осылайша түсінеміз:

Мен қайрылдым, сен-тағы бұрылшы, інім,
Қалай, не деп ұғамыз мұның сырын.
Аяғыма қараймын – шідерім жоқ,
Неге қақсай береді жіліншігім?

Сан ғасыр бұғауда болған ұлттық рухтың құлан таза айығып кетпеген шер-шемені осылай тұспалданған. Аяқтағы шідер алынғанмен, санадағы шідер шешіле қоймаған. Ұлттық рухтың психологиялық ахуалын ақын осылай көрсетеді. Осы хал ақынның басқа өлеңдерінен де қылаң беріп қалады:

Арқандалған атты көр,

Атты көр де – бізді көр.
Арқанның барын айта алмай,
Қазығымда айналам
Сол арқандаулы аттың өзіндей [5, 200].

Азаттық, еркіндік ұғымының мәні тым тереңде екенін, оның жалаң қағида, ережелердің шеңберіне сыя бермейтінін ақын тұспалдармен, ишаралармен аңғартады.

Әзіргінің бәрі – әлқисса,
Шиыршық атқан шымыр сөз,
Шын қиссаға кірісер
Қыл арқанды үзген күн [5, 201].

Шідер мен арқан ауыспалы мәнде келіп, ақынның айтпақ ойын аңғартады. Еркіндікті шіәдерлеп, азаттықты тұсап ұстаушы күштердің әрекетін көркемдік детальдар танытады.

Өлеңдерінен байтақ даланың жусаны мен ерменінің иісі аңқыған, ат тұяғының дүбірі мен төре түлік түйенің мінезі танылған, кеңістікте сайран салған құс қанатының суылы естілетін ақынның ұлт тағдыры мен тарихын суреткерлік тереңдікпен жеткізе бейнелеуі – оның поэзиясының басты көркемдік сипаты.

Қазақ поэзиясында азаттық, тәуелсіздік – тұрақты жырланып келе жатқан тақырып. Бұл тарапта әр дәуір ақындары тың ізденістер нәтижесіндегі түрлі жаңалықтарымен әдеби дамуға үлес қосты. Ғұн аңыздарындағы, түркі жазба ескерткіштері мен эпостық жырлардағы, одан бері жыраулар толғаулары мен ақындар өлеңдеріндегі азаттық идеясы, күрескерлік рух дәстүрлі түрде жалғасын тауып, бүгінгі поэзиямызда жаңаша қалыппен көрініс берді. Азаттық, еркіндік ұғымының өзіне қасиет-кие дарытып бейнелеу басты сипатқа айналды.

Азаттық, тәуелсіздік – ұлттық поэзияда дәстүрлі түрде жырланып, әр дәуірде қайталанбас тамаша поэзиялық үлгілерді туғызды. Ол туындылар халық рухының аңсары мен мұратын әйгіледі.

Ұлт тағдыры мен тарихы поэзиядан астарлы ой, бейнелі тіркестер мен терең мәнді толғаныстар арқылы көрініп, ұлттық дүниетанымның мәнді де тылсымға толы мифтік қабатымен поэтикалық байланысқа түсті. Ойды жеткізу, идеяны айту жалаң баяндау мен ұрандау арқылы емес, терең мәнді бейнелеулер арқылы жүзеге асты. Бұл бағытта мифопоэтикалық таным жетекші көркемдік тәсіл ретінде бірде тым күшейген қалыппен, енді бірде нәзік ишарамен поэзияның көркемдік құралына айналды. Поэзияның мифо-поэтикалық құрылымы өзіндік терең мәнімен, көркемдік астарымен ерекшеленді.

Пайдаланған дереккөздер

1 Шапаев Т. Ой түбінде жатқан сөз. – Алматы: Жазушы, 1989. – 192 б.

2 Омарұлы Б. Зар заман әдебиеті (генезис, типология, поэтика). – Астана: Елорда, 2005. – 372 б.

3 Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. - Астана: Фолиант, 2002. – 474 б.

4 Есдәулет Ұ. Киіз кітап. – Астана: Елорда, 2000. – 384 б.

5 Раушанов Е. Қара бауыр қасқалдақ. – Алматы: Жалын, 1995. – 384 б.

6 Нұржан С. Таң қауызын жарғанда. 3 томдық шығармалар жинағы. – т. 2. – Алматы: Үш қиян, 2002. – 344 б.

7 Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. – Астана: Фолиант, 2002. – 408 б.

8 Найдыш В.М. Философия мифологии. – М.: Альфа-М., 2004. – 544 с.

9 Леви-Строс К. Мифологики. – Т 1. Сырое и приготовленное. – М.; - СПб.; 2000. – 535 с.

10 Леви-Строс К. Мифологики. – Т 2. От меда к пеплу. – М.; - СПб.; 2000. – 489 с.

11 Леви-Строс К. Мифологики. – Т 3. Происхождение застольных обычаев. – М.; СПб.; 2000. – 520 с.

Объектом исследования данной статьи являются мечты и чаяния в стихах поэтов советского периода о независимости. Приведены наглядные примеры отражения судеб

народа и родины, закабаленного духа. В работе показываются иносказательные способы передачи основной мысли поэтами, определяются художественные формы поэзии. Познаются система функции художественного мышления доисторического мифологического сознания в этом направлении.

Object of research of this article is dreams and expectations in verses of poets of the Soviet period on independence. Bright examples of reflection of destinies of the people and the homeland, enslaved spirit are given. Allegoric ways of transfer of the main idea are shown poets. Art forms of poetry are defined. Are learned system of function of art thinking of prehistoric mythological consciousness in this direction.

ОӘЖ 879.28.8

Қ.М. Байтанасова
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан
Beka-talgat@mail.ru

МӘТІН ЖӘНЕ БАЯНДАУ ТЕОРИЯСЫ

Мақалада қазіргі әдебиеттану ғылымында баяндау проблемасын тұтас қарастыратын ғылыми пән нарраталогия проблемасы, оның өзіндік ерекшелігі талданады. Нарратология пәні әр түрлі нарративтердің ортақ сипаттарын айқындап, олардың арасындағы айырмашылық пен нарративтің жасалу және даму жүйелерін қарастырады. Баяндау (нарратология) терминін көркем шығармада барлық тілдік түрлердің – баяндау, әңгімелеу, суреттеу, талқылау, яғни, барлық көркем және көркем емес баяндаулардың жиынтығы деуге болады. Мақалада нарратологияның әр түрлі сипат иеленетін нарратив түрлері сараланып, олардың ерекшелігі мәтін арқылы дәйектеледі.

Кілт сөздер: нарратология, баяндау, проблема, талдау, мәтін

Нарратология – нарратив теориясы, баяндау теориясы деп аталатын, баяндау проблемасын тұтас қарастыратын ғылыми пән. Нарратология пәні әр түрлі нарративтердің ортақ сипаттарын айқындап, олардың арасындағы айырмашылық пен нарративтің жасалу және даму жүйелерін қарастырады. Баяндау (нарратология) терминін көркем шығармада барлық тілдік түрлердің – баяндау, суреттеу, талқылау, яғни, барлық көркем және көркем емес баяндаулардың жиынтығы деп алуға болады. Баяндау – белгілі бір әңгімелеушінің немесе баяндаушының айтатын тілдік актісі. Олардың айырым сипаттарының бірнеше ерекшеліктері бар**.**

1) Берілу дәрежесі жағынан: *әңгімеші* неғұрлым дербес болады, көп жағдайда шығармадағы оқиғаны кейіпкермен бір мезгілде куә болып, тіпті автор бейнесімен (кейіпкер-әңгімеші, автор-әңгімеші) қатар да болады; *баяндаушы* дербес көрінбейді, ол абстракциялы болып, оның қызметі тек баяндауға ғана қатысты болады.

2) Өз көзқарасының болу/болмау жағынан**:** *баяндаушының* көзқарасы автор-шығарушыға неғұрлым жақын болады, алайда үнемі онымен үндесе бермейді; кейде баяншының жеке көзқарасы шығармадағы автор-жасаушының идеясымен толығады; *әңгімеші* шығармадағы дербес, эмоционалды, бағалауыштық ұстанымды меңгереді де бұл кейіпкердің жеке көзқарасына жақындайды. Оның автор-жасаушының ұстанымынан ай ырмашылығы оңай байқалады.

3) Тілдік безендірілу жағынан**:** *әңгімеші* мен-баяншы формасында бағалауыштық, эмоционалдық сөздерді төменгі, ауызекі стилінде қолданады; *баяншы* бұл жағдайда

бейтарап болады: «мен» есімдігі болмайды, сөздің бағыты белгілі бір оқиғаға қатыссыз, заттар мен кейіпкерлердің жалпы әлеміне бағытталады; мұнда төмен стиль болмайды, баяндау стилі шынайы автордың тіліне жақын болады [1].

Нарратология – автор проблемасымен тығыз байланысты. Көркем туындыларды өмірге әкелетін – автор. Автор жасаушы, баяндаушы объективті әңгімелеуші ретінде көрінеді. Яғни, әдебиеттануда автордың қатысуы ***автор, әңгімеші, баяншы*** арқылы айқындалады. Автор-жасаушы өзінің шығармасын тудырады. Оның көзқарасы, идеясы, дүниетанымы – сол туындының негізін құрайды. Ол шығармасына қажетті материалды біртіндеп жинап, бүтін мәтін етіп жасайды. Автор-жасаушы бірден байқалмайды. Ол өзінің шығармашылық ерекшеліктерімен, даралығымен танылуы керек. Автор кейде шығармашылық үдерісте өзінің жасайтын мәтініне билігі жүрмей де қалады. Ол сюжет жетегінде көркем шығармасын өзі күтпеген жағдайда дамытады, аяқтайды [2]. Ал, автордың көркем шығармада көрінуі күрделі. Оқырман әрбір шығарманы оқу үстінде, одан авторды іздеп отырады. Әрине, автор көркем мәтінге өзінің ұстанымымен, көзқарасымен тікелей қатысады. Онда ол шығарманың эпиграфында, кіріспесінде, басталуы мен аяқталуында, арнауында, авторлық ескертулерде қатысады.

Баяндау мәтіндегі белгілі бір үзінділерді немесе шығарманың тілдік құрылымын анықтайтын мағынада да қолданылады. Кейде баяндау суреттеу, бейнелеу тәсілдерімен де аралас та беріледі. Өткен ғасырдың орта шенінде орыс әдебиеттануында (негізінен, М.М.Бахтин еңбектерінің әсерінен) тілдің ара жігін, яғни баяндаушы немесе әңгімеші мен кейіпкердің тікелей тіл қатысымын алшақтататын көзқарас туындады. Осының нәтижесінде бейнелеу сипатындағы әңгіменің жиынтығы баяндау деп аталып, бұрын онымен тең қолданылатын суреттеу мен талдау (мінездеме) оның құрамдас бөлігіне айналды. «Қысқаша әдеби энциклопедияда» зерттеуші А.П.Чудаков: баяндауды: «эпикалық әдеби шығарманың төл сөзден басқа бүтін құрамы» деген. Баяндауда оқиға жөніндегі суреттеу даралай көрінеді. Яғни, суреттеу баяндаудың формасы ретінде өзінің бейнелеу жағынан ерекшеленеді. Суреттеу алдымен – көркем кеңістіктің бөлігі. Бірінші жақтан әңгімелеудің ерекшелігі – баяндаудың субъективтілігімен, шындыққа ерекше жақын болып көрінуімен байланысты. Мұнда жеке адам ерекше сезіледі. Әңгімелеушінің өзі бейнеленуші болмыстың бір бөлігі ретінде алынады. Әрі оқиғаға қатысушы ретінде, әрі әңгімелеуші ретінде ол өзінің басынан өткендерін, көргендерін баяндайды. «Мен» тұлғасындағы әңгімелеуші өзіне екі қызметті біріктіретіндіктен (оқиғаға қатысушы және әңгімелеуші), көбіне өмірбаяндық шығармаларда кең қолданылады. Әңгімелеушінің мінездемесін беретін қосымша мәліметтер әңгімелеудің осы түрінде ерекше толық болады. **Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогында** «Автор: *Сізді біреулер теріс азу, тентек атағысы келген бе, осы қалай өзі, Бауке?*

Бауыржан (ойланып, мұртын тістеледі. Қабағын түйіп, басын көтерді): *Мен 25 жыл әскерде болдым. Біле білген кісіге бұл үлкен университет. Осы 25 жылдың ішінде мен талай қолбасшымен кездестім, сабақ алдым, талай генералдың қол астында қызмет істедім, тәрбие көрдім. Талай ұлттың өкілдеріне командир болдым, тәрбиеледім. Өйткені командир деген әскери педагог қой. Осы әр ұлт адамдарымен істес болғанымды өзіме ерекше бір мектеп деп бағалаймын. Себебі, чуваш мынадай екен-ау, қырғыз мынадай болады екен-ау деп ойланасың. Мен осы 25 жыл ішінде қарамағымда болған үстеріне шинель киген солдаттар арқылы Кеңес Одағының барлық халықтарының жанын ұқтым деп ойлаймын. Отан үшін өз басымды өлімге байлай отырып, мен оларды ажалмен алысуға жұмсадым. Олардың өлмеуі үшін, өз ұрпақтарын, өз халықтарының намысын, оның өздері сүйетін асыл қасиеттерін аман сақтап қалу үшін жұмсадым. Мен өзге ұлттарды құрметтеуші, өз ұлтын сүюші адаммын. Мен нацизмнің туын көтерген фашизмге қарсы жан аямай күрескен кісімін. Мен фашистерге қарсы 207 рет ұрысқа қатысып, 5 рет өлімнің құрсауында қалған, 2 рет өлімші болып жараланған жанмын. Ендеше, мен қалай теріс азу тентек боламын?! Менің Қазақстанға хат жазып, халық ақындарының айтысын ұйымдастыру керек, бұл халық рухын көтереді дегенім кейбір жеке адамдарға ұнамаған*

болар. Кейбір ұлттық киімдеріміздің үлгісін сақтау, үлкенді құрметтеу, ананы ардақтау, ағаны қадірлеу сияқты жақсы дәстүрлерімізді жандандыра беру жайындағы пікірім жақпаған шығар» [3, 28].

Роман баяндауы, әрекет дамуы мол да күрделі жанр болса, диалог екі адам арасындағы қысқа тіл қатысу. Бір қарағанда екі ұғымның арасында байланыс жоқ секілді. Алайды роман осы көп құрылымды, күрделі жанр болуымен көптеген қасиеттерді бойына сыйғыза алады. Мұндағы диалог әдепкі ұғымынан кең жатыр. Автор есімі аңызға айналған қаһарман Бауыржан Момышұлымен сұхбатын көркем туындыға айналдырған. Автор қойған сұрақтарға кейіпкер Бауыржан жан-жақты, ұғымды, әсерлі, сонымен бірге нақты жауап береді. Кейіпкердің баяндауынан оның болмысы, характері танылады. Бұл үзінді қанша ұлт өкілдерінің арасында жүріп, өзінің халқына, ел-жеріне, оның салт-дәстүріне деген ықыласын, сүйіспеншілігін бір сәт те естен шығармаған Бауыржан Момышұлының қаһарман, елшіл, намысшыл, текті болмысын танытады. Осы өр қалпынан, тәкаппарлығынан, терең білімі мен ақыл-парасатынан соғыстың қаһарлы күндерінде де айнымай туған халқына деген шынайы құрметін өмірінің соңына дейін сақтап өткен. Роман құрылымында автор мен кейіпкердің сұхбаты кең жатыр. Бауыржан-әңгімеші қойылған сұраққа өзі туралы айта отырып, жалпы ұлттың сипатын, соғыс суретін, адам болмысын қатар алып, ауқымды ақпарат береді, көзқарасын байқатады.

Автор-әңгімелеуші өз кейіпкерінің бейнесіне еніп, олармен бірігіп те кетеді. Сондықтан автор олардың ой-сезімдік, білімдік, тілдік дәреже-деңгейлерінен асып, өзінше бөлектенбейді, солардың әлеуметтік ортасында бірге жүреді. Мұндай баяндаудың артықшылығы: бірнеше тараптан көрінеді: Біріншіден, кейіпкерді сипаттауға кең мүмкіндік туады; екіншіден, автор өзінің түсінік, көзқарасын оқырманға күштеп таңбайды. Ол табиғи жолмен, кейіпкерлер арқылы жүретіндіктен, оқырман ол жөнінде өзі байлам жасайды. Баяндауды бұлайша құру тәсілі шындықты бейнелеуге ықпал жасайды. Автор-бақылаушы оқиғаны тікелей бақылаушы көзқарасы тұрғысынан бейнелеу баяндаудың шындыққа негізделген сипатын тереңдетеді. Болмыстың ақиқат бейнесін көрнекі түрде бергендей әсер қалдырады. Автордың баяндаған жайттарын оқырман өз көзімен көріп отырғандай сезінеді. Бұл баяндауда оқиғалар көрнекі түрде ізбе-із көрсетіліп, оларға ара-тұра авторлық түсініктемелер беріліп отырады. Мұндай баяндауда уақыттың бірлігі бұзылмайды. Мұнда кейіпкер өткен оқиғаны еске түсіреді, алдағыны болжайды, жинақтайды. Оған дәлел ретінде Ш.Айтматовтың «Құс жолы» хикаятын алайық.

- *«Амансың ба, қасиетті далам!*

- *Аманшылық. Келдің бе, Толғанай! Өзің былтырғыдан да қартайып кетіпсің ғой? Шашың аппақ құдай, қолыңда таяқ.*

Өмір деген зымырап өтіп бара жатқан жоқ па, Жер-ана? Арадан тағы да бір жыл зымырап өте шықты. Бүгін менің мінәжат ететін күнім.

- *Білемін. Келеріңді біліп жатқанмын, Толғанай» [4,342].*

Қаламгер Ш.Айтматовтың «Құс жолы» хикаятында уақыт төрелік еткен кезең оқиғасы алынады. Хикаятта Толғанайдың Жер-ана алдына келіп мінәжат етіп, ішіне жиналған сыр мен мұңды ақтаратын сәті суреттеледі.

Толғанай сол уақыт еншілеген жүкті қайыспай көтеріп келеді. Толғанайдың жүрек сырын ақтарыла айтып, сырласатыны Дала ғана.

«- Апа, соғыс басталыпты!»,- деді жайымен. «Соғыс? Соғыс дейсің бе?» деп бұл сөзді мен бұрын еш уақытта естімегендей, оның мәнісін түсінбегендей, тағы да қайталап сұрадым. «Иә, апа, соғыс басталды»,- деді Қасым. «Не үшін соғыс? Қандай соғыс?» бұл суық хабардың артында неменелер жатқаны санама жетпегендей «соғыс, соғыс дейсің бе?»,-деп сыбырлап сұрап, манадан бері жүрегімді құрсаулаған қорқыныштан демім тарылып, қысылғаннан жылап жібердім. Мені көріп басқа әйелдер де еңіреп қоя берді» [4, 362].

Жер-ананың монологі: «*... Кей кезде соғыстан тегіс қырылып, тып-типыл болған, жер бетінен жоғалған елдер де болған, күлін жел суырған, тірі жан қалмай қираған*

шаһарлар да болған. Неше ғасырлар бойы адамның басқан ізіне зар болып, иен жатқан заманым да болған. Соғыс шыққан сайын әр кез құлағы барларға ұстаспаңдар, қан төккенше ақыл тоқтатыңдар деп айтамын. Қазір де айтар сөзім сол: «Әй, адамдар, дүниенің төрт бұрышында өмір кешкен адамдар сендерге не керек - жер ме. Мына мен - жермін, мен барлық адам баласына бірдеймін, маған талассуларыңның керегі жоқ, маған ынтымақ керек. Еңбек керек! Бір дән тастасаңдар, жүз дән етіп беремін, шырпы тастасаңдар, шынар етіп беремін, бақ отырғызсаңдар мәуелетіп беремін, мал жайсаңдар, шөп болып беремін, үрім-бұтақтарың көбейсе, бәріңе жай боламын! Мен таусылмаймын, мен қабағымды шытпаймын, кеңмін, бәріңе жетемін!» [4, 391]

Тарих оқиға-әрекетті реттейді, концептуалдайды. Концептуализация тарихи шындықтың өту ретін үнемі бір қалыпта ұстайды деуге болмайды. Кейде тарихта күтпеген, кездейсоқ оқиғалар да болып тұрады. Адамзат тарихында тұтқиылдан басталған Ұлы Отан соғысы осы тарихи уақыттың ретін бұзды. Соғыс, майдан даласынан келген үрейлі хабар, қайғы, ауыр тұрмыс осының бәрі адамның бейбіт өмірін, арман-мақсатын да күйретіп кетті.

Автор көркем шығарма кеңістігінде орналасқан кейіпкерлерінің айтар ойын осылайша жинақтай берген, тұтастырған. Толғанайдың да, жер-ананың айтары да сол кездегі соғыстан шаршаған халықтың айтары емес пе? Көркем шығармада өткенді де, қазіргіні де де автор өзінің идеялық көркем түсінігіне қарай бейнелейді. Өнер туындыларында шындық қазіргі болсын, өткендегі болсын адамның жеке тұлғасы арқылы, көңіл-күйі арқылы беріледі. Қаламгер Ш.Айтматов бүткіл адамзат айтуға тиісті ойды Жер-анаға айтқызады. Жер-ананың бейбіт өмірді қолдауы, бүкіл адамны ойын айтып отырған жоқ па?

Тұтастай өмір, тіршілік үшін күрес суреттелетін бұл хикаятта осы идеяға қайшы, кірікпейтін бір эпизод бар. Бұл Толғанайдың мұғалім баласы, лейтенант Майсалбектен келген хат: *«Апеке, ақ сүтіңнен айналайын, апекем. Мен сенің қандай жан екеніңді білмесем, бұл хатты жазбас та едім. Ақыры, менің істеген ісімді дұрыс деп табарсың. Әйткенімен, жүрегіңнің түкпірінде маған деген сұрауың болар: «Балам, қайтіп өз өміріңді өзің қидың. Адамға бір-ақ рет берілетін бұл жарық дүниемен қалайша қоштасып жүре бердің? Мен соғыста жүріп ерлік көрсетейін деп еш ойлаған емеспін. Балаларды қара танытып оқытудың орнына, қару ұстаған жауынгер болдым. Ол менің айыбым емес.*

Бір сағаттан кейін мен Отаным тапсырған міндетті орындауға кетемін, қайта оралмаймын. Жаудың бекінген жеріне барып, оны талқан етіп, өзім де жоқ боламын. Отан үшін, халық үшін, жеңіс үшін, дүниедегі бар жақсылық үшін.

Мені жоқтама, апа. Артыңда тұқым-жұрағаты жоқ деме. Жер бетінде бұдан былай соғыс болмаса, жаңа туған сәбидің үілдегені - сол мен, бойжеткен қыздардың жәудіреген көздері - сол мен, бұтақта көктеген жапырақ - сол мен, далада жайқалған егін - сол мен, осының бәрі мен, сен де мен деп жүргейсің, апа» [4, 408].

Бұл өлім арқылы өмірдің қадірін, өмір үшін өлімді артық көрген жанның ақтық аманаты елі мен жеріне, анасына арналған. Өз еркімен өлімге табан тіреген рухы биік адамның сөзі. Соғыс бітіп, жан жарасы жазылып, қалыпты бейбіт тірлікте әр адамның алаңсыз еңбек етуі, әр күніне қуана шүкіршілік етуі, жас сәбидің күлкісі, әсем табиғат бәрі – бәрі елі үшін өмірін ерте қиған жауангердің еңбегі, шүкіршілігі, қуанышы болады. Автор кейіпкерінің сәбидің уілі, сұлудың жүзі, жайқалған егін мен сыбдырлаған жасыл жапырақ – осының бәрі өзі сыйлаған тіршілік, өмір екенін ұғатынын жеткізеді. Сондықтан да Майсалбек өмір үшін өлімге барады.

Шығармадағы автор бейнесі көп ретте дербес қаламгер бола бермейді. Әрине, көркем шығарманы оны тудырушыдан бөліп тастауға болмайды. Себебі, жазушының жеке басының ерекшеліктері: өмірі, дүниеге көзқарасы, оқиға, құбылыстарға шығармашылық қатынасы оның туындыларында айтарлықтай із қалдырады. Алайда көркем шығармада қаламгердің жеке басы тасаланып, оның орнына алдыңғы кезекке шығармадағы автор бейнесі шығады. Өмірдегі жазушының орнына әңгімелеуші автордың бейнесі қалыптасады. Көркем туындыда автор бейнесінің көріну дәрежесі әр түрлі болады. Кейде ол шығармада барынша

анық көрінеді, яғни шығармадағы болып жатқан оқиға-құбылыстарға автордың көзқарасы анық байқалады. Ол бірде «жасырынып», кейіпкер бейнесінің «тасасында қалады». Зерттеуші Л.Г.Бабенконың көрсетуінше, мәтінді қабылдаудың өзіндік ерекшелігі бар. Ол мәтіннің болмысынан туындайды. Мәтінді қабылдау екі сатыдан тұрады. Олар: материалдық белгілерді тікелей қабылдау; тілдің образдық белгілері арқылы мазмұнды қабылдау. Мәтінде баяндаудың композициялық-тілдік формасының екі базалық негізі – автор сөзі мен кейіпкер сөзі дараланып көрінеді. Негізінен алғанда, автор туындысына өзі баяндаушы болады. Ол шығармадағы оқиғаның ретін, кейіпкерлердің көріну тәсілдерін, шығарма тілінің көркемдігін қамтамасыз етеді. Автор кейде шығармасында өзі жасаған шындық әлемімен бірігіп, біртұтас дүние болып кетеді. Баяндау құрамына шығарма авторы, кейіпкер, олардың арасындағы қарым-қатынас, шығарманың белгілі бір мезгілдік, кеңістік және экспрессивтік тұрғыдағы бағдары енеді. Бұлардың бәрі бірлікте бола отырып, автордың идеялық-эстетикалық көзқарас-қатынасын білдіреді [5,8]. Жоғарыда талданған шығарма қаламгер Ш.Айтматовтың авторлық бейнесінің дербестігін танытады. Өзініңқандай шығармасы болсын, тұтас адамзатқа ортақ проблеманы қозғайтын жазушылық палитра бұл шығармада да байқалады. Айтатын ойының кеңдігін, жалпы адам баласына тән болатын тереңдігін дәлелдеу үшін автор өз кейіпкерін (Толғанайды) Жер-Анамен тілдестіреді. Сол арқылы бейбіт өмірді сүйетін, адамзатқа мейіріммен қарайтын Ананың мәңгілік бейне сипатын көрсеткен. Яғни, шығармада өз кейіпкерін даралай отырып, өзінің авторлық бейнесін де ерекшелей алған. Баяндау тікелей мағынасында ақпаратты жеткізу қызметін атқарады. Бұл кезде берілетін ақпарат бейнелі, көркем түрде жетеді де, оған суреттеу, бейнелеу, портрет, пейзаж, хабарлау кіреді. Суреттеу кезінде баяншы оқиғаны, оның өту орнын, кеңістігін сипаттап, қосымша ақпарат, мәліметтер береді. Баяншы – оқырманға кейіпкердің әрекеттері туралы баяндап, оның өту уақытын белгілеп, кейіпкердің бейнесін, ортасын суреттеп, оның ішкі дүниесін ашады. Бұл кезде ол бәрінен тысқары тұрады. Баяншының міндеті бір мезгілде өзі бейнелеп отырған шектеулі кеңістікте көріне отырып, оның оқырмандарына да арналады. Яғни, автордың бейнелеп отырған кеңістігінің сыртына да шығып кетеді. Сонда баяншы белгілі бір адам бейнесі емес, ол функция деген жөн. Баяншының автордан өзгешелігі сол, ол суреттелетін уақыт пен кеңістіктен тыс тұрады. Сондықтан алдыңғы кезекке тез өте алады немесе кейін орала алады. Сонымен, әдебиеттану ғылымында баяндау тәсілі кең мағынасында қандай да бір оқиғаны белгілі бір субъектінің баяндауы арқылы оқырманмен арадағы байланысты орнықтыруын білдіреді. Көркем шығармадағы мезгілдік қатынастар әңгімелеудің түрленуіне негіз болады. Олар ірі, орта және жалпы тұрғыда беріледі. Әңгімелеу ірі, орташа түрде алынса, мезгілдік шектелу дәрежесі түрліше болады.

Баяндау тәсілі шығарманың құрылымына, идеясына ықпал ете отырып, екі мәселенің аясында көрінеді. Олар: әңгімеленетін оқиға туралы және әңгіменің айтылуы. Баяндау кезінде әңгімелеуші оқырманмен тікелей немесе жанама қарым-қатынаста болады. Автор баяндау арқылы көркем туындының сюжеттік желісін, композициялық құрылымын белгілейді. Бұл өз кезегінде шығармадағы оқиғаның ретін, құрылымдық жүйесін, кейіпкерлері мен тілдік сипатын тереңдетеді. Мұндағы баяндаушы суреттеліп отырған оқиға мен оқырманның арасын байланыстырады.

Әдебиеттер тізімі

1 Шмид *В.* Нарратология. – Москва: Языки славянской культуры, 2003. – 312 с.

2. Кожевникова Н.А. Типы повествования в русской литературе XIX-XX вв. / Н.А. Кожевникова. — М.: Ин-т русского языка РАН, 1994. - 350 с.

3 Нұршайықов Ә. Төрт томдық шығармалар жинағы.Т.1. –Алматы: Жазушы, 1992.-432 бет. 4.Айтматов .Ш. Боранды бекет.-Астана: Аударма, 2010.-320 бет.

4 Бабенко Л.Г. Филологический анализ текста. Основы теории, принципы и аспекты анализа. – Москва: Академический проект, 2004.

В статье обосновывается важность нарратологии, рассматривающая проблему изложения в целом, как научной дисциплины, анализируются общие черты различных нарративов и их особенности через текст. Объектом нарратологии являются нарративные произведения. В классической теории повествования основным признаком повествовательного произведения является присутствие такого посредника между автором и повествуемым миром. Суть повествования сводилась классической теорией к преломлению повествуемой действительности через призму восприятия нарратора.

Importance of narratives examining the problem of exposition on the whole is grounded in the article, as scientific discipline, the general lines of different and their features are analysed through text. The object of нарратологии are narratology works. In the classic theory of narration the basic sign of narrative work is a presence of such mediator between an author and narratology world. Essence of narration was taken by a classic theory to the refraction of narratology reality through the prism of perception of narratology.

УДК 82.08 (587)

С.С. Молдахметова[1], Д.Е. Байгозинова[2]
Университет КАЗГЮУ[1],
Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева[2]
Астана, Казахстан

РОЛЬ ДЕТАЛЕЙ КАК СРЕДСТВО ПЕРЕДАЧИ ИНФОРМАЦИИ В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ПРОИЗВЕДЕНИИ

В статье раскрывается значение художественных деталей, как средства изобразительной и выразительной подробности, несущей определенную эмоциональную и содержательную нагрузку. Данная тема раскрыта на примерах деталей женского гардероба в произведениях великого писателя Л.Н. Толстого. Автор статьи показывает, как с помощью детали одним или несколькими словами можно получить самое яркое представление о персонаже. Подчеркивается функциональная значимость каждого слова при описании внешних портретных зарисовок, способность с помощью небольшого текстового объема передать максимальное количество информации.

Ключевые слова: художественное произведение, портретное описание, художественный герой.

Роль деталей в художественном произведении, безусловно, имеет огромное значение. Внешнее портретное описание, как правило, многое может сказать о внутреннем содержании человека, его характере. Таким образом, анализ внешних портретных зарисовок дополняет наше представление о герое, делает его полным и законченным. Именно поэтому проблема портрета в литературе всегда была актуальной и привлекала внимание многих исследователей.

Обращаясь к данной теме, передо мной стоит цель не только глубже изучить творчество Л.Н.Толстого, его стиль, но и попытаться ответить на вопрос, какое место занимает описание деталей гардероба в ряду других способов и приемов создания художественного образа, и какие автор использует языковые приемы во внешних портретных зарисовках для создания того или иного характера.

Произведения Л.Н. Толстого всегда отличала удивительная яркость, достоверность характеров персонажей, их внешнего облика. Многие исследователи

объясняют ее кропотливой работой автора над текстом. Эта работа включала в себя предварительный этап: погружение в описываемую историческую эпоху, сбор материала и интервьюирование очевидцев, а также окончательные «подмалевки текста» [1, 35], когда вычеркивались отдельные слова, абзацы, а нередко и переписывалось все произведение.

Таким образом, можно говорить о функциональной значимости каждого слова, каждой художественной детали у Толстого. Интересно по этому поводу высказался сам Толстой: «Пушкин, описывая художественную подробность, делает это легко и не заботится о том, будет ли она замечена и понята читателем; он же (Толстой) как бы *пристает к читателю* с этою художественною подробностью, пока ясно не растолкует ее» [1, 56].

Художественные детали могут применяться автором при описании пейзажа (пейзажные детали) или портрета персонажа (детали портретные), однако самой большой и сложной группой в классификации деталей являются детали вещные. Они используются в изображении внешнего бытия персонажей.

Итак, темой настоящего исследования станут вещные детали женского гардероба в произведениях Л.Н.Толстого.

Одежда является одной из антропологических констант существования человека; она сопровождает человечество на протяжении всей истории его существования. Костюм можно рассматривать как важнейший элемент онто– и филогенеза культуры; роль, функции костюма в обществе и отношение к нему служат показателями культурного и общественного развития, социальных, политических и идеологических ориентации общества.

В великих произведениях литературы нет ничего случайного. Всё в них имеет смысловую нагрузку: пейзаж, предметы быта, вещи, костюмы героев.

Костюм дополняет характеристику героя или может полностью её заменить, передает множество оттенков смыслов, указывает на социальное положение героя, на его психологический облик, приверженность этикету или сознательное нарушение его. Костюм – это отражение своего «я», своих стремлений и желаний, это одна из черт вашего темперамента и характера.

Так, во внешнем облике Кити («Анна Каренина») в сцене на балу очень много вещных деталей: и кружевная берта, и розетки, которые «не смялись и не оторвались», и туфли на высоких выгнутых каблуках - «розовые не жали, а веселили ножку», и даже пуговицы «все три застегнулись, не порвавшись, на высокой перчатке, которая обвила ее руку, не изменив ее формы», но отчетливее всех - черная бархатка медальона. Автор уточняет: «Бархатка эта была прелесть, и дома, глядя в зеркало на свою шею, Кити чувствовала, что эта бархатка говорила. Во всем другом могло еще быть сомненье, но бархатка была прелесть» [2, 82]. Интересно, что эту же бархатку героиня наблюдает в зеркале уже на балу, осознавая и убеждаясь в своей привлекательности.

Все эти детали подтверждают тезис абзаца: «Кити была в одном из своих счастливых дней». Костюм Кити подобранный, многокомпонентный, «идеальный» автор словно сопоставляет с костюмом Анны, который отличает несколько основных моментов: черный цвет платья (а не лиловый в котором Анну хотела видеть Кити) и материал - венецианский гипюр, гирлянды анютиных глазок в волосах и на поясе и нитка жемчуга на шее. Эти детали поясняют общий вывод автора, который смотрит на героиню глазами Кити: «она (Анна) всегда выступала из своего туалета, что туалет никогда не мог быть виден на ней. И черное платье с пышными кружевами не было видно на ней; это была только рамка, и была видна только она, простая, естественная, изящная и вместе веселая и оживленная» [2, 84].

Как мы видим, вещные детали бальных одеяний носят строго психологический характер, раскрывая образы героинь.

Но уже в повести «Крейцерова соната» Толстой устами своего героя словно выносит приговор деталям женского туалета, обвиняя их в нескромности и даже вульгарности.

Герой повести, Позднышев, рассказывает: «я сидел рядом с ней и любовался ее стройной фигурой, обтянутой ***джерси***, и ее локонами, я вдруг решил, что это она понимает все, все, что я чувствую и думаю/…/ », дальше - «в сущности же, было только то, что джерси было ей особенно к лицу, также и локоны, и что после проведенного в близости с нею дня захотелось еще большей близости» [3, 139].

Герой делает вывод, что любовь зависит не от нравственных достоинств партнера, а от внешней привлекательности и «прически, цвета, покроя платья».

На платье автор акцентирует внимание читателя небольшим примером, предложенным героем: «любовь/…/возвышенная, поэтическая, как мы ее называем. Скажите опытной кокетке, задавшей себе задачу пленить человека, чем она скорее хочет рисковать: тем, чтобы быть в присутствии того, кого она прельщает, изобличенной во лжи, жестокости, даже распутстве, или тем, чтобы показаться при нем в дурно сшитом и некрасивом платье, - всякая всегда предпочтет первое» [3, 141].

Но помимо самого платья немалую роль играют также не раз упоминаемые в тексте «мерзкое» джерси, «эти нашлепки на зады», а уже после голые руки и плечи.

Интересен факт, что в образе Кити голые руки и плечи лишены вульгарности. Автор пишет: «В обнаженных плечах и руках Кити чувствовала холодную мраморность, чувство, которое она особенно любила» [2, 82].

Более того, герой повести «Крейцерова соната» сравнивает жизнь современного ему высшего общества с жизнью в домах терпимости: «те же наряды, те же фасоны, те же духи, то же оголение рук, плеч, грудей и обтягивание выставленного зада, та же страсть к камушкам, к дорогим, блестящим вещам/…/. Как те заманивают всеми средствами, так и эти. Никакой разницы» [3, 151]. Наконец Позднышев признается, что именно эти джерси и локоны и создали ту иллюзии влюбленности, «поймали его».

Совсем иную детализацию гардероба женщины можно встретить в позднем рассказе «После бала».

Варя, главная героиня: «Она была в белом платье с розовым поясом и в белых лайковых перчатках, немного не доходивших до худых, острых локтей, и в белых атласных башмачках» [4, 9]. Это описание встречается дважды.

Но кардинально отличается отношение героя к открытым плечам, так называемой «наготе»: «Чем сильнее я был влюблен, тем бестелеснее становилась для меня она. Вы теперь (нынешнее поколение) видите ноги, щиколотки и еще что-то, вы раздеваете женщин, в которых влюблены, для меня же/…/ на предмете моей любви были всегда бронзовые одежды. Мы не то что раздевали, а старались прикрыть наготу/…/» [4, 10].

Мода - неотъемлемая часть женского мира. Лев Николаевич Толстой очень внимательно описывает женский гардероб, подмечая и подчеркивая детали, составляющие его. Каждая вещная деталь «говорит» многое о женщине, о ее характере, настроении, намерениях.

Автора также волнует внешняя сторона - «восприятие» деталей женского гардероба другими персонажами произведения.

Таким образом, художественная деталь – изобразительная и выразительная подробность, несущая определенную эмоциональную и содержательную нагрузку, одно из средств создания автором картины природы, предмета, характера, интерьера, портрета и т.д. Именно она способна с помощью небольшого текстового объема передать максимальное количество информации, с помощью детали одним или несколькими словами можно получить самое яркое представление о персонаже (его внешности или психологии), интерьере, обстановке. В отличие о подробности, которая действует всегда с другими подробностями, составляя полную и правдоподобную картину мира, деталь всегда самостоятельна.

В произведении большого художника нет ничего случайного. Каждое слово, каждая подробность, деталь необходимы для наиболее полного и точного выражения мысли и чувства. И среди таких писателей, которые мастерски использовали деталь, по праву можно назвать Л.Н. Толстого.

Мақаласында ашылады мәні көркем бөлшектер, құралы ретінде бейнелеу және мәнерлі егжей көтеретін белгілі бір эмоционалды және мазмұнды жүктеме. Бұл тақырып ашылған үлгісінде бөлшектерді әйелдер киім ілетін шығармаларындағы ұлы жазушы Л. Н. Толстой. Мақала авторы көрсетеді көмегімен бөлшектер бір немесе бірнеше сөздермен алуға болады ең жарқын ұсыну туралы персонаже. Атап өтілген функционалдық маңыздылығы әрбір сөздер сипаттау кезінде сыртқы портретных суреттемелерін, қабілеті.

The value of artistic details, as facilities of graphic and expressive detail bearing the certain emotional and rich in content loading, opens up in the article. This theme is exposed on the examples of details of woman cloak-room in works of great writer Л.Н. Tolstoy. The author of the article shows, as by means of detail it is possible to get the brightest idea one or a few words about a personage. Functional meaningfulness of every word is underlined at description of the external portrait sketching, ability by means of small text volume to pass maximal information content.

Список литературы

1 Сергеенко А.П. «Хаджи-Мурат» Льва Толстого. – М.:Современник, 1983, 239.

2 Толстой Л.Н. «Анна Каренина». – Алма-Ата: Казахстан, 1998.

3 Толстой Л. Н. Собрание сочинений. Повести и рассказы 1885-1902. Т.12 — М.: Художественная литература, 2014.

4 Толстой Л. Н. Собрание сочинений. Повести и рассказы 1903-1910. Т.14 — М.: Художественная литература, 2014.

ӘОЖ 37: 950 (574)

А. Өтегенова
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
Қызылорда, Қазақстан
aya1391@mail.ru

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ КҮНДЕЛІГІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Мақалада Халық Қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының патриоттық рухта жазылған күнделіктерінің тәрбиелік мәні қарастырылды. Қаламгер жазбасындағы отбасы, тәрбие, адамгершілік, ақыл-парасат, салт-дәстүр сынды асыл дүниелерге талдау жасалды. Жазушы шығармашылығының зерттелуі де сарапталды.

Кілт сөздер: күнделік, қазақтың салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, тәрбие, дәстүр, патриотизм.

Өзіндік бітім болмысымен ерекшеленген Халық Қаһарманы Бауыржан Момышұлы тек ел басына күн туғанда «етігімен су кешер» батыр ғана емес, дарынды жазушы, кең тынысты суреткер де болды. Оның қаламынан туған түрлі тақырыптағы поэзиялық туындылары мен күнделік жазбасындағы тәрбиелік мәні бар ойлар бүгінде ел аузында. Батыр өз әлеміндегі бай өмір тәжірибесінен алған философиялық ой қорытындыларын келешек ұрпаққа ұсынған.

Жас жеткеншектеріміз бен ұландарымызды ертеден келе жатқан бай мұралармен тәуелсіз елдің лайықты азаматтары етіп тәрбиелеу қажет. Еліміздің жасөспірімдерін патриоттық рухта тәрбиелеуде ең алдымен, Бауыржан Момышұлы секілді ұлы тұлғаларамыздың ісі мен өнегесін, үлгісін, артына қалдырған бай мұрасын жан-жақты әрі терең насихаттай білуіміз керек. Ұрпақ тәрбиесіне, жалпы халықтың рухани дамуына байланысты ұлттық тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді Қорқыт ата, Әл-Фараби, Қожа Ахмет Иассауи, Мұхамед Хайдар Дулати, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Асанқайғы және т.б. қазақ ақын-жырауларының мұраларынан, билер мен шешендердің тәлімдік сөздерінен көреміз.

Ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің: «Адамға біліммен қатар, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың хас жауы», – деген сөзінен ұрпақ тәрбиесінде ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлерін оқып үйрену, өнеге тұту, жас ұрпақты ізгілікке баулу үлкен жауапкершілікті талап ететіндігін аңғарасын. Ұлттық тәрбиенің ізгіліктері бала кезден бастау алмаса, кейін өте қиынға соғатыны – дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты төлтума оқулығында «Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар [1, 57]. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс» десе, Ж.Аймауытов «Тәрбие» атты мақаласында тәрбие ғылымын зерттеу қажеттігін «Бұл күнге дейін тәрбие ғылымы – кейінгі басқышта жүрген ғылым» екенін ескерткен [2, 77].

Б.Момышұлы отбасы, бала тәрбиесіне көп көңіл бөліп, адамгершілік, әділет, қанағат, мейірім, оқу-білім, ақыл-парасат, салт-дәстүр сынды асыл дүниелер жөнінде сөз қозғайды. Жақсы мінез, әдептілік, кішіпейілділік, ең алдымен, адамның тәлім-тәрбиесіне байланысты деп түйеді. Сондықтан жас нәрестеге өмірге келісімен-ақ оны тиісінше тәрбиелей бастау – ата-ананың қасиетті борышы екендігін айтады.

«Балаға адамның, азаматтың бойындағы барлық жақсы қасиеттер ананың ақ сүтімен берілуі қажет, сонда ғана одан жауынгер шықпақ. Сонда ғана әскер өз қатарына өнегелі азаматты, жақсы жауынгерді қабылдай алмақ, ал қазір біздер кейде азап шегіп, қайта тәрбиелеу жұмысына көп уақытымызды, күш-қуатымызды сарп етіп, жүйкемізді тоздырып келеміз» [3, 57], – дейді Б.Момышұлы.

Қаламгер әдептіліктің сан түрін баяндай келіп, әке-шешеден тәрбие көрген әдепті жандар қашанда нәпсісін тия білетін, жомарт, бауырмал, сабырлы, инабатты болып келетінін алға тартады.

Егеменді еліміздің жастарын Отанымызға қорған болар жауынгерлік рухта тәрбиелеу үшін даңқты әскери қолбасшы Бауыржан Момышұлының «Қолбасшы күнделігі» деген атаумен 2010 жылы қазақ және орыс тілдерінде қанатты сөздері құрастырылып шыққан болатын. Ол өзінің шайқаста көргендері мен басынан өткізгендерін, есінде мәңгіге қалған жайтты жазады. Жазуға соғыс кезінде табиғат пен айналасындағы жағдайға қарамастан үнемі жазып отырған күнделіктері көмектескен.

«...Көргені де көп, көңілге түйгені де көп Бауыржан Момышұлының күнделігіндегі ой-пікірлер біздің әскерилерміз бен жауынгерлеріміздің, жас өспірімдерімізбен жеткіншектеріміздің бойларына – қуат, ойларына – ой қосып, өмірлеріне өшпестей рухани азық болатынына өз басым кәміл сенемін» [3, 4], – дейді Бақытбек Смағұл.

Бауыржан Момышұлы өз күнделігінде «Нағыз жауынгерлерді тәрбиелеуде дәстүр мен тәртіптің алатын орны зор. Дәстүр – әскердің өткен тарихы, айыбынды істері туралы деректер, ауызша аңыз-әңгіме түрінде айтылатын, бүгінде белігілі бір бөлімде қолданылатын аңыздар. Дәстүрді сақтау, нығайтып отыру және дамыту – қолбасшының жауынгерлік туды қан төгіп, өмірін қиып, құлатпай жоғары қадап, қаза болған қарулас жолдастарының рухы алдындағы қасиетті міндеті мен парызы», – деп қазақ халқының ерлік рухы мен дәстүрі – елге деген сүйіспеншілікті ең биік құндылық етіп санау қажеттігін алға тартады.

Жазушы Әзілхан Нұршайықов «Ақиқат пен аңыз» деп аталатын роман-диалогында Бауыржан Момышұлына:

–Соғыста күнделік жазып жүрдіңіз бе? Оны қалай жаздыңыз? деген сауалына:

«Соғыста жазған 37 дәптер күнделігім бар. Оларды қар жапалақтап, жаңбыр құйып тұрғанда, окопта отырып, жорықта кетіп бара жатып жаздым. Бес рет қоршауда болғанымды айттым ғой. Сонда тізем дірілдеп, қолым қалтырап отырып, өз сезімдерімді, жолдастарымның жай-күйін қағазға түсіре бердім. Ең алғаш күнделік жазуыма мынадай жай себеп болды. Бірінші рет қоршаудан шықаннан кейін батальонды быт-шыт етіп тарата бастады. Қандай жағдайда, қай көршінің табансыздығанан батальон қоршауда қалды – онда ешкімнің шаруасы болмады. Соған ерегесіп, бұдан кейін мен барлық жағдайды күнделік дәптеріме түсіріп отыратын болдым. Әрине, онда мен кейін жазушы болармын, жазғандарымның соған септігі тиер деп ойлағаным жоқ. Осында үш-төрт дәптер жазғаннан кейін күнделік толтыру маған дағды болып кетті. Ол менің әскери қызметімнің міндетті бір бөлігіне айналды. Толтырған әр дәптерім ең бір ет жақыным іспетті бола бастады. Сондай үш дәптерім жоғалғанда туысқан үш бауырымнан айрылғандай күй кешкенім бар» [4, 44],– деген Ұлы Отан соғысының даңқты қаһарманы, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының жауабынан алғаш жазушылық қабілетіне соғыста жазған күнделіктері себеп болғандығын аңғаруға болады.

Халық Қаһарманы Бауыржан Момышұлы 1962 жылы генерал Панфилов жайында кітап жазбақ болып архиветерді аралап, Подольскідегі әскери архивтің бастығы генерал-майор Дударевпен танысады. Кездесуде Бауыржан Момышұлының соғыста жоғалтқан үш дәптерін тауып береді.

«Қолыма алып ашып кеп жіберсем, тәңір-ау, менің өз дәптерлерім. Мен олардың әрқайсысымен жылап көріскендей болдым», – дейді Б.Момышұлы.

«Ақиқат пен аңыз» роман-диалогында жоғалған күнделік жазбалары жайлы Бауыржан Момышұлы:

–Төртінші рет қоршаудан шыққанымда мен көршілеріме әбден қаным қайнап, қатты наразы болып келген едім. Біздің қоршауда қалуымызға себепкер болған бөлімшелерді дәптеріме схемасын салып көрсетіп, олардың бастықтарын сыбап тұрып жазғандарым болатын. Шехтманның да, Филимоновтың да әдістеріне бірсыпыра ащы сөздер арнағанмын. Келгеннен кейін барлық жағдайдың дәлелін ашып, полк комиссары Логвиненкоға дәптерлерімді көрсеттім. Логвиненко менің жазбаларыма зер салғысы келді ме, әйтеуір, кейін өзіне қайтарып беремін деп үш дәптерімді сұрап алып кетті. Сол түнде немістер поляк штабына шабуыл жасап, менің комиссардағы үш дәптерім жаулардың қолына түседі. Міне, бұл менің сол дәптерім. Кейіннен немістердің архиві біздің қолға түседі де, оның ішінен менің жоғалып кеткен жаңағы дәптерлерім шығады. Күнделіктің пайдасымен бірге, осындай жоғалып кете жаздаған кездері де болған...» [4,45], – деп еске алады. Күнделік – қай қаламгердің де шығармашылық өмірбаянының бір көрінісі десек, соғыста қолайсыз жағдайларға қарамастан күнделік жүргізген Бауыржан Момышұлының жазбалары құнды жәдігер екендігін байқаймыз.

«Бауыржан Момышұлының өмірі Кеңестер Одағы мен фашистік Германия арасында болып өткен Ұлы Отан шайқасында соғыс жүргізудің мейлінше жетілген машиналық дәуіріне тұспа-тұс келді. Соғыс басталғанға дейін Бауыржан Момышұлы 1932 жылдан әскер қатарына қызмет етіп, әскери білім мен іс-тәжірибесін жете меңгерген аға лейтенат дәрежесіне дейін көтерілген еді. Ол бұған дейін де даярлығы жетілген жауынгер командир ретінде қалыптасқан еді. Мұның үстіне, рухани дүниесі де қордаланып байи түскен еді. 1928 жылдан бастап қолына қалам ұстап, алғашқы өлең жолдарымен, публицистикалық тұңғыш «Тау сағыз бен көк сағыз» аталатын мақаласымен бірге күнделіктер, естеліктер жазу арқылы қалам ұштау үстінде өсіп келе жатты», – дейді белгілі ғалым Мекемтас Мырзахметұлы.

Бауыржан Момышұлының өмірі – өнеге, жазған мұралары – патриоттық өсиет.

«Тәрбие адам бойында жақсы мінез-құлық қалыптастырады. Тәрбиелеудегі бірінші мақсат – саналылық, бұл ең басты мәселе, ал мәжбүр етушілік – қосалқы тәртіп режимі болмақ. Көнтерілікке, көнбестікке, бас июшілікке тәрбиелеу, бұл, шын мәнінде, адамды моральдық жағынан толық тәуелді ету деген сөз. Тіл алушылыққа бейімділікті адам

бойындағы адамгершілік қасиеттерді жетілдіру мен жандандыра түсудің қуатты да, икемді құралына айналдыра білген жөн», – дейді Бауыржан Момышұлы күнделік жазбасында. Бұл айтылған пікірдің қазіргі жас ұрпақ тәрбиелеуде маңызы зор.

Ғасырлар қойнауынан бастау алатын ұлттық тәлім-тәрбиеміздің қайнар көзі мақал-мәтелдер. Қазақы ортада өсіп, ер жеткен суреткер өз халқының асыл қазынасы, этнотәрбиенің ұлттық үлгісіне батаға, ырымға, сәлем беруге, үлкенді сыйлауға, жақсылық жасауға, адалдыққа, қайырымдылыққа, елді, жерді сүюге, кішіпейілділікке тәрбиелейтін аңыз әңгімелерге, ертегілерге, батырлар жырына, мақал-мәтелдерге ерекше мән беріп, олардың сәби санасын қалыптастыруға тигізетін зор әсерін үнемі назарда ұстап, орынды пайдаланып отырғанын көреміз. Жазушы сөзімен айтсақ: «... бала жүрегі, бала көңілі, бала ойы алғашқы сезгенін, алғашқы көргенін, алғашқы тұшынғанын қаз-қалпында сақтай біледі» екен. Демек,

«... Бала қиялы ол көргендерінен көлемді ой түйіп жатпайды, қайта үзік-үзік үміттің өзінен рахат сезімге бөлене беретін...» көрінеді. Яғни жеткіншек санасына мақал-мәтелдердің тигізетін әсері зор болғандығын аңғарамыз.

Бауыржан Момышұлы шығармашылығының өзек-арқауы – жас буындарға патриоттық тәрбие беру, өмірде кездесетін қандай да болсын қиыншылықтарға мойымай, тайсалмай қарсы тұра алатын батыл болып өсуіне үлгі көрсету. Сондай-ақ, ерлік пен өрліктің үлгісі бола білген Бауыржанның күнделік жазбасынан жауынгерлерге жігер беретін сөздерді айта жүретіндігін байқауға болады.

«Жігерлендіру дегеніміз – рухани күш беру, күш-қуаттың тасуы, сергектік күй. Әскерді жігерлендірудің құралдары мыналар: инабаттылық пен кішіпейілдікпен ықпал ету, адамның адамгершілігін құрметтеу, бастықтың жеке өнегесі, ақыл-кеңес беру, айтқанын түсінікті етіп ұғындыру, көңілден шыққан қарапайым сөз, тапқырлық, шешендік, орынды айтылған әзіл-қалжың, ойын-күлкі, ән-күй, жауынгерлік және басқа да әндерді айту, би билеу мен бөлімшелердегі басқа да көркемөнерпаздық», – деген сөздер дәлел.

Бауыржан Момышұлы өзінің «Офицер дәптері» атты қолжазбалары туралы: «Көрген-білгенімді, өмір шындығынан туған ой-пікірімді қағаз бетіне түсіргенде, мен өзімді қаламы төселген жазушы болдым деп жүргенім жоқ, менің жазғандарым жазушыларға материал болса да жеткілікті» [5, 6], – дейді. Қаламгердің «Офицер күнделігі» деген еңбегінде жауынгер сыры, отанын сүйген адамның жан сезімі айтылады. Сонымен қатар, мыңдаған кеңес жауынгерлерінің тағдырына жауапты командирдің демалыс кезінде ғана жазылған, кеңес командирінің ауыр борышын атқару жолындағы арпалыспен араласа туған, автордың өз сөзімен айтқанда, «аттың жалында, автоматтың жанында» жазылған еңбектері жинақталған.

Патриоттық тәрбие мәселесі адамзат тарихының өн бойындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат болғандықтан, жас ұрпақтың бойындағы Отанға деген сүйіспеншілігін, патриоттық санасын дарытуда батыр Бауыржан Момышұлының кейінгі ұрпаққа үлгі етіп қалдырып кеткен өсиеттерінің және ерлікке толы шығармалары мен күнделік жазбаларының алатын орны ерекше.

Патриотизм дегеніміз – Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығы қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, өзіңнің мемлекетке тәуелді екеніңді, мемлекетті нығайту дегеніміз –жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм дегеніміз мемлекет деген ұғымды, оның жеке адаммен барлық жағынан өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасын біріктіру екендігін кезінде Бауыржан Момышұлы ұрпаққа өсиет етіп кеткен. Жазушы еңбегінде патриотизмнің маңызды элементтерінің бірі, онымен етене байланысып жатқан ұлттық рух пен ұлттық париотизмге тоқталады. Ұлттық рух пен ұлттық патриотизм – бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті – өз халқына деген сүйіспеншілігі, жеке адам өз қалқымен қан жағынан да және шыққан тегі, теорриториясы, тілі, тұрмыс-тіршілігі, мінез құлқы, психологиялық және этнографиялық ерекшеліктері, қалыптасқан тарихи дәстүрлері

жағынан да әбден айқын әрі дербес басқа қасиеттері және ерекшеліктерімен де байланыстылығын айтады.

Қаламгер «Москва үшін шайқас», «Генерал Панфилов», «Қанмен жазылған кітап» және т.б. еңбектері арқылы жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелейтін бас тәрбиеші де бола білді. Оның «Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жұмылып қызмет ет», «Тәрбиелі адам – тәртіптің құлы, тәртіпті адам – елдің ұлы», «Отан үшін отқа түс – күймесің» т.б. өсиеттері Отанды қастер тұтуға шақырады.

«Тәрбие жұмысының мақсаты – адамның бойында жауынгерлік қасиетті, жауынгерлік өнегілікті қалыптастыру. Бұған адамды иландыру арқылы қол жеткізіледі, отбасына, халқына, отанына, мемлекетке берілгендік, үлкенді сыйлау, заңды, тәртіпті, салт-дәстүрлерді сақтау, жеке адамның игілігімен етене байланысты. Қоғамдық игілік жөнінде қамқорлық жасау өмірлік әрі рухани қажеттілік болып табылады» [6,40], – деген күнделігіндегі жазбада батыр Бауыржан Момышұлы жастарға адамгершілік пен елін, Отанын, халқын шын сүйген ерлер болып қалыптасуын қалады.

Атақты генерал И.В. Панфилов Бауыржан Момышұлының халқына, еліне адалдығын, шынайы отаншылдық сезімін құрметтеп, мақтан тұтты. Ал, белгілі орыс жазушысы Александр Бек соғыс кезінің өзінде-ақ «Арпалыс» (Волоколамское шоссе) романын жазып, патриотизмнің үлгісі ретінде Бауыржан Момышұлының мәңгі өлмес қаһармандық бейнесін жасады.

Бауыржан Момышұлы мектебі – өмір. Ол сондықтан да қиялдан алып ешнәрсе жазбайды. Жазған еңбектерінің барлығын жастарға арнап, солар үйренсе, өнеге алса екен дейді. Сол себептен де Момышұлы шығармашылығының өзек-арқауы – жас буынға патриоттық тәрбие беру, өмірде кездесетін қандай да болсын қиыншылықтарға мойымай, тайсалмай қарсы тұра алатын батыл болып өсуіне үлгі көрсету.

Бауыржан Момышұлы болашақ ұрпаққа «Ата-бабаларыңнан асып кетсем дауым жоқ, бірақ ата-аналарыңнан кем болмаңдар! Аға ұрпақты ұялтпастан ұлы Отанымыздың қадірін, намысын мақтаныш етердей азамат болыңдар!», – деп жауынгерлік өсиетін айтады. Айтылған ойлар педагогикалық негіз ретінде тұлғаның патриоттық сана-сезімін қалыптастыруда, патриоттық іс-әрекетін ұйымдастыруда, мінез-құлқына патриоттық сипат беруде оқу-тәрбие ісінің өзегі болу қажет.

Әдебиеттер тізімі

1 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. -160 бет.

2 Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 бет.

3 Момышұлы Б. «Қолбасшы күнделігі». – Алматы: Сауап, 2010. – 192 бет.
(қазақ, орыс тілі)

4 Нұршайықов Ә. «Ақиқат пен аңыз». – Алматы: Жазушы, 1992.– 448бет .

5 Момышұлы Б. «Офицер күнделігі». – Алматы: 1952.

6 Момышұлы Б. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2004.– 480 бет.

В статье рассматривается воспитательное значение написанного в духе патриотизма дневника обладателя звания «Халық Қаһарманы", писателя Бауржана Момышулы. Анализируются представленные писателем в рукописи такие духовные ценности, как семья, воспитание, человечность, мудрость, традиции и обряды. Также, в статье дается оценка исследованиям творчества писателя.

In this article were considered the educational value of diaries written in the spirif of patriotism by Peoples Hero, writer Bauerzhan Momyshuly. There were analized the precious things sush as family, education, morality, intellect I traditions in the records of writer. Also were analized the reserch of writers work.

ӘОЖ 821.512.122.0

Н.М. Рахманова
Алматы университеті
Алматы, Қазақстан
55rnm@mail.ru

ПОЭТИКАЛЫҚ ӘЛЕМДЕГІ МӘН МЕН МАҒЫНА

Бұл мақалада Ж.Аймауытов, Б.Майлин, М.Әуезов прозасындағы мәтіннің мазмұны мен сөз мағыналарының мәні, шығарма идеясы зерделенеді. Мәтіннің көркемдік-эстетикалық құндылықтарына талдау жасалынады.Мақалада XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы кеңестік саясаттың ықпалының арқасында өзгерген әйел кейіпкерлер болмысы сөз болады. Заман жаңашылдығына ілесіп, ғасырлар бойғы қазақы ұлттық дәстүрді ескілік сарқыншағы деп түсінген кейіпкерлер психологиясының мәні, моральдық өлшемі ашылады. Авторлық баяндаудағы ұлттық дәстүр мен салтты ығыстыру жайы айтылады. Шығармалардағы автордың қыз, ана тәрбиесінің салмағы туралы ұстанымына басты назар аударылады.

Кілт сөздер: Ана ұлағаты, астарлы ой, әлеуметтік мәселелер, жазық,философиялық категория, кейіпкер монологын, авторлық баяндауды, уақыт пен кеңістік, психологиялық мән, моральдық өлшем.

Адамзат қоғамы үшін әйел, ана ұлағатының орны ежелден ерекше. Қаламгерлер ұрпақ тәрбиелейтін жандардың жаратылыс ырғағынан танбауын қалаумен бірге ұлт тамырының тереңдігі, құнары сақталуын аңсаған әріден ойлаған пайымдарын өз кейіпкерлерінің бойынан көрсетуге тырысты. Қоғам дамуының қайшылықтары осы кейіпкерлердің ой-санасында, қимыл-әрекеттерінде бой көрсетті. Жаңа даму кезеңімен бірге ұлттық жақсы дәстүрлердің, тәрбиенің, ежелгі үлгілердің ұмытылып, жүдеп бара жатқанын жазушылар әлеуметтік астарлы оймен мегзей жазды.

20-30жылдардағы прозаға сезім сергелдеңіндегі сезімтал кейіпкерлер Жамал, Қамар, Шұға сияқты рухани теңдікке, бостандыққа ұмтылған, нәтежесі ішкі армандарымен түйіспесе де өз тағдырларына өзі арашасы болуға ұмтылған әрекетшіл кейіпкерлердің орнына Айша, Раушан, Жәмила, Есбике сияқты жаңа қоғаммен бірге өзін де, өзгені де өзгертуге даяр қайраткер кейіпкерлер келе бастады.

Сонымен бірге әлеуметтік мәселелер ғана қазақ әйелдерін ойландырмағаны жазушыларға тағы бір пара кейіпкерлерді ұсынды.Олар тағдыр қыспағы рухани дүниесін бөлшектеген Шолпан, Ғайша, Күнікей, Ақбілек,Зылиха сияқты кейіпкерлер.

Сан қырлы саңлақ дарын иесі Ж. Аймауытов – қазақ қыздарының тағдырын, мың сан азабын қопара жазған қаламгер. Қазақ өміріндегі түрлі әлеуметтік мәселелелер қазақ қыздарын айналып өтпеген.Сыртқы дүниенің дүлей соққысынан қаңбақтай ұшып, тағдыры алдында дәрменсіз сенімі шайқалған Ақбілекті автор тұтастығы жоғалған, рухани бөлшектенген кейіпкер деңгейінде суреттейді. Шығарма соңындағы «оқып, адам болған» Ақбілек автордың қамқорлығымен заман талабына икемделген кейіпкерге айналады. «Ақбілек секілділер өмірді жасайды» дегенге автор да, оқырман да дүдәмәл көңілмен қарайды. Жалпы шығармадағы кейіпкер біздің санамызда біз оқыған кітаптағы қалыпта емес, есте сақтаған бейнеде қалады. Көпшілік оқырман Ақбілек бейнесін романының соңындағы кеңестік ықпалмен өзгерген, өзіне сенімді қайраткер бейнесінен гөрі шарасыз, ертеңге күмәнді, қорқыныш иектеген кейпінде есте сақтайды.

Жазушы ағат қадам басқан кейіпкерлерінің бойына қазақ қыздарының дағдырған көңіл күйін сыйдырғандай қалып танытады. Ж.Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы» повесіндегі “жазығы” деген сөз астарына не сыр бүгіп тұр, оқырманды ойлантатын сырлы сұрақ осы. “Жазық” күнәға жетелейтін философиялық категория. Ж.Аймауытов көркем шығарманың

мақсаты – оқырманды ойландыру екенін қатаң ұстанған суреткер. Күнікейдің жазығының не екенін оқырманның өз ой додасына тастайды. Көркем шығарма – бәрін өзі айтып, бәрін өзі шешіп бермейтінінің тағы бір дәлелі.

Автор ана тәрбиесінің салмағы туралы өрелі ойын Шекердің «қызына қарлығыштай шыжбақ боп жүруі жеткілікті ме?» деген сұрақпен өріп, күңіреніп жатқан Күнікей трагедиясына шешесінің де жазығы бар дегендей бірден Шекерге көңіл аударады. "Бірақ Шекер шеше болам деп бекер арам тер болды. Баланы іспен емес, сөзбен, үлгімен емес, ақылмен үйретпекші адам сорлы ғой. Шекер өзіне "құдай жұқтырмағанды" қызына оқыды. Қызы көргенін тоқыды "Бозбаламен өзі неге ойнайды?" деген сұрау Күнікейдің ойына ерте бекіді. Он төртке аяқ басқан соң-ақ, көзі жайнап тұрған Күнікей апасынан құрық әкетті" [1, 349]. Адамның болмысы ойында, сөзінде ғана емес, қимылы мен іс-әрекетінен де көрінеді деген ойды автор санаға сығалатады. Шекердің пешенесіне жазылған тағдырына опасыздығы қызына сабақтай.

Не нәрсенің де баяны бастауында деген ойды автор Күнікейдің жастық шағын суреттеген тұста аңғартады. Көргенін тоқыған Күнікей не нәрседе де шешесіне ұқсап, жас Шекер болып елестейтін тұстары бар. Автор көзге көрінбейтін нақты дүниелердің басын қосып, ойды тереңнен ширықтырып отыр. Жазушы "Күнікейдің жазығын" Күнікей басындағы тағдырдың мағынасыздығынан іздегендей болады. Күнікей шешімі жат әдеттің басы. Автор оның жазықты болуына шешесі Шекер мен өзінің дәстүр мен ұлттық тәрбиені салақсытуы, қалыс қалдыруы дегендей кейіп танытады.

"Күнікейдің жазығы" повесіндегі күрделі де, шым-шытырық берекесіз өмірдегі адамдар қатынасының сан алуандығы, қажетті деп танылған ортаның көріністері жинақталып та, дараланып та ортаға шығады. Оны көрсетуде автор кейіпкер монологын, авторлық баяндауды, уақыт пен кеңістікті де ұтымды пайдаланған. Күнікей бойында сезімнің алуан түрлі келбеті бар. Оны үміт пен қиял, елес пен үрей, нәпсі мен қасірет түйілістері қинаса да Күнікей солардың бірде-бірінен қашпай, өзін соларға арнауға әзір. "Күнікейдің жазығы" повесінің оқырманға берер түсінігі – салмағы да салдары да бар түсінік: адам өзін баптап, өмірге жасақтайды және өзін-өзі құрта да алады, себебі ол тіршіліктегі ең жоғарғы түйсіктің иесі. Адам айтқанға құлай қоймайды оны тәрбиелеу үшін үлгі керек, Шекердің үлгісі Күнікейді неге соқтырды? "Қызға қырық үйден тыйым" деген дәстүрлі мәдениеттен өзгеру қайда апарады? Қазақ мәдениетіндегі талай ұрпақ ұя бұзбай жүріп өткен жол, қастерлі игіліктерге қауіп төнді, сол қауіп авторға "Күнікейдің жазығын" жаздырды.

Уақыт көркем шығармаларды таптық таным тұрғысынан сомдауды қажетсініп жатса да, әлеуметтік кеңістіктің ызғарлылығы, жүдеулігі Б.Майлин сынды қаламгерді баяз таптырмай қоғам бейнесін сыншылдықпен де, шыншылдықпен де суреттеуге себепші болды. Б.Майлиннің алты бөлімнен тұратын «Әже» әңгімесіндегі суреттелетін оқиғалар тізбегі төңкерістен кейінгі уақытты қамтиды. Әңгімеде сұлу да сылқым Зылиха жуас Қарымсаққа тұрмысқа өз қалауымен шыққанымен, кедейленген қазіргі тұрмысына риза емес. «Әже, қарным ашты» деген ұлы мен қызының сөзі оған шаншудай. Күйеуін де қорашсынады, мынандай ажармен бәйбіше болып, малынып отыру да арманы. Зылиханы дел-сал қылып, ойы мен санасын арпалыстырған Қоржынтайдың: «Қазір слабоданың заманы, Кәрібай саған сыртыңнан ғашық, өзі жұрт ағасы, асқан бай» деген азғырынды сөзі. Б.Майлиннің 1987 жылғы бес томдық шығармалар жинағынан «қазір слабоданың заманы» деген сөздер алынып тасталған. Жаңа заман әкелген әйел басына азаттық, теңдікті байлықпен шатастырған Зылиха, бай болса ғана басқа жұртпен теңесетіндей, бақытқа бөленетіндей сезімде болады. Осы сезім жетегімен Қоржынтайдың қолқасына «Жарайды» деп қалғанын өзі сезбей қалады. Тіпті құдай қосқан қосағы мен балаларын тастап кетіп бара жатып та, өз ісіне өзі есеп бермейді. Жазушы Зылиханы жан дүниесіндегі аласапыранды былай суреттейді : «Қане жүр» деп Қоржынтай қысып барады. Қоржынтайдың сыбырын әзірейілдей көріп, Зылиханың денесі, тітіркеніп сала берді. «Менде нең бар, мен байымды, балаларымды тастап әзәзілдің жолына түсе алмаймын!» деп,

үйінен қуып шыққысы да келеді. Бірақ, басты тұмандаған қара күш ерікті билеп, ырық бермейді, сүйретіліп орнынан тұрып, не қыларға білмей дағдарғанда, Қоржынтайдың бұрын бір айтқаны есіне түседі, «балаларыңды бірден ала кетуге болмайды, барған соң сотқа арыз бергін, алады да береді. Сенің балаң Кәрібайдың баласы, сенің балаларыңның оған жаттығы болмайды»,- деп еді Қоржынтай. Зылиха талған көңілге осыны сеп қылғандай, осыны ойлап өзін өзі айналдырғандай болып ақтық рет балаларын сүйіп, «алтын босағасын» аттап, жөн тартып еді...» [2, 109].

Берілген мақаланың зерттеу пәні Н.В. Гогольдың шығармашылық прозасындағы заттың бөлшегі түріндегі көрсетілген мүлік болды.Автор сұрақтың тарихына зер салады, оның философиялық және әдебиеттанулық мағынасын айқындайды. Берілген шығармалардың мазмұны мен формасындағы мүліктің функционалдық маңызын көрсету үшін иллюстративтік материал ретінде «Сорочиндік жәрмеңке» және «Шинель» атты екі шығармасы алынды.

This articles research subject are thing like variety of objective detail at N.V.Gogol's fiction. Author determines the philosophical and literary mine at question's history. An example we have the two story "Sorochinsty Fair" and "Overcoat".

УДК 82-1

А.З. Тілеуова
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе, Қазақстан
tleuovaaz@mail.ru

ЖОҚТАУ ӨЛЕҢДЕРДЕГІ ТАРИХИ КЕЗЕҢ ШЫНДЫҒЫ

Сонау сақтар мен ғұндар дәуірінен бастап-ақ түркі бабаларымыз қайтыс болған адамды жоқтаған. Қазақ халқы да өзінің ертеден келе жатқан салт-дәстүрі бойынша өлген адамды еске түсіріп, оған арнап жоқтау өлең шығарған. Бұл ата дәстүріміз ел арасында сақталып, бүгінгі күнге дейін жеткен. Жоқтауларда марқұмның қадыр-қасиетін айтуда әр заманға сай атқарған қызметі таңбаланады. Егер жаугершілік заманда батырлардың ерлігі, ел қорғаны болғаны негізгі тақырып ретінде айтылса, одан бергі заманның да таңбасын танытатын сөздер қосылады. Жоқтаудан біз белгілі бір тарихи кезеңнің саяси-әлеуметтік жағдайын танып білеміз. Мақалада сол кезеңнің тарихи шындығын беруде жоқтау өлеңдердің маңызы талданды.

Кілт сөздер: жоқтау, салт-дәстүр, тарихи кезең, салт жыры, жылау, сарын, жоқтау үлгілері.

Қазақ халқының ең бір көне мәдени мұрасының бастауы – ауыз әдебиетінің ерте заманнан келе жатқан салт жырларының бірі жоқтау өлеңдерде. Жоқтау өлеңдерін V-VIII ғасырдағы көне түрік заманында тасқа қашалған жазбалардан да байқауға болады. VI ғасырда Түрік қағанаты деп аталатын мемлекет болғаны тарихтан мәлім. Сол ежелгі түркі дәуірінің қоғамдық, әдеби, мәдени өмірін жырлаған ғажайып дастандар бар. Олар – «Күлтегін», «Білге қаған» және «Тоныкөк» жырлары. Үлкен құлпытастарға қашалып, жазылған бұл әдеби ескерткіштер күні бүгінге дейін оқушысын тамсандырып келеді. Осы

жырлардан Күлтегін, Білге қаған сияқты батырлардың ерлікке толы өмірі суреттеле келіп, олар қаза тапқанда елінің еңіреп, жоқтап жазған жырлары, жоқтауы екенін көреміз.

Жоқтау жырларының біздің заманымызға дейін сақталып, мәдени асыл мұрамыздың бірі болып қалуына халық ақындарымен бірге, XVIII-XIX ғасырлардағы зерттеушілердің де атқарған қызметі зор болды. Қазақ фольклорын жинауда орыс ғалымдары, әсіресе Радлов пен Потанин, Диваевтың, сонымен қатар Шоқан Уәлихановтың еңбектерін ерекше атап өткеніміз дұрыс. Жоқтау үлгілерін жазып алып, қағаз бетіне алғаш түсірген де осы ғалымдар болатын. Шоқан жоқтау жырларын «Надгробный плач», - «Табыт басындағы зар» деп атаған. 1885 жылы Шоқан саяхаттап жүріп, ел арасында кең жайылған өлеңдердің бірнеше дәптер үлгісін жинап, жоқтауға ғылыми баға берген. «Қазақ халық поэзиясының түрлері» мақаласында: «Қырда қазір мынадай поэзияның түрлері бар, - деп оны беске бөледі де, жылау – жоқтау өлеңін әйелдер жанынан суырып салып айтады. Шумақ, тармақ көлемі жырлардікіндей болып келеді. Барлық жылаулардың адам тебірентерлік ең жақсысы, ең әйгілісі Орта жүзде Айғаным Уәлиеваның 1833 жылы шешектен өлген үлкен ұлы Мамекені жоқтап жылауы және кейіннен суырып салма әнші әйелдің өлген күйеуін жоқтап айтқан жылауы- деп, жоқтау өлеңін қазақтың салт жырларының бір түрі ретінде жылау деп атаған [1, 164].

Ә. Марғұлан өз зерттеуінде: «Махмұд Қашқаридың жазуы бойынша, жоқтау-ежелгі түркі тайпаларының ерлік тұрмысынан туған жырдың бір түрі,- екенін айта келіп, мұның жарқын түрін «Қорқыт» жырында кездесетін Бамсы-бұйрықты жоқтаудан көруге болады. Сондай-ақ, М.Қашқаридің әйгілі «Диуани луғат ат-түркісінде» Тұңға алып ер туралы бірнеше жерде сөз етеді [2, 128].

Жоқтаудың дәл қай кезде туып, дәл қай кезде хатқа түскенін нақты айту қиын. Десек те, осы қастерлі дәстүр көшпелілер өмірінде басқа ешбір халыққа ұқсамайтын, өзіндік бағытта, тосын бір жолда қалыптасты, дамыды. Академик Ә. Марғұлан бұл турасында: «Жоқтау әдебиеттің ең ескі түрі. Оның шығуы үй ішінде, қауым ортасында болған игі адамдардың дүниеден көшкеніне өкініп, оларды еске түсіру ретінде айтылған жыр. Жоқтау Орхон жазуларының түбегейлі бастауы»,[2, 98] – дейді. Бұдан түйер ойымыз, этнографиялық сипаттағы тасқа қашап жазылған дастандарымыз жоқтаудың көне үлгісі ретінде көрінеді.

Сонау сақтар мен ғұндар дәуірінен бастап-ақ біздің түркі бабаларымыз қайтыс болған адамды жоқтап, дауыстап жылап жерлеп келген. Қазақ халқы да өзінің ертеден келе жатқан салт-дәстүрі бойынша өлген адамды еске түсіріп, оған арнап жоқтау өлең шығарған. Бұл ата дәстүріміз бізде күні бүгінге дейін сақталып қалған. Ол ел арасында сақталып, бүгінгі күнге дейін жеткен. Бұл турасында М.Әуезов: «Көп жоқтаудың өз бетінше шығарылған сарыны, дауысы болады. Ескі әдет бойынша, ертеңгі-кеш сол сарынға жоқтау өлеңді қосып дауыс қылады» [3, 25],- деп жазады. Алғашқы қауымдағы ел түсінігінде өлген адамның жаны өлмейді, егер жақсылап жылап, қайғының ауыр екенін білдірмесек, ол жан қайтып келіп, бір жамандыққа ұрындырады деген түсінік болған.

Қара бір шашым жаяйын,
Жаяйын да жияйын.
Күнәлі бармақ, жез тырнақ
Күнінде қанға бояйын
Албыраған ақша бет
Сүйегіне тояйын –
Мөлтілдеген қара көз
Жаспен оны ояйын,-[4,23]

деп қайғылы екенін іс-әрекетпен көрсетеді. Бұл марқұм айтқан сөзімді, қайғырып жасап жатқан әрекеттерімді біліп – сезіп жатыр деген ой туып, жарық дүние мен өлілер арасында байланыс бар деген нанымды көрсетеді.

Жоқтауларда марқұмның қадыр-қасиетін айтуда әр заманға сай атқарған қызметі таңбаланады. Егер жаугершілік заманда батырлардың ерлігі, ел қорғаны болғаны негізгі тақырып ретінде айтылса, одан бергі заманның да таңбасын танытатын сөздер қосылады.

Жоқтау көбіне жауда қаза болған қас батырлардың ерлік істерін еске түсіруден туған (Қараүлектің баласын жоқтауы). Онда батырдың елге көрсеткен қызметі, өмір жолы мұң-шер рухында баяндалады. Жоқтау отбасылық шеңберде туып, көпшілік жыры болған. Мысалы, Отан соғысы жылдары жас келіншек, жүрегі жаралы аналар өздерінің майданда қаза тапқан ерлері, балалары жайлы көптеген жоқтаулар туғызған. Олар қысқа, бірақ жан шеріне толы келеді. Әрбір жоқтаудың өзіндік ән-күйлері, зарлы сарындары болған. Баян әні – жоқтау сарынының көркем де зарлы үлгісі. Поэзия мен музыка бұрын көшпелі елдердің жан серігі болса, жаназалау жырларының мәні өзгеше. Өзінің көркем тілі, ойдың образдылық жағынан жоқтау эпостан қалыспайды. Өйткені көңіл айту, жоқтау – ірі ақындар, айтушылар қолынан өткен. Солардың сөзін өлген адамның жұбайы немесе қыздары орындаған, ондай жоқтауларда ақын, жыршы тарапынан айтылатын баталар да кездесіп отырған.

Жоқтауды қазақ даласында болыс, би ортасы да қолданған. Мысалы, «Байтоқ ақынның Жәңгір хан өлгенде айтқаны» – толғау ішінде жүрген жоқтау. Демек, жоқтауда әр түрі ортаның көзқарасы болған. Бертін келе жоқтауды біреуге жаздырып, жаттап айту үрдісі туған. Оған «Әйекенің жоқтауы» мысал бола алады. Бұл – көркем жоқтау Ә.Бөкейханов пен А. Байтұрсыновтың құрастырған «Жиырма бес жоқтау» атты жоқтауға енген еді [5, 23].

Жоқтау өзінің тілі, өлшемі, көркемдік сипаты жағынан ауыз әдебиеті үлгісінде жасалған. Әрбір жоқтаудың арнаулы сарыны болған, жоқтау тілінде батырлар жырлары стиліне тән асқақ метафора, теңеулер өте көп. Қоқан ханының қолында мерт болған Тәтиді оның елі «халқына тұлға, өзенге жылға, тауға өлке, елге серке» болған еді деп жоқтайды. Бұдабай ақын болса, Әйекені жоқтағанда «қарадан шығып, хан болдың» дейді. Батыр қаза болғанда оның сүйікті жары: «Ақсұңқар ұшты қолымнан, басымнан кетті базарым, күздің күні болғандай, күннің өзі байланды» деп жоқтау айтқан. Жоқтау өлеңдерінің тілі әсерлі, аса көркем.

Жоқтаудан біз белгілі бір тарихи кезеңнің саяси-әлеуметтік жағдайын танып білеміз. Әйеке жоқтауында XIX ғасырдың аяқ шеніндегі Сыр елінде болған саяси тартыстардың ізі бар. Ел оязға қараған кезде Тұрсынбай датқа ұрпақтары мен Әйеке өткір тартысқа түседі.

Адам өміріндегі елеулі оқиғалардың қай-қайсысы болса да, белгілі бір жөн-жоралғылардың негізінде өтеді десек, ежелден қалыптасқан ескі салттың бірі – өлген адамды естіртіп, көңіл айту және жоқтау, жерлеу. Осы ұрып-салт ғашықтық жырларда да кездеседі. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында ел жиылып, аңда жүріп өлген Сарыбайдың сүйегін іздеп табады да:

Естірмей қайтқанымыз лайық емес,

Ханымға жырлай-жырлай кім барады? [6, 97] – деп, Тайлақ бастаған ел адамдары Сарыбайдың өлімін естіртуге ұйғарады. Бұл қайғылы хабарды тазша естіртпек болып ханымға келеді де, өзінің көрген түсі сияқты етіп айта бастайды:

Мен түсімнен шошынып бүгін тағы,

Қолымнан жібек баулы сұңқар қашты, - дейді де, содан кейін:

Мен түсімнен шошынып тағы бүгін,

Түсімде бір тұңғиық муға кеттім, [6, 104]- деп қорқынышты түс көргенін айту арқылы Сарыбайдың өлімін тұспалдап естірте бастайды.

Ел арасында жоқтаулар өте көп, оның жаңа түрлері де аз емес, әсіресе, Ұлы Отан соғысынан қайтпай қалған баласын жоқтаған аналар жоқтауы орасан көбейді, сол сияқты жарын жоқтаған жесірлер жоқтауы, бауырын жоқтаған іні-қарындастар жоқтаулары біраз баршылық.

«Бұрынғы жоқтаулар – тек ру басыларының, хан, билердің есімін мәңгі есте қалдыру мақсаты үшін айтылған,» [3, 83] -деп көрсетеді М. Әуезов. Батыс Қазақстан аймағының салғұрыптық өлеңдерін жинауда елеулі еңбек еткен зерттеуші ғалым М.Тілеужановтың еңбегін ерекше атауға болады. «Жинау ауқымының ұлғаюына байланысты, соңғы жоқтаулардан тақырыптардың көптеген түрлері табылып отыр. Батыс Қазақстан аймағынан 1000 жолдан астам Ащы үн шыңылдатты құлағымды,

Секілді құм басқандай бұлағымды.

Көзімнен жас пен қоса өзен ағып,
Сөндірді маздап тұрған шырағымды.
Гүл едің кешегі өскен бақшамдағы,
Күн едің, жарығым ең аспандағы.
Тағдырдың дауылы соғып құлатты ғой,
Көз алмай жанарыңнан бақсамдағы...
Қоштаспай ұшты-ау аққу көлімдегі,
Бұлт басты қуанышты өңімдегі,
Демеген қуат еді, өміріме
Жоғалды жібек баулы белімдегі.
Асыл тас тұңғиыққа кетті түсіп,
Әкетті қапияда ажал қысып.
Қос анаң күндіз-түні зарланады,
Қасыңда қара тұман, қайғы құшып [7, 192].

болатын 50-ден астам жоқтау текстерін жазып алдық. Оларды мынадай тақырыптарға бөлдік:

1.Қыздың өлген әкесін жоқтауы.
2.Қыздың өлген анасын жоқтауы.
3.Жұбайын жоқтаған жесір зары.
4.Енесін жоқтаған келін зары.
5.Бауырын жоқтаған қыздың зары.
6.Немересін жоқтаған қарт әже зары, т.б» [7, 83].

Бұларға қарағанда жоқтау шығару тек үлкендерге немесе ақындарға ғана жүктеліп қоймаған, сонымен бірге, қарт ананың, жесірлер мен қыздардың жоқтаулары да әлеуметтік сарында айтылған.

Бүкіл ел қадірлеген ардақты адамдар туралы жоқтау Ақтөбе облысы Исатай ауданынан жазылып алынған:

Шашбауым қалды шаңдақта,
Шашымды жайдым оң жаққа.
Кешегі жүрген бауырым
Кетіп те қалды қай жаққа?! – [7, 106]

деп келетін жоқтауда осыған дейінгі жоқтауларда кездесетін дәстүрлі сарындар «Әлі есімнен кетпейді, жоқтаусыз қалай тастайын немесе «Артында қалған тумалар, бір құдайға аманат...» - деп келетін дәстүрлі сөздер жиі қайталанады.

Осы облыстың Байғанин ауданы Алтай совхозынан жазылып алынған қос ананың жоқтауында:

Жылауда жесірге қайырлы болсын айта келгенде айтады, олар үйге кіре бастағанда-ақ жылау басталады. Бата оқи келгендердің ішінде әйелдер болса, олар әлгі жылауға қосылып кетеді. Кейде өздері шығарғанды жесір жылауынан кейін айтады. Оларға ауыл ақсақалдары тоқтау айтады. Осындай жоқтауларды Батыс Қазақстан аймағында кейде жылау деп атайды. Жылау – тек қана әйел адам айтатын, тек ері өлгенде ғана айтатын қаралы өлең үлгісі. Жылауды жұбайынан айырылған жесір қайғы үстінде өзі шығарады, ал кейде дәстүрлі үлгілерді де орындайды. Жылауды сөзбен айтқанда тыңдаушыларды толғандырмай қоймайды.

Жоқтаулардың көркемдік ерекшеліктері ішкі мәніне сай болып келеді. «Қазақ әдебиеті тарихында» бұл өлеңдерде «Бірыңғай нақыш» жиі қолданылады деген пікір бар. Ал, мұндай пікірлер текст тапшылығынан айтылған пікір сияқты.

Есіктің алды күрке еді,
Күркеден атым үркеді.
Шапқылап жүрген ақ мамам
Осы үйдің үлкен көркі еді.
Есіктің алды қос екен,

Дүние деген бос екен.
Айналайын ақ мамам
Айрылу деген осы екен [7, 118].

Осы үзіндідегі мама деген сөздің өзі де жаңа сөз екені айқын, ал әйел ер көркі, жер көркі, ел көркі, үй көркі деген халықтық ұғымдар да аз кездеспейді.

Костюм бір кидім қынама
Мені де халық сынама
Кешегі жүрген Шырақты
Жоқтамай енді бола ма?! [7, 167]

дегендегі «Костюм» сөзінің орнына «Бешпет кидім қынама», - деп айтуға да болады, бірақ жоқтау айтушының жаңа заман енгізген жаңа сөзді дәстүрлі өлең өрнегіне негіздеуі ешбір дау туғызбайды. Жоқтауларда «Ақ сұңқар ұшты ұядан», «Бәйтерегім жығылды», «Құландар қақтан жерінген, қатып бір қалған көңілім, қайғыменен еріген», - деген салыстырулар жиі ұшырайды.

Теңбіл, теңбіл тең шұбар,
Тебінген аттан тер шығар.
Тең құрбысы келгенде
Теңселе басып кім шығар?! – [7, 62]

деген ассонастар жоқтау өлеңдеріне ерекше өң береді.

Жағасы жоқ, жеңі жоқ,
Ақ көйлекті киді ме?
Есігі жоқ, төрі жоқ,
Кең сарайға енді ме?![7, 93]

Жоқтаулар өлген адамның қырқында, жылында айтылған. Ал жылау тек өлік үйден шығарарда ғана айтылған немесе өлікке көңіл айта келген жақыны, жолдасы, құрдасы алғаш көңіл айта келгенде әдейі арналып айтылса керек. Белгілі ғалым Р. Бердібай: «Жоқтаулар көркемдік жинақтаушылық қасиеті жағынан алып қарағанда түрлі деңгейде көрінеді. Онда өмірде болған шындықты «қоспасыз» санамалап айтып шығумен бірге, болған істерді қиял қуатымен қорытып, жаңа сапаға көтерушілік қатар келе береді», [8, 179] - деп сол кезеңнің тарихи шындығын беруде жоқтау өлеңдердің маңызына тоқталады. Адамның тууы мен өлуі секілді оның қуанышымен бірге оқта-текте қайғылы қасіретке, мұңлы-зарлы сезімге бөленуі – дүние заңдылығы. Өмір болған соң онда ащы мен тұщы да, қайғы мен қуаныш та, биіктеу мен құлдырау да қатар жүреді. Осындай құбылыстарды біздің халқымыз өз өлең-жырларында шебер жеткізе білген. «Жанғанынан өшкені көп болған» қазақ халқының өткен жолында қасірет пен қайғы, нәубет пен зұлмат бір басына жетерліктей.

Әдебиеттер тізімі

1 Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. -Алматы, 1985.
2 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар.- Алматы,. 1985
3 Әуезов М. Әдебиет тарихы.- Алматы., 1991.
4 Арынов Т. Боздағым.-Алматы,.1990.
5 Байтұрсынов А. Ақжол.- Алматы., 1991.
6 Қозы Көрпеш – Баян сұлу жыры. –Алматы.,1985
7 Тілеужанов М. Батыс Қазақстан ауыз әдебиеті. IҮт. - Орал., 2004.
8 Бердібай Р. «Бисмилла» деген сөз басы. //Жұлдыздар жарығы.– Алматы,. 2000.

С давних времен саков и гуннов тюркский народ скорбил по умершему человеку. И в последующие этапы казахи по своей исконной традиции сочиняли поминальные песни жоктау. Этот обычай сохранился и по сей день. В оплакиваниях помимо упоминания достоинств умершего, также олицетворяется определенная функция жоқтау в каждой эпохе. Если во времена набега врагов в качестве основной темы выступали мужество и героизм батыров, то в позднюю эпоху добавляется своеобразные словесные элементы,

отражающие особенности своего времени. В жоқтау можно увидеть социально-политическое положение того или иного исторического этапа. В статье анализируется необходимость и важность поминальных песен в передаче исторической истины определенной эпохи.

One of the oldest and cultural heritages of Kazakh nation is Zhoktau. The beginning of Zhoktau poems of 5 – 8 centuries is originated with recording on the rocks in Old Turkish Era. The researchers in 18 – 19 centuries with the poets contributed to keep Zhoktau as our cultural heritage. Zhoktau poems describe the cultural and social life of people which the outlived in each era.

ОӘК 821.512.122.0

Қ.М. Шакирова
Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
Арқалық, Қазақстан
Katira_1971@mail.ru

ДРАМАТУРГИЯДАҒЫ ДИАЛОГТЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Кейіпкер тұлғасын сомдауда қолданылатын диалог тәсілінің бейнелеу тәсілдерінің ішінде ерекше орын алатындығы драматург Қапан Сатыбалдиннің шығармалары негізінде талданды. Кейіпкердің бейнесін сомдаудағы, мінез ашудағы диалогтың көркемдік қызметі нақты мысалдармен дәлелденді. Астарлы, қалжыңы өткір, күлкі тудыратын элементтерге толы диалогтардан автордың диалог құра білу шеберлігі, диалог арқылы оқиға желісін ширықтыра түскендігі айқындалды. Драматургиялық туындыда кейіпкер сөзінің маңызды орын алатындығы туындыда кейіпкер сөзінің маңызды орын алатындығы және диалог түрінде берілетіндігі тұжырымдалды.

Қаламгердің драматургияның жанрлық шарттарын жан – жақты меңгергендігі түйінделді.

Түйін сөз. Драма, диалог, кейіпкер, мінез, көркемдік тәсіл, жанр шарты

Қашаннан бері қаһарманның мінезін көрсететін басты негіздің бірі – сөйлеу мәнері екендігі айтылып, танылып келеді. Композицияның басқа компоненттерінен де гөрі драматургиялық туындыда кейіпкер сөзі маңызды орын алады.

Драматургияның жанрлық ерекшелігіне орай пьесаларда кейіпкер сөзі негізінен диалог түрінде беріледі.

«Диалог, сөйлестіру (грекше - dialogos) – әдеби шығармада екі кейіпкердің немесе бірнеше адамның сөйлесуі, оларды сөйлестіру тәсілі» [1, 79],- деп әдебиеттану терминдерінің сөздігінде анықтама берілген. Шығарма құрылымындағы диалогтың көркемдік қызметін қазақ әдебиеттану ғылымында алғаш рет А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегінде айтылды. З. Қабдоловтың зерттеулерінде диалогтың өзге көркемдік амал – тәсілдермен сабақтас қызметі нақты талданған.

Сонымен қатар көркем бейнелеуіш құрал ретінде диалогтың қызметі, стиль жасаудағы өзіндік орны М. Бахтин, Л. Гинзбург, А. Чудаков, Қ. Хализев, Г. Абрамович, А. Чичерин т.б. зерттеулерінде әр қырынан қарастырылған.

Көркем шығармада кейіпкерлердің шынайы бейнесін ашу диалог арқылы жүзеге асырылады. Тіршілік ағымындағы түрлі жағдай барысында аузынан шыққан сөзі кейіпкердің болмысын ашады. Сөзден жасырынып қалатын құбылыс жоқтың қасы.

Драматург Қапан Сатыбалдин «Ұзақ жол» драмалық повесінде Сәкен Сейфуллиннің қайшылығы мол дәуірдегі тағдыр жолын меңзейтін, дәуір ақиқатын айқын таныған, күрескер, адамгершілігі мол ақын жанды болмысын аша түскен сөйлеу тілін құрған.

«Ұзақ жол» драмалық повесінде автор жаңаға құштар, ұлтын сүйген Сәкен Сейфуллиннің тарихи тұлғасымен астасып жатқан шынайы жан сөзін айту фактісіне елеулі мән беріп отырғаны көрінеді. Сәкен аузынан кездейсоқ, адасқан сөз шықпайды. Тастай берік, сенімге суарылған ойлы, отты оралымдар Сәкен Сейфуллиннің тарихи тұлғасын, халқы таныған болмыс-бітімін, тура сөйлеп, бетке айтқан нақтылығын көрсетіп тұрған кейіпкер Сәкен сөзі драматургтің өзіндік табысы десек болар еді.

Бір топ жігіт оқудан қайтып келе жатқан, алаңсыз қалжыңмен, елге жетуге асығып келе жатқан жастардың бой жазып күресуіне астарлы мән бере отырып, автор аумалы-төкпелі кезең қалыптастырған адам мінездерінің қилы сипаты бастау алар кезеңге мән бере отырып, пьесаның оқиға даму өрісі мәнінде нақтылы көрініс арқылы шығарма тізгінін ұстатады.

Туған жердің самалы кеудеге соғып, жан рахатын кешіп келе жатқан, елді сағынған ел жігіттерінің барлығының көкейінде бір күй. Осы арқылы да автор қазақ зиялысының түп мақсаты, туған елін сүюі бір еді дегенді меңзеген.

«Сәкен. Солай ма! Онда өзің білесің, Зиранов мырза! (Кеудесін кере дем алып, көкорайға құлай кетіп). Сегіз пейіш жерде болса, осы біздің Сарыарқада шығар-ау. Шіркін, самалы сары қымыздай емес пе?!

Ордалы (ол да кедесін кере дем алып, Сәкеннің қасына құлай кетіп). Ой, несін айтасың, шіркін Сарыарқаға жер жете ме?!

Зиранов (көлгірси күліп). Ой, қазақтар-ай, жоқты айтасыңдар-ау сендер де. Қой жайылатын дала, қу дала емес пе?

Сәкен. Әркімнің өскен жері Мысыр шаһары деген. Біз осы далада туып-өстік. Біз үшін бұл даланың сиқыры көп» [2, 8].

Сәкен жігіттермен арман жайлы сырласқанда «Менің арманым аспандай биік, жұлдыздай алыс» дейді.

Автордың «Жау атаулы біліп қойсын» драмасында соғыс кезеңінің өзіндік лексикасы, әскери лексика, сонымен бірге соғыс ауыртпалығын жүректен өткізіп жүрген қарапайым адамдардың көкейкесті мұраты мен күнделікті өмір шындығын жеткізетін ойлы сөз оралымдары да кейіпкер мінезін ашуда аз жүк көтеріп тұрған жоқ.

Автор Сұлтан Баймағамбетовтің тәуекел деп жауға қарсы шапқан сәтін жауынгердің көп дауысты диалогы арқылы берген. Бұл – шығарманың сахналық көрінісінде жауынгерлердің тас түйін мінезін, кісілік болмысын, ортақшыл, үндес тұлғалық мінезін танытуға автордың өзіндік, жанр шарты деңгейіндегі бір көркемдік шешім, тәсілмен келуі.

«Жауынгерлер. Ой, ерім-ай, еңбектеп барады.

Жаңбырдай жауған оқты тыңдар емес.

– Жазым болмаса игі еді.

– Тек, жаманат шақырма күні бұрын.

– Қара Қыпшақ Қобланды, қара қасқа атты Қамбар, қолдай көр.

– Ойпыр-ай, тіпті тура тартып барады. Немістің атқылағанына қарар емес.

– Жүрек жұтқан батыр екен.

– Жата қалды.

– Жоқ, оққа ұшты.

– Жоқ, аман аман...» [2, 60].

Белгілі бір уақыт, бейбіт уақыттағы адамдар арасындағы атамзаманнан келе жатқан ар-ождан жайы, ізгілік пен оған кереғар құбылыстар арқау болған, өз уақытының өмір салтына дендеп еніп келе жатқан жаңа құбылыстардың адамшылық өрісті тарылта түсу бағытындағы келеңсіздігі қамтылған «Қабаған ит» комедиясындағы сөйлеу тілінің мінез ашу тұрғысында әрекетпен астасып жатқан, назар аударарлықтай «қызық» оқиғалары аз емес.

Шығармада автор көрерменге ұтымды, өтімді, қызықты детальдарды ұдайы ескеріп отырады. Суреттеу, баяндауға сараң болып келу – драматургияның жанрлық сипаты, ал

кейіпкер сөзі талай жайдың мәнін жеткізудің жүгін көтеретін күрделі сөз. Мұнда әр сөздің айтылуында, астарында үлкен мән жатуы керек. Көрініс, сурет, таным, пайым, оқиға өрбуінің алғышарты, шиеленісі, шешімі көрініс табуы қажет.

Кеше адал еңбек, маңдай терімен күн көріп жүрген Еркебайдың бойын бір дерт билеп барады. Ол – дүниеқоңыздық, тоғышарлық дерті. Ашкөздік дерті. Айналасындағылардың барлығына бұл мінез жат. Тек саудаға баяғыдан бейім даңғаза мінез Тона кемпір болмаса.

«Шымылдық алдында» аталған біршама ұзақ авторлық ремаркада драматург мәселенің мән-жайын меңзейді.

Ауыл көшесімен келе жатқан иттен қорыққан екі жігіттің әңгімесі арқылы автор пьесаның арқалаған жүгін хабарлап кетеді. Бұл тұста драматургия жанрының өзіндік шарттылығы көмекке келген.

Қабаған иттен аяғын ақырын басып өтіп бара жатқан жігіттердің әңгімесі былай өрбиді.

«Екінші жігіт. Сондай қабаған ба?

Бірінші жігіт. Сұрама! Қасқырдан да жаман. Осы колхозда қаппаған адамы жоқ.

Екінші жігіт. Онда неге көзін құртпайсыңдар ол құтырып өлгірдің?

Бірінші жігіт. Обал ғой. Сонсоң мәселе итте емес, иесінде жатыр-ау». [2, 100].

Сол иттің иесі – Еркебай айналасындағылардан «басқа» тілде сөйлейді. Яғни драматург сөйлетеді. Қақпаға құлақтандыру іліп жүріп өзімен-өзі сөйлесіп қояды сабазың. Автор сатиралық мәнді күшейте түсу үшін шарттылыққа барған. Еркебайдың неміс, корей, шешен, күрт, грек тілінде құлақтандыру ілдіріп қоюы өмірде бола қоймаған шығар. Бірақ күлкілі жағдай туғызу үшін автор Қазақстанда тұратын ұлыстардың атын тізіп атауға барған. Онысы орынды көрінеді.

«Қабаған ит» комедиясының орталық кейіпкері Еркебайдың сөздік қоры – «Волга», қасап, ақша, байлық, қабаған ит. Баласы, келіні, бәйбішесі басқа тілде – кісілік, кітап, білім, өнер, адамгершілік, ұят деп сөйлейді.

Қолын осы үйдің өз иті қауып алған келін Торғаймен атасының сөзіне құлақ салалық:

«Еркебай. Жарайды, келінжан. Бұл сөз осымен тынсын. Менің саған басқа бір әңгімем бар. Жүр, қарағым, жайланып отырып ата мен келін болып бүгін бір сөйлесейік (Торғай мен Еркебай екеуі верандаға барып отырады. Еркебай тамағын қырнап, отырған орнында қойқалақтап алады). Ие, келінжан, «болар іс болды, ботқасы пісті» дегендей, басыңа ноқта түсті. Енді қызығың да, шыжығың да осы үйде. Бұл босағадан аттағалы екі ай өтті. Осылай бостан-бос жүре бересің бе? Ойлап-ойлап бір шаруаның басын ұстау керек болады.

Торғай. Ататай, мен бос жүргем жоқ. Колхозда «Қыз Жібекті» қойып жатырмын. Мен режисермін.

Еркебай. Не дейді? Қой, қой, атама. Тіпті біржолата таста, келінжан. Сенің қолың бұл емес. Атаңның саған сайлап жүрген бір жақсы таза жұмысы бар.

Торғай. Ол немене, ата?

Еркебай. Ол ма, ол – сауда! Магазинге тұрсаң деймін. Сонсоң аздап анда-санда базар жағалап қойсаң дұрыс болады. Атаңның айтары сол, келінжан.

Торғай. Ғафу етіңіз, ата. Өнерімнен, өлеңімнен безгім келмейді, ата.

Еркебай. Магазинде де істегің келмей ме?

Торғай. Көрмегенім көкбазар мен магазин» [2, 105].

Пьесада әр қилы әрекет оқиға үстінде, әрі тарт – бері тарт – Еркебай мен үй ішілік тартыс үстінде әр кейіпкер өзіндік мінез қырларымен ашылған. Торғай – бүкпесі жоқ, атасын да сыйлайтын, еркелігі де жарасымды, білім, білігі, жүріс-тұрыс жан қызығатындай жас келіннің жайсаң мінезін көтеріп тұрған кейіпкер.

Дәнекер, арағайын, татулықтан, отбасы берекесінен асқан не бар деп жүрген Ұлбосынның мінез болмысында қазақ әйелдерінің жаратылыстан дарыған кеңдігі, бәйбішелігі бар. Әр кез тоқтам сөз айтады, аялап, ақыл дарытып сөйлейді.

Автор Ұлбосын бейнесіне қазақы от басындағы ене мен келін арақатынасындағы қалыптасқан өзара сипаттарды да пьесада тым әсірелеп, әрлемей, өмірдегі қалыпта көрсетеді.

Ұлбосын ақсақалы құдасынан аяған Алыпсоқ итті – қабаған итті өз қолымен құдасына беріп жіберу әрекетінде де – шынайы. Ағайын арасы алыстамасын дейді, әріден ойлайды. Шошынып шоқалақтаған мінезін бетке басып бажылдамайды, істі үндемей-ақ оң бағытқа бұрып жібереді. Осы детальда Ұлбосынның ұстамды мінезіне, әйелдік даналық, кезі келгенде тайсалмай іс шешетін қайраткерлік қырлары ашыла түскен.

Пьеса моралі – адамдар арасындағы сыйластық, батырлық, туысқандық сезімнің дүниенің бар алтын, күміс, ақша-теңгесінен артық болатындығы. Автор күнделікті өмір ағысынан туындап тұрған құндылықтардың қарапайым жандар өмірінде қалай бағаланып жатуы тұрғысында өмірлік ситуацияларды орынды таңдап қозғаған.

Драматургияның жанрлық шарттарына мейлінше сауатты драматург Қапан Сатыбалдин қасаң сөз тіркестерімен баяндаудан қашады, оның әр кейіпкерінің өз шама-шарқына, мінез болмысына, ситуацияға орай өрбіген жағдайларға қатысты, сыйымды сөйлеу тілі «Аягөз ару» пьесасында да көркемдік шешімге бастайтын негізгі тұғыр мәнінде көрініс табады.

Пьесаның тілі жедел, шиеленісе бастаған оқиға мазмұнын ашу бағытында ықшам, нақпа-нақ, суретті болып келіп отырады.

Далабай – қарапайым кедей шал. Тынымсыз тірлігі – шиеттей бес баласының қамы. Орманнан отын жияды. Аң қуады. Әйтеуір бала-шағасының қарнын ашырмас әрекет үстінде жүреді. Бұл қарапайым қарияның кеңдігі, көнбістігі, қала берді даналығы, жағымсыз жай, құбылысты ойып түсіп айтар өткір тілі, адалдық пен адамгершілік, имандылыққа құрылған әрбір қарекеті – оның ұлттық болмысы.

Әпкесін құтқарып әкелем деп алып-ұшқан немересінің күзетшілерді алма беріп алдаймын дегені – қызық. Қария баланың тасыған көңілін басып алмайын деп, жағдайдың күрделілігін ақырын ғана, астарлап бала болмысына лайықтап сөйлейді.

«Далабай. Аягөзді босату оңай болса, өзім де жіберер ем. Әттең, осал жау болмай тұр ғой Шатшалекейі құрғыр.

Тетелес. Оп-оңай бітті. Осыдан аяңдап отырып Шатшалекейдің шаһарына барамын да, күндіз күні бойы сарайды торимын. Түн түсе терезеден бір-ақ қарғып хан ордасына кірем де, Аягөзді қолынан жетелеп алып қашып кетем. Немесе есіктен-ақ кіруіме болады. Ол үшін бірақ есік алдында тұрған жасауылдарды алма беріп алдауым керек.

Далабай. Алда, балалығыңа болайын-ай... Қылышынан қан тамған Шатшалекей қайда жүреді сонда? Сені сарайда сайрандатып қойып отыра ма?

Тетелес. Ол ма? Ол о кезде түйедей теңкиіп қорылдап жатады.

Далабай. Ол қорылдарын қорылдар-ау, басқа жасауылдар ояу болады ғой, бірақ та. Балалықты қой, балам. Аягөзден бір, сенен екі айрылғым келмейді, білдің бе?» [2, 204].

Далабай шал Далбаса ханның жасауылдары келіп жазаға тартпақ болғанда да өзінің сабырлы, өмірдің қақ-соғын көріп қатқан мығым мінезін көрсетеді. Оның тура келген ажалдан қалып, жалынып, жалпаю дегенді өз бойына ар көруі – нанымды. Драматург қарапайым жанның бойындағы кесек қасиеттерді аз ғана сәтте өткен ал да жық оқиға үстінде ұтымды ашқан.

«Ұзынтұра (шалды қолынан жұлқып, ағаш арасынан шығарады). Сен қақпас мұнда не бітіріп жүрсің?

Тапал (о да анадан қалыспай дікеңдейді). Аспанға атып жіберейін бе, осы? (Шөпшекті шашады)

Далабай. Жұрттың бәріне жасауылдық жете бере ме? Шөпшек теріп, жан сақтайтын мендей шал-шауқан болмаса сендер кімге дікеңдер едіңдер?» [2, 205].

Далабайдың қарапайым жандардың өмір көрген даналығын, қайырлы мінез-болмысын ашатын тағы бір тұс – бұл Тәуекел мергенмен жолыққан сәттің оқиғасы.

«Тәуекел. Армаңыз, ата!

Далабай. Бар бол, балам! Мынау оқтың иесі сенбісің?

Тәуекел. Иә, мен едім, ата.

Далабай. Лұқпан әкімдей мың жаса, балам. Көп жаса. Өтей алмас қарыз артық. Бұл жақсылығыңды қалай қайтарарымды білмей тұрмын. Мың жаса! Осы бір сөзден басқа саған тартар сыйлығым да болмай тұр қазір.

Тәуекел. Күректеп алтын бермедім дейсіз бе?

Далабай. Енді қалай? Алтыннан асыл не бар?

Тәуекел. Сіздің осы сөзден артық береріңіз болмаса, менің осыдан артық аларым да жоқ, ата! Алтын бермесеңіз, алтынға бергісіз асыл бата бердіңіз. Батаменен ер көгереді деген емес пе!» [2, 207].

Далабай мен Тәуекел арасында әкелі-балалы адамдардың арасындағыдай жеке түсініскен әңгіме өрбиді. Автор шығармадағы негізгі оқиға, негізгі тартыс алғышарты мәнінде алған алғашқы көріністе-ақ Далабай қарттың киелі болмыс, мінез-характері ашылған деуге болады.

Қария ханның қарамен ойынын, әлеуметтік ауыр күйдің атамзаманнан келе жатқан жайларына қанық. Неге бұлай деп таңқалмайды. Білген. Көрген. Автор қария бейнесін, тағдыры талапайға түскен қарапайым қалың жұртшылықтың өкілі ретінде ашқан.

«Далабай. Е, балам-ай, өзі ханның бас кесері болсын да, ақ-қараңды тәптештеп жатсын ба?! Осында әлгі сіңіріне ілінген Далбаса ханымыз аң аулап, көңілін көтеріп жүр екен, соның атар киігін үркітіп жібердің дейді. Мұндағы жұрттың бес баласын асырай алмай есі шығып жүргенін қайдан білсін, орманда ойнап жүрсің дейді. Бұған не дерсің? (күрсінеді). Мінеки, базарға сатып балаларға қалжау қылатын бір арқа шөпшекті де көпсінді маған. Оны да шашып кетті» [2, 207].

Далабай қария Тәуекелдің жетім өскен жайын естігенде, аңдағы олжасы арқарын тартып тағы бір мәрттік қырынан көрінгенде жанын ақтарып, құшағын ашады. Өзінің де бар мұң, бар сырын халықтың қайнаған ортасынан шыққан от тілді шешендікпен жайып салады.

«Далабай. Бұдан артық жақсылық бола ма? Өзім деген кісіге өзегімді суырып берсемші... Өзегім қайда бірақ та... (Төмен қарап, көзіне жас алады). Жұлдызым қайда менің...

Тәуекел. Не дедіңіз?.. Бұл сөзіңіздің байыбына бармадым-ау, ата!

Далабай. Түсіндірейін, балам. Ай мен күннен айырылса аспанда сән қалар ма еді?

Тәуекел. Қалмас еді, ата!

Далабай. Ендеше, мен де күндіз күнімдей, түнде айымдай көретін Аягөзімнен айрылып сорлап отырмын.

Тәуекел. Енді түсіндім, ата. Тағы да бір қанқұйлыда кегіңіз кеткен екен.

Далабай. Иә, шырағым, кегім кетті. Осыдан он күн бұрын Шатшалекей дейтін қанжауғырдың қарақшылары тападай тал түсте ойранымды шығарып қызымды тартып әкетті» [2, 209].

Пьеса оқиғасы әрі қарай Тәуекел мен Тетелестің Аягөзді құтқару үшін аттанбақ болып тұрғанда, орман ішінен шыққан дүбірге қарай ойысып, жалғасын табады. Автор өз кейіпкерлерінің мінез-болмысын, оқиғаның шиеленісе даму барысын пьесадағы көріністі баяндап, суреттеуінде біршама ұғындырып хабарлап, айқындап өтетін жанр шарты ауқымында құлаққағыс етеді.

Осында Далбаса ханның мақтаншақ, тар шеңберлі тыртысқан мінез-болмысы, уәзірдің аты затына сай сұйық, сұмпайы мінезі біршама хабардар етіледі.

«Шал арқарды алып кетеді. Тәуекел мен Тетелес ағаш ішіне жасырынады. Сахна бір минуттай бос. Аң қуғандардың дабыр-дұбыры біресе әрі, біресе бері толқын атады. «Әу-ей, әу-ей! Хан тақсыр осы жерге тоқтасын деді», – деген сөздер бір ауыздан бір ауызға ұзатылып әрі кете береді. Хан дегеніміз сақал-шашы аппақ, жағы суалған, көзі шүңірейген құр сүлде біреу. Мұның қазіргі сиқы тірі адамнан гөрі көрден тұрған аруаққа ұқсайды. Ол өзі әрі жалақ. Сондықтан әлсін-әлсін «бәлду-бәлду» деп ернін жалап отырады. Біраз уақыт хан жөтел қысып шиқылдап қалады. Тырна мойын, сеңгір тұмсық, ұзын бойлы бас уәзір де сипат жағынан одан қалысар емес, ешкі сақалы ербең қаққан ол да бір бұралқы тазыға ұқсаған біреу. Нөкер біткен мен жасауылдар жан-жағында селт етпей қатып қалған. Ұзынтұра

жасауыл мен Тапал жасауыл да осылардың ішінде. Далбаса ханның қолында алтындаған садағы бар. Басқалары да садақ ұстаған» [2, 210].

Автор ханның сыртқы сиқы қандай болса, ішкі мазмұны да соған сай екендігін әрі қарай оқиға даму барысында ұтымды көрсетеді. Алтын садақ туралы ақпар, алтын садақ – бұл астарлы деталь. Ханның өзгелерден артық екенін көрсетіп тұруға тиіс – «аксессуар».

Автор осы пьесада драматургияның жанрлық шарттарын аса бір шығармашылық ыждаһатпен игеріп, көркемдік өріске шығаруда елеулі шеберлік тәсілдерге жүгінгенін көреміз.

Әдебиеттер тізімі

1 Тимофеев Л., Венгеров Н. Краткий словарь литературоведческих терминов .- М: Советский писатель, 1968.

2 Сатыбалдин Қ. Таңдамалы шығармалар / Құраст. Е. Домбаев, К. Ахметова. – Алматы: Жазушы, 1973. – Т.2.: Пьесалар. – 416 б.

3 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 360 б.

В статье рассмотрена художественная роль диалога в художественных произведениях. Диалог в драматических произведениях выступает как необходимый компонент. На схожих примерах анализируются действия и речь драматических героев. Автор удачно воспользовался диалогом, чтобы кратко точно и объемно передать характер главных героев, их чувства и внутренние переживания в значимые моменты жизни.

На основе произведений Капана Сатыбалдина еще раз доказывается особая роль диалога для передачи образа героя и систематизации основной мысли драматического произведения.

The article considers the role of dialogue in the art works of art. Dialogue in the dramatic works serves as a necessary component. Similar to the examples are analyzed actions and speech drama heroes. The author successfully used the dialogue to brief accurately convey the nature and volume of the main characters, their feelings and their inner experiences at certain moments.

Based on the works of Kapan Satybaldyn proves once again the special role of dialogue in order to transfer the image of the hero and the analysis of the basic idea of a dramatic work.

ӘОЖ 801.81 (5Қ)

А.С. Шарипова, М.М. Ашкеева, Г.Ж. Жуманова
Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
Көкшетау, Қазақстан
sharipova-ayzhan@mail.ru, ashkeyeva.madina@mail.ru, gulnura_zhumanova@list.ru

ФОЛЬКЛЕРЛІК МӘТІН

Берілген мақала көркем шығарманың лингво-мәдени аспектілеріне тоқталып,оның ішінде фольклерлік мәтін түрі, ертегілер туралы және оны әр елде зерттеген ғалымдар туралы ақпарат береді. Ертегі – фольклорлық прозаның бір түрі, ол түрлі халықтарда кездеседі және өз кезегінде жанрларға бөлінеді.Сонымен қатар мақалада ертегі әр ұлттың дүниетанымдық көзқарасын көрсететін этно-мәдени код тасушы құрал ретінде сипатталалды.

Түйін сөздер: фольклер, ертегі, аңыздар, қиссалар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар.

«Фольклор (folk-lore) – ағылшын тілінен тараған халықаралық термин, оны алғаш рет ғылымға 1846 жылы ғалым Вильям Томс енгізген. Тура аудармасында ол – «халық даналығы», «халық білімі» деген мағынаны білдіріп, халықтың рухани мәдениетінің түрлі көріністерінен сыр шертеді» [1, 68].

«Фольклор — ерекше өнер. Оның табиғаты, ондағы шығармашылық үдерістердің сипаттамасы ерекше, оның образды-стильдік қасиеттері мен өзгешеліктері де өзгеше..» [2, 36].

«Фольклор — тек тұрмыстық қана құбылыс емес, ол – ауызша сөз түріндегі көркем шығармашылық. Көркем әдебиеті жағдайына ұқсас. Оның әлеуметтік-мәдени және дүниетанымдық құбылыстарға рулық көзқарасының белгілеріне ие болғанынан басқа, жазба сөзінде көркем шығармашылық сияқты өз ерекшелігі бар» [3, 61].

Халық шығармашылығына жүйелі қызығушылықтың басталуы – халық фольклорына құмар-фольклор жинақтаушылармен байланысты болған. XVIII ғасыр бойы Батыс Еуропада бұл қызығушылық өсе түсті, ал XIX ғасырдың басындағы ғылым философиясы мен өнерде романтикалық бағыттың тууы – флористиканың бүтін ғылыми бағытын көркемдеудің қозғаушы күші болды. Ресейде бұл үдеріс Еуропадан әлдеқайда кеш орын алды – XIX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында. Фольклор сюжеттерін жинақтаушылардың арасында В.А.Жуковский, А.С.Пушкин, Н.В.Гоголь сияқты белгілі жазушыларды атауға болады. Алғаш болып халық шығармашылығына қызығушылықтан туындаған *мифологиялық мектеп* жас ғылымның бағытына айналды. Оның өкілдері, соның ішінде белгілі Вильгельм мен Якоб Гримм (әсіресе Якоб), халық шығармашылығынан мифологиялық көріністердің көне қабатын ашуға тырысты, сонымен бірге, көбінесе салыстырмалы тіл білімінде қолданылатын ұқсас тәсілдерді пайдаланды. XIX ғасырдың ортасына қарай Гриммдердің көзқарастарын неміс ғалымдары Кун, Шварц, Маннгардт, ағылшын ғалымы Макс Мюллер, француз ғалымы Пикте және орыс ғалымдары Ф.И.Буслаев, А.Н.Афанасьев және О.Ф.Миллер дамытқан.

1859 жылы неміс ғалымы Т. Бенфей фольклордағы кірме мәдениет туралы ойын білдірді, ол ұқсас сюжеттердің басталуы туралы көзқарасын бірыңғай бастамаға ауыстырды. Оның теориясы XX ғасырдың аяғына дейін фольклористикаға басшылық етті. Ресейде сюжеттердің көшуін Буслаев пен В. Ф. Миллер, А. Н. Веселовский және басқалары зерттеді. Д.Тэйлордың пікірі негізінде құрылған «антропологиялық теория» батыста танымал болған, алайда орыс фольклористері оған соншалықты қызығушылық танытпады. Ресейде XX ғасырдың соңында екі бағыт туындайды —академик Веселовскийдің теориясы, және негізінен академик Миллердің кірме теориясынан алыстаған еңбектеріне негізделген *тарихи мектеп.*Тарихи мектептің жақтаушылары көп болды, оның көзқарасы рухында ғалым-фольклористер А.В.Марков, С.К.Шамбинаго, ағайынды Б.М. және Ю.М.Соколовтар өз еңбектерін жазды. Бұл бағыттың мәні – фольклорлық туындылардың тарихи негіздерін іздеу, осы немесе басқа сюжетті жасауға түрткі болған тарихи оқиғаларды іздеуге тырысу болды. Финляндияда *фин мектебі* немесе географиялық-тарихи әдіс дамыды, оның негізін салушы Ю.Крон, ал оны жалғастырушы оның ұлы К.Крон және А.Аарне болды. Фин мектебінің басты идеялары – халық шығармашылығы туындыларын географиялық жалғасын табуға назар аударту, сондай-ақ ертегілер мен руналардың сюжеттерінің сілтемелерін жасау. Ертегітануға Аарненің «Ертегі түрлерінің сілтемесі» («Verzeichnic der Marchentypen») кітабы зор үлесін қосты. Фин мектебі ресейлік те, еуропалық та фольклористикаға ықпалын тигізді. Сондай-ақ XIX ғасырдың екінші жартысында — XX ғасырдың үштен бірінші бөлігінде ауызша халық шығармашылығын орындаушының тұлғасына көп назар аударған *орыс мектебі* жұмыс істеді.Оның қолдаушылары барынша танымал ертегі айтушыларды іздестірді, фольклор туындыларын орындаушылары бойынша топтастырып, шығарып отырды.[4,39]

XX ғасыр — осы шақ.1930-жылдары КСРО және бүкіл әлемде географиялық және тарихи тәсілдер типологиялық амалдарға ауыса бастады.КСРО-да бұл ең алдымен 1936 жылы тарихи мектептің талқандалуымен, және осы мектептің терминологиясы мен тәсілдерін қолдануға тыйым салумен байланысты болды, дегенмен 1920-жылдардан бері ол

мемлекет идеологиясымен мәжбүрленетін әлеуметтік тәсілдерге ілесу қажеттілігінен дағдарысқа ұшырады. Ертегі –фольклористика назарының басты тақырыбына жатады, дәл ертегі материалында *палеонтологиялық тәсіл* туындайды, Я.Пропп оның жарқын өкіліне айналды. Ол ертегі құрылымын (Пропп терминологиясында морфологиясын) анықтайтын бірқатар еңбектер жазды, олардың негізінде бұл жанрдың генезисі туралы қорытындылар жасалды. 1950-жылдарға қарай кеңес фольклористикасында екі бағыт басым болды: талқандалған тарихи мектептің қағидаттарының жаңаруы болған тарихи емес мектеп, және де фольклорды палеонтологиялық зерттеудің арқасында туындаған тарихи-типологиялық тәсілдегі мектеп. Бұл бағыттардың өкілдері арасындағы пікірлескен негізгі тақырыбы – жырлардың тарихилығы, оны тарихи мектеп зерттеушілері тарихи оқиғалар мен эпос сюжетімен өзара тығыз байланысты деп белгілесе, ал тарихи-типологиялық бағыттағы зерттеушілер –тарихи дереккөздердің нақты хабарламаларымен байланысы жоқ заманның арманын білдіру ретінде анықтады.[5,79]Қайта дамыған тарихи мектепті Б.А.Рыбаков басқарды, оның қайта дамуы рухында С.Н.Азбелев еңбектер жазды. Тарихи-типологиялық мектепке В.Я.Пропптың өзінен басқа А. П. Скафтымов, Б. Н. Путиловеңбектенді. 1970-жылдары бұл бағыттардың арнасындағы зерттеулер жалғасты, алайда олар түбегейлі ойлар мен жаңалықтар әкелмеді. Қазіргі уақытта Ресейде эпостанудың дамуы XX ғасырдың ортасында орнаған үрдістер арнасында жалғасуда.Фольклористиканы өзекті зерттеудің назары халықтағы заманауи шығармашылық үрдістерді анықтауға, және олармен байланысқан түпнұсқалылық тақырыбында, қалалық фольклор саласындағы іздеулерге, жеке нарратив және ауызша тарих, заманауи фольклор (соның ішінде интернет-фольклор), «антифольклор» және «постфольклор» (Н.И.Толстой, С.Ю.Неклюдов концепциясы) мәселелеріне қосылады.

Ертегіні зерттеу тарихы орыс ғылымында бірнеше рет баяндалды. А.Н.Пыпин, М.Н.Сперанский, С.В.Савченко, Ю.М.Соколов және басқаларының еңбектерінде ертегіні зерттеу тарихы бағыттар және олардың өкілдері бойынша баяндалады. Бұл бізге айтылғанды қайталамай, біздің ғылымның тарихын баяндауды жеке орталық мәселелер айналасына шоғырлауға мүмкіндік береді. Әр заман, әр ағым және жеке ғалымдар ғылымды ары қарай дамытуды қолдайтын жаңа мәселелерді алға тартты. Біздің ғылымның тарихын мәселелер бойынша баяндау ақыр аяғында бағыттар бойынша баяндауға сәйкес келеді. [5,85]

Ертегі – фольклорлық прозаның бір түрі, ол түрлі халықтарда кездеседі және өз кезегінде жанрларға бөлінеді. Бірыңғай ғылыми топтастыру әлі күнге дейін жоқ болғандықтан ертегілердің жанрлары мен топтарын зерттеушілер әр түрлі белгілейді. Мысалы, Э.В.Померанцева оларды 1) жануарлар туралы, 2) ғажайып, 3) авантюралық-новеллалық және 4) тұрмыстық ертегілерге бөледі, ал В.Я.Пропп 1) ғажайып, 2) шоғырланымдық, 3) жануарлар, өсімдіктер, өлі табиғатжәне заттар туралы, 4) тұрмыстық немесе новеллалық, 5) өтірік, 6) зеріктіргіш ертегілерге бөледі [6, 46.]

Ғажайып ертегілер В.Я.Пропп атап көрсеткендей (топтамасы бұл бөлімде қолданылған) «ғажайыптық немесе кереметтік белгісі бойынша емес... толық нақты композиция бойынша бөлінеді». Ғажайып ертегі негізінде (бір-біріне тәуелсіз түрлі зерттеушілердің ойлары) бастамалау образы жатыр (бастамалаулар – бозбалаларды ересек жігіт дәрежесіне көтеру дәстүріне өтудің әртүрлілігі) – осыдан «өзге патшалық», онда кейіпкердің барып қалыңдық немесе ертегі құндылықтарына қол жеткізуі, одан кейін ол үйіне қайтып келу керек. Хикая «толығымен шынайы өмірдің шегінен шығарылған». Ғажайып ертегінің сипаттамалық ерекшеліктері: сөзбен өрнектеу, ертегінің кіріспесі, аяқтамасы, орнықты формулалары.

Шоғырланымдық ертегілер қандай-да бір бөлімнің бірнеше рет қайталануынан құрылады, соның салдарынан не «үймелеу» (*Шыбынның үйі*), не «тізбек» (*Шалқан*), немесе «жүйелі кездесулер қатары» (*Бауырсақ*) немесе «жөнелту» (*Әтеш түйілді*) туындайды. Орыс фольклорында шоғырланымдық ертегілер көп емес. Композиция ерекшеліктерінен басқа, олар стилімен, тіл байлығымен, көбіне ұйқас пен ырғаққа ұмтылумен ерекшеленеді.

Жануарлар, өсімдіктер (саңырауқұлақтар соғысы), өлі табиғат (жел, аяз, күн) және заттар (шәрке, сабан, көпіршік, көмір) туралы ертегілер орыс және батыс еуропа

ертегілерінің аздаған бөлігін құраса, Солтүстік халықтарында, Солтүстік Америкада және Африкада жануарлар туралы ертегілер кең тараған (ең танымал кейіпкерлер – епті айлакер қалжыңбастар, қоян, өрмекші, түлкі, койот).

Тұрмыстық ертегілер (новеллалық) персонаж түрлері бойынша бөлінеді (епті және ақылды шешуші, дана кеңесшілер, епті ұрылар, ашулы әйелдері туралы).Өтірік ертегілер «өмірде мүлдем болмайтын оқиғалар туралы» әңгімелейді».

Зеріктіргіш ертегілер В.Я.Пропптың ойынша негізінен «әзіл немесекүлдіргі», олардың көмегімен ертегі айтып беруді талап ететін балаларды тыныштандырады (*А*қ бұқа туралы).

Фольклор ертегілернің бұл топтастырудағы сан алуандығы аяқталған жоқ, мысалы славян дәстүрінде батырлық, жауынгерлік және басқа ертегілерді атауға болады. Мифологиялық мектеп сақтап отырған негізгі ереже бірыңғай текті түрлі халықтардан қалған жалпы «ұлы аңызбен» белгіленген сюжеттердіңұқсастығына келіп саяды. Мектептің жарқын өкілдері болған неміс филологтері мен фольклористері ағайынды Якоб Гримм (1785–1863) және Вильгельм Гримм (1786–1859). Қызықты ғылыми жұмыстардың авторлары, соның ішінде «Германияның батырлық жырлары» (1829), олар бірінші кезекте неміс фольклоры-аңызын(1816–1818) және ертеректе туған ертегілерін шығаруымен танымал болды. Жеке басылым болып 1812 жылдан 1814 жылға дейін шыққан «*Балалар және отбасы ертегілері»* көпшілікке неміс халқының әдеби шығармасының ескерткіштерінкеңінен көрсетіп қана қойған жоқ (соңғы басылым 210 ертегіден тұрды), фольклористердің материалға көзқарасы басқа зерттеушілердің де халық ертегісіне ықпалын анықтады. Ағайынды Гриммдер мүмкіндігінше ауызша әңгімелеуге тән белгілерін сақтап, нақтылыққа ұмтылды. Олардың жинақтары ашықтық пен қарапайымдылықпен ерекшеленеді. Олардың басылымында босаңдық та жоқ емес: ертегілердің бірізділігі кездейсоқ, басылымға бір үлгідегі ертегілер таңдалды, бұл материалды әр түрлі қырынан көрсетуге кедергі келтірді, одан басқа, берілген мәтіндердің тілі мен стилі түзетілді, бұл әсіресе қазір қатты байқалды, себебі Эленберг жазбасы басылып шықты, онда мәтіндер түзетілмей берілген. Мифологиялық мектептің ізбасарларының арасында – ірі отандықфилологтер Ф.И.Буслаев (1818–1897) және А.Н.Афанасьев бар.Александр Николаевич Афанасьев (1826–1871), тарихшы және әдебиеттанушы,*«Славяндардың табиғатқа ақындық көзқарасы»* (1866–1869)негізгі үштомдық зерттеуінің авторы, орыс ертегілерінен қалған мұраны жинау мен жариялау ісінде маңызды орын алды. «Орыс халықтарының ертегілері» жинағы (бастапқыда сегіз жеке басылым болып 1855 жылдан 1864 жылдарға дейін шыққан) осы уақытқа дейін үздік болып табылады.

Бұл мектептің жақтаушылары еуразия халықтарының туындыларындағы ұқсастық кірме арқылы, немесе ортақ дереккөзі болғандықтан пайда болды деген пікірді дамытты. Басымдық бойынша әдеби және фольклорлық образдар, сарындар және сюжеттердің уақыт бойынша көшуі және дамуы зерттелді. Мектеп өкілдерінің арасында – неміс филологі Т.Бенфей (1809–1881), чех филологіЙ.Поливка (1858–1933), фин фольклористі А.Аарне (1867–1925) бар. Орыс әдебиеттануында компаративистік теория негізінде жатқан ойлар өздігінен пайда болды. Ресейдегі компаративистиканың ең ірі өкілі – филолог А.Н.Веселовский (1838–1906).

Ағылшын «антропологиялық мектебін».ертегі сюжеттерінің ұқсастығы олардың бірыңғай тұрмыстық және психологиялық негізде өзінен-өзі туындауымен жазылған деген тұжырымды ұстанды. Мектептің барынша танымал өкілдері – ағылшын этнографы Э.Тэйлор (1832–1917), шотланд жазушысы Э.Лэнг (1844–1912**).**

Ертегіні зерттеуде орыс ғалымы Владимир Яковлевич Пропп (1895–1970) маңызды рөл атқарды. Өз тәсілін ол «Ертегі морфологиясы» (1928) кітабында ғажайып ертегісі мысалымен келтіреді. Ол ертегіні бірыңғай құрылым ретінде қарастырады, онда тұрақты және орныққан элементтер, атқарымдар бар, және бұл атқарымдар қалай және кім оларды жүзеге асыратынына тәуелді емес, атқарымдардың саны шектеулі, бірізділік өзгеріссіз.

Атқарымдар – барлығы 31, соған қарағанда, әрбір ертегіде олардың барлығының болуы міндетті емес, – кетіп қалу, тыйым, тыйымды бұзу, жауыз, (жағымсыз кейіпкер), араласу

(жауыз кейіпкерді алдайды, ол еріксіз оның көмекшісіне айналады), бақытсыздық, қайғы (жетіспеушілік), белсенді қарсылық әрекет, кейіпкердің үйін тастап кетуі, көмекші (сыйлаушы), сиқырлы зат, жаумен күрес, кейіпкердің жараланuы, жеңілген жау, қайғыны кетіру, үйге оралу, өтірік кейіпкер, өтірік кейіпкерді жазалау, өзгеру (нағыз кейіпкерді тану және оның жаңа дәрежеге жетуі), үйлену, таққа көтерілу.

6. Әрбір жұмыс түрі орындалғанда оқушылардың білімін үздіксіз есепке алу жүргізілуі керек. Оқыту процесі кез-келген сабақта тұрақты кері байланыс болған жағдайда тиімді болады. Сабақтың әрбір кезеңінде мұғалім, оқушының оқу материалын игеру деңгейін біліп отыруы керек, өйткені ол осы деңгейдің үнемі өсіп отыруына жағдай туғызуы керек. Сондықтан да оқушылардың білімін бақылаудың әр алуан түрлерін пайдалану керек.

7. Өздік жұмыстың ізденімдік, зерттеушілік деңгейде берілуі қамтамасыз етілуі қажет. Мұғалім белгілі бір тақырып бойынша өздік жұмыс орындату мақсатында ізденімдік деңгейдегі, зерттеушілік қабілетті арттыратын жұмыс түрлерін беруі тиіс. Оны оқушы өзі дереккөздерден, интернет желісінен ақпараттар алып, оны өңдеу арқылы орындайды. Мұндай тапсырма түрлері өз бетімен ізденуіне мүмкіндік жасай отырып, үйге тапсырма ретінде беріледі. Әрбір оқушы өз мүмкіндігіне қарай өздік жұмыс материалын өзі тауып,

шешімін, қорытынды пікірін өзі табады. Оны қалай орындайды, қандай амалмен және қалай берудідің жолын өзі ойластырады.

8. Өздік жұмысты үй тапсырмасы ретінде берудің тиімділігі және оны міндетті тексеру. Оқушылар орындаған өздік жұмысы міндетті түрде тексерілуі, талдануы керек, әйтпесе оқушылардың өз бетінше танымдық қызметке деген қызығушылығы жойылады.

9. Қолайлы моральдық-психологиялық және санитарлық-гигиеналық жағдайлар туғызу. Бұл жағдайлар көпшілігінде сабаққа қойылатын барлық жоғарыда аталған талаптардың орындалуымен анықталады. Әрбір сабақта жаңа материалды бекіту және іскерлік дағды қалыптастыру мақсатында жаттығу жұмыстары орындаттырылады. Осы тұста оқушылардың психофизиологиялық ерекшеліктерін де ескеру керек.

Жоғарыда қойылатын талаптардың барлығын дерлік бір сабақта мұғалімнің орындауын талап етуге болмайды. Бірақ оларды білу міндетті, өйткені ол сабақтың жоғары тиімділігіне алып келеді.

Оқушының өзіндік жұмысы – бұл дидактикалық тапсырмаларды өзінше орындауға, танымдық әрекеттерге қызғушылығының қалыптасуына және нақты бір пән саласында білім жинақтауына бағытталған оқушының оқу әрекетінің ерекше түрі. Өзіндік жұмыс оқушының шығармашылық қабілеті мен біліктерін дамытуда олардың барысында тиімді, әрі өнімді еңбек етуіне мол мүмкіндіктер жасайды

Өзіндік жұмыстары әр түрлі әдістер арқылы іске асырылады, мысалы: жаттығу, кітаппен жұмыс істеу, бақылау, эксперимент жүргізу, шағын жоба жасау, дидактикалық ойындар арқылы тапсырма орындау, эссе жазу, шығарма жазу, т.б. Оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстарының бірі сыныптағы жаттығулар мен тапсырмалар болып табылады. Оқушының өзіндік жұмысы баланың шығармашылық ойлауын, танымдық қызығушылығын және арнайы білім алуын қамтамасыз ететіндіктен жаттығулардың маңызы зор. Өз бетімен жұмыстың маңыздысы – оқушылардың өз беттерімен орындай алуларына, оқуға белсенділігінің артуына, шығармашылығын қалыптастыруға ықпалы мол. Өз бетімен жұмыс жасау барысында білім алушы өздігінен істейтін жұмыстарды әрекет сипатына қарай әдіскер

Осы секілді мектептегі оқушының өздік жұмыстары да дербес жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырумен тікелей байланысты. Өздік жұмыс түрлерін топтық, ұжымдық, жұптық және жеке қалып түрінде орындатуға әбден болады. Өздік жұмыстың баланың қандай да бір дамытушылық қабілетін шыңдай алса, ол мұғалімнің шеберлігі болып табылады. Осындай ойларды саралай келе, мұғалім оқушының өзіндік жұмыстарында мынадай педагогикалық шарттарды ұстанса, табысты нәтижеге жетеді: мұғалімнің нақты тапсырмалар беруі; жұмысты орындаудың және аяқтаудың уақытын белгілеуі; орындау үшін оқушыға қызықты және өзекті тақырыпты таңдау мүмкіндігін беру; тапсырманы орындауға қажет әдістерді өз еркімен пайдалануын жүзеге асыру; өзіндік жұмысты орындауда оқушының белсенділігін арттыру, қолдау, демеу; өзіндік жұмысты орындауға оқытушының барлық уақытта кеңес беруі; оқушының орындаған жұмыстарына өзара өзін-өзі бағалау жүйесін енгізу; өзіндік тапсырмаларды орындауда соқушының шығармашылық қабілеті мен әрекеттерін есепке алу.

Өзіндік білім беру - жас ұрпақтың қабілеті мен қызығушылығына қарай пәнді толық меңгеруіне, өзі таңдаған тәсілмен жұмыс істеуіне жағдай жасау, мүмкіндік беру. Сол алған білімі әр адамның өзін-өзі тануының, дүниетанымының қалыптасуының, өзін-өзі көрсете білуінің, яғни мүмкіндік пен тұлғалық қабілеттері ашылуының құралы болып табылады.

Сонымен қатар, жас ұрпаққа ұлттық тәлім-тәрбие ісі мен білімді сіңіру жұмыстарының қатар жүретіні белгілі. Алайда арнаулы орта мектептерде ұлттық тәлім-тәрбие «Қазақ тілі» оқулықтарында түрлі мәтіндерді меңгерту арқылы беріліп отырады. Бүгінгі күн талабы тұрғысынан қарастырып жазылған мектеп оқулықтары бұл қағидадан қалыс емес. Қазақ этнопедагогикасының өзіндік ұлттық ерекшеліктерін және қоғамымыздағы әйгілі және тарихи тұлғалар туралы, қазақтың ұлттық құндылықтарын дәріптейтін танымдық қажеттіліктер педагогикамен принциптік сабақтастықта берілуі ескеріліп отырады. Ұшы-қиыры жоқ ұлы даланы мекен халықтың сан ғасырлар бойғы тарихында жас ұрпаққа тәрбие берудің бай тәжірбиесін жинақтау, ұлттық өзіндік салт-сана мен әдет-ғұрып, дәстүр

рәсімдерін туғызды. Көшпелі халық өзі өмір сүрген қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына, мәдениетіне, тарихына орайлас жас буынға тәлім-тәрбие берудің айрықша талап-тілектерін дүниеге әкелді. Мәселен, жас адамның жұртқа танымал моральдық-психологиялық өлшемі белгіленді, оның мәні сегіз қырлы, «бір сырлы» шынайы, отаншыл, азамат тәрбиелеу еді. Міне, осы қағида сан ғасырлық дала тұрғындарына қойылатын моральдық талаптарды айқындады. Ол талаптар көшпелі мал шаруашылығын жете игеру, еңбек сүйгіштік, қиыншылыққа төзе білу, намысын қорғау, жаудан беті қайтпау, ата тегін жадында сақтау, сөз асылын қадірлеу, тапқырлық пен алғырлық, ат құлағында ойнау, ата салтын бұзбау (жасы үлкенді, ата-ананы силау, құдайы қонақтың мәселін қайтармау, көрші хақын жемеу, қайырымды, ізгі жүректі, бауырмау болу т.б.). Осындай қоғамдық қатынастарды кішкентайынан көріп-біліп өскен ұрпақта мүдделестік, өмірге көзқарастардың сәйкестігі кісілік қарым-қатынастар айқындалып, жеке бастың бұра тартуына мүмкіндік қалдырмаған, психологиялық жағынан «бірауызды қауымдасқан жандар» үнемі өзінің рулық одағында етене сіңіскен салттар мен дәстүрлерді ұстанады. Ал ұстанымдар ұлттық психология мен ұлт мәдениетінің сипатын айқындайтын факторлар болды. Әр ұлттың өзіне тән тіршілік кәсібі, тарихы мен мәдениеті бар. Ол мәдениет сөйлеу тілінен, ойлау жүйесінен айқын көрініс табады. Сондай-ақ, ұлттық мәдени ерекшелігі сол халықтың өмір сүру тәсілінен, діни-наным сенімінен, әдет-ғұрпынан, салт-санасы мен дәстүрінен өзекті орын алады. Осы тұрғыдан қарағанда, ар мен намысты қасықтай қаны қалғанша қорғай білу, дархан көңіл, ақжарқындық пен адалдық, досқа деген мейірімділік қазақ халқының бойына туа біткен ұлттық психологиялық ерекшелік қасиеті, философиялық ойлау жүйесінің негізі демекпіз. Осындай ағыл-тегіл жағымды адами құндылықты жас ұрпақтың бойына сіңіру біздің білім беру жүйемізде кеңінен қарастырылған. Осындай қасиеттер мен халықтық құндылықтарға сусандатып тәрбиелеуде өздік жұмыстың алатын орны ерекше. Өздік жұмысты ұйымдастыруда аталған құбылыстар мәтіндермен жұмыс, сөздікпен жұмыс, сөздік қорды байыту, тіл байлығын кеңейту, шешен сөйлеуге баулу, ізденімдік дағды қалыптастыру, шығармашылықты дамыту, ойын кеңейту, дүниетанымдығын шыңдауда көрінеді.

Р. Сүлейменова жаттығу, зерттеу шығармашылық жұмыстар деп топтастырады [2]. «Шығармашылық еңбекте студенттің іскерлік қабілеті, білім көлемі, білім молдығынан туатын толық дербестігі айқын көрінуі тиіс»,-деген тұжырым жасау арқылы білім алушының білім қорын толықтыратын осы жұмыстар екендігін көрсетеді.

Өздік жұмысты ұйымдастыру барысында оның барлық ерекшеліктерін ескерген жөн. Өздік жұмыстың ерекше белгісі жеке тұлғаның игерген білімін көрсетудің, жеке басының қабілеті мен мүмкіндігін байқатудың негізгі формасы. Өздік жұмыстарды түрлендіру оқу-тәрбие үрдісінде тиімді қолдану, оқытушылар жұмысын өнімді, нәтижелі, ал оқушылардың білім алу әрекетін мәнді, қызықты, пайдалы етеді.

Өздік жұмысты ұйымдастыру жолдарын қарастыру арқылы, оқушыларға тигізер пайдасы айқындалды. Айқындалған ерекшеліктердің маңыздылығын ескере келе, өздік жұмыс түрлерін бастауыш сыныптардан бастап, орта буын кездерінде көптеп қолдану арқылы оқушының іскерлік, білім дағдыларын қалыптастыру көзделеді. Ал жоғары сыныптар мен жоғары оқу орындарындағы жүргізілетін өздік жұмыстардың формалары мен мазмұндары өзгереді. Біріншіден, өздік жұмыс оқушының ізденімдік, зерттеушілік қабілетін оятады. Екіншіден, оқушының дербестік ой қорыту дағдысын қалыптастырады. Үшіншіден, өзіндік пікір, жеке көзқарас, пайымдауға алып келеді. Төртіншіден шығармашылыққа жетелейді. Бесіншіден, ойының дамуын, танымдық деңгейін биіктетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы: РБК, 2000. - 207б.

2 Сүлейменова Р. Оқушылардың әдебиеттен өздігінен орындайтын жұмыстарын ұйымдастыру. – Алматы, 1979.

В статье автор показывает как необходимо с помощью самостоятельной работы представить компетенцию доказывания и умения выражать свою мысль, стимулировать нужные факты информирования.

В работе определены нужные требования самостоятельной работы. Например, указаны дидактические и научные принципы, связанные с жизненными приоритетами. Самая важная вещь – это умение использовать полученный потенциал в жизни и сопоставлять теоретическую базу с практикой. Кроме того, было уточнено заключение и польза самостоятельной работы.

Conclude various things and develop characteristic of education in research work. To form competence and enrich can say open mind in practical and theoretical educating with research need information in this work.

The article included aids of type research work. For example, every research work has shown that theoretical and scientifical principle connecting with life and needed saving of aids teaching research work. To can use own work in life, formulate types of lesson and connect with themes are important thing in it. By the way, has found importance and conclusion research work.

ӘОЖ 372.8

Ш.Л. Ерғожина
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан
ergozhina@inbox.ru

КЕЙС-СТАДИ ӘДІСІН ҚОЛДАНУДА ҚАЛЫПТАСТЫРЫЛАТЫН ДАҒДЫЛАР

Мақалада кейстің түрлері және оны қолдану ерекшеліктері қарастырылды. Кейсті ұйымдастырудың тәртібі, кезеңдері, қолданылатын амал-тәсілдері арқылы жоғары оқу орындары студенттеріне тигізер пайдалы жақтары айтылды. Дағды қалыптастырудағы маңызына талдаулар жасалып, нақты аналитикалық, тәжірибелік, коммуникативті, шығармашылық, әлеуметтік, өзіндік саралау дағдыларының қалыптасатыны түсіндірілді. Кейсті шешу кезінде үлгілеу, жүйелі талдау, ойша тәжірибе, сипаттау, проблема шешу, жіктеу, ойын, миға шабуыл, пікірталас үдерістері жүзеге асырылады.Сонымен қатар, әдістің тиімділігі мен нәтижелілігі сөз болды.

Кілт сөздер: коммуникативті, өзіндік саралау, проблема шешу, жүйелі талдау, ойша тәжірибе.

Кейс-стади әдісі қай кезеңде де тиімділігімен қолданыстан түскен емес. Бұл әдістің өмірге келіп, оқу үдерісіне қолданылғанына бір ғасырға жуық уақыт болды. Алғаш Америка Құрама Штаттарының Гарвард университетінде пайда болған. Мәселе оның ескілігінде емес, көп жылдық тәжірибенің жылдан жылға жаңарып, нұсқаларының көбеюінде.

Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында білім мен сана, тұлғалыққа жету, тұлғаның жан-жақтылығына баса назар аударылып, оны қалыптастырудың жолдары қарастырылуда. Осы мақсатты іске асыруда оқу-тәрбие жүйесінде тиімді әдіс-тәсілдердің сабақты ұйымдастырудағы маңызы зор. Осы орайда кейс-стади әдісі арқылы студенттерді оқуға қызықтыра отырып, ауызша сөйлеу шеберлігін, пікір айта білуін, мәселені шешуде қорытынды жасауын, ой еркіндігі және танымдық қабілетін арттыруға болатынын айтуға болады. Кейс шешу кезінде студенттер жағдаятты талдап, мән-мағынасын түсініп, оның болжамды шешімдерін ұсынып, олардың ішінен ең жақсысын таңдайды.

Жағдай (кейс) – ұжымдағы, қоғамдағы қандай да бір нақты шынайы жағдайдың жазбаша берілуі. Мұғалімнің ұсынған мәселесі бойынша талқылау кезінде олар өздерінің барлық білім қорларын пайдаланады. Білім алушылардың талдауына берілетін кейстің түсінікті және пән тақырыптарына сай болуы өте маңызды.

Кейстің құрылымы:

Кейстер көптүрлі болып келеді және олардың барлығының типтік құрылымы болады.

Кейсті жүргізу мынандай үдерістерден тұрады:

– жағдайлар – кездейсоқ жағдай, оқиға, шынайы өмірден түйінді мәселе алынады;

– жағдайдың контексті – хронологиялық, тарихи, орын контексті әрекеттердің немесе жағдайға қатысушылардың ерекшеліктері;

– ұсынған жағдайға түсініктеме беру;

– кейспен жұмыс істеуге арналған сұрақтар мен тапсырмалар;

– қосымшалар.

Кейсті құрастыру сатысы:

– білім мақсаттары жүйесінде кейстің орнын анықтау.

Кейс тақырыбына тікелей қатысы бар институциалды жүйені іздеу.

– жағдай моделін құру немесе таңдау.

– сипаттауды құру.

– қосымша ақпараттарды жинау.

– ақырғы мәтінді даярлау.

– кейстің тұсаукесері, талқылауды ұйымдастыру.

Кейспен жұмыс істеуді ұйымдастыру:

Кейстің нұсқаларының өте көп болуы студенттің де өз шығармашылығын шыңдауына мол мүмкіндік туғызады.

Сабақты ұйымдастыру сатылары бірлескен іс-әрекетке жұмылу сатысынан бастауды қажет етеді. Бұл сатының негізгі міндеті: бірлескен іс-әрекетке дәлелдеме құру, талқылауға қатысушылардың бастамаларының айқындалуы. Бұл сатыда орындалатын жұмыстың нұсқалары құрылады. Олар:

– кейс-стади мәтіні студенттерге өз бетімен зерделеу және сұрақтарға жауап дайындау үшін сабақ басталғанға дейін таратылып берілуі мүмкін;

– сабақ басында тыңдаушылардың кейс-стади материалдарын білуі және талқылауға қызығушылығы анықталады;

– кейс-стади негізінде жатқан басты мәселе анықталады, және ол оқылып отырған курс бөлімінің мазмұнына сәйкес үйлестіріледі.

Біріккен іс-әрекетті ұйымдастыру сатысының негізгі міндеті: – мәселелені шешуге арналған іс-әрекетті ұйымдастыру. Іс-әрекет кішігірім топтарға біріктірілуі және жеке болуы мүмкін. Тыңдаушылар оқытушы берген қандай да бір анықталған уақыт көлемінде сұраққа ұжымдық жауап дайындау үшін уақытша кішігірім топтарға бөлінеді. Әрбір кішігірім топтарда жауаптарды салыстырулар, оларды өңдеу, тұсаукесер үшін рәсімделетін жеке бір көзқарасты өндіру жұмыстары жүреді. Әрбір топта шешімді жеткізетін «спикер» таңдалады немесе тағайындалады. Егер кейс сауатты құрылған болса, онда топтардың шешімдері сәйкес келмеуі керек. Спикерлер топтардың шешімін таныстырады және сұрақтарға жауап береді.

Оқытушы жалпы дисскусияны ұйымдастырады және бағыттайды. Талдау және біріккен іс-әрекеттің рефлекс сатысы:

Бұл сатының негізгі міндеті: кейспен жұмыстың нәтижелерімен білімдік және оқытулық нәтижелерін айқындау. Сонымен қатар, бұл сатыда сабақтың ұйымдастырылуының тиімділігі талданады, біріккен іс-әрекетті ұйымдастырудың түйінді мәселелері анықталады, ары қарай жұмыс жасау үшін міндеттер қойылады. Оқытушы әрекеттері келесідей болуы мүмкін: оқытушы кейс-стадиді талқылау үрдісін және барлық топтардың жұмысын талдай отырып пікірталасты аяқтайды, оқиғаның шынайы дамуына қысқаша түсініктеме береді, қорытынды шығарады.

Яғни, кейс амал-тәсілдерінің ерекшелігі:

1) Студенттердің ауызша сөйлеу дағдысын жетілдіруге алдын-ала дайындалған мәтіндер не тапсырмалар беру;

2) Студенттердің бірнеше микротоптарға бөлінуі;

3) Әрбір топтың өзінің басшысы болуы;

4) Микротоптардың басшыларымен өздерінің ойларын бөлісу, бірге талдау, басшының студенттер түсінбегенде микросабақтар өтуі;

5) Мұғалім бағыт-бағдар беруші, бақылаушы рөлінде ойнауы ескеріледі.

Жоғары оқу орнында білім алушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда кейс-стади әдісі амалдарын қолдану тиімділік танытып жүр. Мәселені шешуде студенттердің ұсынылған реальды немесе қиялдық жағдаяттарды талдауы және осы жағдаятқа өзіндік баға беруі, өзінің ой-пікірін толық жеткізе алуы, қорытындылар жасауы үдеріс үстінде шыңдала түседі.

Кейс-стади әдісінің ерекшеліктері: практикалық жағдайларды зерттеу, болған жағдайларды баяндау; студенттер проблемамен (мәселемен) танысып, оны шешудің жолдарын іздеуі.

Кейс-стади әдісінің негізгі мақсаты: студенттердің бойында жаңа қасиеттер мен іскерліктерді қалыптастыру; әр түрлі проблемаларды талдау және оларды шеше білу қабілеттерін дамыту; ақпаратпен жұмыс жасауды үйрету.

Кейстің үш түрі бар. Олар: практикалық кейстер, оқу кейстері, ғылыми-зерттеулік кейстер. Жоғары оқу орындары студенттері үшін осы кейстердің барлығы да қолданылады. Ал мектеп оқушылары үшін көбіне алдыңғы екі түрі іске асырылады. Практикалық кейстерінің мақсаты – өмір жағдаятын жан-жақты талдау. Басты мағынасы – өмір жағдаятын танып-білу және тиімді істер жасау қабілетіне бейімдеу. Білім алушы жағдаятты шешу үдерісінде білімдер қабылдаумен қатар, бейімделу, машықтану дағдыларын алады және аса маңызды үлгі жасайды. Ал, оқу кейсінің міндеттері – оқу пәнімен байланысты, білім беру және тәрбиелеу істерінен өзекті мәселелердің талқыға берілуі. Мақсаты – өмір жағдайын сол сәтте түзету емес, соған жақындаудың, түсінудің жолдарын, әдістерін анықтау, типтік тектерін түсіну, сол сияқты басқа және жаңа жағдайларды талдауға машықтану. Зерттеу кейсінде ғылыми зерттеу жүргізуге машықтандыру көзделеді. Мұнда зерттеу үлгісін жасау - басты мақсат. Оны келешек ғылыми зерттеулерде қолдануға мүмкіндік артады.

Кейс-стади әдісін ұйымдастыру даярлық кезеңінен басталады. Бұл кезеңде студенттер керекті жауапты дер кезінде даярлауы үшін кейс мәтіні алдын-ала таратылады. Үдеріс кезінде олар әр түрлі шағын топшаларға бөліну және олардың құрамдары ауысып отыруы мүмкін. Кейс проблемасына қатысты қажетті дерек көздері көрсетіледі. Талдау кезеңінде топшалардың мүшелері бірінен екіншісіне ауыса алады. Әр адам өз ойын еркін айтады. Басқалар соның дұрыс жауабын табуға көмектеседі. Ортақ тоқтамдарға келеді. Білім алушылар талдау мен шешім қабылдау кезінде пәннің теориялық, әдіснамалық, терминдік, заңдық, формулалық және басқа мазмұны пайдаланылуы керек. Қорытындылар презентациялық түрге енгізіледі. Әр топшадан қорытындыларды қорғайтын спикерлер сайлайды. Топша спикерлері бірлесіп жасаған презентация материалдарын пайдалана отырып, ортақ шешімдерінің дұрыс екендігін түсіндіріп, дәлелдейді. Жасалған қорытулардың теориялық, практикалық жақтары көрсетіледі. Топ мүшелері берген сұрақтарға спикер және топ мүшелері қосымша жауаптар береді.Соңында, рефлексияны ұйымдастыру мұғалімнің шеберлігімен іске асырылады. Кейстерің көлемі де әртүрлі болуы мүмкін - бірнеше сөйлемнен тұратын мәтінді кейс, бірнеше беттен тұратын кейс. Өте көлемді кейстерді қолданудың өзіндік тәсілі бар. Алдын ала студенттерге танысу үшін тапсырма ретінде беріп жіберу. Ал сабақ үстінде мәселемен танысып, айқындаудың тиімсіздігі уақыт жағынан басым болады. Біріншіден, сабақта уақыт шектеулі, екіншіден, білім алушылар талдау жұмысына дейін-ақ жалығушылығы орын алуы мүмкін. Кейс әдісін

қолдану үшін оқытушы кейстер жинақтамасын жасауы қажет. Ол кейс бойынша талқыланатын сұрақтар, тапсырмалар ойластырылуы керек.

Ортақ жұмыстың жалпы қорытындысы туралы ұстаздың талдауында:

1.Кейстің басты мәнін ашу, пәннің теориялық негізімен, жеке жақтарымен, бұрынғы тақырыптарымен ара байланысын көрсету.

2.Спикерлердің ұтымды ойларын бағалау, қате кеткен тұстарды анықтап, түзетулер жасау.

3.Басты қорытулар жасау. Жалпы пәннің тақырыбы мен қырлары қаншалықты ашылғанын көрсету.

4. Пән бойынша келешекте қандай мәселелер қаралатынын ескертіп, сонда осы кейспен қандай байланыс болуын қысқаша сипаттау, түсіндіру секілді қорытындылау, синтездеу немесе дедукция жүргізіледі.

Демек, Кейс шешуді ұйымдастыру бірнеше кезеңдерден тұрады:

1.Даярлық кезеңі – бірлесіп жұмыс істеуді ұйымдастыру. Мұғалім жағдаятты ойластырады. Оған тапсырмалар дайындайды. Осы уақытта мұғалім ғаламтор, көркем әдебиет мүмкіндіктерін, бұқаралық ақпарат құралдарындағы материалдарды қарастырады.

2. Таныстыру кезеңі. Бұл кезеңде жағдаяттың сипаттамасы беріледі, ақпараттық материал таратылады. Сөздік беріледі.

3.Талдау кезеңі. Мұғалімнің кіріспе сөзі. Оқушыларды топқа бөлу. Оқушылардың материалды оқып талқылауы. Шешімді табуы.

4.Қорытымдар жасау кезеңі. Топтың жұмысын тыңдау.

5.Ортақ рефлексия немесе сабақтастыру кезеңі. Мұғалімнің қорытынды сөзі. Бағалау.

Кейсті шешу арқылы түрлі дағдылар қалыптасады.

Аналитикалық дағдылар. Деректерді мәліметтерден айыру шеберлігі, маңызды және маңызды емес ақпараттарды айыра білу, талдау, елестету және оларға қол жеткізу, кейбір ақпараттарды қалпына келтіру шеберлігі, нақты және логикалық ойлау қабілеті артады.

Коммуникативті дағдылар. Дискуссияны жүргізу шеберлігі, қоршаған адамдардың көзін жеткізу. Көрнекі материалды және басқа медиа материалдарды қолдану – топтарға бірлесу, өз көзқарасын қорғау, оппоненттердің көзін жеткізу, нақты есеп дайындау. Олар бір-бірімен сыйластықта жұмыс істеуге, өзгенің ойын тыңдауға, пікірталас жүргізуге, өз ойын нақты деректермен дәлелдеп сөйлеуге, көрнекіліктерді ұтымды қолдануға дағдыланады. Студенттер ортақ ойды қорыта отырып постер, кластер жасап, оны қорғауды үйренеді.

Бірлестік дағдылар. Жеке пікірді ортаға салу арқылы талқылау, бір-бірінің пікірін салыстыру, мәселеге қорытымдар жасауда ортақ пікірді бірлесе анықтау, дұрыс деп тапқан қорытындыны бірлесе өңдеу дағдыларын алады. Яғни, топта бірін-бірінің пікірімен санасу, сөзді тыңдай білу, ортақ пікірге келу, ойды қорытымдау дағдылары жүзеге асырылады.

Шығармашылық дағдылар. Ережеге сай жалғыз кейспен мәселе шешілмейді. Мұнда логикалық жолмен шешілмейтін, альтернативті шешу генерациясының шығармашылық дағдылары өте маңызды. Студенттер жан-жақты ойланып, мәселенің басқа қырынан келу арқылы, жанама аспектілерді бағамдап, негізгі мәселенің түйінін шешуде шығармашылық туындайды.

Тәжірибелік дағдылар. Кейсте көрсетілген нақты жағдайлармен салыстырғанда мәселенің күрделілігі немесе төмен деңгейлігі экономикалық теорияларда, әдістер мен ұстанымдарда қолданылатын тәжірибе дағдыларын жүйелеуге мүмкіндік береді. Кейстерді орындау барысында модельдеу, график құру, кластерге түсіру, суретін салу, диаграмма жасау сияқты тәжірибелік дағдыларын дамытады.

Әлеуметтік дағдылар. Талқылау барысында нақты әлеуметтік дағдылар қалыптасады. Адамдардың өзін-өзі бағалау тәртібі, тыңдай білу, дискуссияны қолдау немесе қарама-қарсы көзқарасты дәлелдей білуі қалыптасады.

Өзіндік саралау. Пікірталас кезінде туындаған қарсы пікірлер мен келіспеушіліктер басқалардың пікірін жете түсінуге және өзінің ойын терең дәлелдеп, талдауға септігін тигізеді. Кейс әдісін қолдану тек оқытумен ғана шектелмейді, бұл әдіс зерттеу әдісі ретінде де белсенді қолданылады. Туындаған моральдық және этикалық мәселелер оларды шешудің әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруды талап етеді. Үлгілеу әдісі мен проблемалық әдіспен тікелей байныста қарастырылады.

Бұл әдісті тиімді қолдануда оқу, білім және ізденіс мазмұнын біріктіру арқылы оқытушының да кәсіптік құзіреттілігін жоғарлатудың нақты тәсілдерінің бірінен саналады. Кейсті шешу кезінде үлгілеу, жүйелі талдау, ойша тәжірибе, сипаттау, проблема шешу, жіктеу, ойын, миға шабуыл, пікірталас үдерістері жүзеге асырылады. Ал кейске жатпайтын белгілерді мұғалімнің ескеруі қажет. Олар: Өзектілігі жоқ, қызықты емес, қайшылықсыз мәселелер, келтірілген материалдың ерекше астарлы мағынасы жоқ болса, өмір тіршілігіне, тарихқа, адамдардың пікір таластарына қатысы жоқ материалдар. Білім алушылардың талқысына салу үшін ешбір сұрақ-мәселе туындатпайтын немесе шешімі шығарылған мәселелер қызықты бола алмайды. Сондықтан жұмбағы бар, тартысқа түскенде студенттердің өзіндік ойлары арқылы қорытылатын кейстер білім алушылардың белгілі бір құзіреттіліктерді қалыптастыруына мол мүмкіндіктер береді. Мысалы, студенттерге практикалық кейсті шешуді мақсат етіп, «Қазіргі жастардың өмір сүру салты», «Жастардың мінез-құлқы», «Жастардың тәрбиесі», «Жастардың болашақтағы бейнесі» т.б. мәселелері төңірегіндегі берілген сауалдарға әр студенттің айтар пікірі бар және өз қорытындыларын дәлелді түрде қорғай алады. Олар жастардың жан-жақты дамыған, білімді, тәрбиелі, саналы, адамгершілікті, т.б. қасиеттерді жинақтаған тұлға болуына себепші факторларды зерттейді және оған жетудің жолдары қандай болуы қажет, қандай жұмыстар жүргізілуі қажет деген мәселелерді топшылайды. Тіпті болашақ дамыған тұлғаның образын жасауда жоба жасайды. Топ ішінде талқылау кезінде бір-бірінің пікірімен санаса құрметпен қарау және шындыққа жанасатын пікірлер мен қорытындыларды іріктеуде бірлесе жұмыс істеу дағдыларын алады.

Кейс-стади әдісінің ұтымдылығы студенттер өзара пікір таластыруға, өзінің пікірін дәлелді құруға дағдыланады. Жұмыстың нәтижесінде байқалатыны – жоғары оқу орнының білім алушылары көбінде өз позициясын дәлелді түрде қорғай білетіндігі. Сонымен бірге, топ ішінде белсенді тілдік қатынас орнайды. Әркім берілген сұрақтарға жауап іздеп, мәселені өз бетімен шешуге, өзіндік пікірін топта дәлелдеуге ұмтылады, ауызша сөйлеу дағдылары жетіліп, шығармашылық жұмыстардың дүниеге келуі орын алады.

Кейс әдісін тиімді қолдану сабақтың қызықты өтуіне және студенттердің белгілі құзіреттіліктерді қалыптастыруына септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Ступина С.Б. Технологии интерактивного обучения. Учебно-методическое пособие. – Саратов: Наука, 2009.

2 Двуличанская Н.Б. Интерактивные методы обучения как средство формирования ключевых компетенций / Электронное научно-техническое издание «Наука и образование». -2011.

В статье рассмотрены разновидности кейс-стади и особенности применения данного метода. Использование данного метода в высших учебных заведениях характеризуется как актуальный и необходимый прием Автор в работе показал, что кейс развивает навыки: аналитические, практические, коммуникативные, творческие, социальные навыки и формирует выработку самоанализа. Кроме того, рассмотрена эффективность использования метода на занятиях

The article discussed the features of the types of cases and how to use it. The order in the case, the steps, through the methods employed were the negative aspects of the students of higher

educational institutions. Analysis of the importance of the development of skills, analytical, practical, communicative, creative, social, self-analysis skills explained formed. In the resolution of the case modeling, analysis, thought experiment, description, problem solving, classification, games, brainstorming and discussion. In addition are talked the process, the effectiveness and efficiency of the method.

ӘОЖ 378.1.147 (5Қ)

Г.К. Камиева
"КАЗГЮУ" Университеті АҚ
Астана, Қазақстан
gulmir_kk@mail.ru

СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНА КӘСІБИ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жоғары оқу орнындағы студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы маман даярлау жүйесінің маңызды құрамды бөлігі болып табылады. Оқытушылар мен студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарының мақсаты оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау негізінде жаңа білім алу, жаңа технологиялар әзірлеу, танымның жаңа әдістерін алу мен игеру болып саналады. Мақалада жоғары оқу орындарындағы студенттерге сапалы білім беру мақсатында құштарлығы мен қызығушылығын арттыру, сабақта жаңашылдық әдістерді пайдалану арқылы студенттерді өздігінен еңбек етуге, алған білімін жаңа материалдармен ұштастыра білуге дағдыландыру, ғылыми жұмыс жазу барысында студенттің бойында ізденіс әрекетін ұйымдастыру, мәселені тану және оны шеше білу дағдысын қалыптастыра білу мәселелеріне тоқталған.

Тірек сөздер: ғылыми-зерттеу жұмысы, ғылыми-зерттеу әрекеті, танымдық қызмет, әдістеме, мәтінді редакциялау, маман даярлау, ғылыми жоба, логикалық ойлау.

Тіл – ой көркі. Сондықтан әр нәрсеге байыппен қарап, батыл сөйлеуге, сөйлеу мәдениетіне жаттықтыру оқытушының міндеті.

Соңғы жылдары әдіскер-ғалымдар қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде меңгертумен қатар, студенттердің кәсіптік мамандығын ескере отырып игертудің тиімді жақтарын барлық пән оқытушылары қарастыруда.

Бүгінгі таңда қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық, саяси жағдайларға байланысты мекемелерде, кәсіпорындарда қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде үйренуге деген сұраныс күннен-күнге артуда. Студенттер – еліміздің болашағы, олар елімізді дипломатиялық қарым-қатынастарда танытатын болашақ мамандар. Осыған байланысты қазақ тілін оқыту, студенттердің алған білімдерін кәсіптік өндіріспен байланыстырып үйрету – енді қолға алынып жатқан тың мәселелердің бірі.

Сондықтан күнделікті өмірдегі сұранысқа, өзгерістерге байланысты ғылым, білім саласында түрлі жаңалықтар енгізілуде. Бүгінгі таңда елімізде ақпарат беретін құралдардың көзі техникаландырылған, автоматтандырылған деңгейде көтеріліп отыр. Студенттер түрлі ақпарат, деректерді ғаламтор желісі, техниканың басқа түрлері арқылы қабылдай отырып, тілдік қарым-қатынаста пайдаланады. Мұндайда сөйлесім әрекеттерінің түрлері негізгі қызмет атқаратындығы сөзсіз. Берілген ақпаратты ой елегінен өткізе отырып, студенттердің бір-бірімен пікір алмасып, ой бөлісуі сөйлесім әрекетінің бір түрі – айтылым әрекетін игерумен тығыз байланысты. Сөйлесім әрекетінің түрлері: оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым, тілдесім – тілдік қатынасты қамтамасыз ете келіп, ұлт пен ұлттың, халық пен

халықтың түсінісуіне әсер ететін ерекше үдерістер екені белгілі. Олардың әрбір түрі жеке зерттеу нысандары бола келіп, тілдік қарым-қатынаста маңызды рөл атқарады.

Білімділік және тәрбиелік мәні зор жазбаша және ауызша орындалатын тапсырмалардың негізгі мақсаттары мынадай:

1) модуль бойынша өткен материалды бекіту, нығайту;

2) студенттердің қазақ тілінен білімін кеңейту және тереңдету;

3) студенттердің логикалық ойлауын дамыту мен жазбаша және ауызша тілін қоса дамыту;

4) орфоэпиялық және орфографиялық, пунктуациялық білімдерін қалыптастыру, тілді үйрену қабілетін дамыту;

5) студенттерге тілдік орта жасау, тілдік ситуациялар туғызу, студенттердің ойын толық жеткізуіне сөйлеуіне толық жағдай жасау;

6) студенттердің тілін дамыту, сөйлеу белсенділігін арттыру, сөйлеу дағдысын қалыптастыру.

«Сөздің лексикалық мағынасы таным теориясымен тікелей байланысты. Яғни адам затты қаншалықты жақсы таныса, затты белгілейтін сөздің мағынасын соншалықты анық, айқын біле алады. Себебі сөз мағынасы – белгілі бір заттың не құбылыстың адам санасындағы жалпыланған бейне. Зат бейнесі сөз мағынасының негізін құрайды, яғни жалпыланған бейне арқылы сөз мағынасын түсініледі және мағына арқылы келесі тыңдаушыға жеткізіледі. Сөз мағынасын қалыптастыру үшін сөздің мағынасын сөйлеуші ғана емес, қоғамдағы басқа адамдар да солай түсінуі, солай ұғынуы керек. Сонда ғана адамдар бірін-бірі түсінеді, бірімен-бірі қарым-қатынас жасай алады» мамандыққа қатысты тілді меңгертуде мынандай талаптар қою керек деп есептейді:

- студенттерді кәсіби мамандығы бойынша тілдесуге үйрету;

- мамандыққа байланысты тілдік қатынасқа түсу үшін әр түрлі жағдаяттар құру арқылы тілдік қатынастың қажеттілігін түсіндіру;

- дұрыс сөйлеу қатысымның түрлерін үйрету. Сонымен қатар мамандыққа байланысты мәтіндерді меңгерту арқылы студентті болашақ мамандығымен кеңірек таныстыруға мүмкіндік туады [1, 17].

Ғылымның барлық саласында білім мазмұны өзгеріп отырған қазіргі әлемдік жаһандану кезінде студенттердің ғылыми-зерттеу әрекетінің жүйесін ұйымдастыру – оқу үдерісін жетілдірудің негізгі шарты болып табылады. Қазіргі таңда оқу үдерісіне, студенттердің ғылыми жоба жазу қызметін негіздеу ерекше мәнге ие болып отыр. Ғылыми жоба жазу барысында пән оқытушылары студенттерді өз бетімен көп ізденуге, шығармашылық қабілеттерін арттыруға, зерттеуді үйретуге бағыт-бағдар береді. Кез келген тақырып бойынша ең алдымен сол тақырыптың қазіргі таңдағы өзекті мәселе екендігіне көңіл бөлінеді. Бекітілген тақырып бойынша ғалымдардың осы тақырып төңірінде жүргізген зерттеулері жинақталады, талданады, сұрыпталынады. Тақырыпқа қатысты сауалнама, сұқбат жүргізе отырып, осының нәтижесі талданып, қорытынды жасалынады. Ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу студенттердің танымдық қабілеттерін дамытады, білім алушылардың белсенділігін және өздігінен білім алу қабілетін арттыруға, танымдық қызметтің әдіс-тәсілдерін игеруге, қызығушылығын арттыруға септігін тигізеді.

Студенттер оқытушылар, яғни жоба жетекшілерінің басшылығымен таңдап алған жоба тақырыптарының қазіргі таңдағы өзекті мәселе екендігін, оның ерекшіліктерін, маңыздылығын сезіне отырып, алуан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, алдарына қойған мақсат-міндеттерін жүзеге асырып отырады. Жоба жазу барысында студенттерге шығармашылық мүмкіндіктер беріледі. Оқытушының көмегімен студент ғылыми жұмыстың өзектілігін, шығармашылық аясын айқындайды, осы міндеттер бойынша студенттерге қосымша ізденуге жағдай жасалынады.

Таңдап алынған және бекітілген ғылыми жоба тақырыбы бойынша төмендегідей жұмыс түрлері жүргізіледі:

- ғылыми жоба тақырыбы бойынша көмек көрсете отырып, тақырыпқа қатысты қосымша мәлімет беру;

- зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттердің тізбесін жасау, жинақталған ғылыми әдебиеттерді сұрыптау;

- ғылыми жоба тақырыбының өзектілігін көрсете білу;

- көтеріліп отырған мәселенің қоршаған ортамен байланысына көңіл бөлу;

- алдын-ала болжау, тұспалдау, жалпылама түсінік бере білуге үйрету;

- студенттерге алған мәліметтерін кеңінен пайдалануға және оларды қолдану мүмкіндігін бағалай білуге мүмкіндік беру;

- ғылыми жобаның зерттеу кезеңдері бойынша қолданылатын әдіс-тәсілдер анықтау;

- студенттің жеке өзіндік пікіріне, қорытынды жасай білуіне көңіл бөлу;

- зерттеу тақырыбы бойынша жинақталған, сұрыпталған ғылыми әдебиеттерді ресімдеуге көңіл бөлу.

Студенттермен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы олардың өзін-өзі дамыту, шығармашылық,ізденімпаздық қасиеттері қалыптастырылады. Сонымен қатар студенттерге ғаламтормен сауатты түрде жұмыс жасауды үйрету, өз бетімен сауалнама, сұқбат жүргізіп, оларды видеотаспаға түсіріп, жинақталған материалдарға талдау жасалуын, нәтижесі бойынша қорытынды жасай білуін қадағалау керек. Қандай жұмысты болсын қызығушылықпен, ынта-жігермен жасаса жақсы нәтиже шығатыны анық. Студент кез келген тапсырманы орындау барысында іздене бастайды. Өз бетімен әрекет жасап, шешім қабылдау арқылы белгілі бір нәтижеге жетеді.

Әдіскер Қ. Қадашева "Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері: өзгетілді дәрісханалардағы қазақ тілі" деген докторлық диссертациясында мамандық тіліне бейімдеп оқытуда жаңаша жаңғыртып оқыту әдістемесінің әдіс-тәсілдерін ұтымды пайдалануға болатындығын, тіл үйренушілердің өз саласында тілді қолдану қызметінде лексикалық минимумды анықтау қатысымдық қажеттілікті қамтамасыз ететін ерекшелік екендігін көрсетті. Заңгер мамандығына бейімдеп оқытуда автордың өз тәжірибесінен алынған үлгілері толық баяндалып, кәсіби бағыттағы материалдың негізінде пікірлесімдік қарым-қатынасты қалыптастыруға жаттығулардың әсері зор екені айтылады. Сонымен қатар өзгетілді дәрісханалардағы үйренушілерге мамандығы бойынша тілдік база жасау мәселесіне тоқтала отырып, оның мақсаттарын ашып көрсетеді [2,103]. Бұл ғылыми еңбектегі тиімді әдістердің үлгілерін күнделікті сабақ барысында түрлендіріп қолдануға болады.

Жоғары оқу орындарындағы білім берудегі негізгі міндет білікті мамандар даярлау. Дәстүрлі сабақта мамандарды даярлау үшін – нақты білімдерді игеру жеткіліксіз болып табылады, сондықтан қазіргі таңда болашақ мамандардың студенттерді өздігінен білім алуға үйрету, шығармашылық ойлауын мақсатты түрде қалыптастыру негізгі мақсаттардың бірі болып табылады.

Тілді мамандыққа қатысты оқытудың тиімді жақтары:

- білім алушылар қазақ тілін меңгеру арқылы кәсіби қатынас құралы ретінде қолдана алуы;

- кәсібіне байланысты жинақталған сөздік қорды тәжірибеде мамандығына қатысты ой-пікірлерін нақты жеткізу дағдысы қалыптастыру.

Қазақ тілінің кәсіби мамандыққа бағытталған лексикасы мен терминологиясын оқыту әдістемесі сала мамандықтарына байланысты таңдап алынған лексиканы үйрету үшін, біріншіден, тіл үйренушіге жаңа сөзді қолдануға жағдай туғызу; екіншіден, сөздің мағынасын айқындап, дұрыс қолдан амал-тәсілдерін игерту (сөз-сөз тіркестері-сөйлем-мәтін); үшіншіден, сөздер мен сөз тіркестеріне қатысты грамматикалық тұлғаларды функционалды мақсатта байланыстыра үйрету; төртіншіден, сөздердің қатысым-прагматикалық мақсатын ескерген дұрыс.

Қазақ тілін жоғары оқу орындарында үйретуде тілдің қатынас құралы ретінде құзіреттілігін арттыру керек. Ол үшін тілді кәсіби бағытта оқытатындықтан әр топтың ерекшелігіне қарай мәтіндерді, тапсырмаларды ыңғайлап беру керек. Ол тапсырмалар

студентті тілдік қатынасқа түсіріп қана қоймай, оның ой-өрісін кеңейтіп, өмірге көзқарасына жағымды әсер етуі тиіс. Бұл оқытушының алдында тұрған басты міндеттердің бірі.

Қазіргі таңдағы әрбір оқытушының міндеті - студенттерге тиянақты да, сапалы білім беру, студенттің құштарлығы мен қызығушылығын арттыру, сабақта жаңашылдық әдістерді пайдалану арқылы студенттерді өздігінен еңбек етуге, алған білімін жаңа материалдармен ұштастыра білуге дағдыландыру, ғылыми жұмыс жазу барысында студенттің бойында ізденіс әрекетін ұйымдастыру, мәселені тану және оны шеше білу дағдысын қалыптастыра білуі керек.

Студенттің дарындылығын әлеуметтік қажеттігіне сай ғылыми негізінде дамытудың шарттарын анықтап, оны қанағаттандыруда студенттер ұжымының дайындық деңгейінің, дәрежесінің диагностикалық әр кезеңде жүргізу керек, себебі, ғылыми-зерттеу жұмысының екінші, үшінші, кезеңдері осыны міндетті түрде талап етеді, өйткені, бұл студенттердің жас ерекшеліктеріне байланысты. Ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын студентті қалыптастыру жолындағы басты мақсат қоғамдық өмірге бейімделген интеллектуалды жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Ғылыми-зерттеу жұмыспен айналысатын студенттер жұмыс жүргізу үшін тақырыпты талдауға ақыл-кеңестер беріп, ғылыми-зерттеу орындарымен таныстырып, пайдаланатын әдебиеттерді іздестіру жолдарын көрсету керек. Сонан соң тақыриппен жұмыс жүргізу жолдары, газет-журналдар тігінділерімен жұмыс істеуді үйрету қажет.

Жоғары кәсіби білім беруде студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша төмендегідей бағыттарды атап көрсетуге болады:

- зерттеудің мақсатын, міндеттерін анықтау;
- студенттерді төменгі курстан бастап ғылыми-зерттеу жұмыстарына яғни аудиториядан тыс жұмыстарға тарту (мысалы, ғылыми баяндамалар, мақалалар жазуға, мәлімдемелер дайындауға; олимпиадалар және ғылыми конференцияларға қатысуына);
- студенттердің (ғылыми-зерттеу үйірмелері, жас зерттеушілер ұжымдары және т.б.) ғылыми практикалық қызметтің ұжымдық жұмыс істеу түрлерін енгізу.

Жоғары оқу орнындағы студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы маман даярлау жүйесінің маңызды құрамды бөлігі болып табылады. Оқытушылар мен студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарының мақсаты оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау негізінде жаңа білім алу, жаңа технологиялар әзірлеу, танымның жаңа әдістерін алу мен игеру болып саналады.

Студенттердің қабілеттерін арттыруда, логикалық ойын пайдалану үшін және зерттеушілік қызметін жандандыру да жаңалық ашуға жетелейтін жолдың бірі - өздігінен тапсырма құрастыру. Тапсырма құрастыруда оңайдан бастап, біртіндеп күрделендіре түскен пайдалы. Бүгінгі таңда жеке тұлға, яғни зерттеушілік тұлға қалыптастыру білім мен тәрбие берудегі мемлекеттік істің ең маңыздысы болып отыр. Осы жолда педагогикалық технология оқыту мақсатында жетудің тиімді тәсілі ретінде қарастырылатын жаңа әдістердің жиынтығынан тұрады. Студенттермен ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту үшін өздігінен жұмыс істеуге баулу, өз ойын тұжырымдауға дағдыландыру болғандықтан сабақ барысында кеңінен соңғы кезде деңгейлеп оқыту дамыта оқытудың модульдік әдісін жиі пайдалану өте тиімді.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарына студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер:

1. Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау;
2. Арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру;
3. Логикалық ойлауын дамытатын тапсырмаларды орындау;
4. Тақырыпқа қатысты жинақталған материалдарды салыстыру; іріктеу.
5. Әр түрлі тақырыпта пікірталас, сайыс өткізіп, әсерлерін эссе түрінде жаздыру.

Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу студенттерді шығармашылыққа баулуға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді. Сондықтан студенттерді

ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игеру бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті болып саналады.

Ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын студентті қалыптастыру үшін жұмыстың мақсаты мен міндетін айқындап, студенттің ерекше қабілетін ашу, жолдарына бағыт жасау керек.

Оқытушының алдына қойған міндеттері:

- Студенттің жеке ерекшелігі мен қабілетін зерттеп, зерделеу;
- Шығармашылық ғылыми ізденіске өзіндік зерделігін дамуын назарда ұстау;
- Студенттің өз бетінше әрекет етуіне мүмкіндік беру
- Студенттің топта жұмыс жасай білу қабілетін дамыту.

Ғылыми жобаны дайындауда мынадай мәселелерге ерекше көңіл бөлуі қажет:

1. Тақырыпты қабілеттеріне қарай таңдау;
2. Аталған тақырыпты ашудағы студент еңбегінің сипаты, қосқан жеке үлесі;
3. Қорғау және жобаны жазу кезінде шешендік сөз саптауы, сөйлеу мәнері, ойын ұтымды, жағымды жеткізе алуы, өзін ұстауы, аудиторияны тартуы;
4. Слайд пен қорғауға ұсынылған материалдың сапалылығы;
5. Ғылыми жобаның ресімделуі.

Жетекші немесе оқытушы студентке ғылыми жоба жазу барысында мынадай негізгі факторларды басшылыққа алады:

- студенттердің өз бетінше жұмыс істеу тиімділігін арттыру;
- жекелей, жұппен, топпен жұмыс жүргізу;
- ойлау қабілетін дамытатын әр түрлі тапсырмалар беру;
- қабілетіне қарай деңгейлік тапсырмалар беру;
- шығармашылық жұмыстар беру.

Сол себептен, болашақ мамандарды дайындау үдерісінде, егер студенттер ғылыми-зерттеу жұмыстарына төменгі курстан бастап қатыстырылса, ғылыми жұмыс нәтижелі болады. Сондықтан студенттерді оқытудың барлық кезеңінде ғылыми қызметін орындауда болашақ мамандарды даярлауды жүйелі және мақсатты жүзеге асыру, ғылыми қызығушылықтарын, қабілеттерін, мүмкіндіктерін және студенттердің ғылыми жұмысының тәжірибесінің есебінде шығармашылық топтарын жасау; оларды ғылыми жұмыстың әдістемесімен қаруландыру; практикаға ғылыми нәтижелерді ендіруде жетістік жағдайларын жасау; ғылыми мәселелерді шешуде шығармашылық қызметін және зерттеушілердің дербестігін ынталандыру керек.

Студенттің ғылыми-зерттеу мәні, біріншіден, оны орындау үдерісінде әрбіреуі зерттеу ептіліктері мен дағдыларының нақты тізбесін меңгеруі көрінеді. Сонымен қатар студенттер зерттеп отырған тақырыптарына қажетті әдебиетті өздігінше іріктеуге, ізденіс жүргізуге, ғылыми әдебиетті конспектілеуге және талдауға, ғылыми жаңалықпен курстастарының алдына шығуға, зерттеп отырған мәселесі бойынша сауалнама немесе тәжірибе жұмысын жүргізуге, зерттеу тақырыбы бойынша құжаттаманы зерттеуге машықтанады.

Ғылыми жоба нәтижесі бойынша студенттік семинарлар мен ғылыми конференцияларға, басқа да өздерін қызықтыратын тақырып аясында ғылыми-зерттеу жобаларын орындауға қатысады.

Жоғарғы оқу орнында оқитын студенттерге білім бере отырып, алған білімдерін ғылыми-ізденушілік жұмысқа баулу арқылы жүзеге асыруға болады. Сонымен қатар, студенттердің логикалық ойлау және сыни тұрғыда ойлау қабілетін дамытып, алдарына нақты мақсаттар қоюға, оны орындау әдіс-тәсілдерін таңдай білуге үйретіледі. Студентті ғылыми жұмыс жасауға баулу арқылы олардың таным белсенділігін арттыруға болады. Сондықтан "Академиялық оқылым мен жазылым" пәні сабағында студенттердің қызығушылығын арттыру мақсатында тақырыптар таңдауға ұсынылады.

Қорытындылай келе, студент жеке тұлға ретінде өздігінен жетіледі, білім алу мен ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге бейімделеді.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:
1 Қасым Б., Османова З. т.б. Кәсіби қазақ тілі. –Алматы, 2010. –112 б.
2 Қадашева Қ. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері: өзгетілді дәрісханалардағы қазақ тілі: Пед. ғыл. докторлық дисс... – Алматы, 2001. – 301 б.
3 Демченко З.А. Научно-исследовательская школа студента исследователя [Текст] / З.А. Демченко // Высшее образование в России, 2010. – № 12. – С. 155-158.
4 Петрова С.А. Основы исследовательской деятельности: Учебное пособие / С.А.Петрова, И.А.Ясинская. – М.: ФОРУМ, 2010. – 208с. – (Профессиональное образование)

Научно-исследовательские работы студентов, выполненные в высших учебных заведениях, являются важной составной частью при подготовке специалистов. Основной целью учебно-исследовательской и научно-исследовательской деятельностей преподавателей и студентов является получение новых знаний, использование новых технологий, освоение новых методов познания. В статье автор говорит о том, что в высших учебных заведениях одной из составляющих качественного образования является необходимость воспитания у студентов интереса к научно-исследовательской работе; применяя на занятиях новые методы обучения, научить студентов к самостоятельной работе; прививать навыки умения связывать имеющиеся знания с новыми полученными; во время работы студента над научной работой открыть в нем исследовательские способности; помочь студенту сформировать навыки решения увиденной проблемы.

Scientific research work of students performed at higher education institutions is an important part of the preparation of specialists. The main purpose of teaching and research activities of teachers and students is to obtain new knowledge, use of new technologies and development of new learning methods. The author suggests that in higher education one of the components of a qualitative education is the need for education of students' interest in research work; teaching students to work independently by applying new methods of teaching; inculcate ability to link existing knowledge with new knowledge; during the student's academic work to make them obtain research ability; help students form problem-solving skills.

ӘӨЖ 372.882

Қ. Қадашева, С.К. Омарова
«Тұран-Астана» университеті
Астана, Қазақстан
omarovask@mail.ru

ТҮРКІ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕЙТІНДЕРГЕ АРНАЛҒАН ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚТЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада түркі тілінде сөйлейтіндерге арналған қазақ тілі электрондық оқулығының құрылымдық ерекшеліктері сипатталған. Сондай-ақ қазақ тілін оқытуда ақпараттық технологияларды қолданудың тиімділігі мен оқыту үдерісін оңтайландыру жолдары баяндалған.

Кілт сөздер: компьютерлік тапсырмалар, жаңаша жаңғырту, оқыту үдерісін ынталандыру, «экрандық» мәдениет, мультимедиалық сабақтар, экрандық бейнелер, анимациялық модельдеу, жазбаша мәтіндер, инновациялық әрекеттер.

Еліміздің қоғамдық-саяси өмірі мен экономикасын тұрақты ету, оның халықаралық қауымдастықта беделін өсіруде түркілердің рухани мәдениеті мен құндылықтарына, яғни

қазақ тілін меңгеруге қызығушылық тудырып отырған шетелдіктердің саны көбеюде. Осыған сәйкес қазақ тілін туыс тіл ретінде оқытудың рөлі жоғарылап келеді, қоғамдағы компьютерлендіру жағдайында заманауи білім беру үдерісіне қойылатын талаптарды ескере отыра, қазақ тілін оқыту әдістемесін жетілдіру және дамыту қажеттілігі туындайды.

Бүгінгі таңда оқу үдерісінде арнайы оқыту жүйелерін және электрондық ресурстарды пайдалану **өзекті** мәселе болып отыр.

Мұндай электрондық оқулықтың құрылымын анықтауға, оқу материалдарын ұйымдастыру және лексиканы іріктеу ұстанымдарын жазуға, компьютерлік тапсырмалар түрлерін анықтауға және гипермәтіндік оқыту ортасында өздігінен оқу әрекетін басқару механизмін ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл ізденстер **теориялық және практикалық маңыздылығы** болып табылады.

Қазіргі заманғы білім беру саласындағы басым сипат – дамудың инновациялық тәсілдерін белгілеу. **Инновация** адам іс-әрекетінің экономикалық, техника-технологиялық және басқару саласын қамти отыра, қоғамның әлеуметтік-мәдени құндылықтарына, соның ішінде, білім беру саласына белсенді ене бастады.

Қазір барлық елдерде білім берудің ұлттық жүйесін жетілдірудің үздіксіз үдерісі жүріп жатыр. Зерттеудің түрлі философиялық және дүниетанымдық негіздері бойынша (Дж.Дьюи, П.Леви, Ф.Г.Кумбс, Ж.Аллак, Б.С.Гершунский, Н.С.Розов, А.М.Новиков, А.А.Вербицкий, Г.Е.Зборовский, И.Я.Лернер, В.Д.Шадриков и др.) білім берудің әлеуметтік қызметін қайта қарастыруды туғызатын білім беру реформасының негізгі талаптары айқындалады [1].

Білім беру саласында жаңаша реформа жасау, яғни білім беру мазмұнын, оны ұйымдастырудың формасы мен тәсілдерін қайта өзгертуге, білім беру үдерісінде түбегейлі жаңа технологиялық жабдықтарды жасауға бүгінде толық мүмкіндік жасалып отыр. Білім берудің қалыптасып келе жатқан моделінде өздігінен динамикалық дамудың механизмдері болуы қажет, яғни **инновация** сияқты қасиетке ие болуы керек.

Бұл зерттеу жұмысының барысында инновациялық келелі мәселелерді шетелдік (И.В.Бестужев-Лада, Д.Р.Вахитов, С.Ю.Глазьев, В.С.Дудченко, В.И.Кондратьев, Н.И.Лапин, В.Я.Ляудис, А.И.Пригожий, Б.Твисс) [1] және отандық ғалымдардың (Қ.Қадашева [5],Т.Аяпова [6], Н.Құрманова [7]) еңбектері мен тұжырымдарына сүйене отырып, электрондық оқулықты жасаудың параметрлері мен ұстанымдары анықталады.

Зерттеу жұмыстарында инновацияның анықтамаларына берілген түрлі көзқарастар мен жаңашылдық үдерістің маңыздылығы, жаңаша жаңғыртудағы қарама-қайшылықтың көрінуі мен инновациялық әрекеттерді алгоритмдеу, оның дүниеге келу циклінің мәселелері мен оның әлеуметтік диффузиясы туралы айтылады.

Жаңаша жаңғырту деп сапалы өзгерістің болу мүмкіндігін болжайтын мазмұнды (не мәнді) айтсақ, ал **жаңаша өзгерту/инновация** – имплантация технологиясын немесе нақты объект жағдайында жаңалықтың мазмұнын ойлап табу. Оның өзгерісі инновация пәнін құрайды.

Басқаша айтқанда,инновациялық үдерісті құру моделі *жаңалық енгізуді* жүзеге асырудың: ***инновациялық ой, жоба, баға, тәжірибе және мөлшер*** сияқтынақты деңгейлерін қамтиды.

Соңғы жылдары ақпараттық технологиялардың кең таралуы адам өмірін күрт өзгертті. Интернет желісіне қосылған компьютер ол үшін көңіл көтеру, қарым-қатынас орнату ортасына, оның шығармашылық және кәсіби әлеуетін жүзеге асыруға көмектесетін құрал ретінде, ақпарат көзі, соның ішінде білім алу құралына айналды.

Кейбір зерттеушілер заманауи қоғамды «***экрандық***» ***мәдениет*** қоғамы сияқты сипаттайды. Олардың көзқарастары бойынша, болашақта тек сол ғана «кітап» мәдениетін ығыстыра алады. «Экрандық мәдениет «экрандық сөйлеуге» негізделген», яғни уақыт ағымында кейіпкерлердің ауызша сөйлеуі мен әрекеттерін өзінше еркін орындай алатын экрандық бейнелер, анимациялық модельдеу, жазбаша мәтіндер мен тағы да басқалары [3].

Қоғамды демократияландыру жағдайында жаңа мәдениет білім беру дереккөздерін әртараптандыруға және мультипликациялауға себепші болады. Бұрын педагог тіл

үйренушінің білім және ақпарат алу үдерісін баспа өнімдері бойынша бақылап отырса, ал қазір ол көптеген түрлі ақпараттық технологиялар мен тіл үйренушілердің арасындағы бақылаушы рөліне енеді. Ақпараттық технологиялардың дамуы электрондық құралдардың пайда болуына алып келді. Мұндай оқулықтар тек қана білім беріп қана қоймай, оқытудың бақылаушы нәтижесімен, оларды меңгеру механизмін ұсына отырып, оқытушыны ауыстыра алатын рөлге ие болады.

Жаңа ақпараттық, үйретушілік, бақылаушылық құралдар тіл үйренуші үшін өте тиімді, себебі компьютер арқылы бейне және интерактивтік көрнекіліктерді, сондай-ақ көрнекіліктер арқылы берілген тапсырмаларды орындап, оның нәтижесін дұрыс және бұрысына көзін жеткізе алады. Сонымен бірге компьютер тіл үйретушінің көмегінсіз тіл үйренушінің үй жағдайында да оқу материалдарын игеруіне мүмкіндік туғызады.

Сөйтіп, дәстүрлі білім беретін оқу кітаптарының деңгейі төмендесе, керісінше, мультимедиалық сабақтар тіл үйренушінің тілдік *білім* мен *білік, дағдысын* жетілдіреді.

Ең бастысы, компьютер техникалық құрал ғана емес, сонымен бірге ақпараттық кеңістікті барынша дамытатын, тұлғаның оқу үдерісіндегі практикалық іс- әрекетін арттыратын құрал болып табылады.

Электрондық оқулықты жасау үздіксіз инновациялық ізденісті қажет етеді. Сондықтан ақпараттық технология педагогикалық инновациялық құрал және белсенді әдіс ретінде тілді оқыту үдерісін ынталандырады.

Осыған орай, туыс тілдерді оқыту барысында жаңа типтегі электрондық оқулықтың тетіктерін түбегейлі ойластырудың маңызы зор.

Қазақ тілі (туыс тілділер үшін) бастамашыл электрондық оқулығын дайындаудың өрнектері мен қазақ тілін компьютерлік бағдарлама бойынша оқытудың әдістемесін жасау еңбектің негізгі мақсаты болып табылады. Осы мақсатқа сай төмендегідей міндеттер туындайды:

- электрондық оқулық жасау, оны пайдалану ерекшеліктеріне және тіл үйренушілерді қазақ тіліне Электрондық оқулық бойынша оқытудың әдіс-тәсілдеріне талдау жасау;
- қазақ тілі (туыс тілде сөйлейтіндер үшін) оқулығының негізінде қарапайым деңгейге арналған бастамашыл электрондық оқулығының құрылымдық және мазмұндық моделін жасау;
- қазақ тілі (туыс тілділер үшін) бастамашыл электрондық оқулықтың А1 және А2 деңгейлеріне енетін тақырыптар бойынша мультимедиалық сабақтың компьютерлік дидактикалық материалдарын дайындау;
- түрлі контингенттерді (бұл әсіресе әртүрлі лингвистикалық дайындық пен қабілеттері бар, объективтік факторларға байланысты оқу бағдарламасын түрлі мерзімде үйренетін көп этникалық аудиторияны оқыту барысында өзекті) қанағаттандыратын оңтайлы оқу ортасын, мультимедиа кешендерін жасау;
- жаңа оқыту құралдары базасының негізінде қашықтан (дистанционный) оқытуды ұйымдастыру.

Ақпараттық технологиялар арқылы білім беру үдерісінде технологиялық мультимедианың орны ерекше. Ол компьютерлік жүйеде мәтінді, дыбысты, видеокескіндер мен графикалық кескіндер, анимацияларды біріктіруге тиімді жағдай туғызады. Оның ерекше белгілері төмендегідей:

- бір бағдарламалық өнімде түрлі ақпаратты шоғырландыратын дәстүрлі оқу материалдары (мәтін, кесте, иллюстрация), сондай-ақ, сөйлеу, музыка, бейнефильмдердің көріністері, телекадрлар және т.б. болады;
- «адам - компьютер» интерактивті қарым-қатынастағы жаңа деңгей болып саналады.

Осындай ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі тіл үйренушінің түрлі нысандағы экстралингвистикалық ақпаратты және тілдік, сөйлеу мүмкіндіктерін бір мезгілде

жүзеге асыруға, басқаша айтқанда, тілді қабылдаудың барлық жолдарына әсер етеді және оқу ортасын жасауға жағдай жасайды.

Электрондық оқулықты жасаудың практикалық міндеттерімен қатар қазақ тілін түркі тілдерінде сөйлейтіндерге электрондық оқулығын (А1, А2 деңгейлері) әзірлеуде төмендегідей құрылымын анықтаймыз: «Титул беті», «Кіріспе», «Нұсқаулық», «Аннотация», «Мазмұны» «Мәтін бөлігін іздеу жүйесі», «Интерактивті тапсырмалар», «Энциклопедия» және «Ассоциативті оқу сөздігі», «Авторлар жөнінде мәлімет».

Электрондық оқулықтың *«Титул бетінде»* оның атауы және оқулық туралы жалпы мәліметтер беріледі.

«Кіріспе» бөлімінде әдістемелік нұсқаулар мен қысқаша оқу курсының мазмұны баяндалады.

«Нұсқаулық» бөлімінде компьютер бағдарламасы бойынша тапсырмаларды орындау үшін клавиш пен курсорды пайдалану жолдары көрсетілген. Бұл бөлім тіл үйренушінің компьютердегі сабақтарды пайдалануына көмектеседі. Сонымен қатар экранның жоғары оң жағында жиектеме орналасқан. Онда негізгі қызмет жасайтын клавиштер көрсетілген, олар тіл үйренушіге бағдарламадан мәзірге (меню) өтуге және алдағы немесе келесі кезеңге қайта келуге, дыбыстық сүйемелдеуді ажыратуға, яғни көмек сұрауға мүмкіндік береді.

«Аннотация» бөлімінде электрондық оқулықтың мақсаты, оның қызмет аясы, қолданылу деңгейі туралы қысқаша мәлімет ұсынылады.

Ал *«Мазмұны»* бөлімінде қазақ тілін меңгертуге арналған түрлі интерактивті жаттығулар жинақталады.

«Мәтін бөлігін іздеу жүйесі» бөлімінде белсенді лексиканың аудармасы, негізгі идеяны білдіретін сөйлемді табу және мәтінмен жұмыс істеуге қатысты тағы басқа тапсырмалар ұсынылады.

Жаттықтыру тапсырмалары арқылы оқу материалдарын толық меңгеруге дейін бірнеше рет қайталауына мүмкіндік береді. Бұл оқыту үдерісін оқытушыға жекелендіруге жағдай жасайды.

Алғашқы сабақтың негізі мақсаты –қазақ әліпбиін жеделдетіп игеру. Компьютер экранында үйренетін тілдің әліпбиі тұрақты шығып тұрады және тіл үйренушіге түрлі вариантта әліпбимен жұмыс істеу мүмкіндігі беріледі.

«Интерактивті тапсырмалар» бөлімінде сабақ тақырыптарына қатысты берілген оқу материалдарын компьютерлік бағдарламаға бейімдеп беру арқылы (белсенді лексика, сұхбат, мәтін, жаттығулар) дайындалған тапсырмалар тобы жинақталады.

«Энциклопедия» бөлімінде фольклорлық және балалар әдебиеті туындыларынан өрнектер (мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақ, қазақ халқының ертегілері, мифтік әңгімелер) беріледі.

«Ассоциативті оқу сөздігі» бөлімінде электрондық оқулықтың құрылымына енетін тақырыптар бойынша белсенді лексикалардың ассоциативтік өрісі мысалдар негізінде ұсынылады.

*«Авторлар жөнінде мәлімет»*бөлімінде Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқытуға арналған электрондық оқулықтың авторлары туралы қысқаша ақпарат оқуға болады.

Жалпы алғанда білім беруді ақпараттандыру негізі ақпараттық технологияларды қолдайтын бағдарламаларды дайындау және енгізумен байланысты: *электрондық оқулықтар, тестілер жүйесі, мультимедиалық оқыту жүйесі, автоматтандырылған оқу кешендері, оқыту жүйесін автоматтандыратын басқару жүйесімен және тағы басқалары*.

Тілді оқытудағы ақпараттық технологияларды қолданудың бірнеше оңтайлы жолдары:

- АТ оқу сабақтарын ұйымдастыратын және оқу үдерісін басқару құралы;
- АТ вербальды, көріп-байқау, есту ақпараттарды презентациялауға және қабылдауға мүмкіндік беретін құрал;
- АТ интерактивті жағдайдағы оқыту құралы.

Компьютерлік педагогика бағытында АТ-ны интерактивті жағдайда сапалы оқыту құралы ретінде тануға болады.

Мультимедиа технологиясы базасында жасалған компьютерлік дидактикалық оқу материалдары өз бетінше тілді үйренуге мүмкіндік береді. Бүгінгі күнде «*электрондық оқулық*», «*компьютер арқылы оқыту курсы*», «*виртуалды оқулық*», «*гипермедиа оқулық*» және тағы басқа терминдер қолданыста бар. Алайда бүгінгі күні соның ішінде кең дамыған термин «***электрондық оқулық***» десе болады.

Бұндай оқу құралын жасау үлкен қаржы жұмсауды қажет етумен бірге, авторлар ұжымының, оның ішінде, оқытушы-әдіскер, бағдарламашы және әртүрлі саладағы мамандарды (видеоинженер, дыбыс режиссері, суретші мультипликаторларды) қажет етеді.

Тілді туыс тіл ретінде оқытудың әдістемесі тұрғысынан қарағанда ақпараттық және қатысымдық технология диалогтік ақпарат үлесін дамытудамаңызды сипатқа ие. АҚТ тілдің қарым-қатынас құралы ретіндегі рөлін бірнеше есе арттырып, коммуникативтік қызметін күшейтеді және тіл үйренушінің коммуникативтік құзыретін қалыптастыруда негізгі, сапалы білім берудің жолын ұсынады.

Осылайша заманауи компьютер эстетикалық, қызығушылық, танымдық, мәселелік материалдарды меңгеруге мүмкіндік береді және тілді үйрену барысында оның қызығушылығының жоғарылауына әсер етеді.

Сондай-ақ компьютерлік бағдарлама арқылы оқу материалдарын ұсынып қана қоймай, оқу үдерісінің стратегиясы мен тактикасын өзгертуге, оның нәтижесін талдауға болады. Тіл үйренушінің өз бетінше, жеке дара жұмыс істеуіне, қарапайым және күрделі тапсырмаларды орындауына мүмкіндік туғызатын әдіскерлердің дидактикалық материалдарды бейімдеуіне мүмкіндік береді.

Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқытуға арналған электрондық оқулықтан күтілетін нәтижелер төмендегідей:

- тіл үйренушілердің қазақ тілін электрондық оқулық арқылы үйрену барысында ақпараттық технологияларды қолдануға деген қызығушылықтары артады;
- білім кеңестігінде оны қолданудың маңызын түсінеді;
- өз ойын қазақ тілінде еркін жеткізе алуға деген ынтасы мен ұмтылысы артады;
- қазақ тілі электрондық оқулығын қолдану арқылы қазақ тілін меңгеріп, ақпарат кеңістігінен қазақ тілінде білім алу белсенділігі мен дағдылары қалыптасады;
- алған білімін өз іс-әрекетінде, теориялық білімі мен біліктілігін ұштастыра білу іскерлігі пайда болады;
- алған білімін өзінің іс-әрекетінде шығармашылықпен орындау әрекеті қалыптасады;
- тіл үйренушілердің қазақша тыңдап-түсіну, сауатты жазу,оқу дағдылары қалыптасады;
- тіл үйренушілердің қазақ тілінде сөйлеу мәдениеті қалыптасады.

Электрондық оқулықтар – ғылыми негізде дайындалған педагогикалық ақпараттық өнім. Электрондық оқулықтармен жұмыс істеу әрбір тіл үйренушінің өз мүмкіндігін есепке ала отырып, оқып-үйрену ісін жеке дара жүргізуге жол ашады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1 Руденко-Моргун О.И. Концепция электронного учебника. – М., 2013. – 54с.

2 Хомерики О.Г., Поташник М.М., Лоренсов А.В. Развитие школы как инновационный процесс. – М., 1994. – С. 9-21.

3 Haustein H.D., Mair H. Innovation Glossary. Oxford, New-York, Toronto. Sydnei, Frankfurt. 1986. –P. 124.

4 Прохоров А.В, Разлогов К.Э., Рузин В.Д. Культура будущего тысячелетия // Вопросы философии, 1989. – № 6. – С. 17-30.

5 Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. –Алматы: Мұрагер, 2005.

6 Қадашева Қ. Жаңаша жаңғыртылып оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: өзгетілді дәрісханалардағы қазақ тілі: педагогика ғ.д. дис... автореферат: –Алматы, 2001. – 48 б.

7 Аяпова Т.Т., Оразбаева Ф.Ш. және т.б.Қазақ тілі. Қарапайым деңгейге арналған электрондық оқулық. – Алматы: Жазушы, 2007. –336 б.

В статье характеризуются структурные особенности электронного учебника по казахскому языку для тюркоязычных говорящих. А также описываются эффективность использования и оптимальные приемы информационных технологий при обучении тюркоязычных говорящих казахскому языку.

The article characterized by structural features of the electronic textbook for the Turkic-speaking speakers. And describes the efficiency and optimal methods of information technology in teaching speaking to the Turkic-speaking into Kazakh language.

ӘӨЖ 37.022

Қ. Қадашева[1], С.К. Омарова[2], У.О. Асанова[3]
«Тұран-Астана» университеті[1,2]
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті[3]
Астана, Қазақстан
omarovask@mail.ru, assanova_62@mail.ru

КОМПЬЮТЕР – ҚАЗАҚ ТІЛІН ТУЫС ТІЛ РЕТІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ҚҰРАЛЫ

Мақалада электрондық оқулықта жүйеленетін жаттығуларға қойылатын әдіснамалық алғышарттар мен компьютерлік дидактикалық материалдармен жұмыс істеу тиімділігі сиппатталған. Сондай-ақ оқу үдерісінде қазақ тілін туыс тіл ретінде оқытуға арналған электрондық оқулықтың тапсырмалар жүйесі берілген.

Кілт сөздер: ақпараттық технология, дидактикалық материал, презентация кезеңі, аннимациялық жаттығулар, виртуалды сабақ, білік, дағды, компьютерлік бағдарлама, интерактивті сөздік.

Бүгінгі таңда оқу үрдісін сапалы, әрі тиімді өткізудің басты алғышарттарының бірі педагогикалық технологияларды ұтымды пайдаланып сабақ беру болып табылады. Солардың бірі – ақпараттық технология. Ақпараттық технологияны оқу үдерісінде пайдаланудың негізгі көзі сабақ барысында компьютерді пайдалану, интерактивті тақталарды қолдану болып табылмақ.


Электрондық оқу құралдарын әзірлеу барысында тіл үйренушілердің қарапайым деңгейде сөйлеу *біліктері* мен *дағдыларын* қалыптастыру үдерісінде ерекше рөл атқаратын көріп-байқау тірек жүйесін кеңінен пайдалануда компьютердің мүмкіндіктері мол.

Тіл үйренушілердің көз алдындағы сызбалар мен кестелер көрнекі құралдар ғана бола алмайды, керісінше, олар арқылы жаңа материал ұсынылады, сондай-ақ алғашқы білік пен дағдыны қалыптастыруда көру ассоциациялары үшін негіз бола алады, біртіндеп, жаңа материалды енгізу барысында оқытылатын тілдің жүйелі қатынасын белгілейді.

Қазақ тілі электрондық оқулығының мазмұнында түрлі бағыттағы жаттықтыру тапсырмалары жоспарланған. Қарапайым А1 деңгейінің алғашқы оқу материалы қазақ тіл білімі саласының бірі фонетикаға арналған. Оның «Әліпби» оқу тақырыбында *«Қазақ әліпбиімен таныс болыңыздар»* тапсырмасы, тіл үйренушілерді грамматикалық ұғымдармен таныстыру және оларға шолу жасау мақсатында *«Интерактивті сөздікпен жұмыс», «Дауысты дыбыстарды жазыңыздар», «Дауыссыз дыбыстарды жазыңыздар»*

жаттығулары жоспарланған. Электрондық оқулықта тіл үйренушілердің тыңдау біліктерін қалыптастыру үшін *«Белсенді лексиканы тыңдаңыздар», «Мәтінді тыңдаңыздар», «Сұхбатты тыңдаңыздар» «Сөздерді тыңдаңыздар»* аудиоматериалдары жүйеленген.

Электрондық оқулықта ұсынылған оқу жаттығуларының тапсырмалары *қазақ, ағылшын, түрік* және *өзбек* тілдерінде берілген. Бұл оқытушының көмегінсіз тіл үйренушілердің аударма әдісі арқылы тапсырмаларды өз бетінше орындай берулеріне мүмкіндік туғызады. Компьютерлік тапсырмаларды орындау сурет арқылы да жүзеге асырылады. Мысалы: *«Қажетті сөздерді суретпен сәйкестендіріп жазыңыздар»****** тапсырмасында үш әліпби (**латын графикасы, араб графикасы, кирилл графикасы)** орналастырылған. Тіл үйренушіге суретке қарап, жиектемедегі сөздерді (латын графикасы, араб графикасы, кирилл графикасы) пайдалана отырып, оның қай әліпби екенін жазу тапсырмасы ұсынылады.



1. **Бұл – .....**
2. **Бұл –.....**
3. **Бұл – .....**

Оқыған мәтіндерін түсінгендерін қадағалау мақсатында *«Мәтін бойынша төмендегі сұрақтарды пайдаланып, сұраулы сөйлемдерді толықтырыңыздар»* жаттығулары дайындалған.

Электрондық оқулықта аннимациялық жаттығулар «Виртуалды сабақ. Ортақ сөздермен танысайық!» айдарында берілген. Бұл айдарда туыстық атаулар, адамның дене мүшелері, үй жануарлары және табиғатқа қатысты атаулар туыс тілдерде (қазақ, түрік, өзбек) және халықаралық ағылшын тілінде ұсынылған. **Мысалы:**

Виртуалды сабақ.

Ортақ сөздермен танысайық! Ortak sözcükleri öğrenelim!

Экранның жоғары жағында *Бұл кім?(Bu Kim?)*сұрағы жазулы тұрады. Экранның сол жағында *Мехмет, Шахноз, Айжан, Сюзанның* суреттері орналастырылады. Оң жағында ұл баланың, қыз баланың, қарт адамның (ата) және әйел адамның (ана) аннимациялық суреттері ұсынылады. Курсорды Айжанға апарған кезде, ол қазақша «Бұл – ата» дейді, Мехметке апарған кезде, ол түрікше «Бұл – dede» дейді, Шахнозға апарған кезде, ол өзбекше «Бұл – ota» дейді, Сюзанға апарған кезде, ол«This is a grandfather» деп ағылшын тілінде сөйлейді. Әрі қарай басқа да туыстық атаулар (ана, ұл, қыз), адамның дене мүшелері, үй жануарлары және табиғатқа қатысты атаулар төрт тілде жоғарыдағы үлгі бойынша дыбысталып айтылады.

Оқулықта жоспарланған «Сілтеу есімдігі» грамматикалық тақырыбы «Интерактивті кесте» айдарында берілген. Онда грамматикалық тақырыптың теориялық анықтамасы аударма тәсілі арқылы берілсе, грамматиканы есте сақтату, мәселен, жақын заттар үшін қолданылатын сілтеу есімдіктері *көк түсті* сигналмен, ал алыс заттар үшін қолданылатын сілтеу есімдіктері *жасыл түсті* сигналмен ұсынылған. **Мысалы:**

Сілтеу есімдігі

Нұсқау және көрсету мағыналарын білдіретін есімдіктің түрін сілтеу есімдіктері дейміз. Сілтеу есімдіктері қай? қайсы? сұрақтарына жауап береді***.**

Сілтеу есімдіктері	бұл, мына, мынау, міне, осы,* {жақын заттар үшін қолданылады} сол, ол, осынау, сонау, анау, әне*{алыс заттар үшін қолданылады}

Түрік тіліндегі аудармасы: İşaret zamirleri – varlıkların yerini gösteren zamirlerdir. İşaret zamirleri hangi? hangisi? sorularını cevaplar.

Ағылшын тіліндегі аудармасы: A demonstrative pronoun represents a thing or things: near in distance or time (**this**, **these**), far in distance or time (**that**, **those**)

Тыңдаған сұхбат материалын түсінгендерін бақылау үшін «*Бұл сұрақтың дұрыс жауабын табыңыздар*» тапсырмасы дайындалған және бұл тапсырмаға жауап беру тест түрінде жүзеге асырылады. **Мысалы:**

Сұхбатты тыңдаңыздар.* (Diyalogu dinleyiniz.)

Айжан: - Сәлеметсің бе, Шахноз?

Шахноз: - Сәлем, Айжан!

Айжан, қазақ әліпбиі қандай графикаға негізделген?

Айжан: - Біз кирилл графикасын пайдаланамыз.

Шахноз: - Біз латын әліпбиін қолданамыз.

Бұл сұрақтың дұрыс жауабын табыңыздар. (Bu soruların doğru cevabını bulunuz.)

Экранда «**Айжан мен Шахноз не туралы сөйлесті?»** сұрағы жазылып тұрады. Тіл үйренуші төмендегі үш жауаптың бірін таңдап, дұрыс жауап беруі қажет.

{әліпби туралы}
буын туралы
дыбыстар туралы

«Анимация. Ерекше дыбыстарды үйренеміз» айдарында *көзілдірік, дәптер, шаһар, үнтаспа, дорба, жаңа кітаптар, ұялы телефон, қалам, сағат* сөздерінің аннимациялық суреттері беріледі. Тіл үйренушіге сөздер мен суреттерді сәйкестендіру жаттығуы ұсынылады.

Сондай-ақ Қазақ тілі электрондық оқулығының мазмұнында «*Энциклопедия», «Оқу сөздігі*» айдарлары жоспарланған.

Комьютердің мүмкіндіктері презентация кезеңдері мен жаттығулар дайындайтын, бақылауды жүзеге асыратын әдіскердің мүмкіндіктерін біршама кеңейтеді. Оның алдымен оқу материалдарын ұсынған және бекіткен кезде көрнекіліктердің түрлерін пайдалануына мүмкіндігі бар деп айтуға болады.

Компьютерлік дидактикалық материалда ұсынылған **презентация кезеңінің** рөлі айрықша болып табылады. Оның ұқыпты дайындалуы әрі қарай барлық жұмыстың тиімділігіне әсер етеді. Егерде әдіскер презентацияда берілген жаңа тақырыпты меңгеруге тиісті барлық қажеттіліктерді енгізіп, материалды даму ретімен беріп, көрнекілік құралдарды барынша қолдана алса, ол жаттығу деңгейін және «көмек» жүйесін дұрыс ұйымдастыра алды деген сөз.

Компьютерлік оқыту барысында тіл үйретушінің қатысуынсыз презентацияның кемшіліктері бірден байқалып қалады, сондықтан электрондық оқу құралдарын әзірлеуде оларды ескеру аса қажет.

Тіл үйренушінің жаңа материалмен «*байқау және қателер әдісімен*» өзінің ана тілінде кездесетін ұқсас құбылыстарды есіне түсіріп тұратын *көмекші – еске түсіру тәсілдері* болса, оның белсенді жұмысының нәтижесі ретінде экранда ақпарат беретін (ереже, кесте, сызба) презентация-жаттығу тұсаукесер жасаудың тиімді тәсілдерінің бірі болып табылады.

Белсенді қызмет істеу үдерісінде меңгерілген материал есте жақсы сақталады. Сондықтан осындай презентацияны жүзеге асыру тек қана компьютердің көмегімен орындалады.

Компьютерлік дидактикалық материалдарды дайындаған кезде жаттықтыру кезеңіне көңіл аударған жөн. Ол оқытудың алғашқы деңгейінде түрлі сипаттағы тапсырмалардың саны жағынан көп болуын талап етеді.

Біріншіден, электрондық оқулықтың жаттықтыру кезеңін әзірлеу барысында белгілі бір тілдік құбылысты кешенді түрде (жаттығулар жүйесі) ұсыну өте тиімді.

Екіншіден, компьютердің мүмкіндіктерін пайдалана отыра, оқу материалын толық меңгергенге дейін жаттықтыру тапсырмаларына бірнеше рет жүгінуге ынталандыру қажет. Оған ойын және тест түріндегі тапсырмаларды беру, олардың көп қызметтілігі және практикалық бағытын ескерген жөн. Тапсырмаларды қайталау барысында тіл үйренуші бейтаныс тілдік құбылыстардан өзіне таныс тілдік құбылыстарды байқайды. Сөйтіп, ол берілген тілдік құбылыстың типтілігін байқайды, оған үйренеді, нәтижесінде оны жақсылап есіне сақтайды.

Тілдік мультимедиа кешенінің оқу жағдайында **грамматиканы** оқыту типтік тілдік грамматикалық құбылыстарды мысалдармен беруге, ал коммуникацияға үйрету бірыңғай лексикалық құралдар арқылы вариациялық сөйлеу жағдаяттарына негізделеді.

Компьютерлік оқыту жаттықтыру және бақылау тапсырмаларын пайдалануда айтарлықтай тәжірибеге ие. Олар түрлі комбинациядағы компьютерлік бағдарламаларда ұсынылады. Мысалы: таңдауға арналған тапсырмалар; түрлі нұсқадағы тапсырмаларды алмастырып қою; топтарға бөлу тапсырмалары; салыстыруға арналған тапсырмалар; біріктірілген түрі (мысалы, алмастырып қою мен таңдауды байланыстыру).

Тапсырма түрлерін барынша қолдану тіл үйренушілердің жұмысын түрлендіріп, оған қызығушылығын арттырады. Сондай-ақ әдіскерлердің тапсырма типтерін таңдау көптеген факторлармен анықталады: оқу материалының ерекшелігі, онымен жұмыс істеу деңгейлері, оқытудың мақсаттары мен міндеттері. Тәжірибе көрсеткендей, алғашқы деңгейде тіл үйренушінің мүмкіндіктерін шектеуге болмайды. Сондықтан **Қазақ тілінің электрондық оқулығында** жүйеленетін жаттығуларға қойылатын төмендегі **алғышарттарды** ескерген жөн:

- ***Дыбыс, буын, сөзді*** алмастырып қою тапсырмаларын жасаған кезде, жұмыстың түрлі нұсқаларын жүзеге асыру қажет: берілген қатардан алмастырып қою элементін таңдау, оны клавиатура мен микрофонға қосу. Тәжірибе көрсеткендей, тіл үйренушілер оқу материалдарын меңгеруді ең қиын тапсырмалардан бастайды (микрофонға қосу), егер кедергілер туындаған кезде олар сөзбен жұмыс істейді, сонан соң ғана таңдау мүмкіндігін пайдаланады. Таңдау жолымен алдында тұрған міндетті шешу тапсырмаларды қатесіз орындауға әкеледі, психологиялық қиындықты жеңеді, сөйтіп, оқу материалын табысты меңгеруіне жол ашылады.
- Грамматиканы үйретуге арналған жаттықтыру материалын таңдау барысында, ең алдымен, грамматикалық құбылыстарды жиі қолданылатын сөз формасының үлгісімен, лексикадан бөлек үйреткен жөн, ал лексикамен жұмыс істеген кезде біркелкі лексикалық бірліктерді жағдаят үлгілері мысалдарымен ұсыну дұрыс болады.
- Компьютерлік дидактикалық материалдармен жұмыс істеу тиімді болу үшін, тіл үйренушіге еркіндік пен өздігінен жұмыс істеуге және белгілі бір курс сабағын, деңгейін, жаттығуларды, көмек сұрауды, жұмыс темпін таңдауға мүмкіндік беру қажет. Электрондық оқу құралдарының барлық мәзірінде арнайы дайындалған жүйелер осы мақсатта жұмыс істейді. Алайда оқудың алғашқы кезеңінің ерекшелігін ескере отыра, біз тіл үйренушінің қызметін қадағалап, оған бағыт беріп отырамыз: олар бағдарламамен жетекшілік етеді, тапсырманың (презентациядан жаттықтыруға дейін, сонан соң бақылау) кезекпен орындалуын ұсына отыра (бірақ оны мәжбүр етпей), жаттықтыру тапсырмаларын бірнеше рет орындауына ынталандырып, түрлі вербальды, вербальды емес (ұсыныстар, дыбыстық сигналдар) құралдармен көмек алу жүйесіне оралуға мүмкіндік жасауымыз қажет.

- Оқу материалын берудің түрлі тәсілдері мен формалары және презентация мен жаттықтыру тапсырмалары бар электрондық оқулықты дайындау арқылы оқытудың оңтайлы модельдері мәселелерін шешуге болады.
- Компьютерлік бағдарлама арқылы оқыту барысын автоматты түрде өзгерту үшін, тіл үйренушінің когнитивтік стилін қанағаттандыратын оқу материалын ұсына отыра, оқу құралына тест жүйесін енгізу өте пайдалы. Тест тіл үйренушінің білім деңгейлерін ғана емес, олардың жеке психофизиологиялық мінездемесін анықтауға да мүмкіндік береді.
- тіл үйренушілердің қазақ тіліне деген танымдық іс-әрекеттік қызығушылықтарын арттыру. Егер тіл үйренушілер жаңа ақпараттық технологияны жақсы игеріп, қазақ тілін үйренуге қызығушылықтары артса, онда қазақ тілін білу мүмкіндіктері де арттады.
- тіл үйренушілердің танымдық қызығушылықтары мен қабілеттерін ескере отырып, компьютерлік дидактикалық материалдарды **деңгеймен** меңгерту. Қазақ тілін оқытуда тіл үйренушілердің білім деңгейіне сәйкес А1, А2 деңгейлеріне бөліп оқыту үлкен жетістіктерге жетуге көмектеседі.
- электрондық оқулықтың дәстүрлі оқулықтар мазмұнын қайталамауын, яғни берілетін тақырыпқа қатысты ақпараттың нақты әрі қысқа берілуін ескеру;
- белгілі бір тақырыпқа қатысты материал 2-3 экрандық беттен артық болмауы;
- электрондық оқулықты шектен тыс иллюстрациялық, анимациялық тұрғыдан көркемдеу пайдаланушыға кері әсерін тигізуі мүмкін, процестерді анимациялап көрсету, оқулықтың көркемдік, әдістемелік деңгейін арттыру.

Жаңа материалды ұсыну барысында белгілі бір тілдік құбылысты динамикада ұсыну, яғни оның қалыптасу үдерісін түсіндіру және көрсету, соңынан түрлі тапсырмалар арқылы жаңа оқу материалын қаншалықты меңгергенін тексеру, қажет болған жағдайда, қайтадан түсіндірмеге оралып қана қоймай, басқа да әдістемелік тәсілдерді қолдануға болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

8 Руденко-Моргун О.И. Концепция электронного учебника. – М., 2013. – 54с.

9 Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Мұрагер, 2005.

10 ҚадашеваҚ. Жаңаша жаңғыртылып оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: өзгетілді дәрісханалардағы қазақ тілі: педагогика ғ.д. дис... автореферати: – Алматы, 2001.- 48 б.

11 Аяпова Т.Т., Оразбаева Ф.Ш. және т.б. Қазақ тілі. Қарапайым деңгейге арналған электрондық оқулық. – Алматы: Жазушы, 2007.– 336 б.

12 Б.Б. Белғара, Н.Ж. Құрманова, Л.Т. Айтпанова.Жаңа толқын [Электронный ресурс]: 1 деңгей: "Тілдік бағдар" мен "Тілашар": мемлекеттік тілді жеделдете деңгейлік оқытуға арналған электрондыққ оқу құралы. – Астана: Мемлекеттік тілді жеделдете оқыту респ. орталығы, 2007. -261 МБ.

13 Архангельская А.Л., Дунаева Л.А., Руденко-Моргун О.И. Концепция мультимедийного учебника русского языка для студентов подготовительных факультетов и первый этап ее реализации // Вестник РУДН: Вопросы образования: языки и специальность. 2006. – № 1 (3). – С. 35-40.

14 Беляев В.В. Компьютерные технологии в науке и образовании. – М., 2000.

15 Гершунский Б.С. Компьютеризация в сфере образования: проблемы и перспективы. – М.,1987.

16 Levy M. Computer Assisted Language Learning: Context and Conseptualization. – Oxford, 1997.

17 Mayer, R. Multimedia Learning: Are We Asking the Right Questions // Educational Psychologist 32 (1). – 1997. P. 1-19.

В статье анализируются методологические предпосылки к упражнениям, систематизированные в электронных учебниках и эффективность работы с

компьютерными дидактическими материалами. А также разработаны задания для электроннного учебника по обучению казахскому языку как близкородственного языка.

The article analyzes the methodological background to the exercises, systematized in electronic textbooks and efficiency with computer didactic materials. As well as work were developed the electronic textbook for training Kazakh language as a closely related language.

УДК 378.1.147

I.G.Rusol, K.M.Shulembayeva, V.B.Plokhenko
Sh.Ualikhanov Kokshetau state university
irenekz@mail.ru, aruana05@mail.ru

APPLICATION OF INFORMATION TECHNOLOGY IN TEACHING FOREIGN LANGUAGES

This article explores the use and actuality of information technologies in foreign languages teaching. And information technology implies different kinds of techniques and equipment programming training activities. Computer linguo-methodical capabilities help to optimize the learning process and motivate students for tutorials. The project work involves the use of Internet resources, which significantly extend the overall outlook, enable the development of collective creativity, individual talents and abilities of students.

Keywords: information technology, computer training, learning process, learning environment modelling, training activities programming, automated knowledge testing, the organization of collective work, computer linguo-methodical capabilities, teaching project methods, project modelling.

The strategic goal of the subject "Foreign Language" is the formation of the “second language personality" of the student, his ability to carry out various kinds of speech activities (reading, writing, speaking, listening), language and speech operations and activities at the level of phonetics, vocabulary and grammar, readiness for intercultural communication based on aquired knowledge and cultural studies of non-verbal behavioral features of native speakers [1, 14].

In the learning process, including foreign languages, information technology is increasingly used. It is impossible to imagine the university or school, without modern computer classes. Universities in Kazakhstan and abroad have accumulated a rich experience of foreign languages computer training.

At the present stage of education, many teachers and methodologists often speak in favour of the fact that the effect of the introduction of computers in the educational process, determines the following factors:

1) reliable material and methodological support of educational process associated with learning a foreign language;

2) using a variety of ways, forms and methods of educational and extracurricular relationship (independent) activity of the students in the application of information technology;

3) improvement of knowledge and skills of foreign languages teachers who have mastered the computer usage;

4) active involvement of computer science and information teachers in the process of foreign language teaching;

5) certain curricula adjustments of schools and universities in foreign languages teaching.

Many contemporary authors hope that a solution of formulated problems and the increased use of information technology in the teaching of foreign languages will enhance the educational process. This is due to the fact that the process of learning foreign speech is extremely versatile. "It

is like a crossroads where the path is crossed by various sciences, it is the focus, where the lines of these sciences converge. But they do not just coexist being synthesized and breaking through the objects' features, they provide the basis of a new science " From the information point of view the college education can be seen not only as a process of knowledge translation (with some degree of interpretation), but also the organization of communication with the knowledge of trainees. In modern conditions such communication presents the following specific features:

1. The information in high school is mostly in the form of ready-made knowledge, which is necessary to transfer to the student.

2. The information which belongs to not completed knowledge can be transformed into knowledge. Education in such involves transference extra-linguistic information (desire, motives, emotions, sensual experience, etc.) in cultural symbolic and symbolic form.

3. It is the fixation of information in the iconic and symbolic forms (languages) that allows it to become knowledge and makes it possible to transfer information from one person to another.

4. At school and university the knowledge level is adapted to learners in accordance with specific educational requirements.

Foreign languages teaching methodology is called computer linguo-didactics, which can be implemented in the form of some computer training methods. There are no single generally accepted approaches to its classification [3, 18]. Depending on the extent permissible students' activity in the process managing of their own education and the ultimate goal, the following methods of computer-aided learning are distinguished:

- programming of educational activity of the student;
- modeling of the learning environment;
- random training;
- testing;
- information support.

The teaching process programming reveals the fact that the students' control actions are determined by the training program, which offers sequent training or control tasks. When creating a program, various management factors are used: the students' correct answers, the response time, the tips type, the accepted answers, the task complexity and etc.

There are three types of training:

- software-controlled learning;
- automated testing;
- automated training.

Computer training methods are characterized through certain principles:

- the scientific principle, which is provided by the methodological part of the software and training programs content;
- the consciousness principle implies the possibility of trainees' individual strategy conscious choices for achieving educational goals;
- the accessibility principle states that the computer training is organized depending on the age of the users, their language proficiency level and computer skills;
- the activity principle means that a learner always initiates the work on the computer. This principle is intersected with the principle of interactive learning, as such learning process involves active participation in it both the student and the computer;
- the systematic and consistency principle is determined by the methodical part of the training software. That training system (training course) through complex training programs provides a sequence delivery of educational material subject to assimilation;
- the principle of strong training results shows the possibility of repeated educational program usage both in the classroom and extracurricular activities;
- the visual training principle is realized through the use of multimedia teaching programs, including all kinds of verbal and non-verbal clarity (texts, drawings, pictures, animation, sound, music, etc.).

The computer functions in the process of foreign languages teaching.

In the foreign language teaching process the leading component of educational content isn't the theoretical basis of foreign language but the ways of language activities: listening, speaking, reading, writing. Learning any kind of activity occurs during the execution of the relevant activities and related actions and operations.

There are different approaches to the functions classification performed by the computer in the learning process [4, 19 - 26]. If we look at this process in terms of its active participants (trainee, teacher and computer), we can distinguish the following computer features: 1) in relation to the student; 2) in relation to the teacher.

The first group includes the following functions:

Communicative function assumes that the learning process is carried out in a dialogue "a learner - a computer."

Informative function is to ensure that the student can use information resources that will give him a computer (computer dictionaries, text stories, newspapers, various foreign-language encyclopedias, databases, etc.).

The training function is determined by appealing to a computer simulator, standard training programs and expert systems.

The computer *control function* is associated with the ability to customise training programs for a certain knowledge level of the student or to a specific program of his actions (e.g., not to learn lexical phenomena but grammatical ones or perform tasks for the translation of texts and etc.).

The controlling function is related to the computer scan on correctness of trainee's certain actions and issuing him the current or final evaluation.

The main computer functions in relation to the student are [5, 39 - 46]:

- the collective organizational work directly in the computer lab;
- Information support;
- Support for professional activities;
- Technical support.

Collective organizational work in the computer lab is realized by constructing the dialogue between the teacher and his trainees in various ways:

1) The teacher has connection to learners' computers and makes feedback to each student computers'work;

2) The teacher organizes the work of computers in pairs, triples, etc.

As a tool for information support of the learning process the computer automatically provides analysis, selection and prediction of the training materials effectiveness in a foreign language. It helps the teacher to select lexical and grammatical minimums for texts, exercises and tests.

The support of training technical function is related to the capacity of teachers to the active usage of local network, telecommunication facilities, multimedia programs. With these technical means, it is possible to organize a collective creative work in real time.

If we talk about *the problems of teaching foreign languages,* which can be efficiently solved with the use of modern computers, one of them can be attributed to [6, 44-47]:

- skill development on reading foreign texts;
- listening skill improvement;
- the ability to construct monologue and dialogue statements;
- writing skills in the preparation of various types of compositions, paraphrases, abstracts;
- expansion of learners vocabulary;
- stable motivation development of foreign language learners' activities through operational materials on the Internet, e-mail, the results of search systems.

Lingua methodical *capabilities of computer learning tools* include the following tasks [6, 14 - 19]:

- In teaching phonetics:

a) forming auditive skills on distinguish the sounds;

b) articulation pronunciation skills;

c) pronunciation skills in rhythm and intonation;

- In teaching listening comprehension:

a) formation of stable phonetic listening skills;

b) automatic control of correctly understanding the listened text;

- in teaching grammar:

a) forming a productive grammar writing skills;

b) monitoring the level of grammatical skills using special test programs;

c) supporting the assimilation of grammatical phenomena through the use of computer reference books on grammar and detection of grammatical errors on morphological and syntactic levels;

- in teaching vocabulary:

a) formation of productive lexical writing skills;

b) automatic control of lexical skills using multimedia computer programs;

c) expansion of active and potential vocabulary of students;

d) provision of various reference and information support through the use of automatic dictionaries, systems selection of synonyms and antonyms;

- in teaching reading:

a) exercising receptive reading vocabulary and grammar skills;

b) training for various types of text analysis;

c) mastering effective methods of extracting the semantic information of the text;

d) provision of reference and information support of new information on lexicology and lexicography by using electronic encyclopedias and automatic dictionaries.

Internet opportunities for teachers.

For example, on sites www.study.ru, www.dictionary.cambridge.org, www.dictionary.com, www.longman.com/dictionaries, www.bartleby.com, www.toefl.org/, www.really-learn-english.com, www.britishcounts.com. The site contains different versions tests for (self-) control of knowledge. Plans for classes using computer technology can be found at www. vickiblackwell. com / photohouse

Using the Internet for independent work.

Organizing independent work using the Internet, you should:

1) state a clear objective (e-mails, search for specific text, work with other students, etc.);

2) give instructions for each specific type of work, with examples;

3) provide a choice of ways to perform the task (refer to different sites, the choice of address of correspondence, etc.);

4) provide keys (the outcome version), in order the student could see the correctness of his answers.

The project methodology in teaching foreign languages.

With regard to foreign language lessons, the project is a set of actions specially organized by the teacher and independently performed by trainees, culminating in the creation of a creative product.

- The project is valuable because students acquire knowledge on their own and get educational experience in learning activities.
- The project technique is characterized by high communication and expected the students to express their own opinions, feelings, active involvement in real activity, to take personal responsibility for the learning promotion.
- The project methodology is based on a cyclical organization of educational process. A separate cycle is treated as an independent completed period of study, aimed at solving a particular problem in achieving the common goal of mastering a foreign language [6, 132-135].

The main objectives of the project methodic implementation:

- to show the ability of each student or group of students to use the acquired experience during the research preparation;

- to realize their interest in the subject matter, to increase knowledge about it;
- to demonstrate the level of their foreign language mastering;
- to gain a higher educational and development level, and social maturity.

A distinctive feature of the project methodology is a special form of organization. Organizing work on the project, it is important to comply with several conditions:

- Topics may be associated both with the country of the target language and the country of residence. Students focus on mapping and comparison of events, phenomena, facts of history and the lives of people around the world.
- The proposed problem is formulated so as to orient students to the involvement of the related discipline facts and a variety of information sources.
- It is necessary to involve all students in the group and propose them the tasks considering their language level.

The project is implemented in a specific pattern:

- preparations for the project.
- organization of the project participants.
- implementation of the project.
- presentation of the project.
- summing up the project work.

Project technique not only enables the trainees more and deeper to explore the topic, including the use of all kinds of Internet resources, but also greatly enhances their overall outlook, teaches communication, has ability to extract and select the desired material independently, enables to development not only the collective creativity but also the individual talents of trainees.

References

1. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – М.: «Академия», 2002. — 272 с.

2. Гальскова Н.Д. Современная методика обучения иностранным языкам. – 2-е изд., перераб. и доп. — М.: АРКТИ, 2003. — 192 с.

3. Копылова В.В. Методика проектной работы на уроках английского языка. –М.: Дрофа, 2006. – 96 с.

4. Коряковцева Н.Ф. Современная методика организации самостоятельной работы изучающих иностранный язык. – М.: АРКТИ, 2002. – 176 с.

5. Ramon Ribe Project work. Berlin: Springer-Verlag and Heidelberg GmbH &Co. KG 2005– 220p.

6. Hutchinson T. Project English 2. Teacher’s book. Oxford: Oxford University Press, 1996– 270 p.

Данная статья рассматривает актуальность применения информационных технологий в процессе обучения иностранным языкам. Информационные технологии подразумевают различные виды методик и технических средств программирования учебной деятельности. Лингвометодические возможности компьютера способствуют оптимизации учебной деятельности и мотивации самостоятельной работы студентов. В качестве организации самостоятельной работы обучающихся предлагается применение проектной методики обучения. Проектное моделирование подразумевает использование интернет-ресурсов, что значительно расширяет общий кругозор, дает возможность развития коллективного творчества, индивидуальных талантов и способностей студентов.

